

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«ХVІ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«ХVІ САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 4

ПАВЛОДАР
2016

ӘОЖ 001 (063)
КБЖ 72
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:

Өрсариев А.А., с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.Қ., Свицерский А.К., Токтағанов Т.Т., Эрнәзаров Т.Я.

Жауапты хатшылар:

Абдалимова Ж.С., Абдикакимов М.Т., Ажаев Г.С., Айгужинова Д.З., Айткенов З.Ш., Акильжанов Р.Р., Алдунгарова А.К., Андреева О.А., Артықбаева Г.Т., Батталов Қ.Қ., Богомоллов А.В., Елмұратов Г.Ж., Жүкенов М.Қ., Калиева А.Б., Камкин В.А., Карибаева Ж.К., Касенов А.Ж., Кодекова Г.Б., Қадырова Б.М., Қаскабасова А.А., Ленков Ю.А., Мошна Н.И., Мұрат Г.М., Омарова К.М., Рахметова А.М., Рахметуллина Ш.Ж., Самсенова Г.С., Сейтенова Г.Ж., Смагулова Б.Т., Титков А.А., Токжигитова А.Н., Токжигитова М.Ж., Шаймерденова А.К., Эргашева С.М.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХІ Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының жинағы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2016.

ISBN 978-601-238-587-8
Т. 4 «Оқушылар». – 2016. – 360 б.
ISBN 978-601-238-591-5

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001 (063)
КБЖ 72

ISBN 978-601-238-591-5 (Т. 4)
ISBN 978-601-238-587-8 (общ.)

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2016

3 Секция. Тарих, этнология және өлкетану
3 Секция. История, этнология и краеведение

3.2 Этнология
3.2 Этнология

О СООТНОШЕНИИ ХИДЖАБА КАК РЕЛИГИОЗНОГО КОСТЮМА С ЖЕНСКОЙ КАЗАХСКОЙ ОДЕЖДОЙ

АЙТБАЙ А. Н.

ученик, «Государственное учреждение №-3 для одаренных детей», г. Павлодар

КАРАМБАЕВ Ж. П.

директор, «Государственное учреждение №-3 для одаренных детей»,
г. Павлодар

Широкое распространение среди женщин Казахстана традиций ношения женской мусульманской одежды – хиджаба является на сегодняшний день фактом, не требующим особых доказательств. Женщин в мусульманской одежде все чаще можно встретить на улицах городов и сельских населенных пунктов, в общественных местах, государственных и частных учреждениях. Приверженцы хиджаба в качестве одного из аргументов правомерности его ношения навязывают убеждение о его соответствии казахскому женскому костюму, т.е. они утверждают, что наши соплеменницы издавна носили одежду, соответствующую нормам ислама и что головной убор кимешек это и есть непосредственно сам хиджаб. В данной статье автор поставил цель : сравнить казахскую национальную женскую одежду с существующими и широко пропагандируемыми сегодня видами мусульманской женской одежды, а именно: проанализировать образцы казахской женской одежды – головные женские уборы и женские платья, обратить особое внимание на выявление разницы в головных уборах незамужней девушки, женщины молодого возраста и пожилой женщины, выявить наличие или отсутствие элементов платья, подчеркивающих женскую фигуру, обратив внимание на то, какие цвета для пошива платьев предпочитали наши предки, украшались ли они орнаментом или узорами.

Обратимся к истории казахской женской национальной одежды, уделив особое внимание к таким её элементам, как головные уборы и платья. Традиционный казахский костюм издавна является объектом исследования этнографической науки: раздел «Казахский народный

костюм» включен в первый том книги - альбома А.Х. Маргулана [1]; соответствующий раздел содержится в работах Х. А. Аргынбаева, У. Джанибекова, А. Калыбековой [2,3,4].

Казахский народный костюм, является уникальным проявлением материальной культуры прошлого, создававшийся под влиянием условий жизни в степях с их знойным летом, с пронизывающими ветрами, морозами зимой, большими перепадами дневных температур. Казахский народный костюм прост в композиции, целесообразен, удобен для верховой езды, поскольку в прошлом не обойтись было без коня, приспособлен к защите тела от холода, жары, знойных ветров, отличается нарядностью благодаря отделке мехом, вышивке, инкрустации, широкому использованию всевозможных украшений. Одежда шилась из тканей различных цветов, преимущественно ярких тонов, богато украшалась как орнаментом на самой одежде, так и различными ювелирными украшениями. Молодые девушки носили камзолы более ярких цветов, чем женщины среднего или пожилого возраста. Даже бедные женщины имели праздничные камзолы, украшенные вышивкой, позументом,

Головные уборы казашек, как и у женщин многих народов, помимо прямого назначения являлись еще своего рода указателем их семейного положения. У замужних женщин они различались в разных родоплеменных группах, но девичьи отличались сравнительной однотипностью на всей территории Казахстана. Девушки носили головные уборы двух типов: тюбетейку (такыя) и теплую шапку с меховой опушкой (борик), отделанную по околышу мехом выдры, лисицы, бобра. Особое внимание заслуживает головной убор казахской невесты - саукеле, представляющий высокую (около 70 см) конусовидную шапку к верхушке которой прикрепляли большую накидку из легкой белой ткани - желек украшенную вышивкой, обшитую бахромой и кистями.

Красный цвет основы саукеле казахов символизировал огонь и жизненную силу и одновременно наделялся охранительными функциями.[5]. Сразу после окончания свадебных торжеств, саукеле заменялся жаулыком, головным убором, складываемым из квадрата белой хлопчатобумажной ткани, или кимешек, суламой, кундуком, покрывавшими волосы, спину, плечи женщины. Нередко обходились и белым платком. В других трудах по истории казахской одежды утверждается, что только с рождением первого ребенка женщина надевала головной убор замужней женщины, который уже не снимала

до старости. Детали этого убора несколько менялись в зависимости от возраста и региона. Женский головной убор состоял из двух частей: нижней - кимешек, надеваемой на голову, и верхней - в виде тюрбана, наматываемой поверх нижней части убора. Обе части убора выполнялись обязательно из белой ткани.

Кимешек носили молодые женщины, лицевую сторону обычно украшали вышивкой, нашитыми серебряными бляшками, кораллами. Самым распространенным украшением была вышивка, ее дополняли нашивками из бус, кораллов, серебряных бляшек, с XX в. использовали серебряные монеты. Именно этот головной убор и не дает покоя нынешним поклонникам арабской одежды. Они уверяют, что он и есть аналог хиджаба и никаба. Как показывает анализ исторической литературы, ничего общего между ними нет. Наши традиционные казахские платки не закрывают лица женщины, в них априори присутствует национальная ценность. Кроме этого все исследования данного головного убора женщин-казашек показывают, что он в первую очередь играл четкую роль социального фактора: его одевали только замужние женщины, девушки-казашки никогда его не одевали. Кимешек - жаулык всегда был белого цвета, он дополнялся вышивкой, цветной каймой и т.д. Сравнение цветов одежды мусульманской одежды и казахской женской национальной по цвету изготовления также указывает на существенную разницу между ними. Молодые женщины и девушки предпочитали красные или пестрые ткани.

Праздничные платья молодых женщин и девушек украшали вышивками и аппликацией из яркой ткани по краям подола, рукавов, Казахские ювелиры изготавливали и другие украшения: нагрудные - омырауша, онир-жиек, «бой тумар», застежки к поясам - ильгек, фигурные бляхи к саукеле - шылтыр, массивные шаровидные пуговицы - торсылдактуйме, булавки - туиреуиш. При изготовлении женских украшений применялась различная техника: литье, гравировка, чеканка, штамповка, филигрань, чернение, зернь, эмаль Траурный костюм у женщины-казашки представлял собой обычную одежду, с которой удалялись все украшения. При этом убитая горем жена усопшего должна была распускать волосы, а дочери и сестры, сняв свои девичьи шапочки, накидывать на плечи черные шали.

Таким образом, мы видим, что женский национальный костюм отличался богатством красок, украшений, разнообразием видов. Мы выделили следующие головные уборы: борик, такыя, саукеле,

касаба, кимешек, жаулык, сулама, кундук. Особенность ношения этих головных уборов зависела от возраста, семейного и социального положения. Преимущественные цвета камзолов, шапанов, платьев – красный, синий, зеленый, желтый, то есть насыщенные, не блеклые цвета. Женская одежда украшалась различным орнаментом, ювелирными украшениями, имела приталенный силуэт. Черная одежда ничем не украшенная, являлась символом траура.

Сравним наши выводы, характеризующие женский национальный костюм с мусульманской одеждой. Остановимся на характеристике хиджаба – одним из важных аспектов жизни мусульманской женщины. В мусульманской литературе утверждается, что «хиджаб» означает гораздо большее, чем просто одежду. Различают «внешний» хиджаб (одежда), и «внутренний» хиджаб (поведение, манера держаться.) Чтобы одежда могла считаться исламской, необходимо выполнить следующие условия: Одежда должна полностью закрывать голову и тело, кроме лица и кистей рук. Это означает, что шея, предплечья, уши и вдетые в них серьги должны быть закрыты. Сама по себе одежда не должна служить украшением – с тем, чтобы не привлекать внимание мужчин к женской красоте. В целом это означает, что следует избегать ярких блестящих цветов, сверкающих украшений, а также тканей, в которые вплетены блестящие нити. Одежда должна быть достаточно плотной, чтобы скрыть цвет кожи: просвечивающиеся или прозрачные ткани в этом случае неприемлемы. Одежда должна быть достаточно свободной, чтобы скрыть очертания тела: неприемлема облегающая, обтягивающая тело одежда, подчеркивающая его формы. Одна из функций хиджаба заключается в том, чтобы показать, что носящая ее женщина – это мусульманка, гордящаяся (в лучшем смысле этого слова) своей верой. Это не должна быть одежда, свидетельствующая о славе и тщеславии ее обладательницы, т. е. быть «кричащей», покрытой драгоценными камнями, с вплетенными золотыми или серебряными нитями. Одежда не должна иметь запаха парфюмерии.

В исламе существует множество разновидностей женских головных уборов, покрывающих голову и лицо женщины. Хиджаб (с арабского «покров») – женский мусульманский головной убор, обычно квадратный платок, покрывающий голову и шею, но оставляющий лицо открытым. Никаб (распространен в Саудовской Аравии) – женский головной платок, закрывающий все лицо, оставляющий открытым только глаза, чаще имеет место среди

мусульманок шиитского толка. Паранджа (распространена в Афганистане) полностью закрывает лицо и спускается ниже, окутывая все тело и оставляя небольшую сетчатую прорезь для глаз. Существует большое количество мусульманских шарфов: амиры (облегающая шапка и шарф), шейла (распространена в Пакистане) – длинный платок прямоугольной формы, набрасываемый на голову, а на плечах держащийся на булавках. Также имеют место и покрывала: хымар – длинный платок, закрывающий волосы, шею и плечи и доходящий почти до талии. Лицо при этом остается открытым; чадор (распространен в Иране) покрывает все тело, но оставляет открытым лицо.

Таким образом, мы видим, что казахская женская национальная одежда отличается по многим параметрам от мусульманской. Главные отличия заключаются в том, что национальная женская одежда казашек намного красочнее, богаче украшениями, разнообразием, по одежде можно было делать выводы о социальном статусе и возрасте женщины. Эта одежда более соответствует санитарно-гигиеническим нормам, чем мусульманская. Аргументы сторонников ношения хиджабас ссылкой на то, что якобы именно такой стиль одежды был характерен для казашек в прошлом, не имеют под собой исторических оснований, ношение мешковатых платьев блеклых тонов, лишённые всяческих украшений и узоров, полное закрытие шеи, ушей, лба девушек не соответствуют традициям казахского народа. Наши предки высоко цтили девичью красоту, берегли ее, приучали девочек к высокоэстетичным моделям одежды. Во многих произведениях устного народного творчества как символ красоты воспеваются девичьи косы с вплетенными в них шолпами, высокий открытый лоб, тонкий девичий стан, перетянутый поясом. Сам образ жизни заставлял давать номадкам больше свободы. Если в политических вопросах они играли второстепенную роль, то в повседневной жизни были равноправными партнерами. Совместно с мужчинами гордые степнячки участвовали в перекочевках, вели хозяйство. А сакские женщины (наши прародительницы) вообще были воинами. Вспомним хотя бы царицу Томирис или воительницу Бопай. Уж их-то невозможно представить в хиджабе и с акинаком в руках. С принятием Великой степью ислама жизнь вносила свои коррективы в незыблемые каноны. Простая логика: невозможно скакать на лошади в хиджабе, а тем более в парандже. А на коня кочевники садились с самого раннего возраста – и мальчишки, и девчонки. И вся жизнь у них была связана с лошадьми, и одежда

у них была соответствующая. Не надо считать своих предков глупее себя – одежда кочевника (как мужская, так и женская) была целесообразной, функциональной и прагматичной. Народные «дизайнеры» создавали одежду такой, чтобы она была удобна для езды на коне, согревала в зимнее время года и не была тяжелой летом...

С высоты сегодняшнего дня, когда независимая наша родина состоялась как сильное и уверенное в своем будущем государство, устремленное вперед на основе Стратегии «Казахстан 2050», озвученной Лидером нации, основателем нашего государства Н.А. Назарбаевым, заворачиваться в хиджабы, принимать средневековый образ мыслей и жизни было бы нелепо. Мы должны готовить нашу молодежь к комфортной жизни в 20-х, 30-х и далее годах. Еще великий Конфуций две с половиной тысячи лет назад говорил: «Кто не движется вперед, тот движется назад».

Навязываемая мусульманская одежда не видит разницы в социальном статусе женщины, девушки, а также стремится к размыванию возрастных различий, неважно кто это - молодая девушка, замужняя женщина в первые годы семейной жизни, пожилая женщина - все должны одеть мешковатую, тусклую одежду, полностью закрыть голову, шею и т.д.

По нашему мнению, прежде чем утверждать, что казахские женщины одевали кимешек, который является хиджабом, необходимо еще раз внимательно перечитать историю материальной культуры казахского народа.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Библер В.С. Нравственность, культура, современность (философские размышления). - М.: Знание, 1990. - С.127.
- 2 Востров В. Общественный и семейный быт казахов. //Народ Средней Азии и Казахстана. - М.: Просвещение, 1963. - с. 436.
- 3 Джанибеков У.Д. «Культура казахского ремесла»-Алма-Ата: Өнер, 1982 г.
- 4 Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. Альбом.-Алматы: Өнер, 1996ж.
- 5 Қазақ халқының ұлттық киімдері. – Алматы: «Алматыкітап», 2007. – 384 бет, суретті.
- 6 Калыбекова А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. Изд.2-ое. Алматы: БАУР, 2006. – 364 с.
- 7 Мамбетова А.И. Семиотика ювелирных украшений Казахстана XIX - начала XX в. / А.И. Мамбетова // Российская

культура глазами молодых ученых: сборник тр. молодых ученых. - СПб.: АОС, 2005.

8 Марғұлан А. Х. Казахское народное прикладное искусство.- Альбом. –Алма- Ата: Өнер, -т.-2. 1987г

9 Оразбаев Н. А. Народное декоративно-прикладное искусство казахов.

ҰЛТТЫҢ САНЫ АЛАНДАТУДА

АМАНГЕЛДІ Д. Н.

5 Д сынып оқушысы, Мамандандырылған «Жас дарын» мектебі, Павлодар қ.

Бала – келешек өмірдің тірегі. Мұрагері жоқ отбасының болашағы да жоқ, халқы саны аз «Мәңгіле елдің» болашағы да қауіпті. «Адам өзі мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. «Балалы үй – Базар, баласыз үй қу мазар» дейтін де мақал бар. Бүкіл тарихи ғұмырын ат үстінде өткізіп неше рет өліп, неше рет тірілген көшпелілер ұрпақ мәселесіне айырықша мән берген. Ақылды да көрікті әрі тәртіпті балаларды тәрбиелеу үшін ата-бабамыз қолдан келгенін бәрін істеумен болды [2, 1 б]. Қазақтар саны - Отан тарихының, әсіресе оның тарихи демография саласының ең бір өзекті проблемасы болып табылады. Оның өзектілігі егеменді Қазақстан Республикасының мемлекеттік, ұлттық, саяси-әлеуметтік тағдырына тікелей байланысты. Себебі Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мемлекетке өз атын берген қазақ ұлтының өсіп-өнуі мен дамуына байланысты, мемлекеттің ең зор байлығы – халқы, оның әлеуметтік – демографиялық дамуы – мемлекеттің, ұлттың, этностың, негізі болып табылады

Егеменді ел болып, іргемізді бүіндеп отырған кезде ұзақ жылдар бойы отаршылдық тұзағына түскен ұлттық санамыз қайта жанданып, даму үстінде болды. Соның бір жарқын көрінісі ұлттық демографиялық мінез-құлқымызда орын алып отырған келелі өзгерістерден айқын байқалады.

Республикамыздың географиялық картасына көз салсақ екі бірдей құрлықтың территориясында орналасқанын байқаймыз. Алып Евразия суперконтинентінің кіндік ортасы Қазақстанда жатқандықтан және республика жер көлемінің 400 мың шаршы шақырымы, яғни 15%-і (Швеция мемлекетінің жерімен тең) Европада орналасқандықтан өзімізді Европалық және Евразиялық мемлекет деп есептеуге болады.

Саны жағынан қатты әлсіреген қазақ халқының өз жерінде азшылықта қалуынан кереғар, күнгірт көріністер туындайтын болса оның өзінен саны басым халықтармен іргелес жатуы қосымша қиыншылықтарға алып келеді. Шығысымызда халқының саны қазақтан 100 еседен астам миллиардтан астам Қытай мемлекеті орналасқанын естен шығармауымыз керек. «Қара қытай қаптаса – ақыр заман болады» деп бабаларымыз бұдан 500 жыл бұрын өз ұрпағын ерекше ескерткен. Солтүстігімізде Қазақстан 15 еседен артық «ормандай көп орыс» жайғасқан. «Орыспен дос болсаң – айбалтаң жаныңда болсын» деп бұдан 300 жыл бұрын айтқан екен отаршылдық өктемдіктен әбден мезі болған момын қазақ бабамыз [6, 3 б]. Мен, осы тақырыпты зерттеуге алғанда, бір бақылағаным, статистика мәліметтері ұлтымыздың санына байланысты, тым жиі өзгеріп отырғаны. Сыртқы қауіптің көп болуы, саяси тұрақсыздық, табиғи және жасанды жұт деген факторлар «қазақ» ұлтының өмір сүріуін үлкен проблемаға айналдырған екен. Әр түрлі статистикалық мәліметтерді пайдаланып, мен ұлтымыздың саны соңғы 550 жылда қалай және неліктен өзгергенін, бүгінгі күнде, яғни 2016 жылдың наурыз айына дейін «Қазақ» деген ұлттың өсу немесе кему динамикасына бақылау жасаймын.

Қазақ халқы санының әр түрлі тарихи кезеңдердегі өсіп кеміген күрделі динамикасы

Кесте 1

жылдар	Жалпы саны	Орташа жылдық кемуі (-), өсуі (+), қарқыны (%-есептегенде)
1465ж.	1млн. 100 мың	-
1723ж.	3 млн. 330мың	+0,8 %
1725ж.	2 млн. 222мың	-16,8 %
1845ж.	3 млн. 600мың	+0,5 %
1900ж.	5 млн. 000мың	+0,7 %
1916ж.	5 млн. 650мың	+0,8 %
1921ж.	4 млн. 800мың	-3,0 %
1931ж.	5 млн. 450мың	+1,3 %
1933ж.	3 млн. 400мың	-12,5 %
1941ж.	3 млн. 750мың	+1,3 %
1945ж.	3 млн. 150мың	-4,0 %
1950ж.	3 млн. 460мың	+2,0 %
1960ж.	4 млн. 470мың	+3,0 %
1970ж.	6 млн. 280мың	+4,0 %
1980ж.	7 млн. 990мың	+2,7 %
1990ж.	10 млн.000мың	+2,5 %
2000ж.	12 млн.300мың	+2,3 %
2015ж.	15 млн.000мың	+1,5 %
2040ж.	18 млн.500мың	+0,9 %
2090ж.	23 млн.000мың	+0,5 %
2165ж.	26 млн.500мың	+0,2 %
2300ж.	30 млн.000мың	+0,10 %
2500ж.	33 млн.000мың	+0,05 %

Бұл кезеңде қазақ халқының алғашқы ұлттық мемлекеттегі қазақ хандығы құрылып, орнықты Алаш ұлысы қазақ ұлты болып қайта қалыптаса бастады. Ұлттық ынтымақтықтың нәтижесінде сол тарихи кезеңде қазақтар саны жағынан тез өсіп, өзінің ата-мекенін толық игеріп үлгерді. Ортақ ұлттық тіршілігіміз – халықтық демографиялық өмірбаянымыздың жемісті де жеңісті өсу қарқыны басталды. Алда тосып тұрған жауапкершілік пен отаршылдық сияқты әртүрлі тарихи қиыншылықтар мен сан қилы әлеуметтік апаттарға қарамай, осы өткен 525 жылдың ішінде біздің санамыз 10 есеге жуық өсе алған [3,136]. Біздің жыл санауымызға дейін, яғни осыдан 2000 жыл бұрын қазақ халқының құрамына енген түркі тілдес ру-тайпалар саны 200 мың адамға жеткен. Қазақ халқы сәтті

өсіп келе жатқан кезінде алғаш рет қатты жауапкершілікке ұшырап «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарына тап болды. Осы екі жылдың қияметті кезеңі халқымыздың тірнектеп 258 жыл бойы жинаған санының жартысын жоқ етіп, оны демографиялық деңгейі жағынан 128 жылға төмен түсіріп тастапты екен.

1725 жылдан бастап 191 жылға созылған (1916ж.) екінші сәтті демографиялық қайта өсу кезеңіміз басталды. Осы кезеңде, яғни 1916 жылға дейін қазақтың саны 2,5 еседен астам қайтадан өсті. Ақтабан шұбырындының шығыны 100 жылда әрең тоқтады.

1916 жылдың ортасынан бастап қазақ үшін баяу болса да, бірқалыпты демографиялық даму үрдісі аяқталып, жаңаша «отыз жыл (1916-1945ж.) ойран» басталды. Дәл осы жылы қазақ халқы сан жағынан өзінің ең биік тарихи шыңына көтеріліп үлгерді.

(1931-1933ж.) ашаршылық және Ұлы Отан соғысы, жалпы алғанда барлығы 13 жылға созылған қасіретті демографиялық апаттар халқымыздың санын 3,5 млн. олқыландырып кетті. 1916 жылдың деңгейіне қазақтар 50 жылдан соң, тек 1966жылы ғана көтеріле алды.

1946-1960 жылдар аралығында халқымыздың өсу қарқыны 1,5-2,0 %-тен 4 %-ке дейін үдей түссе, 1960жылдан 1988 жылға дейін бір деңгейде сақталып қалды.

«Демографиялық қайта жаңғыру» деген 1970-2000 жылдардағы отыз жылдық кезең бізге несімен құнды? 1990 жылдың ортасында әлемдегі барша қазақтың қасиетті жеті нөлі бар 10.000.000 млн. адамға жетті.

2000 жылы яғни ХХІ ғасырда туған халқымыз едәуір есейіп, салмақты санға ие бола алды. Алдын ала жасалған жорамалдарға қарасақ 2025 жылы халқымыздың саны 15.000.000 млн. адамға жеткен. Осы жылдары Қазақстандағы халық санының 3/2 қазақтардың өздері құрайтын болады деп жорамалданған [6,8 б].

Халқымыздың саны 2000 жылы 15.000.000 млн. адамға жетті, ал енді 1-ші кестеде көргендей, халқымыздың саны осындай қарқынмен көбейсе 2030 жылы 20.000.000 млн. жетеміз деген үміт бар. 2015 жылғы статистика комитетінің ресми мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстан Республикасының жалпы халқы саны 17 417 673 адам, соның ішінде қазақтар 11 497 349 адамды құрайды, яғни 66 пайыз. Соның ішінде, біздің өлке бойынша жалпы халық саны 755 778 мың адам, қазақтар 380 176 мың адам, яғни 50,3 пайыз, ал менің ата-анам туған жерінде, Баянауыл ауданында 27 443 мың адам, соның ішінде қазақтар 24 516 мың адам, яғни 89,3 пайызды көрсетті. Өте қызықты мәлімет [3, 8 б].

Халықнама деген қашанда ұзақ әңгіме. Оны Қазақстанның қазіргі халықнамалық ахуалын қысқаша талдап көрейін:

1. Қазақстанның демографиялық ахуалы қиын ба? Бұл ең басты сұрақ. Елдің демографиялық жағдайы нашар деп бірнеше түрлі жағдайда айтады:

А) Елдегі халық саны жыл сайын азайып келе жатқан жағдайда: Қазақстан халқы жыл сайын артып келеді (жылына 200 мың адамға көбейеді, яғни бес жыл сайын 1 млн адам қосылып отырады), мысалы 2030 жылы Қазақстан халқы 20 млн-ға, ал 2050 жылы 25 млн-ға (қазір 15,5 млн) жуықтайды. Бұл - оң көрсеткіш.

Ә) Елдегі жергілікті халықтың пайыздық өлшемі азайып бара жатқан жағдайда: бұл өлшемге келсек, Қазақстанда қазақтардың пайыздық өлшемі жыл сайын артып келеді. 2020 жылы Қазақтар Республика халқының 70 пайызынан асса, 2040 жылы қазақтар Республика халқының 80 пайызына жететін болады (қазір 60 пайыз). Бұл да - оң көрсеткіш.

Б) Қазақстан халқын тез көбейіп келе жатыр деп айтуға келмейді. Бұл да оң көрсеткіш дейік, дегенмен өсім бұдан жоғары болуы керек еді. Сондықтан Қазақстан: біріншіден, елдегі табиғи өсімді қолдауы керек; екіншіден, оралмандарға бөлінетін квотаны арттыра беруі қажет. Үшіншіден көшіп жатқан өзге ұлт өкілдерін жібермеу күш салып, қайта көшіп келіп жатқандарда қолдауы тиіс. Қазір Қазақстан экономикасының жыл сайынғы орташа өсімі 9 пайыз болса, халықтың өсімі 2 пайыз болып отыр.

В) Елдегі халықтың орналасу тығыздығы әр аймақта, әр шекараның маңында әркелкі болған жағдайда: Оңтүстікте халық тығыздау, басқа аймақтарда сиректеу екені болмаса, Қазақстанда бұл көрсеткіш барынша біркелкі. Бұл - оң нәтиже. Алайда халық солтүстік облыстарға қарай жылжуы керек еді, осыны ескергенде, Астананы көшіру демографиялық тұрғыдан оң шешім болды.

Г) Елдегі халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы тым төмен болғанда және халықтың орта жасы тым көрі болғанда. Қазақстандағы адамның орташа өмір ұзақтығы өте төмен (әлемде 122 орын). Бұл - оң нәтиже емес. Алайда таяу болашақта әл-ауқаты жақсартуға байланысты арта береді деген үміт бар. Халықтың орта жасы шамамен 23 жаста. Бұл - оң нәтиже. Қазақ - еліктегіш халық. Бұл оның осы жастығынан [5,106].

2. Қазақстанның демографиясындағы оң көрсеткіштерге тоқталған едік, енді теріс (қауіпті) көрсеткіштерді анықтайық:

А) Халықтың демографиялық жағдайы қиын деп айтады, егерде сол халықтың көп пайыздық мөлшері өз ана тілін білмейтін болса және қолдайтын мемлекеті жоқ болса. Себебі тілі жоғалған халық өзі де жоғалады. Қазір Қазақстанның өз мемлекеті бар. Қазақ тілі Заң жүзінде қолдау тауып отыр делік. Алайда Қазақстандағы қазақтың 30 пайызы (3 млн-ға жуық адам) өз ана тілін білмейді. 250 жылдан аса уақыт отаршылдықта болған халық үшін түсінуге болатын көрсеткіштер болғанымен, бұл әрине оң нәтиже емес. Соңғы 15 жылда бұл жағдай ептеп түзеліп келеді деп есептейік. Сонда да қазақ тілін меңгерушілер санының көңіл-көншітерлік жағдайда емес екені ең көкейкесті және қиын күйінде қалып отыр.

Б) Демографиялық жағдай қиын деп айтылады, егер сол халықтың көп бөлігі шет елдерге бытырап кеткен болса және олар басқа халықтарға сіңіп азайып бара жатқан болса. Қазақстанда 9 млн қазақ тұрады, шетелдерде шамамен 4,3 млн қазақ тұрады. Бұдан шығатын қорытынды - елдегі қазақтың тең жартысындайы өзінің тарихи Отанынан шетелдерде тұрады. Бұл - оң көрсеткіш емес. Жер шарына тарыдай шашырап кетуіміздің және шекара бөлгенде арғы жақта қалып, көрші ауылдағылардың бірі шетелдік болып шыға келуіміздің де тарихи себептері бар. Алайда әлемде тек өз қандастарын арнайы квотамен жинап отырған жалғыз-ақ ел бар (жасанды мемлекет - Израильді қоспағанда): Ол - Қазақстан. [6,7 б].

Халық бұрын пайда бола ма, әлде ұлттың мемлекеті бұрын пайда бола ма. «Әрине, халық, ұлт қой» дейді қисынды ойлар бірауыздан. Халық пен Ұлт қалыптасады, сосын олардың мемлекеті орнайды, не ойландыратыны бар екен. Алайда Тарих атамыз олай емес болуы да мүмкін екенін, тарихтың жолы мың бұралаң қым қиғаш екенін көрсетеді. Бір ақиқат бар: мемлекет пайда болғанда оның құрайтын халқы аспаннан түспейді ғой. Сонымен, халқымыздың саны көбейсін және болашақ ұрпақ дені сау, көңілі сергек, ақыл-ойы ұшқыр болсын десек ана мен бала денсаулығын нығайту, неке беріктігін сақтау, жас отауларға әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау, жұмыспен қамту, рухани байыту сияқты шараларды кешенді жүзеге асыру міндеттері тұрғанын айтқан орынды деп есептейміз. Бұл – елім, жерім, халқым деген ғалым, саясаткер, қоғамтанушылардың ортақ тұжырымы. Біз де бұл ұсыныс, пікірлерге толығымен қосыламыз. «Ел боламын десек, бесігінді түзе» – дегендей, азаймай, азып-тозбау үшін ұрпақтарымызды өсіріп, отбасымызды нығайтайық, іргеміз берік, шаңырағымыз шалқак болып, түтініміз түзу ұша бергей! [6,1 б].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбсаттаров Р.Б. Әлеуметтану. Алматы. 2003
- 2 Википедия. Қазақтар.
- 3 Қазақстан Республикасының статистика комитеті
- 4 Қазақстан және оның аймақтары. № 5 – 2000 жыл. Алматы. 2000.
- 5 Қазақстан өңірлері бойынша халықтың экономикалық белсенділігі. 1995- 2004. Алматы. 2005
- 6 Қазақ қайтсе көбейеді? Алматы. 2006
- 7 <http://countrymeters.info/ru/Kazakhstan>

АҚКӨЛ-ЖАЙЫЛМА ӨҢІРІНІҢ ҚОЖАЛАРЫ

АХАТ А.

10 сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

МҰХТАР Д. Б.
жетекшісі

XIX ғасырда Қанжығалы руы елдерінде екі діни орталық болған. Біріншісі – Ерейменде, Қоржынкөл басындағы Бекболат ауылында (Бөгенбай батырдың тұқымы). Ол жерде мешіт-медресе ұстаған ишан Күдері Шынқожаұлы. Шынқожа – Абылай ханның қайын атасы, Сарғалдақ қожаның баласы. Мұны Сарыарқаға Абылай хан ордасынан сұрап әкелген Бұқар жырау. Шынқожадан Шідерті өзені бойындағы Қызылтасты мекен еткен қаржас қожалары тараған. Осы күдері ишанды қанжығалы Бапан би Шорман биден сұрап алады. Бапан бидің тұңғыш баласы Сакқұлақ бидің бір әйелі – осы Күдері ишанның қызы болған.

Екінші діни орталық – Ақкөл-Жайылмада, қармыс-қанжығалылар елдері ішінде болған. Бұл діни орталықтың басында алғашында Мұрат ишан болса, артынан оның ұрпағы Исабек ишан қазылық еткен.

Мұрат ишанның Арқаға келуі туралы Қажыбек Алғамбарұлы былай жазып кеткен: «Әкем Алғамбар қожадан естігенім руымыз – Имам раббани, бергі бабамыз Саид қожа әулетінен: Аққу ишан – Бағдаи ишан – Назар ишан – Мұрат ишан болып тарайды. Арқа еліне келген бабамыз - Мұрат ишан. XVIII ғасырдың аяғында Бұхар-Шариф шаһарында діни медресені үздік тәмәмдаған Мұрат ишанды медресе басшысы хазрет шақырып алып: «Сен дарынды шәкіртсің,

сенің ырызығың Арқада, сонда барып елге ислам дінін уағызды», - деп батасын берген екен. Міне, сол XVIII ғасырдың аяғында Мұрат ишан 20-21 жас шамасында Арқа еліне келген». [1,19 б].

Ел арасында жүрген қожалар шежіресінде Назар ишаннан екі бала Мұрат ишан және Досым қожа тараған. Қожалар ұрпағы Қайрат Қажыбекұлы мен Ғабдылқәкім Ғаппарұлының айтуынша, Досым қожа Мұрат ишанмен бірге Бұхара қаласынан келген шәкірт бала. Олар бір медреседе оқып, бірге келгеннен кейін, ағайынды көрінген. Досым қожа Ақкөл-Жайылманың қожалар тарихында бір-бір айтылмайды, Кәкім аға оны Бұхарадан келісімен Ерейментау өңіріне кетіп, сол жақта қожалар ұрпағын таратқанын болжайды[2,№ 4].

Мұрат ишан да қасиеті бар адам болған екен. Оның қасиеті туралы келесі аңыз бар: «Арқа еліне келе жатып, Мұрат ишан ел тонаушыларға кез болған. Жас жігіттің үстіндегі киімі мен астындағы мінген атына қызыққан қарақшылар арам оймен мұны да тонамақшы болады, сол уақытта қалың тұман түсіп, қарақшыларды адастырып жіберген». Арқа еліне келген Мұрат ишан, ел аралап, Баянауыл елін мекендеген қанжығалы руына, Тоқсанбай деген байдың ауылында орныққан. Осыдан «Тоқсанбайдың тоғызыншы ұлынан тараған қожалар» деген сөз қалған. Тоқсанбайдың сегіз ұлы болса керек. Мұрат ишанды өзінің тоғызыншы ұлындай көріп, артынан үйлендірген. Кейбір шежірені білмейтін қожалар өздерін қанжығалының ішінен тараған қожамыз деп санайды. Мұрат ишан Тоқсанбайдың тоғызыншы ұлы болса да, жеке қожа тегінен шыққан ұмытпағанымыз жөн. Мұрат ишан осы елден Малдыбайқызы Марғанға үйленіп, Исабек, Мұхаммеднияз деген екі ұл көрсе, кейінгі әйелінен Сүлеймен мен Смайыл атты ұлдар дүниеге келеді. Мұрат ишан шапағатты, ел арасында абыройы зор ишан болған. Халыққа ислам дінін тарату, уағыздау жолында үлкен еңбек еткен. Дүниеден өтетін уақытын сезген ишан ата балаларын (Исабек, Мұхаммеднияз) шақырып алып: «Мені еліме жеткізіндер», - деп өсиет айтқан. Сөйтіп балалары Мұрат ишанды керуенмен Бұхар Шарифке апарған. Барғаннан соң шамамен бір айдан кейін Мұрат ишан қайтыс болып, балалары әке өсиетін орындап, Тентек (Тебеген) ишан зиратына жерлеп, қырын өткізген соң, елге көш бетін қайта бұрған [3, 288 б].

Исабек ишан. Мұрат ишанның ұлы Исабек ишанның өзі қасиетті, шарапатты адам болған. Кезінде Мәшһүр Жүсіп, Төтентай хазрет, Бекбау әулие тағы басқалармен сыйлас болған, ел арасында қасиетімен абройы жоғары, әулие көріпкел, терең білімді ғалым болыпты. Исабек ишанның шарапаты жөнінде мыныдай аңыз бар:

«Исабек ишан інісі Мұхаммеднияз екеуі әкесі Мұрат ишанды жерлеп, Бұхар – Шарифтен керуенмен келе жатып қарақшыларға кезігеді. Ишан аты-жөнін айтқан соң қарақшылардың басшысы: «Қасиетті болса аспандағы ұшып бара жатқан қаздарды жерге қондырды», - дейді. Сонда Исабек ишан екі рәкәғат намаз оқып, дұға жасағанда қаздар жанына келіп қонған. Қасиетіне бас иген қарақшылар ишан атадан кешірім сұраған. Исабек ишан мұсылман еліне, қазақ жеріне шырақ жағып, имандылықтың, сауаттылықтың жарығын таратуға келген жанкешті адамдардың ұрпағы. Міне, осы қасиеті мен қамқорлығы қатар тараған тұлға туралы деректердің аздығы, халық санасына там-тұмдап жетуінің салдарынан ол кеменгер адам туралы әңгімелер көбінесе аңыздық кейіпке ие болған. «Халық айтса қалыс айтпайды» деген сөз де талай ғасырлар белесін өрлеп келген өрелі сөздердің қатарында болса керек. Бірінің естігенін екіншісіне ауызша жеткізіп отырғандықтан да өткен дәуірлердегі халықтың бетке ұстары, қорғанышы, ақылшысы, сүйенері болған зерек туған тұлғалардың есімі бүгінге дейін келді. Сондай әңгімелердің бірталайы Исабек ишан жайында.

Исабек Ақкөл-Жайылма аймағында жүргенде әкесі Мұрат ишан қатты науқастанып, «мені туған мекенім Бұхар-Шарипке алып барып жерлендер», - дейді. Жер шалғай, жол алыс. Арба түгілі салт атпен жүргеннің өзінде алты айшылық қашықтық. Елін, туған өлкесін көрмегелі де көп болған Исабек ишан әкесінің өсиетін талай қиындықты басынан кешіп, арып-ашып сапар шеккеніне қарамастан әкесінің қатты сырқаттанып жатқан кезінде арманын орындауға асықты. Алла тағаланың білдіргені сол жолы әкесімен туған жерінде бақұлдасуға үлгеріп қалды. Бірге алып барған інісі – Мұхаммеднияз екеуі Мұрат ишанды арулап, жер қойнына тапсырды[4, 76 б].

«Ертеде Ишан атамыз Әулие көлдің жағасына қоныстанған екен. Сулы жер – нулы жер. Қасиетті атамыз таңдаған жер малға да, жанға да шұрайлы, құнарлы болып, аз уақыттың ішінде көл жағасына көп халық қоныстанған. Көпшіліктің арасы ала-құла болады ғой. «Бір биеден ала да, құла да туады» дегендейін елге жұмақтай өңір тауып берген атамызды да алақөздеп, сырттай жауласушылар табылады. Исабек ишан қазақ жері Ресей империясына бағынышты кезде өмір сүрген. Ақкөл өңіріндегі лауазымы бар біраз адамға кожо ұрпақтары ұнамай қалады. Мұндай кезде олар бетке айтып, ақ-қараны ағайын арасында шешсе жақсы ғой. Жақтырмаушылар жиналып орысша хат танитын тілмаш тауып Омбы генерал-губернаторына Исабек ишанның үстінен арыз жазады. Көп ұзамай тергеуге, жауап алуға

шақыру да келеді. Жанашыр ағайын: «Бармаңыз. Орыс түсінігі басқа, үкімі басқа. Жазым етіп жүрер» деп қол-қолайды. Арыз жазып жүргендер де осал емес. «Туыс бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды» деген қисық біткен бұтадай қыңырлау мәтел бар. Міне, осы сөз де тегін айтылмаған. Болмағанда Исабек ишанның төңірегінділер қадыр-қасиеті бөлек адамды білмейді деуге бола ма. Біле тұрып қысастық жасауға ұмтылады. Көп ұзамай керзі етігін гүрпілдетіп, мылтығын көлденең ұстап, солдаттар келеді. Ауыл халқы солдаттардың Иман атаны тұтқындауға келгенін естіп, жылап жібереді.

-Жыламаңдар. «Алла жөнін берсе, орыс тонын берер» дейді сапарға аттанып бара жатып. Атаның сөзіне иланғанмен жұртшылық, орыс айдауына кеткендердің қайтпайтынын да ойлап қапаланады.

Солдаттар әкелісімен Ишан атаны түрмеге қамайды. Түрменің іші қараңғы, сыз. Ишан өзгеден бұрын мұсылмандық парызын өтеуді ойлап, намаз оқитын орын іздейді. Құбылаға маңдайын берер тұсты тауып алу қиын деп отыра берсе, намаздың уақыты өтіп, қаза болар түрі бар. Ишан әулие отыра қалып дұға оқиды. Осы кезде есіктің құлпы тарс етіп ашылып кетеді. Исабек ишан есіктен шығып, құбылаға қараған тұсқа шапанын жайып, намазын оқиды. Осылай төрт күнде, намазын қазақ етпейді. Төрт күнде төрт құлып бұзылады. Біреу аз деп екеуін салса, екеуі ашылып қалады. Түрме басшылары аң-тан. Түрме басшысы айналасындағыны аңдай білетін, көзі ашық көңілі ояу адам екен. «Мынау ақсақал тегін емес. Бойында бір қасиет бар-ау» деген ойға келсе керек. Осы ойын түптегенше бір күні түрме бастығының әйеліне Алла тағала аян беріпті. «Сенің күйеуің түрмеге қазақ даласынан менің бір елшімді алып келеді. Ол тегін адам емес. Бойында қасиеті мол. Соны босатса үлкен жақсылыққа жетер» дейді. Әйел жүкті, ай-күнін күтіп жүрген екен. Әйелінің айтқанын естіп, Исабек ишанды түрмеден босатады. Күнәсіз қамағаны үшін кешірім сұрайды. Осы кезде бір болдат айқайлап келе жатады. «Әйеліңіз босанды. Ұл туды» дейді түрме басшысына. Ол қуанғанынан көзіне жас алады. Алдында кілең қыз бала болып, ұлға қолы жетпей жүрген екен. Құдайдан сұрап жүргені аспаннан түскендей болғанын қазақ даласынан келген қасиетті адамның әсері екенін ұғады. Ұғады да Ишан атамyzды құдайды күтіп, оқалы киім, қалың тон кигізіп жібереді.

Содан жолға шыққан атамyz үлкен өзенге кездеседі. Құрметтеп шығарып салушалар:

-Қасиетіңізді байқайық. Судың бетінен жүріп өтіңіз, -дейді. Ишан атамyz аспай-саспай шапанын жайып жіберіп, қайықша жүзе жөнеледі. Жағаға шыққаннан кейін шапанын сілкіп-сілкіп жіберіп, киім алады да орман жолына түсіп, жүре береді.

Осылай жеті күннен кейін ишан ата ауылға аман - есен қайтып келген екен. Осылай әулиеге Алла жөнін беріп, орыс тонын берген, - дейді Жандарбек ата,- деп ойын бітірді Қабыш ата[5, №23].

Исабек ишан туралы ел ішінде осындай сан алуан әңгімелер жүргенімен, ол туралы тереңірек сыр шертіп, тереңірек толғаған замандасы, пікірлесі, пір тұтқан Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Есімі барша елге әйгілі, ғұлама ойлары ұрпақтан ұрпаққа тараған Мәшһүр Жүсіптің білікті ұрпақтарының бірі Ертай Қуандықұлы Жүсіпов облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің 2000 жылдың 26 желтоқсанында Мәшһүр-Жүсіптің «Исабек ишан өлеңі туралы» деген мақаласын жариялады. Міне, осындай зерттеулерде ғасырдан ғасырға өткен сайын есімдері жарқырай түсетін адамдар туралы айшықты айтылған.

Исабек ишанның ата-тегіне қатысты деректердің біразы Мәшһүр-Жүсіптің «Исабек ишан» жоқтауында орын алған. Шығарманың бас жағында: «Өзі – ишан жұрт бастаған, заты – қожа, Сейітзада – нәсілі сондай таза», - деп берілсе, енді бір тұсында мынадай мәліметтер бар:

Атасы Мұрат қожа әулие өткен,
Бұтақтай бірден-бірге келіп жеткен.
Арғы тегін сұраса – Назар ишан,
Тазарып шыққан гауһар асыл тектен.
Туғаннан шарифаттың жолын қуған,
Хақ жолдан талмай, белін бекем бұған.
Табылмас дүррі гауһарым-ай,
Сағадат қандай жақсы күнде туған?!

Пір болып кереметлі шыққан жастан,
Данышпан, ақылды еді жұрттан асқан.
Қанша білмес наданды жөнге салып,
Шешманның толып жатқан көзін ашқан.

Мәшһүр-Жүсіп туындысында Исабек ишанның қой жылы, 79 жасында көз жұмғаны айтылса, Исабек шөпшегі Ахметолланың /1957 жылы туған)жанұялық мұрағаттағы мәліметінде де: «Исабек 79 жасында қайтыс болған, онда Мәшһүр атамyz 13-14-терде екен,- деген дерек бар. Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп өлеңіндегі: «Тақсырдың мыңнан бірін айта алмаймын. Ағалар айыпмама

ғақылым азы» - деген жолдар да шығарма авторының онша ересек еместігін байқата алады. Енді осы деректерді жүйелесек, Исабек ишанның 1871 қой жылы, яғни Мәшһүр-Жүсіптің 13 жасында қайтыс болғаны анықталады. Осы ретпен есептеп, Исабек ишан 1792 жылы туған деп түйеміз [6, № 52].

Жандарбек қожас. Жандарбек қожас – Исабек ишан хазіреттің шөбересі. Исабек ишан бойындағы қасиет Жандарбек қожасқа көп дарыған. Жандарбек қожас есімі де Ертіс-Баянауыл өңіріне мәшһүр еді. Жандарбек ата да өзінің ата-бабалары секілді қасиеттілігіне қарамастан Ақкөл-Жайылманы жайлаған қарапайым адамдармен бірге қарапайым өмір сүрген. Кеңес кезінде қолда барды қасиеттеудің өзі оңайға соқпады ғой. Әсіресе, Алланың барлығын, пайғамбардың хақтығын бәрі бірдей ұрсаң қамшы өтпейтін қайыстай қара шекпен киген мұжыққа ұқсағысы келмесе де қарсы дау айта алмады.

1934 жылы Жандарбек Қожахметұлы Ақкөл кеңшарынан Жамбыл облысындағы Қаракемер ауылына қара жұмысқа жіберілген. Бұл кезең дін тағлымына уағыздаушылар үшін ғана емес, жалпы зиялы қауымның басына үлкен қатер төндірген, зұлмат уақыт еді. Соғыс жоқ елге жау қаптап, бетке ұстар азаматтарға кінәсіз айып тағылып, итжеткенге айдалып жатты. Міне, осы бір кезеңде бас сауғалап, «аш құлақтан тиыш құлақ» деп құраннан ауылын аулақ салғандар болса, қожас ұрпағы өзінің тірлігін ғана күттемей, ел арасында жасырын болса да мұсылман ғадетін, мұсылман дәстүрін сақтап, Алла жолынан аздырмауға күш салды. Солардың бірі – Жандарбек қожас.

Халық басына зобалаң әкелген аштық нәубеті, 1937-38 жылы елдің бетке ұстар азаматтарын қуғын-сүргінге ұшыратқан репрессия тынышталып, еңбек адамы енді еңсесін көтереміз-ау дегенде Ұлы Отан соғысы басталды. Міне, осы бір тарихи кезеңнен Жандарбек Қожахметұлы да тысқары қалған жоқ. 219 атқыштар полкінің қатарында майданға қатысып, ел қорғады.

Ел қорғап, жеңістің жемісін жеген Жандарбек қожас – техниканы меңгеріп комбайыншы-тракторшы болды. Міне, осылай ел қатарлы тірлікте жүріп, бойындағы Алла берген қасиетін жоғалтқан жоқ. Ауыл тұрғындарының соғыстан кейін бейбіт қалыптасып, ақ жолын ашық уағыздауға күш салды. Ақиқаты мен аңызы, желпінді өңгімесі қатар жүретін халықпыз ғой. Жандарбек қожаның қасиеті туралы аңыз бен ақиқат қатар өрбіді.

Жалпы, Ертіс өңіріне мұсылмандық ғадеттер кештеу енгені жөнінде пікірлерге құлақ қоюға болады. Бұл, әрине, ислам діні

өткен ғасырларда бұл өңірге мүлде тарамасы деген сөз емес. Ондай күпірлікті тарих та, ғылым да, ілім де көтермес. Исламды уағыздаушылар Ертіс бойын, Омбы өлкесін, Сарыарқа бөктерін жағалап келді десек, оңтүстікте Қожахмет Яссауиға дейін дін жолын аралап келген өкілдер көп болған.

Отарарда отыз Бап,
Сайрамда сансыз Бап,
Түркістанда Түмен Бап,
Ең үлкені Арыстан Бап,
Арыстан Баптан тіле,

1. Түркістанға түне- деген сөз бар еліміздің оңтүстігінде. Баптар Азия елінде ислам дінін таратушылар. Солардың үлкені Арыстан Баптың кесенесі Қожахмет Яссауидің ғимаратынан елу шақырымдай жерде. Ол – Қожахмет Яссауидің ұстазы. Ол туралы, оның ұстазыдығы туралы діни деректер өз кесенесінің ішінде жазылған. Ертеден бері жоғалмай бүгінге жеткен құнды мұралар. Жандарбек қожаның да ата тегі осындай байтақ елге ислам шуағын кұюға келгендер. Мұрат ишанның ұрпақтары Исабек ишан, Жандарбек қожас және т.б. елге қасиетімен танылған, құрметті адамдар [7, 33 б].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Еңсебаев Т.А. Павлодар уезі қазақтарының шежіресі. Павлодар: 2005 ж.-19 б
- 2 Мұхаммедханұлы Н. Керей ишан. Иман. 1992. -№ 4, 3 кыркүйек.
- 3 Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы. – Алматы : Қайнар, 1996. – 288 б.
- 4 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы : Жалын, 1993. – 76 б.
- 5 Алғамбарұлы Қажыбек. Қожалар және олардың дінге сіңірген еңбектері. Екібастұз: «Отарқа» газеті. 2001. - №23.
- 6 Артықбаев Ж.О. Ақкөл-Жайылма өңірінің тарихы. Павлодар : «Сарыарқа Самалы» газеті: 2005 жыл. -№ 52.
- 7 Мундуинов Еркін. Ғасыр. Мешіт. Жандарбек қожас. Павлодар: «Дом печати», 2006 жыл. -33 б

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНІҢ РУ-ТАЙПАЛАРЫНА КІРМЕЙТІН СУБЭТНОСТАР

БАХИТОВА А. А.

11 «Ә» сынып оқушысы, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

Тарихымызды жазуда қазақ халқының өзінің дәстүрлі тайпалық-рулық тарихи даму жолын бүгінгі қоғамымызда кеңестік кезеңнен бастау алып қалыптасқан «рушылдық» пиғылдардан сақтану психологиясының жолына «құрбандық» еттік. Рушылдық тәрізді ұнамсыз құбылыстан құтылудың айқын жолы, өзінің шыққан тегінің шежіресін ұмыту емес, керісінше осы рулар мен тайпалардың нақты тарихын терең және жан-жақты білу ғана ұлттық мүддені ту етіп көтеретін қазақ азаматын қалыптастыра алады. Жұмыстың өзектілігі осында.

Қазақ халқы ұлы, орта, кіші жүз болып үшке бөлінетіне белгілі. Осы жүздердің өз ата-жұрты, белгілі территориясы бар тайпаларға, ал тайпалар руларға, бұтақтарға (аталарға) бөлінетінін ісі қазақтың бәрі біледі. Екі қазақ кездесе қалса аман-саулықтан кейінгісі шыққан сүйегін сұрау ежелден бері келе жатқан салт. Тағдыр тәлкегімен, басқада себептермен қазақ жеріне ауып келген, жоғарыда аталған жүздерге кірмейтін рулар да кездеседі. Міне осы рулардың біріне жататындар да арамызда кездесетіні тарихи шындық. Қазақ руын жасырғанды жақтырмайды. Сол себепті де ол бауырымыздың алпыс екі тамырында ағып жатқан қаны қоспа болса да, ол қазақ. Осыған орай, қазақ сахарасындағы осындай генологияға кірмейтін рулардың қысқаша тарихын беріп өтуді жөн көрдім. Соған байланысты жұмыстың басты мақсаты:

- қазақ жүзіне және ру-аталарының шығу тарихын арнайы зерттеу болып табылады. Осы мақсатқа сай нақтылы міндеттер қойылды:

- төрелер, қожалар мен төлеңгіттердің шығу тарихы мен қазақ қоғамындағы рөліне баға беру

«Қожаны көрсен Қыдыр тұт, төрені көрсен қадыр тұт» деген нақыл сөзді халқымыз бекер айтпаса керек. Аталған екі тайпа ісі қазаққа асыл қанды болып келеді. Ендеше сөзімізді осы қасиетті аталардан бастадық, ендеше осылармен бірге басқаларында шама келгенше қарастырып көрейік. Өйткені, дәл осылар қазағымның көктеп, көркейуіне бүгінгі таңда аз үлесін қосып отырмағандың өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Төре мен қожалар. Төрелерді алсақ, бастауын дүниені дүр сілкіндірген Шыңғысханнан алып, Еуразияны табанының астына алған, тіпті Африканың шетіне барып қайтқан, Қытайды түгел жаулап Юань династиясының негізін қалаған, Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығының құрылуына, қазақтың қазақ болып қалыптасуына, тіпті осы хандықтың жеке мемлекет болып құрылуына мұрындық болған Керей мен Әз Жәнібек хандардан бастап, қазақтың түгел хандары төрелерден шыққан еді. Менің сыныбымда да төрелер кездеседі. «Төресіз ел болмайды, төбесіз жер болмайды», «құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деген сөзді дана халық бекер айтпаса керекті. Қазақ халқы бұл атаны пір тұтып өздеріне басшылыққа қойған. Сол себепті де оларды ақсүйек тұқымы деп аса қастерлеген. «Алтын ұрық» саналатын бұл тайпа ерекше құрметке ие. Қазақстандағы төрелер Шыңғыстың тұңғышы отызғада жетпей қыршын кеткен Жошы ханның отыз ұлынан тараған ұрпақтар.

Академик В. В. Радловтың атап көрсеткеніндей, «то-ра» деген ежелгі түрік термині «ханзада» деген мағынада қолданылады. Г. Шлегельдің арнайы жазылған еңбегі ежелгі түрік халықтарындағы және монғолдардағы осы терминнің түбі мен мағынасына арналған [1].

Орта Азияның тарихын зерттеуші Кары-Құрбан-әлі-Қажы-Халид-Бек-Оғлы “төре” терминінің шығуын да Шыңғыс хан заманына жатқызады. Ол былай деп жазады: Мұның аудармасы: “...қазақ хандарын әдетте төре деп атаған. “Төре” деген сөз кезінде Шыңғыс ханның заңдары мен заңдар жиынтығының атауы болған, кейін оның ұлдары мен ұрпақтарының қастерленіп аталуына айналған”.

Автор “төре” сөзі бағыныштыларды қамшымен жазалау деген мағынаны білдіретін парсының “дрэ” деген сөзінен шыққан деп түсіндіреді. Бұдан әрі автор қазақ хандары Шыңғыс хан заманынан бері “төре” сөзін өздерінің ұлдары мен туыстары жөнінде қолданды деген түсінік береді. Ханның бұйрығы сөзсіз орындалатын; хан өзінің бағыныштыларын өлім жазасына кесе алатын болған, бірақ оның ұлдары мен туыстарында мұндай құқық болмады — олар өз бағыныштыларын тек қана жазалай алды [2].

Тибиян Нафидің үндіс тілдерінде жарық көрген кітабында “төре” сөзі қолында толық билігі, үлкен беделі жоқ адам деген мағынада қолданылған. Біздің заманымызда төре деп ханнан төменірек тұратындарды атайды. Төре дегеніміз ханның туыстары, олар өздерінің алатын орны жағынан хандардан төмен тұрды.

Автор былай деп жазады: Мұның аудармасы: “төре” сөзі атақ деген мағынаны білдіреді. Шыңғыс ханның заманында мұндай атақ қолында толық билігі—жоқ чиновникке берілген... [3]

Ендігі бір халқымыздың сый құрметіне бөленген рудың бірі – қожалар. Ислам дінінің қазақ жеріне енуі VIII ғасырдың орта тұсы. Сонау Түркеш дәуірі. Араб әскерлері жаулауын жаулап, кеткеннен кейін діннің уағызшылары яғни миссионерлердің келуімен қазақтағы қожалардың шығуының қайнар бастауын алуға болады. Ислам дінін егіп, шымырландырушылар осылар. Арыстанбаб, Қожа Ахмет Яссауи осы әулеттен тарайды. Мешіт, медреселерді ашып бала оқыту, сауат ашу, жөн-жоралғылар, жабдық өткізу де осы атаның еншісінде. Өткен ғасырларда қожаларды қалап, арнайы шақырып, алдына мал салып, шаңырақ көтеріп ауылға тұрақтандырған. Мысалға Мұхтардың атасы Әуезді Сырдария бойынан тобықтының жуаны Өскенбайдың шақыруы немесе сонау Тәшкеннен Қарқаралы жұртының қалауымен Шортанбай Қанайұлының келуі сияқты деректер жеткілікті. Жұртымыз оларды да ерекше құрмет тұтып, уағыз, ақылдары, насихат, үлгілерін пір санап, айтқанын екі етпей сыйлаған. Пайғамбарымыздың ұрпақтары, асыл сүйек деп әлпештеген.

Ел ішінде кең тараған шежіренің бір нұскасында қазақ арасындағы қожаларды үш әулеттен таратады. Олар: Аққорған қожалар (Ысқақ баб әулеті), Диуана қожалар (Әбдірахман баб әулеті), Қорасан қожалар (Әбдіжәліл баб әулеті) [4].

Төлеңгіттер. Қазақ арасындағы жүзден тыс тайпалардың бірі – төлеңгіт. Қазақ арасында төлеңгіттердің этноәлеуметтік сипат алып, бірте – бірте өз алдына ру – тайпалық өреге көтерілуі қазақ хандығының нығаюымен, қазақ мемлекеттігінің орнығыуымен байланысты. Хан – сұлтандар әлеуметтік- саяси билікті ширатып, ел тағдырының тізгінін бекімдей түскен сайын олардың төлеңгіттерге деген мұқтажы да артып отырғын. Бұл ретте, төлеңгіттер төрелік биліктің әлеуметтік әлеуетімен сән- салтанатын ұқсатар қызметші ғана емес, сонымен бірге хан – сұлтандар пәрменінің жүзеге асуын да қадағалайтын болған. «Төлеңгіттер деп төре маңына жинақталатын, төренің қамқорлығындағы топты айтады. Олар малдарына төре таңбасын басады, төренің ұранын шақырады, бейбіт уақытта төренің шаруашылығын қарап, жаугершілікте ең сенімді жауынгерлерге айналады», - дейді белгілі этнограф Ж. Артықбаев [5].

Шежіре деректері қазақ арасындағы алғашқы төлеңгіттердің жаугершілік кезеңде монғол – қалмақ руларынан қолға түскен

балдырған ер балаларды ханның болашақ жеке ұланына, оқ қағарына баулып өсірген. Шыққан тегінің кім екенін білмейтін олар ханға нағыз берілгендер еді (мысалға Мысыр мамлүктері немесе түрік жаншарлары сияқты) Қазақ хандығының кемелденуіне байланысты төлеңгіттер қатарын қазақ арасынан шыққан жалғыз – жарым адамдар ғана емес, тұтас әулет – аталар да толықтырып отырған. Шежірелерде «арғын төлеңгіт», «қыпшақ төлеңгіт», «жалайыр төлеңгіт», «жаппас төлеңгіт», «қызылқұрт төлеңгіт», т.б. деп келетін таратымдардың кездесетіні сондықтан [6].

Төлеңгіт терминінің түп төркіні жөнінде ғалым зерттеушілер арасында біржақты пікір қалыптаспаған. Белгілі шығыстанушы В. Радлов, Н. Аристов сынды ғалымдар төлеңгіт сөзінің этимологиясын негізінен тұтқынға түскен немесе тағдыр тәлкегімен қазақ жеріне өткен алтай халықтарының телес, телеуіт тайпаларымен байланыстырып телеуіт сөзінен төркіндетеді [7]. Осы пікірді әрі қарай дамыта отырып Ф. Зобнин былай деп жазды: *«Тюленгут (теленгут, тулюнгут по некоторым авторам) — слово не киргизское (казахское), оно заимствовано киргизами от алтайских калмыков-теленгитов (теленгуты, тулюнгуты), в языке которых и теперь сохранилось это слово как обозначение своей народности».*

XVIII ғасырдағы қазақ мемлекетінің Еуразия аймағындағы саясатын еске түсірсек, бұл пікірлердің қисыны келетін сияқты.

Ел ішіндегі аңыздар төлеңгіттердің Шу өзенінен өтіп, қазақ топырағында пайда болуын қыпшақ Қошқарбай батыр есімімен байланыстырады. Ертеде Телеуіт көлін жағалай орналасқан телеуіттер тамақтары тоқ, шат-шадыман өмір сүрген екен. Тек бір нәрседен ғана қиналыпты, қазақтың Қошқарбай батыры маза бермей, әлсін-әлсін жорық ұйымдастырып, малдарын айдап әкетіп, қыздарын күн, жігіттерін құл етіпті дейді.

Аңыздар төлеңгіт деп халқымыз алғашқыда Хан мен сұлтандардың қолына тұтқынға түскен Алтай телеуіттерін және олармен бірге төренің айналасындағы күтушілерін атап кеткен сияқты. Дегенмен ғалымдарымыздың келесі бір жағы «төлеңгіт» сөзінің мән — мағынасы қазақ тіліндегі «төренді күт» деген ұғымды білдіреді деп айтады. Бұл тұрғыда Ш.Уәлиханов қазақ И.Ибрагимовтың аузынан естіген әңгіме негізінде мынадай аңыз келтірген: *«Аблай хан сказал однажды людям, сопровождавшим султанов, для чего-то собравшихся к нему в ставку: «Тюренды-кут» «служите своему господину», т.е. идите на свои места, не сидите, другими словами на совете»[8].*

Келтірілген соңғы болжамға орай айтатынымыз, біріншіден, Абылай хан өмір сүрген уақытта «төлеңгіт» сөзі қазақтарда күнделікті қолданыста болғандығы? Екіншіден, біздің заманымызға жеткен XVIII ғасырға дейінгі жазбаша деректер мен шежірелерден «төлеңгіт» сөзінің кездеспейтінін, ал «төре» термині ел санасында ертеден қалыптасқан сөз, сондықтан да «жер төбесіз, ел төресіз болмас» деп келетін дәстүр Шыңғыс хан алдындағы замандардан келе жатқан үрдіс дей келе, бұл пікірдің қисыны келмейтініне көз жеткіземіз.

XVIII ғасыр қазақ елі үшін жан жадыратар қуанышты оқиғалар мен болған ұсақ қақтығыстарды былай қойғанда, Жонғария тарапынан бірнеше рет тиген жойқын шабуылдар қазаққа оңай тиген жоқ. Жалпы осы аталмыш ғасырдың орта кезінде қазақ мемлекеті үлкен этносаяси дағдарысты басынан өткізді. Соған қарамастан ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ елі дәстүрлі саяси құрылымынан, әлеуметтік салмақты тиянақтарынан айырылмай, қалыпты жағдайда ұстай білді. Халық басынан өткерген дағдарыс қоғамда этноинтеграциялаушы күштерді біріктіріп әлеуметтің мемлекетті нығайтуға деген ұмтылысты хандар мен сұлтандар зор рол атқарды. Ұлыс сұлтандары мен хандардың беделінің өсуі олардың маңына төлеңгіттердің, яғни жаугершілікте әскери тірек бола алатын дәстүр шеңберінен тыс адамдардың шоғырлануына әкелді. Мемлекеттік биліктің тұтқасын ұстап отырған хандар мен ұлыс сұлтандарының қазақ даласының этноқауымдық бірлестігінде саяси салмағы мен беделі осы төлеңгіттердің санында байланысты болған. Мәселен, XVIII ғасырда қазақ халқының тағдыры Еуразия аренасында мүлдем жойылып кетуден аман сақтап қалған Абылай ханның потестарлық және саяси билікті мықтап ұстап отыруына төлеңгіттер үлкен үлес қосқан. Бұл орайда Ш.Уалиханов өзінің еңбектерінде төлеңгіттер Абылайға қарсы ел ішіндегі іріткі дау дамайларды басып, тыныштандырып отырған деп жазған.

Қазақ қоғамы рулық құрылымнан тұрғандықтан, қауымнан тыс қалған адам қандас-руластардың көмек қолдауын, яғни горизонтальды ынтымақтастығын жоғалтқан. Сондықтан қиын жағдайдан шығу үшін далалықтардың кез келгені сұлтандардың қол астына өтіп қамқорлығындағы төлеңгіттерге айналған. Төлеңгітке айналып басыбайлығынан ептеп болса да айырылған топ өте сенімді адамдар ретінде хан мен сұлтандарды қорғайтын жасақшы қызметін атқарған. Қолда бар деректерден соны аңғаруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Древнетюркский словарь. – Ленинград, 1969.- 580 с.
- 2 Е.Жеменей Парсыша – қазақша сөздік. Алматы 2003 ж. 408,412 б.
- 3 Е. Бекмаханов. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, 1994, - 416 б.
- 4 «Ислам» энциклопедиясы Алматы 1995 ж. 98 б.
- 5 Ж.Артықбаев Этнос және қоғам Қарағанды 1995 ж. 79 бет
- 6 А.И. Левшин Описание киргиз – казахских, или киргиз кайсацких, орд и степей Алматы «Санат» 2009 г. 517 с.
- 7 Сайдакқожа Жүсіпұлы Қазақ тайпаларының тарихы «Ана тілі» газеті 1993 ж 15 сәуір

КИІЗДІ ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНДА ПАЙДАЛАНУ

ҒАДЫЛБЕК Ә.

9 сынып оқушысы, Шақат жалпы орта білім беру мектебі

ТОҚЖАНОВА Ф. Т.

физика пәнінің мұғалімі

Құрылыс киізді төмен сапалы мал жүнінен және өсімдік талшықтары мен крахмал желіммін қосу арқылы жасайды. Киіз басудан өткеннен кейін пластина – полотно ұзындығы мен ені 2000 мм қалыңдығы 12 мм болады. Көлемдік масса - 150 кг/ м³, жылуөткізгіштігі 0,052 Вт/ мК, жалпы салмағы 300 кг/м³.

Қарақүйе болмас үшін киізді 3% фтор натрий ерітіндісін сіңдіріп кептіру керек. [2, 291 б.]

Киіз материалды жасауы: зығырды (зығыр - лен) жұып , түтіп қалған қалдықтарды жылқының немесе сиырдың қылына қосады , осыдан шатастырылған талшық жасалады оны пакля деп атайды.

Пакляны смола немесе смоласыз күйінде пайдаланады.


Жұмсақ пакляда костра болу мүмкін, бірақ шіріген иіс шықпау қажет. Костра - ағаш болып қалған тоқыма тоқу өсімдіктердің сабақтары . Кострадан құрылыс және жылу изоляция плиталар, қағаз, отын жасайды.



Сурет 1

10мм немесе 15 мм қалыңдықта киіздің ұзындығы 1м немесе 2 м , ені 1 м болады. Оның орташа тығыздығы 100300 кг/ м³, жылуөткізгіштігі 0,045 – 0,065 Вт/ мК. [3, 428 б.]

Үй қабырғаларын, терезе, есік қораптарын, сыртқы есіктер және бұрыштарды киізбен қаптайды, оны ағаш тормен қағып бекітеді, сылақпен сылап тастайды.



Сурет 2

Үй құрылысында қабырғаларын күзгі – қысқы мезгілінде шабылған қамысты сыммен буып тақта жасайды: ұзындығы 240 - 280 см – ге дейін, ені 55 - 150 см – ге дейін, қалыңдығы 3 - 10 см- ге дейін. Қамыс тақтаның көлемдік массасы 175 - 250 кг/ м³, жылуөтімділігі 0,046 – 0,093 Вт/ мК, майыстыру беріктігі 0,5 – 1 МПа.

Қамыс ылғалдылықта шириді, шегені ұстамайды, кеміргіштер зиян келтіру, жануы да мүмкін. Осы кемшілікті азайтуға болады тақтаны антисептикпен сіндіру, сылау, кеміргіштерден сақтау үшін еденнің жоғары жағына сылаққа сындырылған шыныны қосу керек. Жылутехникалық көрсеткіштер бойынша қалыңдығы 10 см қамыс плитасы екі кірпішпен қаланған қабырғаға тең.[4, 211 б.]



Сурет 3




Сурет 4

Фотосуретте көрсетілген қамыстан жасалған үй қабырғасының моделі. Қамысты жіңішке ағаш тормен қысып шегелейді. Үйдің ішкі қабырғасының қамысының үстіне киізді салып ағаш тормен шегелеп, сылақпен сылау және әк пен ақтау керек.


Сылақтың құрамы: саз балшыққа ұсақталған сабанды қосады. Сабан байлама болады.

Мен киізді суық қабырғаға ілгенді ұсынамын, өйткені жазда ыстық болады және ауылдағы адамдар 3% фтор натрий ерітіндісіне оны сіндірмейді.



Сурет 5


Киіз шірімейді және жанбайды, бірақ тұтайды.




Сурет 6



Сурет 7




Сурет 8



Сурет 9

Қарапайым жылуизоляция материалы зығыр пакладан жасалған шевелин қызмет атқарады. Пергамин немесе жалатылмаған толь арасына пакля қабаты салынады. Шевелинді ұзындық бойы мықты жіппен тігеді.

Полотноның ұзындығы 25 м, ені 1 м, қалыңдығы 12,5 немесе 25 мм. Оны рулонға орап қояды. Шевелиннің орта тығыздығы 100..... 150 кг/м³, жылуөтімділігі - 0,05 Вт/мК.



Сурет 10

Киізді жылуды, дыбысты үй қабырғасын, төбесін және құбырғыларды 1000 С су болғанда, жылулықты сақтау үшін қолданады.



Сурет 11

Осы қарапайым жылуизоляцияланған материалды қабырғаны және төбелерді жеңіл қамыс, ағаш құрылыста пайдаланады.[1, 319 б.]

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Г.В.Нагибин, В.Ф. Павлов, М.А. Эллерн «Технология теплоизоляционных и гипсовых материалов», Москва, «Высшая школа» 1973г. 485 стр
- 2 П.Н. Попов «Строительные материалы и детали» Москва «Стройиздат» 1973 г. 420 стр.
- 3 В. А. Воробьев, А.Г. Комар «Строительные материалы» Москва, «Стройиздат» 1976г. 475 стр.
- 4 Ю.Л. Бобров, Е.Г.Овчаренко, Б.М. Шойхет и др. «Теплоизоляционные материалы» Москва, ИНФРА-М 2011г 266 стр.

БЕСІКТІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

ҒАЛЫМЖАН А.

9-сынып оқушысы

БАКЕЕВ Е. Ж.

технология пән мұғалімі, Қ. Кемеңгеров атындағы
жалпы орта білім беру мектебі, Баянауыл ауданы

Ұлттық қолөнер – халық қазынасы, бабалар мұрасы және халқымыздың баға жетпес құндылығы. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланыста. Халық шеберлерінің қиялынан туған ұлттық қолөнер мұралары асыл қазынамызға айналды. Яғни ұста, ағаш шебері, зергер, ісмерлердің тынымсыз еңбегі арқылы қазақ қолөнерінің көркем туындылары пайда болды. Қолөнер қашанда заман, өмір ағымымен бірге туындап, дамып отырды. Қай халықтың болмасын ұлттық мұрасы, халықтық қазынасы – қолөнері болып табылған. Халық шеберлері ұлттық қолөнер бұйымдарын жасау арқылы сол халықтың этикалық және мәдени ұлттық дәстүрін көрсете білген. Зерттеліп отырған жұмыста халқымыздың қолөнерінің бір ғана қырын ала отырып, қазақ қолөнерінің ұлттық ерекшелігімен сол қолөнердің заман ағымымен дамып келе жатқандығы негізгі арқау болған. Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, рухани сән-салтанатымызды, ырым-нанымы, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгілермен еніп, оқушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беруге, жанаша еңбек етуге талпындырып отыр. Әрине, бұл халықтық педагогика негізі болып табылады. Қайта жаңғырып, жастар тәрбиесіне арқау болып отырған халықтық педагогика – бұл кезде педагогтар қауымына ғана емес, бүкіл қауымға ортақ әлеуметтік қозғалыс. Халықтық педагогика кешегі ойшылдар мен сал-серілердің, шешен-билерден, ақын-жыраулардан мирас болып қалған құнды тәрбие құралы. Ұлттық педагогика жаңалық емес, ол ежелден халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан тәлім-тәрбие мектебі. Болашақ ұрпақтың сана-сезімі, ұлттық психологиясын, оны ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Оқушыларға тәрбиелік мәні бар халықтық мұралар аз емес. Қазақ халқының өнерін, іскерлігін, өнер шеберлерінің қолынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдарды айтып, бұрынғысымен бүгінгісін

салыстыра отырып, ұлттық өнерді сүйюге, құрметтеуге баулу, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелейді, оқушылардың жүрегіне жол тауып, олардың бойында еліне, жеріне, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, пәнді оқып үйренуге деген ынтасын, құштарлығын арттыру, қазақ қолөнерін жас жеткіншектердің санасына жеткізудің құралы. [3, 7-11-б.]

Халқымыздың өмір-тіршілігінде ағаштан жасалатын бұйымдар өте кең таралған. Сонымен бірге, қазақтың тұрмыстық тұтындағы бүтін аспаптың түгел дерлігінің заты ағаш. Себебі, ертеде қазақтың баспанасы киіз үйінен бастап, қарапайым қасығына дейін ағаштан жасалып отырған. Неге десеніз, ағаш бұйымдар ыңғайлы, пайдалануға тиімді, сонымен бірге ол тұрмыстық зат есебінде ғана емес, сән үшін де қолданылып, биік өнер дәрежесіне жеткізілген. «Алтынмен аптап, күміспен қаптап» дегендей, әр әлеуеттің жағдайына қарай зерлеп, әшекейлеп жасалған дүниені тұтынып келген. Ерте кездері бұл өнердің иесін ұста, «он саусағынан өнер тамған шебер» деп құрмет тұтқан. Қазіргі күні бұл кәсіп «сәндік қолданбалы» өнер деп аталады. Қазір қазақтың өз өнерін, байлығын өзіне көрсететін заман. Дегенмен, ағаш бұйымдары табиғи зат болғаннан кейін таза ұстап, орнымен қолдансаныз, ұзақ жылға шыдас береді. Халық шеберлері жасаған заттар қазір еліміздің музейлерінде сақтаулы. Көркемдеп өңдеуге қажетті ағашты дұрыс таңдау істің нәтижелі болуына септігін тигізеді. Қазақ халқы тұрмыста ағаштан жасалған әртүрлі бесіктер жасап қолданған. [1, 80-б.]

Бесік – қазақ халқы үшін аса қастерлі, қасиетті мүлік. Оны адам өмірінің бастапқы ұясы деп біледі. «Есік арқалағаннан, бесік арқалаған артық», «Төрінде бесік тұрса, төре де бас иеді» дейтін сөздер осыдан шыққан. «Бала тәрбиесі – бесіктен» деген халқымыз, қазынамыз ортаймасын, ұрпағымыз азаймасын деген ниетпен, бесік пен қазанды саудаламайтын болған. Қазақтың бесікті құрметтейтіні сонша, атасы жатқан бесікке немересі жатады. Кезінде қазақтардың тұрған жерді «алтын бесік» деуі осыдан болар. Бесікті Орталық Азия мен Кавказ, Үндістан, Қытай жерін мекендеген халықтардың басым көпшілігі пайдаланады. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасында ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасаған. Мұндай бесік жеңіл, әрі ықшам болады. Бесіктің кер бесігі, аспалы бесігі деген екі түрі кездеседі. «Ел болам десен, бесігінді түзе» деген кең мағынаның өзі бекер айтылмаған. Қазіргі ғылыми-медицинада бесіктің бала денсаулығына пайдалы жақтарын гигиеналық жағынан тиімділігі дәлелденіп отыр.

Бесік – үй шаруасындағы пайдаланатын заттардың ешқайсымен де салыстыруға болмайтын мүлік. Тіпті, оның өзіне тән қасиеттерін терең талдап дәлелдеп алсақ, бүкіл адамзаттық игілікке айналары хақ.

Мемлекет пен халық болып бірлесе қолға алатын екі түрлі игілігіміз бар. Біріншісі, ана тілі десек, екіншісі, ұрпақ тәрбиесі болып табылады. Міне осынау ел болудың қос тірегі түзу болғанда ғана, халықтығымыз бен ұлттығымыз өзінің дұрыс өрісін таппақ. Бірақ бұл екі қасиет тек қарадүрсін үгіт-насихат, уағыз арқылы жасалуы мүмкін емес. Олардың, яғни ана тілі мен ұрпақ тәрбиесінің тербелетін тал бесігі туған еліміздің, халық педогогикасы мен психологиясының негіздері болып табылады. Адам тәрбиесін дұрыс шешудің қайнар көзі халық педогогикасы мен психологиясының негіздерінде екені ағартушылық жолында еңбек етушілердің бәріне де аян. Жоғарыда айтылған ең басты мәселе адам тәрбиесі тек рухани дамумен байланысты екенін ескерсек, қандай халық болмасын, қандай халық болмасын, өзінің рухани өркендерін өздері ғана жасайтындығын өткен өмір тәжірибелерінен анық аңғаруға болады. Сондықтан да екі түрлі ең негізгі рухани игіліктеріміз – ана тілі мен халық педогогикасының бүгінгі уақытта да болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі орнын ештеңемен тендестіруге болмайды.

Бесіксіз өскен баланың тартар азабын, жас босанған ананың көрер бейнетін, тіпті көзге елестетудің өзі аса ауыр ойға батырады. Нәресте тоғыз торқадан шыға салысымен-ақ, сан қилы жайсыздықтарға тап болумен қоса, сағат сайын оның өз дәретіне шыланып, жиіркене шырылдаумен ұйқысыбөлінетіндіктен, жүйкесі тозып күннен күнге бесіксіз өсудің азаптарын арқалаумен болады. Мұның зияндылығын түсінуге аса үлкен ғұламалықтың қажеті жоқ. Өйткені, жаңа туған нәрестенің дәреті денесіне тиіп, удай ашытып қана қоймай, сағат сайын жаялығын ауыстырумен ұйқысы бұзылып, соның салдарынан дұрыс қалыптаспайтын психиканың жағдайы қатты алаңдатады. Осы жайсыздықтың бірден-бір көрінісі тәрзіді, үнемі асқына беретін ұйқыдан невроз дертіне шалдыққан нәрестенің аналары да мазасыз күй кешеді. Соның салдарынан, нәрестенің табиғи мінез-құлығы, жігері мен зердесі, түйсіктері мен ішкі без сезімдері біртіндеп әлсірей беретіні анық.

Солай деп тұрсақ та, ұрпағымыздың рухани жетілуінің қайнар көзі халық педогогикасы екенін бірде-бір сәт естен шығармауымыз керек.

Нәрестенің кіндігі түскен соң, бесінші және жетінші тәуліктен қалдырмай бесікке бөлеуге тырысады. Кешігіп созылған сайын, баланың бесікке жатуы қиындай береді. Бесікке салудың өзіне тән

салтанаты мен дәстүрлері бар. Нәрестенің бесік тойына ауылдың аса қадірлі әжелерін шақырады. Бесіктің бала мен анаға берер қасиеттеріне тоқталсақ: бірінші – бесік әмбебап сипаттағы тазалық. Екінші – терең ұйқы. Үшінші – сәби үшін тендесі жоқ микроклимат. Мінеки, осы айтылған үш түрлі жағдай толық орындалатын болса, сөз жоқ баланың тәні де жаны да үндесе жетіліп, психикасы да дұрыс қалыптасатыны даусыз.

Бесік түп-түгел тек ағаштан ғана жасалады. Қазақ халқы негізінен тал бесікті ерекше қадірлеген. Себебі, талдан жасалған бесікке иіс сіңбейтін болған, оның үстіне талдан шығатын эфир майына әр түрлі кішігірім жәндіктер де жоламайтын қасиеті бар. Бесіктің екі басы жұмыр талдан иіліп жасалынса, оларды керме ағаштармен қосып, жеп-жеңіл етіп оп-онай құрастыра қояды. Тал бесіктің жоғарыда айтылғандай артықшылықтарына қоса, оның жеңілдігі мен тербетуге ыңғайлылығы да ана үшін жеңілдік туғызады. Нәрестені бесікке бөлеу үшін пайдаланатын жұмсақ заттары «баланың жөргегі» деп аталады.

Жөргектің құрамындағы заттар: 1.Түбек. 2. Шүмек. 3. Бесіктің жазғы жабуы. 4. Бесіктің қысқы жабуы. 5. Қолбау. 6. Тартпа бау. 7. Екі бел жастық. 8. Аяқ жастық. 9. Бел көрпеше. 10. Аяқ көрпеше. 11. Арқалыққа ілінетін жез қоңырау. Бесіктің балаға да, анаға да беретін тендесі жоқ қасиеттерінің бірі – бесік жыры. Өйткені, ана құрсағында қалыптасқан нәрестенің жүрек тәрбиесі тек бесік жырымен ғана онан ары жетіліп, сананың сәулесіне жетелейтін ақыл тәрбиесімен де үндестіретін-бесік жыры. Оның бала тәрбиесіндегі ерекше қасиетіне мән беру, болашақ ұрпақ алдындағы аса бір аяулы борышымыз. [4, 12-13-б.]

Біз бесіктің шығу тарихын, қолданылуын, атауларын зерттей келе тәрбиелік мәні өте зор екеніне көзімізді жеткіздік. Сол себепті бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық сезімін, мінез-құлқын, өзінің тілін, дінін, салт-дәстүрін жоғалтпау керек деп түсінеміз. Уақыт озған сайын қоғам дамуы жеделдей түсетіні айқын. Күнделікті тұрмыс тіршіліктегі сан алуан қажеттіліктен қолөнер туындылары пайда болып, жетіліп, өңделіп отырған. Атап айтқанда, көшіп-қонуға ыңғайлы, тұтынуға икемді, сапалы болуы оның бояуы өрнегімен үндесін тапқан.

Қазіргі кезде ұлттық тәрбие мәселелері дамып, кеңейу үстінде. Себебі, ұлтты ұлт ететін оның тілі, дәстүрі, мәдениеті, «өткенін білмеген болашаққа жол салып жарытпайды» - дейді дана халқымыз. Ендеше ата-бабамыздың бұрынғы тіршілігін, тұрмыс тарихын

бүгінгі ұрпаққа жеткізу, атадан балаға мирас болып келе жатқан қолөнерін зерттеп, біліп, үйреніп, шеберлігін үлгі тұтып, жетілдіре білуді алдымызға қойылған мақсат деп білуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақтың қолданбалы өнері» Шокпарұлы Д. А. Алматы кітап 2007
- 2 «Халық қол өнері – асыл қазына» Джуркабаева К. С.
- 3 «Мектептегі технология» журналы №4 2014ж.
- 4 «Мектептегі технология» журналы №5 2010ж.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМЫ – ҚҰРТ

ДЖУМАБЕКОВА А. Е., КАБДЫЛКАРИМОВА К. Б.
8 «Ә» сынып оқушылары, №25 ЖОББМ, Павлодар қ.
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Бұл тағам ақуыздарға өте бай, адам денсаулығына өте пайдалы. Жобамда құртты Қазақстанның ұлттық бренді ретінде әлемдік нарыққа шығаруға болатынын атап кеттік. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел - жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «ас – адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз түсінігі болып қалыптасқан. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Бұған «астан үлкен емессің» немесе «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен», «асты қорлама құстырар» деген сөз, ескертпелер мен мақал - мәтелдер де куә бола алады. Қалай айтылса да, қай заманда айтса да халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн - жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің көзін, кезін, ретін таба білген. Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым - қабілетін, түсінігін танытуды да, қазақ кең дастарқан арқылы яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда жылы сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған. Сырттан келген кісілер де елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек ұлт

мәдениетінде тамақ, дәм татыру – экономикалық, дипломатиялық және тәлім - тәрбиелік қызмет атқарған. Бұл істе әрине, қазақ халқының қонақжайлық дәстүрі шетелдерде ерте заманнан - ақ аңыз болып тараған. Қазақ қонақасы беруде қонақ таңдауды, басқа ұлт, дін өкілдері деп бөлуді де білмеген, төрге шығарып ашық қабақ танытқан, достық көңілін көрсеткен. Шаршағандарына, мұқтаждарына ат, ас, көлік сыйлай да білген.

Ас, тамақ дайындауды қазақ әйелдерге жүктеген. Қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындауымен бірге қыста да, жазда да оның таза әрі бұзылмай сақталуының әдіс - тәсілдері мен жолдарын да таба білген. Бұл қағидаларды әйелдер ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп, кейінгілерге үйретіп отырған.

Мысалы, олар етті ыстап сақтауды, қымызды жазда салқын ұстауды, майды көгертпей күтуді, басқа тамақтарды да бұзылмай сақталуының ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан байырғы халықтық әдістері мен амалдарын әсіресе ауылдық жерлерде күні бүгінге дейін жеткізді және оны әлі де қолданып келеді. Әсіресе, қымыз бен шұбатты баптаудың, құрт, ірімшік, ежігей, сары май сияқты жеңіл тағамдарды дайындауда қазақ әйелдерінің шеберлігі мен өнері үлгі етіп, қалай мадақтауға тұрарлық.

Қазақ халқы асты үш түрге бөледі. Олар ақ (сүт тағамдары), қызыл (ет тағамдары) және көк (жеміс тағамдары). Мал және онан алынатын өнімдер қазақтың басты байлық қоры. Соның ішінде ұлт тағамдарының негізгі көзі болып табылатын сүттің орны бір бөлек. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен ақ деп атайды. Осы ақтан бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы халық аса бай тәжірибе жинақтай жүре одан жүзден астам тамақ түрлері мен дайындау әдістерін жасаған. Және олардың көптеген қызықты атаулары мен орны және алуан түрлі ерекше жасау, пісіру жолдары тағы бар. Сөйтіп бір сүттен сұйық, қою, қоймалжың, ашы, тұщы, жұмсақ, қатты, ұнтақ тағамдар жасап шығарған. Олардың көпшілігі қазіргі кезде қазақ дастарқанынан сирек көрінетін жеңіл ас қатарына жатады.

Сүт - химиялық құрамы жағынан тамаша тағам. Оның құрамында адам ағзасының қалыпты жетілуі үшін барлық зат бар. Соған орай оған физиологиялық құндылығы жағынан бірде бір азық тең келе алмайды. Сүт басқа өнімдердің биологиялық құндылығын көтереді. Ас қорыту бездерінің жұмыс істеу қабілетін үнемі жақсартып отырады. Сүтті пайдаланып әр түрлі тағамдар дайындауға болады. Айран ұйытып, ірімшік, құрт кептіруден бастап, ботка пісіруге дейін осы бір керемет өнім пайдаланылады.

Ал сүт қосып дайындалған тағам өте дәмді болады. Оның үстіне сүт өнімдерінің дәрулік қасиеті бар. Олар емдеу, алдын алу, диеталық тағам ретінде де қолданылып жүр.

Іші - бауырымыз құрысып - тырысып, көзіміз қарауытқанда, ойбай дәруменіміз азайып кетті деп шығамыз. Ондайда банан, киви, апельсин жеу керек деп ақыл айтатындар да табылады.

Осы біздің атам қазақ апельсин көрмей өсті ғой, олар неге құлап, талып қалмаған деп таңғаламыз. Сөйтсек, олардың ішкен - жегені нағыз дәрумендердің көзі екен. Көгорай шалғынды жалпағынан басып жайылған сиырдың сүті, түйенің шұбаты мен жылқының қымызы – дәруменнің күш - қуаттың көзі осылар екен. Дүкендерде сатылатын сырды қазақшалап сыртына “ірімшік” деп жазып қояды. Бірақ сырдың дәмі қазақтың қозы қарын қосып қайнатқан ірімшігінің садағасына да татымайтынын, әсіресе, ауыл қазағы жақсы біледі. Әңгіме оның дәмінде ғана емес. Ғылыми зеттеулер көрсеткендей, сиырдың құрамында, 100 грамға шаққандағы ақуыздың мөлшері 22, 85 - 34, 52% болса, қазақ ірімшігіндегі ақуыздың мөлшері 40 - 42% екен. Сыр құрамында көміртегі ары кетсе 4, 52%- тен аспайды, ал ірімшікте ол 10, 93% болады. Адам ағзасындағы сүйек ұлпаларының мықты болуы үшін ең қажет элемент фосфор болса, дәстүрлі әдіспен жасалған ірімшік құрамында фосфор 0, 51%, ал кальций 2, 3% мөлшерінде кездеседі екен. Ал қуаттылығына келсек, 100 грамм сыр 268, 8 - 401, 38 қуат берсе, 100 грамм ірімшік 408, 4 қуат береді. Құртымыз да химиялық құрамы мен калориясы жағынан қала дүкендеріндегі сүзбені (творог) он орап алады. Сүзбеде ақуыз мөлшері 14, 5 - 18, 6% болса, қазақ құрты ақуызға өте бай – 52, 6%. Ал 100 грам сүзбе 87 - 227 - ге дейін қуат берсе, құрттан 370, 1 қуат алуға болады.

Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Пісіліп майы алынған айранды қайнатып кенеп дорбада сүзіп алып тұздап өреде кептіріп сақтайтын тағам түрі. Жасалу тәсілдеріне қарай құрт сықпақұрт, аққұрт, қарақұрт, майлықұрт деген түрлерге бөлінеді. Қазақ ырымы бойынша кеппеген құртты жеуге, алуға болмайды. Егер өреден құрт алып жесе, жауын жауады деген ырым бар. Сабада жиналып пісілген іркітті майы алынғаннан кейін түбіне май жаққан үлкен қазанға құйып қайната береді. Құрт қайнап жатқан кезде оның түбі күйіп кетпес үшін арнаулы құрт былғауышпен (басында қырғыш темірі болады) әлсін — әлсін қазанның түбін, ернеуін қырып араластырып отырады. Әбден қойылған құртты қапқа құйып

керегеге асып қояды, сонда оның қалған суы тағы да аағып, құрғайды. Бұдан кейін қолмен бөлшектеп, тақтайшаға, шиге, қолмен сықпалап өреге жайып кептіреді. Көгермей, қызбай бір тегіске бу үшін өреде жатқан кезде оны бірнеше рет аударыстырады. Осындай әдіспен қайнатып, кептіріп алған құрт жыл бойына, кейде 2 — 3 жылға дейін сақтала береді. Құрт күшті ас, ол әртүрлі тамаққа қосылады. Құрттан істелетін немесе құрт қосылатын тағамдардың кейбір түрлерін айта кету қажет.

Ж а с қ ұ р т. Сүзбеде тұрған құртты сары маймен жентектеп бастырма ретінде шаймен бірге дастарқанға қояды. Әсіресе кепкен құртқа, бауырсаққа тісі өтпейтін қарттар үшін өте кенеулі ас саналады. Ертеректе жас құртты мипалауға, құйрық - бауырға қосқан. Құрттың сарысуын сүт қосып қайнатып, ірімшік жасайды, ауырған малға ішкізеді, әйелдер бас жуады, сондай - ақ одан тері илеу үшін малма жасайды.

Қ ө б і к. Қайнап жатқан құрттың қалқып алған беті. Майлы, кенеулі ас ретінде жас балаларға, қарттарға қалқып беру салт болған. Бұрын құрт қайнатқан үйден көбік жалаймыз деп, ауыл балалары келіп жиналатын әдет те болған.

Ыстық құрт. Қайнап жатқан құртты алып, май қосып сапырып ішетін кенеулі ас. Өкпе ауруына, суық тиіп ауырған сырқаттарға ем саналған.

Сықпа құрт. Мұның қайнатқан құрттан айырмашылығы сол ашыған айран қапқа құйып сүзіледі де тұздалып, әр түрлі үлгімен бөлшектеліп тақтайшаға кептіріледі. Сықпа құрт та бастырма ретінде пайдаланылған. Мұндай құрт жайған әйел ауыл балаларына арнап дөңгелек жасап, жіпке тізіп мойындарына іліп қуанту салты болған.

М а л т а. Езілген құрттың таусыншақ түйіршіктері, ол әрі жұмсақ, әрі сүйкімді ас саналады. Ұзақ сапарларда ауызға салып суын жұтқан кезде әрі сусын, әрі қорек болған.

Езген құрт. Сорпаға, тұздыққа, көжеге және басқа тағамдарға қосу немесе сұйық күйінде ішу үшін кепкен құрт астауға салып ұнталады, келіге түйіледі немесе қол тиірменге тартылады. Езген құрт — ұлттық тамақтардың ең бір сүйкімдісі және кенеулісі.

А қ м а л т а. Езген құрттың ең соңғы шайындысы. Ол өте жұғымды және тез сіңетін тағам болып саналады, оны сол сұйық түрінде ішеді. Ұнтақ құрт. Арнайы түйіп ұсатқан немесе қап түбінен жинап алған үгінді. Оны сүттің піскен қаймағына былғап жейді.

Қ ұ р т - м а й. Сары майға батырып табақ жасайтын кепкен сықпа жалпақ құрт. Оны асығыс кезде дәм таттыру үшін немесе

жеңіл - желпі түстік ретінде дастарқанға қояды. Кейде құрт, ірімшік, май тағамдарының қосындылары да құрт - май деп аталады.

Қазіргі заманда жастардың көбі осы тағамды, оның денсаулыққа пайдалы екенін білмейді. Өзіміздің сыныптастарымыздан құрт туралы не білетіндерін сұрастырғанда, біреуі де білмей шықты. Қазақ әдебиеті сабағында сыныптастарымызды жобамен таныстырдық. Оларға құрттың өте маңызды тағам екенін түсіндіре алдық деп ойлаймыз. Өзіміздің отбасымыз да, құрбыларымыз да осыған көз жеткізді.

Осы жобамен сыныптастарымызды таныстырған соң, олар құрттың ұлттық бренд бола алатыны туралы ойларын айтты. Құрт – адам денсаулығына қажетті құндылық екеніне көзіміз жетті деп өз ойларын білдірді. Бұл тағамның емдік, тұрмыстық пайдасы бар екенін білдік. Біз де олардың сөздеріне қосыламыз.

Біздің ойымызша, құрт Отанымыздың ұлттық бренді мәртебесіне лайық. Құртымыз әлем нарығына шығып қана, өз еліміздің балалары осы тағамның пайдасын көре алады деп ойлаймын. Себебі, қазір құртты тек қазақ халқы біледі, ал егер осы тағам ұлттық бренд болса, оны тек шетелдер ғана емес, өз еліміздің барлық тұрғыны дәмін татып, бағалайды.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық тағамы – құрт адам денсаулығына қажетті тағам. Біз, Қазақстанның жастары осы құнды тағамның жойылуына жол бермеуіміз керек.

АСЫҚ ОЙЫНЫ – ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНАМЫЗ

ЕСЕНКЕЛДІ М. С.

5-сынып оқушысы, № 102 орта мектебі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бірлік ауылы

*«Асығың ашысынан түссін!»
Халық даналығы.*

Қазақ – ойын-сауықшыл халық болған. Ұлттық ойындары тұрмыс-тіршілігіне және айналысатын кәсібіне байланысты болған. Ертеден халқымыздың кәсібі төрт түлік малмен байланысты өрбігендіктен, ұлттық ойындары да осы төрт түлікпен тығыз байланысты. Мысалы: Көкпар, Ақсүйек, Бәйге, Қыз қуу т.б. Бұл жобада қазақ халқының өмірінде маңызды рөл атқаратын мал шаруашылығының, соның ішінде «Шопан ата, Сексеката» деп пір

тұтқан ұсақ мал жілігінен алынған жұмыр сүйегі, осы заманға дейін жеткен және көпшілікке таныс ойынның бірі асық туралы айтқымыз келді. Мен сол жүзге жуық ұлттық ойындарымыздың ішінен асық ойыны туралы зерттеу жүргізуді қолға алдым. Себебі, асық - қазақтың әдет-ғұрпына үнемі және айқын ықпал еткен деп ойлаймын. Асық – қазақ халқының табиғи, экологиялық жағынан таза жіліктөі жұмыр сүйегінен алынған өз заманында кенінен қолданылған өте көнеден келе жатқан ойыншықтарының бірі. Мектеп кітапханасынан Ежелгі дүние тарихы кітабын алып, қарадым. Тутанхамон біздің заманымыздан бұрынғы 1500 жылдар шамасында Ежелгі Египетті басқарған перғауын екен. Тутанхамон да асықпен ойнаған екен. Осы мақаланы оқи отырып, халық арасында бүгінгі таңда ойналуы сиреп кеткен асық ойыны туралы не білеміз? Асық ойыны – қазақ халқының ұлттық ойыны емес пе? Ертеңгі күні «тоғызқұмалақ» ойыны секілді, басқа мемлекет асық ойынын да меншіктеп алмайды ма екен? - деген ой келді.

Асық – қазақтың ұлттық ойыны

Асық ойыны қозғалмалы ойындардың табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындар тобына жатады. Асық ойыны туралы қандай мағлұматтар бар? - деп тоқталар болсам, «Қазақ совет энциклопедиясының» 1-томының 538 –бетінде мынадай жолдар бар екен:»[1.1] Асық ойыны- балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп, сақамен ату арқылы мергендік сынасады.» Ал 2008 жылы Алматы баспасынан шыққан «Балалар энциклопедиясы» 1-томының 127-бетінде «Асық ойыны-қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі-мергендікке, түнгісі-ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны-сақа, жақсылары – оңқай аталады.» делінген. [2.1]

Асықтың түрлері

Аюбай Құралұлының «Ұлттық дүниетаным» атты оқу құралында асық түрлері мен атаулары былайша түзілген:

1. Кеней, кентай- асық ойынында ұпайға тігілетін асық. «Кішкентай» сөзі «кіші» және «кентай» сөздерінен шыққан.
2. Сақа – асықтың ең үлкені, ірісі.
3. Ешкімер – ешкінің асығы.
4. Қойлақ – қойдың асығы.
5. Құлжаз- құлжаның асығы.

6. Топай, сомпай-сиырдың асығы.

7. Шүкейт-киіктің асығы.

8. Пұш-тәйке түспесін деп алшы жағы жонылған асық. «Пұшайман болу» деген осыдан шыққан. [3.1] Мәселен, «Асық ату» ойынының 30 шақты түрі бар. Солардың ішінде кеңінен таралғаны «Үш табан», «Бір табан», «Әйзік», «Атпақыл», «Шығу», «Құмар», «Таған», «Шенбер», «Шік-Бүк», «Доршке», «Қақпақыл», «Иірмекіл», «Жемекіл», «Ханталамақай», т.б. Асық ойынын үйде де, ашық алаңда да ойнауға болады. Қыстың боранды күндерінде ұзақты күн үйде отыратын балалар ертеде асық ойынының «Ханталапай», «Қора», «Алшы» деген түрлерін ойнаған. Бір орнында отырып ойналғанымен, бұл ойындар да ойыншыны дәлдікке үйретіп, намысқойлыққа тәрбиелеген.

Асық ойынын ойнау технологиясы

Асық ойыны барысында қолданылатын құралдар мен әдістер қолданылады: Көн киіз – асықтың «тақта» ойыны барысында қолданатын жұқа әрі икемді асық атуға, қаржуға қолайлы құрал. Бұл асық ойынының түрлеріне байланысты 50X50, 80X80, 100X100 см көлемінде болады. Көн киіздің дөңгелек шеңбер түрінде қолдануға болады. Ондай жағдайда көн киіздің диаметрі 50, 80, 100 см. Көн киіздің жиегін жіңішке ұлттық нақышты оюлармен көмкерген дұрыс. Тақта — көн киіз шағын тақтаның үстіне орналасады. Тақта дөңгелек немесе 4-6 қырлы болады. Ойыншылардың қимылына кедергі келтіретіндей үлкен болмауы шарт. Тақта ойыншылардың қалауына немесе ұйымдастырушылардың ұсынысына қарай отырып болмаса түрегеп тұрып ойын жүргізуге қолайлы болу керек. Асық иіру – ойыншы асықты иіргенде көп асық қолына сыймайтын болса екі-үш бөліп иіруіне болады. Иіріп тасталған асық көн киіздің сыртына шашырап кетпеуі қажет. Ондай жағдайда көннен тыс жатқан асық ойыннан да тыс қалады. Былайша айтқанда ойыншы өз мүмкіндігіне толық ие бола алмайды. Асық иірудің әдісі — ойыншы асықты жай шашып тастамайды аса ептілікпен иіреді. Асықты қос қолдап немесе бір қолмен иіріп тастайды. Қолды төңкеріп немесе көн киіздің ортасын көздеп шиырлата иірген асық дұрыс орындалған болып есептеледі. Егер ойыншы асықты дұрыс иірмесе төреші тарапынан ескерту алады. Ескертуді қатарынан үш рет алған жағдайда асықты келесі ойыншыға ауыстырады.

Асық ату – бұл асық ойынының ең бір ептілікті қажет ететін тұсы. Ойыншы қажетті асықты атқанда екі қолдың он саусағының кез-келгенін пайдаланады. Бірақ ату кезінде саусақты сүйретіп

немесе жай түртіп атуға болмайды. Бұлай істеген жағдайда асық келесі ойыншыға ауысады. Асық атудың әдісі – ойыншы көндегі асықтың орналасуына қарай асықтарды атады. Асықты атуға ыңғайлы саусақ бүгіліп, екінші бір саусақтың тіреуінен шертіліп барып асыққа тигені дұрыс. Асық атау барысындағы қозғалыс есебі – ойыншылардың жас айырмашылығына қарай асық атау кезіндегі қозғалыс есебі үлкен рөл атқарады. Мысалы, «тақта» ойыны барысында ойыншы тақтаны айналып жүріп қажетті асықты атуға болады. Немесе өзінің отырған орнынан қозғалмай-ақ ойынды жалғастыруға болады. Бұл жағдай ойыншылардың шеберлігіне байланысты ойынның алдында төрешілер тарапынан белгіленіп беріледі.

Қаралық – ойыншы асық ойыны ережесіне сай келмейтін іс-әрекеттерді қолданғанды айтады. Бұл төрешілер тарапынан ескерту беру арқылы жөнге келтіріледі.

Шеңбер – бұл асықтың «алаң» ойыны кезінде көп қолданады. Ойыншылардың сыртқы түзілім шегі. Су – ойыншылардың алаңға тігілген асықты ату кезіндегі бағыты. Ойынның түріне қарай 1, 2, 3, 4 бағытта болады. Сөре – асық тігілген кіші шеңбер. Онда ойыншылар көнге салған асықтар орналасады. Қарақшы – алтын сақа орналасқан нүкте. Кезек – асық ойыншылардың ойынға кіру реті. Кезекті анықтау – кезекті төрешілер анықтайды. Ойыншыларға асық иірту арқылы немесе жеребе бойынша кезек тоқтатады. Мысалы «тақта» ойынына 4 ойыншы қатысатын болса төреші ойыншылардың көнге тастайтын асықтарын (4-5 асық) иіртіп кімнің асығы көп алшы түседі, соған қарай кезек тоқтатады.

Қаржу (қаршу) әдісі – асықты жоғары серпіп тастап, сол аралықта көндегі асықты іліп алып, жоғары серпілген асықты жерге түсірмей қаржып алу арқылы атқарылады. Асықтың санына немесе түріне қатысты қаржыйды.

Шеңбер сыртында тұрып асық лақтыру – белгіленген орында тұрған сақаны атып алу үшін ойыншы қолындағы асығын дәлдеп лақтыруды айтады. Ойыншы асықты оң немесе сол қолының бас бармағы мен сұқ саусағына қысып ұстап, сақаны дәлдеп лақтырады. [4.1]

Асық ойынында асықтың берекесі де, басшысы да «сақа». Асықтарды атқанда сақамен көздейді. Бас бармақпен сұқ саусаққа қысып ұстап жоғары сілкіп, салмақтап айналдырады. Айналдырып тұрған сақаны сағаттың тіліне қарсы иіріп атады. Ірі әрі салмақты иіріліп тиген сақа асықтарын бірнеше домалатады. Шебер иіріліп

атылған сақа, асыққа тигенде 10 сантиметрден 150 сантиметрге жерге дейін ұшырып жібереді. Мысалы, өріс ойынының ойнау технологиясына тотар болсам: 3, 5, 7 метр қашықтықтан (қашықтық балалардың жас ерекшелігіне байланысты). Түзу бойына алшы, тәуке кезектесіп тізіледі. Өріске ұзап барып атасың. Кімнің бірінші ататындығы сақаларын қосып, бір ойыншы басынан асыра жерге тастайды. Алшы түскен сақа иесі бірінші, тәуке екінші, бүк үшінші, шік төртінші болып атады. Асық ойынындағы ұтыс (жеңіс) тәртібі:

- Сақа асыққа тиіп «алшы» түссе - тізілген асықты түгел ұтып алады.
- Сақа асықтарды құлатып, сақа «бүк» түссе - «шік» жатқан асықтарды ұтады.
- Сақа асықтарға тиіп, «шік» түссе - «бүк» түсіп жатқан асықтарды ұтады.

Бұзылған асықтарды түзу бойына қайтадан тізіп қояды. Келесі кезектегі ойыншы сақасы мен тізілген асықтарды көздеп атады. Атқанда сақа асықтарға тиіп, құлатып өзі «омпа» түссе, сақаны омпалатады. Тізедең төмен сақаны домалатып тастайды. Келісім бойынша үш рет қайталауға болады. Өрістен атылған сақалар, домалап түскен жерінде жатуға тиіс. Кімнің сақасы төрге озып кетсе, сол бірінші болып кері атады. Тимей кетсе келесі ойыншы кезек алады. Ойыншылар тигізе алмаса, алғашқы ойыншы қалған асықты сақамен қосып, басынан асыра жерге тастайды. Ұтқан асығыңды жинап отырасың. Шебер ойыншы қарсыласының асығын түгел ұтып алады.

Сақа мынадай жағдайда асықты ұта алмайды:

- Сақа бүк жатса- бүк жатқан асықты ұта алмайды
- Сақа шік жатса- шік жатқан асықты ұта алмайды
- Сақа бүк, шік, тәуке, омпат жатса- алшы тұрған асықты жеңе алмайды
- Сақа бүк, шік, тәуке, омпат жатқанда - тәуке тұрған асықты жеңе алмайды
- Сақа бүк, шік, тәуке, омпат жатқанда - омпат тұрған асықты жеңе алмайды. Сақасы мықтының салымы күшті! Асық ойынында, ең бастысы – сақаң жақсы болуы керек, сонда ұту мүмкіншілігін арта түседі.

Асық ойынының денсаулыққа және ой дамытушылық пайдасы

Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді.

Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды. Ондай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді. Бұл ойынның еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері болған. Асық ойыны балалардың тез қимылдауын қалайды. Мергендігін арттырады. Дәлдікке, есепке үйретеді.

Асық ойнау – балалардың дүниетанымын кеңейтетін ойын. Ойынға бірнеше бала араласқанда әркім өз асығын қателеспей тауып алу үшін апа - әжелеріміз кілем және киіз жүндерін бояп жатқан қазанға асықтарды салып алатын. Сонда әр асықтың түр – түсі әртүрлі болып шыға келеді. Қызыл, жасыл, қара, көк, сары, қоңыр бояу түстерін балалар екі – үш жасында – ақ еркін ажыратады. «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» дегендей, әр бала өз асығының санын тез – ақ біліп алады. Бұл санауға жақсы, балалардың есепке жүйріктігі бала кезден қалыптаса бастайды. Асық – кәдімгі санағыштың ролін қоса атқарады. Асықтарды қаз қатар тізу кезінде олардың санын алу, кейін ұтысты есептеп, ұпай бөліскенде жапырлап асық санау кез келген баланың математикаға бейімін арттырады. Қазақ баласының есепке жүйріктігі, міне, осындай ойындарды ойнаудан – ақ қалыптасқан.

Бала көп қимылдайтыны, тез шаршай қоймайтыны анық. Асық ойындары – қимыл – қозғалысқа құрылған ойындар. Асық ойындарының әліппесі саналатын «Төрт асық» ойыны – балалардың жас кезінде, енді – енді қимыл – қозғалысы көбейіп келе жатқанда ойналады. Әсіресе, ыстық кезде, бала аздау қимылдасын деген ниетте дүниеге келген ойын. Бір жағы баланың танымдық қабілетін арттырады. Әсіресе, төрт – бес жасар балалардың ойнауына жақсы. Ойын мақсаты белгілі: бала бір асықта төрт түрлі пішін бар екенін және әр пішіннің әр қыры бар екенін зердесіне тез түйеді.

«Отыз ұры, бір есепші» ойыны таза есепке құрылған ойын. Мұны меңгерген бала тоғызқұмалақ ойынын ойнауға қабілетті деп танылады. Бұл ойын баланың есеп – қисапты тез меңгеруіне жәрдемдеседі. Зеректігін күшейтеді. Адалдыққа үйреніп, ұры – қарылықтан бойын аулақ ұстайтын болады. Қалай болғанда да қазақ зерек, епті, ойға, есепке жүйрік халық қой. Әсіресе, асықтың баланың математикалық қабілетін арттыруға келгендегі рөлі ерекше. Мәселен, асық саны арқылы есепке жүйріктікке баулитын мына жұмбақты алайық.

Он – оннан асығы бар үш бала өзара асық ойнайды. Ойыннан соң біріншісі екіншісіне қарап:

Қанша асық ұттың? - дейді.

Ол: - Онша көп ұтқыза қоймаппын, сегіз асығым қалыпты, - дейді.

Онда сендегі барлық асық менің ұтып алған асығымға тең екен, - дейді үшінші бала асығын түгендеп тұрып.

Ең көп асық ұтылған мен болдым, - дейді бірінші бала. Кім кімге қанша асық ұтылды?

Шешуі: екінші балада $10 - 2 = 8$ асық.

Бірінші балада $10 - 6 = 4$ асық.

Үшінші балада $10 + (2 + 6) = 18$ асық

Асық ойыны — тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының олқы жән оң жақтарын дұрыс анықтауға ерекше мән береді, оның күш-қабілетін тура бағалау ережесіне ереді. Ойнаушы бәсекесі мол қарым-қатынастың тәртібіне жүгінеді. Әр ойынның өз тәртібі, тәсілі және тәжірибесі бар. Сол тәртіп, тәсіл, тәжірибені білген адам тезірек қалыптасады, жан-жақты жетіледі. [3.2]

Асық-ұлттық брендіміз

Асық ойыны - адамның қабілет-қасиетін ширататын жүйелі іс-әрекеттің көрінісі.

Осындай белсенділікке қазақтың балалары ерте араласқан. Ойын-сауықтағы белсенділік - мінездегі кемшілікке, жеке адам мен қоршаған ортадағы келіссіздікке қарсылық, сондай-ақ бойдағы ебедейлікті көрсетуге шек қоймай жанталасу. Бұл ашық та, нақты сайыс. Оған деген халықтық ықылас жоғары болды. Қолдауы басым ортада әркім өзінің көргенін, көкейіндегісін жеткізуге алаңсыз әрекеттенеді. Өз қалауынша жарыстың түрі мен әдісін таңдайды. Ойындағының бәрі де өтпелі-төкпелі емес. Түптеп келсек, асық ойыны тәртіпке, тапқырлыққа, туралыққа үйретеді.

Ұлттық ойынымыздың сан түрін ойнап өскен, еркін даланың әсем табиғатынан нәр алған ұлы бабаларымыздың іс-әрекетінің өзі соның куәсі емес пе?

Ертеде Атырау мен Алтайдың арасындағы ұшы-қиырсыз сардаланы мекендеген бабаларымыз кезекті жорыққа аттанар алдында соғыс тактикасын, стратегиясын тақта тастың үстіне асықтарды шашып жіберіп түсіндірген екен. Соның әсері шығар, қазақтың баласы ес біліп, етегін жабар-жаппастан асық ойынына ден қояды. Әбден машықтанған соң, жерде тізіліп тұрған асықты көздемей-ақ атып түсіреді. Көпті көрген көнекөздердің айтуынша,

қазақ баласын «көңіл мергендігі» ашылсын деп асық ойнатыпты. Себебі, дала заңы бойынша, атқа қонған аламан шауып келе жатып жауына жебесін дәл тигізе білуі тиіс еді. Ал бойында мұндай қасиетің болмаса ат үстінде қозғалып отырып көздеу мүмкін емес. Мұлт кетесін. Бұл тұрғыда асық ойнау өнерінің кейбір сырлары (техникасы) бильярд ойынымен ұқсас та. Содан соң сақаға қорғасын күйе деген болады. Бұл – сақаны күшейтіп, ұту мүмкіндігін арттыру үшін жасалатын қарекет. Негізі, мүмкін болса, дала тағысы арқардың асығын сақа ретінде пайдаланған дұрыс. Арқардың асығы қой-ешкінікіне қарағанда үлкендеу әрі шымыр болады.

Өзіңіз көз алдыңызға елестетіп көріңізші, алыстан (бірнеше метр жерден) көз ұшында түймедей болып бұлдыраған асыққа сақанды дәл тигізу нағыз мергендіктің белгісі емес пе?! Сондықтан болар, ерте заманда қазақтан небір құралайды көзге атқан мергендер шыққан. Садақ тарту болсын, найза лақтыру болсын, қазақ жауынгерлері ешкімге дес бермеген.

Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бұгу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады.

Асық ойыны туралы зерттеулер не дейді?

Қазақтар секілді, түрік ағайындар да асықтың ең жақсысын «Алтын сақа» деп қастерлейді екен. Сондай-ақ асық ойыны байырғы Грецияда «астралаг» атауымен және Римде «талус» деген атпен кеңінен таралған.[4.1] Қазақтың ұлттық ойыны саналатын асық пен ләңгіні Орта Азия халықтары, оның ішінде өзбек, қырғыз, тәжік т.б ұлттар да әлі күнге дейін ойнайды. «Асық ойнаған азар» дегені бабаларымыздың бұл өнерден безгені емес, күнұзақ үй бетін көрмей ойын қуған мерген – ұлдың ойынпаздығына бір ескертпесі болар. Қала мен ауыл балаларының асық ойынының ережесін Алматы қаласына жаз айларында барып «Асық ату» ойынын зерттеп байқадым. Сонда қала мен ауыл балаларының арасында үлкен айырмашылық бар екеніне көзім жетті. Әдетте оңқай бала асықты атарда сол аяқты алға қоятын еді, қала баласының көбі оң қолмен көздеп, оң аяққа сүйенеді. Олар, ауыл балаларымен салыстырғанда ойын ережелеріне сүйен бермейтінін байқадым. Біздің оқушылардың асық ойнағаны маған біртүрлі көрінеді. «Асық ату» ойынының не қала мектептерінде, не ауыл мектептерінде үйірмелер жоқ. Егер мектепте денешынықтыру пәнінде немесе үйірмелерде жоспар бойынша сабақ өтілсе, құрбыластарымның қызығып ойнайтынына сенімдімін. Асық ойынын бастауыш сыныптардан бастап алған жөн деп ойлаймын,

олар ойынның ережесін тез меңгеріп алады. Мысалға алатын болсақ, «асығың алшысынан түссін»- «ісің оңды, жемісті болсын,» дегенді білдіреді. Халқымыз асықты құрметтеп, оларға қатысты ойындарды да шығарған. Біріншіден, бұл ойын – түгелдей қозғалыс. Баланың он екі мүшесі, бұлшық еттері толық қозғалысқа түседі. Ойыншы бала еңкейеді, сәл ғана ұмсынады, он аяғын қатты серпеді. Бір мезетте осынша қимыл – қозғалысқа түсіретін бір де бір ойын жоқ. Сақаны жіберіп қалған соң бала қарап тұрмайды, жүгіреді. Екіншіден, көздің көрегендігін арттырады. Сөреден асықты дәл көздеу, қашықтықты дәл межелу көрегендікті қажет етпей ме? Үшіншіден, асық ойыны баланың миын шынықтырады. Яғни, бала асықты атпас бұрын ойланады. Қай тұстан, қалай атаса дұрыс тиетінін ойша самақтайды. Сөйтіп, өзінше есептеп, қорытынды шығарту арқылы асық баланың ақыл – ойының жетілуіне себепкер болады. Төртіншіден, ең бастысы, асық ойыны баланы жеке тұлға ретінде мықты тәрбиелейді. Асық ойнау арқылы бала бәсекелестікке үйренеді, бойынша көшбасшылық, лидерлік қасиет қалыптасады.

Кез келген мемлекет ең әуелі ұлттық салт - дәстүрі мен ұлттық ойындарын ұлықтауы тиіс. Ата-бабамыздан бүгінгі күнге мирас болып жеткен ұлттық спорт түрлерін біз қастерлемесек, біз ойнамасақ, оны ешкім қажет қылмайды.

Аюбай Құралұлы өзінің «Ұлттық дүниетаным» еңбегінде қазақ халқы асықты тек ойын құралы ғана емес, сондай-ақ болашаққа болжам жасауға пайдаланғанын айтады. Бақсы-балгерлер баяғы заманда асыққа қарап жіберіп көріпкелдік те жасаған. Болжам жасалатын асық етінен әбден тазартылған, еш жеріне сызат түспеген болуы керек. Соған қарағанда, болжам таза асықтағы бейнеге қарап жасалатын сияқты. Тіпті бала тумай жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтындар да болған.[3.2]

Бұл күнде қала балалары асық ойындарынан тек «асық ату» ойынын ғана ойнайды. Асық ойындарының басқа түрлерімен таныс емес. Оның есесіне ертелі – кеш компьютер алдында отырып, адамды түрлі қатыгездікке үйрететін ойындарды ойнаумен шұғылданады. Қазіргі уақытта жасөспірімдердің қылмысқа бой ұрып, жан түршігерлік істер жасауының бірден-бір себебі, сол компьютер ойындарына бой ұрудан делінуде.

Ал ауылдағы менің құрдастарым асық ойындарының мына түрлерін біледі. Мысалы: «Манай», «Шеңбер», «Үш кетіру» және асық атудың «шертпек, банкі, жерлетпек» т.б өздері қазіргі заман талабына сай бейімдеп алған түрлерін ойнайды.

Өкінішке қарай, қазір асық ойыны ұмытыла бастады. Көптеген түрлері ұмытылып, мүлде ойналмайды. Ережелері де сол күйі сақталмаған. Себебі қазір ауылда болмаса, қалада балалар көбіне асық ойнамайды. Асық ойнаудың өзіндік техникалары да сақталып келе жатқан жоқ. Қала балалары асықты иіріп, шиіріп атуды білмейді. Тас лақтырғандай атып жібереді.

Қорыта келе менің айтарым қазақ мектептерінде ғана емес, сонымен бірге орыс мектептерінде де денешынықтыру сабағының жоспарына енгізсе, ата – бабамыздан мирас болып қалған, ұлттық ойынымызды соның ішінде «Асық ату» ойынын ары қарай жаңғыртып, ұмытылып кетуден сақтасақ деймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ совет энциклопедиясы (1-том 538 –бет)
- 2 Балалар энциклопедиясы (1-том 127-бет)
- 3 Аюбай Құралұлының «Ұлттық дүниетаным»
- 4 Ұлан газеті «Балбұлақ» бөлімі жариялаған «Қазақтың ұлттық ойындары» мақаласы. Авторы: Досымбек Қатран 2005 жыл

ТАЛАНТ – АНА СҮТІМЕН КЕЛЕДІ

ЖЕТПИСБАЕВА Г.

10 сынып оқушысы, №14 жалпы орта білім беретін мектеп

КАРЖАСБАЕВ Т. К.

тарих пәнінің мұғалімі, Екібастұз қ.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Семей болысы, Павлодар уезі, Ақкелін болысының №4 ауылында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қ.И.Сәтпаев атындағы совхоз, Тендік ауылы) өз уақытында қазақтың игі жақсыларына белгілі болған ауқатты әулетте дүниеге келген. Әкесі Имантай Сәтбайұлы (1845-1928жж) Омбы қаласындағы медреседе білім алған. Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Мұса Шорманов баласы Сәдуақасты, онымен бірге шаруашылығын басқаратын Сәтбайдың баласы Имантайды Омбыдағы оқуға Сәкенді гимназияға, Имантайды начальное училищеге береді. Зерек балалар оқуларын бітірген соң Сәдуақас Томск университетіне, Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Анасы Әлима Исақызы (1860-1904жж) Қаныш бес жасқа келгенде қайтыс болған. Имекен-баланы кеш көрген жан... Содан 47 жасқа келгенде екінші

рет үйленіп, Шорман ауылының жесір отырған жас әйел Әлиманы алады. Иә, оның анасы Әлимаға қатысты «Иса қызы» дегеннен басқа ешқандай дерек болмады. Әрине, оған содыр заман кінәлі. Голощекиннің қасақана қолдан жасаған ашаршылығы ұлы жұтқа апарып соқты. «Байдың ұрпағы», «байдың баласы» атанғандар сталиндік зұлматтың зардабына ұшырады. Қазаққа жеке басқа табынушылық пен тоталитарлы зұлым саясаттың құрығы тағы да қатты тиді, 1937 жылғы «қызыл қырғын» келді, елім деп еңіреп туған асыл ағаларымыз жазықсыз атылып кетті. Тап осы қиянатқа Сәтбаев әулеті де толығынан ұшырады. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған ағасы Ғабдұлғазиз (Ғазиз, Бөкеш атанған) 1937 жылы тұтқынға алынып, хабар-ошарсыз кетті. Түрмеде ме, айдауда ма, қай жерде оған қазаның жеткені беймәлім қалды. Бұл жағдай Қаныштың жүрегін айықпас дертке, орны толмас қайғыға душар етті. Ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев (1881-1937), Әбікәрім Жәмінұлы Сәтбаев (1897-1937) та аймаққа аты шыққан, елге сыйлы, нағыз ұлтжанды қазақтар еді. Бұл екеуі де атылып кетті. Осы орайда өз анасы Әлиманың ата тегін атау жанып тұрған оттың үстіне май құйғанмен бірдей еді. Содан да ол анасы жайлы Әлима Исақызы деумен шектелді. Иә, оның қай Иса екенін айтпағанында да үлкен мән жатыр. Баянауылда елге атағы шыққан екі Иса өтіпті. Екеуі де шенді де шекпенді, дәулетті де әулетті, құран жолына құлай берілген кісілер екен. Олардың да кейінгі тұқымдарының 1932 жылғы аштықтан, 1937 жылғы жаппай қырғыннан аман қалғандары некен-саяқ. Сонда Әлима ананың әкесі қай Иса? Бұл туралы мүлдем дерек жоқ. Рас, Әлима Исақызының кім болғанын, қандай жан екенін Ебіней Бөкетов те, Медеу Сәрсекке де, Шәмшиябану Қанышқызы да хатқа түсірді. «Ақ Әлима» атанған ғажайып ананың бейнесін естіген, білген, оқығандарынан асыл дәндей тазалап, қысқа болса да нұсқа болардай етіп сипаттаған. Әлиманың уыздай жас кезінде тұрмысқа шыққан жері Шорманның әулеті екен. Мұстафа Шорманұлының Қанафиден деген баласына ұзатылыпты. Бірақ, Қанафиденнің денсаулығы мәз болмаса керек, санаулы күндерден кейін дүниеден озыпты. Имантай (1845-1928) мен Нұрымның (1850-1928) жалғыз Күнше деген қыздары ертеректе қайтыс болыпты. Онсыз да аз сөйлейтін Имантай қызы өлгеннен кейін мүлдем тұйықталып қалса керек. Оны сезген Нұрым ана Имантайға: «Отағасым, менің сөзіме назар аударшы, екеуіміз отасқалы қату сөзге келмеппіз. Сенен алған өнегем де аз емес, өзегімізді өртеген қайғы да ортақ. Бұл жалғанда қанша тұрсақ та күш-қуат барда, өкінбей өтейік. Сені ұрпақсыз

қалдырғым келмейді. Қанафиден өліп кетті, Исаның жап-жас қызы Әлима жесір қалды. Ол да қанша отырар дейсің, өзі көркем, әрі мінезге бай, мейірімді адам көрінеді. Сол бұйырып тұрған шығар, тоқалдыққа ал. Мұстафаның ағасы, Мұсаның ұлы, Сәдуақас досымыз ғой, сол кісімен уәделесіп алсақ, ар жағының Алла сәтін берер. Ол бала тапса, мен баға беруге жалықпаспын», деген [1, 353б] екен. Имантай әділ би, қолы ашық мырза екен. Әділдігі бүкіл Қаржасқа белгілі, сыйлы кісі болғандықтан, досы Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов оны шын жүректен қолдапты, көмектесіпті. Шорман әулеті Әлиманы өз қыздарындай құрметпен, өте жоғары дәрежеде ұзатса керек. Бұл Әлиманың (1862-1904) жалындап тұрған қызғалдақтай қырмызы кезі, жасы жиырмаға жетпеген шағы екен. Тал бойында бір мін жоқ, тостағандай қап-қара көздері, қиғаш қас, қыпша белі ел-жұртты амалсыз таңдандырыпты. Әлима келген жеріне де сыйымды, Нұрым бәйбішеге де өз қызындай сыйлы болған көрінеді. Нұрым ана да ешқандай күндестік нышанын білдірмей, әсіресе Әлима қатты сырқаттанып жүргенде оған ел сүйсінердей күтім жасапты. Жазмыштан озмыш жоқ деген, Әлима кенжесі Қаныш туғаннан кейін екі жыл өткенде дүниеден озыпты. Сөйтіп, Әлимадан туған балалар Нұрым бәйбішенің бауырында өсіпті. «Өз шешемді білмеймін, тіпті есімде жоқ. Үлкендердің айтуынша, керемет балажан кісі болыпты. Әсіресе, «кенжетайым» деп мені тым жақсы көрсе керек», деген [4, 9б] Қаныш ағаның сөзін Медеу Сәрсекке де өз еңбегінде орнымен келтіріген. Сонымен Имантай мен Әлима Сәтбаевтардан екі ұл, бір қыз дүниеге келген. Оның бірі-Ғазиза Имантайқызы Сәтбаева (1892-1932) белгілі ғалым-археолог Кемал Ақышевтың анасы. Ал Ғабдұлғазиз Имантайұлы Сәтбаев (1894-1937) болса, іске берік, елге қадірлі болған тұлға. «Бай тұқымы» деген [2, 129б] түрткі сөзден аулақ жүру үшін Ғабдұлғазиз ауыл аймағын, туыстарын Омбы қаласының маңайынан жер алып, бөріні сонда көшіріп алыпты. Баянауылдың өзіндегі, Теңдіктегі ақсақалдар, басқа да ғалымдар, Әлима Шорманның ұлы Исаның қызы деген жорамалға жол ашты. Шорманның ұлы Мұстафаның баласы Қанафиденге қалайша Шорманның кіші баласы қызын береді деген күдігім алайда бой беретін емес. Олардың айтуынша, Шорман тұқымы бұл аймақты билеген ұлы әулет. Олар өз асылдарын жоғалтпас үшін нағашы-жиендерін ала берген. Жасымнан хан мен төрелер жайлаған Көкшетау, Айыртау, Сырымбетте өскен мен бұл ғұрыптың төре тұқымдарынан шыққанын білетінмін. Олар өз ортасы болмаса, «қара қазақтан» қыз алуға аса құлық танытпаған. Таза қазақ жеті

атаға жетпей қыз алыспайды. Діннің осы берік қағидатын әрі би, әрі әмірші, әрі дін жолын берік ұстаған Шорман тұқымы қалайша бұзуы мүмкін деймін мен іштей. Дегенмен елден асып қайда барасың, Шорман әулетін ақырындап зерттей бастадым. Шорманның Мұса, Мұстафа, Иса атты ұлдары және Шоқанның шешесі, Шыңғыс төреге тұрмысқа шыққан Зейнеп атты қызы болған. Бұл мәселенің төңірегінде оқығандарым мен көргендерім аз емес. «Көргендерім» дегенім суреттер ғой, ақ патшаның полковнигі Мұса Шормановты зерттеушілер орыс-қазақта аз емес екен. Шоқанға Зейнеп арқылы байланыстары-нағашылықтары болса, қарсы құда болып Мұсаның ұлы Сәдуақас Шоқанның қарындасы Нүриләны алған екен. Ұшан-теңіз суреттердің арасынан алайда Әлиманы кездестіре алмаған. Сонда да ізденісті тоқтатпаған.

Алайда, Әлима Шорман тұқымынан деген ұйғарымға еш ілік табылмады. Осындай әр-сәрі күйде жүріп «Қаныштың ата-анасы» деген поэма жазып, оны «Даналыққа тағзым» атты кітабыма кіргіздім. Сол поэмамың ішінде Әлиманы сипаттай келе бір тұсында:


*«Баянда екі Иса бар білгендерге,
Болды олар айтулылар іргелі елде.
Қай Иса қызы екенін айту қиын,*

Дәлел аз дәл түйіндер бүгін елге», - деп [3, 86] Әлиманы Шорманның Исасының қызы деп кесіп айта алмай отырғанымды аңғартыппын. Осыным дұрыс болып шықты, себебі Иса Шормановтың Әлима атты қызы болмағанына көзім жеткен. Екінші Иса жайлы шежіреден аты-жөнін тапсам да, оның Әлиманың әкесі екеніне тура жауап берер адамды таппадым. Құдай оңдап, 2003 жылдың 22 наурызында жазылған Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚазГУ-дің саяси экономия кафедрасының доценті, ол кезде зейнеткер Егізбай Қанатбайұлы деген (негізгі баянауалық) ақсақалдан тоғыз беттік көлемді хат келіп түсті. Хаттың басына «Сүлеймен Ержанов пен Қаныш Сәтбаевтың нағашы-жиенділігі туралы» деп тайға таңба басқандай ашық жазыпты. Бұл кісінің тиісетіні мен емес, мені сипай қамшылай өтіпті де өз білгенін хабарлау мақсатында хатты Шәмшиябану Қанышқызының жұбайы Оразай Батырбековке қаратып жазыпты. Тура бір айдан кейін Егізбай ақсақал тағы да тоғыз беттік қосымша дәлелдемелер жіберді. Ардагердің жазуы бойынша, Қаржас руының Елқонды тармағынан шыққан атақты Именкенің Қарқынбай, Жарқынбай, Мұстафа, Иса атты ұлдары болыпты. Жарқынбайдан Ержан қажы

туып, оның ұлы Сүлейменнен атакты академик, ғұлама ғалым Жақан Сүлейменұлы Ержанов туған екен. Ержанның Сүлейменнен басқа ұлдары Мәжікен, Нұрым, Әбдіғафар да білікті азаматтар болған, ұл-қызды болып кең өрбіген әулет көрінеді. Хат жазып отырған Егізбай Қанатбайұлының айтуынша, Ержан қажының үш әйелі болған, Сүлеймен мен Мәжікен екінші әйелінен туыпты. Ал Сүлейменнің Жақан, Роза, Еділ, Бөленбай атты екі ұл, екі қызы болса, Розаны хат жазып отырған Егізбай алған көрінеді. Міне, сондықтан да бұл кісі Ержановтарға ет жақын болғандықтан айтып отырған уәжі де, көрсетіп отырған дерегі де шегелеп тастағандай дәлелді. Тіпті сенбеске еш лаж жоқ. Біріншіден, ол Қаныш Сәтбаевтың Шорман тұқымына ешқандай нағашылы-жиендігі жоқтығына дәлел-дәйек келтіре отырып, Шорман тұқымынан шыққан көптеген азаматтарды куәға тартады. Егізбай ақсақал одан әрі Ержан тұқымын түгендей келе, Исаның ұл-қыздары болғанына тоқталады. Бір ұлынан Қаныш Сәтбаевтың анасы Әлима туды дейді. Енді бұлардың нағашылы-жиенділігіне келейін: Қаныш ағаның Мәжікенді (Сүлейменнің інісі) нағашым деген сөздерін бір қағаздан оқығаным бар, қазір ойыма түсіре алмай отырмын. Соғыстан кейін Қаныш Баянауылға барғанда Мәжікен үйіне шақырып, сауып отырған биенің құлынын сойып, қонақ еткенін, «Бүркітбай» деген әнді айтқызығандарын Қаныштың бәйбішесінен естігенмін. «Тым сыйлы адам болмаса, Кеңес өкіметі кезінде құлын сойып бере ме?» деген тұжырымына да сенесін. Өйткені, партияның қатал шағында ондай құрмет ешкімге де жасалмайтын. Хаттың авторы өзінің қайыненесі, Сүлейменнің бәйбішесі Нұрлығайынға көп сүйеніпті. Қаныштың ағасы Ғазиз Имантайұлының Сүлейменнің үйінде қонақ болған кездерін айтады. Сондағы болған қимастық әңгімелерді келтіреді. Ғазиздің әңгіме үстінде Сүлейменге «нағашы» дегенін естігенін де жазады. 1944 жылы Ержанов Жақан қатты сырқаттанып қалғанда Қаныш Имантайұлы көмек бергенін, Морозов деген дәрігерге: «Қарауыңызда жатқан Ержанов Жақанды менің балам деп есептеңіз», деп ұзақ сөйлескенін де келтіріпті. Елуінші жылдардың басында Жақан НКВД-ның тіміскілеуімен КазГУ-дегі қызметінен босап қалған кезде Қанышқа барып ақыл сұраған көрінеді. Сонда: «Жақан, сен енді Қазақстаннан басқа жерге кет. Менің Украинада көптеген жақсы жолдастарым бар, мен олармен хабарласайын», депті Қанекен. Сол ақылдың арқасында Жақан Днепропетровскідегі тау-кен институтында қызмет істеп, он жылдан кейін ғана елге оралыпты. Егізбай Қанатбайұлының дәлелдері өте көп, оның бәрін

айтып шығу шарт емес. Әңгіменің токетері, айтқан дәлелдерінің бәрінің бұлжымастай деректері бар. Шындықтың шырайын бұзбай айтып берген қайыненесі Нұрлығайын ананың да ата-тегін атап, оның ешқашан жалғандыққа бармайтынын шын жүректен толғана айтыпты.

Нағашылығын айта алмаса да Шәмшиябану Қанышқызы «Сәулелі әулет» кітабында: «Кезінде ел қадірлісі болған Ғазиз Имантайұлы Сәтбаев жас жағынан өзімен шамалас, көрші ауылдың азаматы, Сүлеймен Ержановпен дос болған. Ғазиз бен Сүлеймен (академик Жақан Ержановтың әкесі) екеуі түскен сурет те сақталған... Сөйтіп, Ержановтар Сәтбай әулетіне жақын, туыс қадірлес болатын-ды, бірін бірі ерекше құрметтейтін» депті. Тап осы тақылеттес лебіздер Медеудің жазғандарында да кездеседі. Хат иесінің сөзіне сенер болсақ ол: Исаның екі ұлы болған. Әлима солардың біреуінің қызы дейді. Балаларының аты Бағзұм мен Асайын, шежіреде оның үлкенінде бала жоқ, ал кішісінің (қыздарын атамай) Ықыш, Кәкіш деген ұлдары болған деп көрсетіпті. Соған орай, мен Әлима Исаның баласы Асайынның қызы деген шешімге тоқтадым. Бұл жерде үлкен қате жоқ, бәрібір Исаның немересі ғой. Кеңес өкіметінің жендеттерінен сескенгендіктен Қаныш ағамыз «Иса қызы» десе, біз де солай атай берейік. Тапқанымыз: Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың анасы Әлима Исақызының фотобейнесі және ата-тегі мен шыққан жерін анықтадық. Иса ақсақал Ержан қажының әкесі Жарқынбайдың туған інісі болса, оның шөбересі Жақан Сүлейменұлы Ержановты ел біледі. Әлима Исаның немересі, бұлар бір-бірімен нағыз шөберелі-немерелі туыстар. Біздің көтеріп отырған тақырыбымыздың басты мәселесі осы болса, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сынды дананы дүниеге әкелген қазақтың асыл қызы Әлиманы да және нағашы жұртында елге таныстырғанымыз жөн болар.



Сурет 1

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 М.Ж.Көпейұлы «Қазақ шежіресі» Алматы, 2010, 353 б.
- 2 Т.Жеңіс «Шежіре» Ертіс-Баянауыл өңірі, Павлодар «Дауа», 1995, 129-143 бб.
- 3 Ж.Оралбаев Ұлтының ұлы перзенті // Ана тілі 2014 қыркүйек №63, 8 б.
- 4 М.Сәрсекке Қанекен тоғызыншы атасында Бұқар жырумен тусады // Аңыз адам 2012 шілде №13 (49), 9 б.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

ЗЕЙНОЛЛАЕВ Е. Д.
8 «А» сынып оқушысы, №25 ЖОББМ, Павлодар қ.
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Наурыз — өте көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дөп басып айту қиын. Көшпелілердің байырғы астрономиялық түсінігі бойынша, әрбір жыл алты ай жаз бен алты ай қысқа бөлінген. Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айналдырған. Шығыстың данышпандары Махмұд Қашқари, Омар Хаямнан бастап қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин сынды ұлт қайраткерлері де Наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, асыл сөздер жазып қалдырған. Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Наурыз мерекесін асыға күтетініміз, ерекше даярланатынымыз содан болса керек. Наурыз мерекесіне тән — көпшілікке наурыз көже даярланады, ол тағам жеті түрлі дәмнен даярлануы шарт. Халықта наурыз көжені тойып ішкен адам келесі жылға дейін ішім-жемінен тарлық көрмейді деген ұғым бар. Үй иесі үлкен кісілерден наурыз көжеге бата сұрайды. Ол кісілер: «Пәле-жала жерге енсін! Төрт түлік ақты болсын! Өрісің малға, үйің жанға толсын! Ақ мол болсын!» деп бата беріледі. Бұл күн — аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан – жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнаған күн.

Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні — ұлыс күн» деп атаған. Григориан күнтізбесі бойынша ескіше 9 март, жаңаша 21 – не 22 – не қараған түн осы күнге сәйкес келеді. Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988 жылдан бері тойланып келеді. Бұл мерекені Шығыс елдері Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкістан ерте кезден өткізеді. Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болды. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Наурыз мерекесінің танымдық мәні мол жұмбақ сырлы өзіндік рәсімдері мен шартты талаптары баршылық. Наурыз мейрамы - мейрамдардың ішіндегі ең ерекше мейрам. Халқымыздың маманданған ата кәсібі - мал шаруашылығы. Халқымыздың тарихы осы төрт түлік малмен тікелей байланысты. Сондықтан да болар наурыз көженің құрамының көпшілігі төрт түлік малдың етінен, сорпасынан, сүтінен, құртынан, айранынан, қазы қартасынан жасалады.

Әрине сусыз тіршілік жоқ. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Зат алмасудың зиянды өнімі организмнен су арқылы шығарылады. Су - тіршілік көзі. Тұзсыз астың дәмі келмейтінін бәріміз білеміз. Тағамда тұздың алатын орны ерекше болғандықтан қасиетті наурыз көжеге су, тұз қосылатыны белгілі. Наурыз көжені дайындауда дәмді дақылдардың да алатын орны ерекше болып келеді. Ұлыстың Ұлы күні Наурызнамада дайындалған Наурыз көже «Ұлы күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар» деп, көже мейлінше мол жасалады.

«Жақсы тамақ қалғанша, жаман қарын жарылсын» деп тоя ішу ғұрпы сақталған. Сондықтан қасиетті наурыз көжені «көп көже», «тоқ көже» деп те атайды. Тіпті алаңсыз тойғанша ішсін деген ниетпен болар, қаласа әркімнің өзі құйып алу еркінде болған. Мұның бәрі наурыз мерекесінің теңдік күні, еріктілік, имандылық мерекесі деген түсініктен туса керек. Оған қоса ол - тоқшылық пен ырыс құтын жоралғысы. Наурыз көженің дәстүрлік, ұлттық тағылымы өте зор. Наурыз көженің адам ағзасына пайдасы зор.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан — тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан әрмен халық ойындарымен («Айқыш-ұйқыш», «Ақ серек пен көк серек», «Алқа котан», т.б.), ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күреспен, ат жарысымен

жалғасып кете беретін де, түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталатын.

Наурыздан кейінгі 2-ші күні жұрт жаппай көктемгі егіске кірісетін. Малшы қауым да төл алуға қатысты іс-қарекетімен айналысатын. Наурызды кейінге қалдыра тұратын ауылдардың өзінде де мейрамнан ;;кейінгі 2-ші күні жаппай егіске кірісетін.

Наурыздың 22 күні Наурыз мейрамы (жаңа жыл) екенін қазақ баласының көбі біледі. Наурыз туралы көптен бері, жыл сайын газеттерде жазылып келеді. Бұл мейрам бүкіл ұлтқа ортақ. Тегінде Наурыз ұлт мейрамы болғандағының үстіне оның тарихи маңызының тереңдігі бар. Ызғарлы қыстың кетіп, жан йесі өмір қуатын туғызған жыл, жаздың келетіндігіне барлық жаратылыспен қатар қазақ елі де қуанатын. “Қыс бойы өлімнің есігін күзетіп, үңгірде жатқан көрі күйрек, мертік-шортықтар да қыбырлап дүниеде бар екендіктерін білгізе бастайтын, аурулар сауығамын деп, аттар тойынамын деп, жалаңаштар киімсіз де күн көремін” дегендей жұрттың бәріне үміт, әркім деп жылы шырай сезіне бастап, “бәріміз де табиғаттың бергеніне ортақпыз” дегендей сағынышты көрісілері, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алатын. “Бүгінгі күні Самарқанның көк тасы да жібіпті”, - десіп Наурыз күні пейілін кеңітпеген адамды тастан да қатты қылып шығарғысы келіп, аңыз қылысатын.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан танды қарсы алады.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920 – 25) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы ол “діни мейрам”, “ескілік сарқыншағы” деп танылып тоқтатылды, бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында Наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады.

Бұл-киелі күн. Осы күні адамдар бір-біріне деген ренішті, өкпені ұмытып, бәрін кешіреді. Жастар бір-біріне ескерткіш сыйлықтар сыйлайды. Үйге келген қонақтар тамақтан дәм тартады. Қазақтарда наурыздан өзге қымызмұрындық, соғым басы, тоқым қағар сияқты басқа да толып жатқан мереке-тойлар бар. Бірақ соның ішіндегілердің әр жыл сайын ең көп тойланатын-наурыз тойы.

Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дінмейрамы, ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзіміздің сыбайласымыз орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: «Орыстамейрам көп, қазақта айран көп».

Біздің қазақ айранға бай болғанымен: мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз-ақ мейрам бар, ол -Наурыз.

Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлтмейрамы. Наурызды қазақтан басқа Күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ, Түркістандықтар да мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеніз, марттың ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінін жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге саяды. Тіршіліктің арқауы алдыменен тамақ. Дүние жаратқаннан бері жанды-жансыздың бәрінің талас-тартысы, шынын айтқанда, тамақ үшін, күн көруі алдындағы айдап өсіріп жүрген малының амандық, жамандығымен байлаулы. Өнері, кәсібі, зауыты, фабрикасы бар, табиғатты қолданған мәдениетті елдер қыстың қысымын қазақтай көрмейді. Болмашы боранға, жауын-шашынға, топтанған бұлтқа, ауысқан желге, керек десе, жана айдың қалай туғанына шейін қазақтың зор мағына беруі

әшейін еріккеннен тапқан ермегі емес, қыстың ауыр, я жеңіл өтуінен тіршілігі өзгертін, жеңіл болса - құт, ауыр болса - жұт болатындығын байқаған тәжірибеден шыққан нәрсе.

Дұрысында, қазақтың тамағы да, киімі де, үйі де, күйі де, көлігі де отарбасы да, телеграфы да, телефоны да мал емес пе? Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп, бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадырайтын шаруашыл, еңбекшіл қазақ қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн - Наурызды, қалайша мейраметпесін.

Сонғы жылдар қазақтың шаруасын күйзелтіп, байтақ елі ашаршылыққа ұшырап, ойын ойнап, тойын тойламақ түгіл, барар жер, басар тау таба алмай дағдырған еді. Енді, шүкір, аздап заман түзеліп, шаруасы оңалуға айналғаннан кейін, жұрт алдырмай-шалдырмай аман-есен жазға жетіп отыр. Сондықтан бұл Наурыз ел-елде қуанышпен қарсы алынып, шаруаның бір малы екеу болып, көңілі өсіп, жасы үлкендер құшақтасып көрісіп, жаңа өспірім жас буын қуанысып күлісіп, жанның бәрі дүниеге жаңа келгендей мәз-мейрам болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <http://m.inform.kz/kz/article/2361210>

2 <https://www.zharar.com/tags/22+%D0%BD%D0%B0%D1%83%D1%80%D1%8B%D0%B7+%D0%BC%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BA%D0%B5%D1%81%D1%96+%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B+%D1%80%D0%B5%D1%84%D0%B5%D1%80%D0%B0%D1%82/>

3 <http://yvision.kz/post/133842>

ЭТНОМӘДЕНИ КОД РЕТІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕГІ

КАБИДОЛЛА Б.

11 «б» сынып оқушысы, №21 жалпы орта білім беретін мектеп, Екібастұз қ. КАЛЫБЕКОВА Ш. А.
ағылшын пәнінің оқытушысы

Қазақтың ою және өрнек деген қос сөзі біріге келіп, латынша орнамент деген ұғымды білдіреді. Орнамент көп елдің сіңген

интернационалдық термин. Мағынасы –сәндеу, әсемдеу. Осы сәндеу, әсемдеудің бір түрі, яғни хайуанат, жан-жануарлар және өсімдік белгілері мен мүшелері немесе геометриялық фигуралар іспеттес элементтердің үнемі ырғақты қайталанып, симметриялық орналасқан көркем өрісі мен құрылымын ою дейміз.[1,256]

Ою күнделікті тұрмыста үй жиһаздарын-сырмақ, текемет, көрпе, сандық, кебеже, жүкаяқ беттерін, сондай-ақ киім-кешектерді, қабырғаларды тағы басқа безендірілуге қолданылады.

Өнердің басқа да түрлері секілді, ою-өрнектенде оқушылардың ой өрісі мен білімдерін жан-жақты дамуға әсері мол. Әрбір оюшы ою-өрнек жасап, оған ат беріп, оны тұрмыста қолданған. Сондықтан қазақтың ұлтық ою-өрнектерінің ең басты мәнері, ең көп түрі. Ою-өрнектерді құрастыру үшін шеберлер өсімдіктер мен гүлдердің суреттерін қолданған. Осыдан өрнектер барлық әлем халықтарының мәдениетінде көп кездеседі. Өсімдікті оюлар қазақтың қолтаңбалы шығармашылығында лайықты орын алады. Олар-жапырақтар, жапырақшалар, үш жапырақты өсімдіктер, бірегүлдер, гүлдер. Мысалы, гүлдердің барлық түрінде символ-гүл ою-өрнегі. Шебер әйелдер киім кешектерде әшекейлегенде өсімдік өрнектерді жиі қолданады. Күрделі композиция құрайтын ою-өрнектерінің бір түрі-табак. Оның жиегі су ою-өрнектерден әшекейленген. Ал ортасында гүлде, жапырақтар, шырмауықтар орналастырған. Табак оюы ас үй жиһаздарымен түскііздерді, аяққаптар (ыдыс-аяққа арналған, уықпен керегеге ілінетін киізден жасалған дорба) мен дастархандарды әшекейлеуде пайдаланады. [2,756]

Кілемдер, текеметтер, алашалар өсімдікті ою-өрнекке өте бай. Кейде аралас өрнектерге бұйымдарда кездеседі. Оның көрнекті үлгісі- кигіз үй. Киіз іші ерекше құмарлықпен жасалған. Ою-өрнекпен әшекейленген жиһаз, ыдыс-аяқ, шиден жасалған өрнек тоқыма, кесте бұйымдар, түскізде киіз үйдің ішін жайнатып жібереді. Бұл өнер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді және әр түрлі мәнер жасауда жиі қолданылады.

Ою-өрнек дегеніміз – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылығы, шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, көңілді ашады, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді. Өнерге деген махабат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады. Осыдан шыға отырып,

жалпы ою-өрнек дегеніміз – қазақ мәдениетінің шежіресі, ата-бабадан қалған мәдени мұра. Ою-өрнектер, мән-мағынасы жағынан әр түрлі ойға жетелейтін, ұлттың этнографиялық ерекшелігін айқын көрсететін мәдени мұраны дәріптей білу біздің қолымызда. [3,88 б]

Қазіргі кезде зерттеуші ғалымдар қазақ ою-өрнегінің 250-дей атауларын жинақтаған. Ежелгі ою-өрнектердің атаулары мен үлгілеріне және оның өрбу тарихына талдау жасау арқасында. Ою-өрнектердің бұл тобын, қазақ халқының ою-өрнектерінің төркіні деуге болады. Өйткені барлық жаңа буындар осының негізінде жасалып, тек атаулары өзгеріп отырған. Мысалы, қошқар, арқар мүйіз, бұғы мүйіз, қырық мүйіз, қос мүйіз, сынар мүйіз, сынақ мүйіз, өркеш мүйіз, төртқұлақ, түйе табан, сынар өкше, қос алқа, құс қанаты, қаз табан тағыда басқа ою-өрнектердің негізгі арқауы. Осы элементтерден ою-өрнек композициясы жасалады. Қазақ оюларының мазмұны мал өсіру мен аңшылықты, жер-су, көшіп қону көріністерін, жалпы тұрмыс-тіршілікті бейнелеген күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі заттардың сыртқы бейнесінен аңғаруға болады. Дәл осы ою-өрнектер даму үрдісіне түсіп көптеген басқа, біздің заманымыздың көрінісі бола алатын ою-өрнектердің шығып жатқанын көре аламыз. Соның дәлелі ретінде біз бірнеше ою-өрнектерді талдап көрсетеміз. [4, 63 б]

Қазақы тұрмыста қолданылатын заттар ою тілімен аң-құс, жануарлар дүниесінің түрлері кездесуі кездесоктық емес. Егіз аңды, жануарларды бейнелегенде өмірде бейбітшілік пен тепе-теңдікті сақтау ұғымы білдірілген. Қазақ өнерінде аттың, аққудың қыранның, арқардың, қошқардың атаулары мен ою түрінде де кездеседі нақты дәлелі. Осы аң-құстар үй жануарлары киелі саналған, киесіне сенген, сол үшін құрметтеген. Қыранды батыл, батыр, алғыр деп ардақ тұтқан. Ойлау шеңберіне сиябермейтін қиял-ғажайып көріністерден тұратын образдар емес, күнделікті тұрмыста кездесетін өз халқымызға жақын аң, құс үй жануарларының сәндік әшекейде орын алуы сол аталған киелі түліктермен етене жақын араласудың айғағы болар.

Оюларды уақыт талабына сай сұрыптай отырып, ұлттық негізде қазақ халқының өнер туындысы деп бағалауға тұрарлық, шет елдерге ұлттық мақтаныш, ұлттық мұра белгісі ретінде ұсына алатын, мән-мағынасы жағынан тереңнен, мазмұны күрделі, сапасы жағынан көзге жылулық силағандықтан көркем, әсем болып келетін ұлттық ою-өрнек. [5,456]

Қазақ ою-өрнегі қошқар мүйіз түрінен бастау алатындықтан қандай ою түрін жасағанда да осы ою түрі басты көрініс табуы

қажет. Басы қошқар мүйіз оюынан бастау алған өрнек дами келе неше алуан түрге еніп, аражігі әртүрлі ою-өрнектермен толыға келе үлкен күрделі ою түрі шығады. Ою атасы қошқар мүйізі басталған өрнек түрлері бір-біріне үйлесе сән бере келе бірігіп, жымдасып, байланыс пен сәндік тауып жасалатын ою түрін әрлендіре түседі. Табиғаттағы әсем гүл шоғырындай ою-өрнекте өз шеберін тапса жарасып, құлпырып, көз тартып, көзге қуаныш, көңілге жылылық, ортаға әсемдік, сұлулық шашып тұрары анық. Біздің Ата-Бабаларымыз осындай өнер түрін өзінің шырқау шыңына жеткізе білген. [6,110 б]

Ою-өрнек бір-бірімен қабысып, жымдасып, өскен арқандай бірігіп тұруы керек. Ара жігі бадырайып үйлеспей олпы-солпы болса онда ою өзінің сәнін, сұлулығын, үйлесімін тіпті мазмұнын жоғалтуы мүмкін.

Халқымыз сәндікті, сұлулықты сүйген, өнер туындыларының жетілген түрлерін өмірге енгізген, тұрмыста қолданған. Сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насихаттаған. Сұлулықты сүйген халық жүрегі нәзік, таза, ақжарқын, қайырымды болған. Міне ғасырлар бойы Бабаларымыз ешкімнің ала жібін аттамаған, сырт елге соғыс ашпаған. Қайта басқа елге қамқор болған. Сол қамқорлық күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Басқа ұлт өкілдерін бауырымызға бастық. Халқымыз Ата-Баба дәстүріне, салтына, мәдени-мұраға адалдықпен қараған. Қаншама алапат соғыс, қуғын-сүргінді бастан өткерседе атадан қалған киелі жәдігерді шамасы келгенше тастамаған. Соның бір айғағы марқұм өз атамнан қалған Байпақпайұлы Нығметұлланың арғы бабадан мұра болып келе жатқан емен ағашынан жасалған, күміспен қаптап безендірілген үш ғасырлық тарихы бар асатаяқ қаншама қуғын-сүргін көрседе жоғалытпай аман сақтап бізге жеткізіп кетті. Осындай бабалар мұрасын қастерлеп сақтау, мәдени-мұрамызды дамыту. Егемен еліміздің әрбір азаматының басты мұрат-мақсаты екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Ою хан мен Жою хан» Алматы 2004, Сағатбек Иедеубекұлы.
- 2 Б.Әбілқасымов. «Ою-өрнек сыры». А., Ана тілі, 1991.
- 3 «Мәдени мұра» журналы №3(24)маусым-шілде 2009 Шөптібай Байділдин «Оюмен өрнектелген ой» мақаласы.
- 4 «Мәдени мұра» журналы №4(31)тамыз-қыркүйек 2010 Гүлнұр Қыдырбекова «Кілемдер әлемі» мақаласы.

5 «Мәдени мұра» журналы №4(31)тамыз-қыркүйек 2010 «Сак мұрас» мақаласы.

6 «Қазақстан тарихы» Алматы «мектеп» 2010 С. Жолдасбаев.

ТРАДИЦИОННЫЙ И СОВРЕМЕННЫЙ ПРОДУКТ – КУРТ

КАБЫЛШАРИПОВ А.

ученик 8 класса, Узынсукая СОШ,
Иртышский район, Павлодарская область

МОЛДАБЕКОВА А. М.

учитель казахского языка и литературы, Узынсукая СОШ,
Иртышский район, Павлодарская область

В данной статье хочу рассказать о важной и значимой роли молочного продукта. Курт- национальное казахское блюдо. Как традиционное национальное блюдо хорошо сохранила свой качества. В продукте большое значение имеют полезные свойства и чистота продукта т. е не используется добавление различных пищевых химических продуктов. Продукт экологически чист. Так как готовится из молока. Продукт хорошо использовали в кочевое время.

Курт был изобретён кочевыми народами Центральной Азии. Представляет собой белые шарики (иногда приплюснутые) размером с абрикос или меньше, иногда делаются в виде цилиндриков путем обжаривания в ладони.

Курт - это просто солёный сушёный творог. По-казахски курт - это «катышек», это название скорее способа консервации молочных продуктов сушением, чем конкретное блюдо. В оригинале курт делают из кобыльего молока, но это не критично - курт делается и из верблюжьего, и из овечьего, и даже из коровьего молока. [1,136с]

Курт бывает трех видов:

1. Солёный сушёный, когда масса обильно солится, затем процеживается и сушится в виде шариков или цилиндров, обжаренных в ладони и сохраняющих следы обжаривания.

2. Варёный и просушенный. Масса варится на протяжении двух-трех часов, затем скатывается в виде шариков или цилиндров, которые затем сушатся на солнце.

3. Варёный пастообразный. Такой курт добавляется в сорпу (бульон). Следует отметить, что сушёный курт также могут добавлять в бульон, но в таком случае его предварительно размягчают в воде или бульоне.

Например у башкир представляет собой шары размером с апельсин. Башкиры часто добавляют кислый курт в мясные жирные супы. Вкус — сухой, солёный, бывает сладковатый и кислый. Очень сытный. Слово образовано от способа приготовления («коро» — тюрк. «сухой», «высушенный»). Готовят из овечьего, козьего, коровьего молока.

Солёный курт изготавливается путём вывода влаги из сгущённой молочной массы катыка. Для этого мешочек с катыком подвешивается в тени и влага стекает через ткань в течение нескольких дней. Образовавшаяся густая питательная масса называется сузьма, и является сама по себе отдельным пищевым продуктом. Далее в сузьму чаще всего добавляют соль, потом из него руками катают шарики, диаметром 1—5 см. Варёный курт предварительно варят 2—3 часа, затем процеживают и скатывают в форме шариков или цилиндров. Соль при этом не добавляется. Эти формы высушиваются на солнце в течение нескольких дней, иногда доводятся до твердокаменного состояния. Чем твёрже курт, тем дольше его можно хранить, что оказывается очень выгодным свойством при длительных переходах. [2,35с]

О полезных свойствах данного продукта можно сказать, что он обладает уникальным составом: полноценные молочные белки, биологически активные вещества, углеводы, ферменты, микроэлементы, витамины. В курте много витамина А, который улучшает зрение, способствует росту человека, укреплению иммунитета и обновлению клеток, а также омоложению кожи.

1	2	3	4	5
	Варёный (Буыр (катык))	8,12±0,2	2,2±0,05	21±0,6
	Варёный (Терт бұрышты (жарм))	8,14±0,15	6±0,08	51±1,3
	Продолговатый (Узынсу кыр)	4,4±0,11	2,4±0,14	20±0,4
«Отжаты»	Частичноотжаты с кислой (Терт бұрышты ойык)	2,4±0,02	2,4±0,02	13±0,3
	Ромбовидный (Ромб терізд)	3,7±0,11	3±0,03	13±0,3
	Цилиндровидный (Палындар терізд)	3±0,07	2±0,14	17±0,5

Так же в курт много витамина D, играющего не последнюю роль в профилактике и лечении раковых заболеваний. Детям курт рекомендован для профилактики рахита. Кальций, которым так богат курт, улучшает обмен веществ в организме и укрепляет костные ткани, поэтому считается, что частое потребление курта сокращает развитие остеохондроза.

В таблице представлено 12 различных форм трех видов курта — «выпарного», «глыбчатого» и «отжатого». Характерно, что все формы по длине и высоте не отличаются. Установлено, что размеры курта всех форм находятся в пределах от 2,51 до 8,14 см в длину и от 2,00 до 6,00 см в высоту. Это свидетельствует о том, что в пределах одной и той же формы курт может быть различной длины и высоты. Наибольшей массой обладает «глыбчатый» курт, вес которого составляет от 17 до 57 граммов, тогда как масса других колеблется в пределах до 17 граммов, за исключением округлой, плоской и продолговатой форм, относящихся к «вареному» виду курта. Изученная общая технология приготовления матричной массы кисломолочной творожной массы, которая практически используется для производства всех разновидной и форм курт

Как видно из таблицы, продолжительность створаживания молока у различных мастеров занимает от 2 до 12 часов, составляя в среднем 6,8±0,96 часа, тогда как на фильтрацию молочной сыворотки уходит от 8 до 12 часов, в среднем 10,4±0,5 часа.

Витамин Е присутствующий в куртe - замедляет процесс старения клеток, обогащая кровь кислородом, предотвращает образование тромбов. Курт - нейтрализует излишне жирные блюда, так как повышенная кислотность продукта способствует расщеплению жиров. Растворенный в холодной минеральной воде курт, прекрасный освежающий напиток. Сублимированный курт был включен в меню космонавтов, которые высоко оценили его вкусовые качества. Курт полезен как для детей, так и для взрослых.

Для нашего рынка это достаточно новый и интересный продукт.

Хронометраж продолжительности этих процессов народных мастеров приведен в таблице

Таблица 2 – Химический состав курта (%)

№	Формы курта	Вода	Сухое вещество	Белок	Жир	Соли	Сахар
1	Квадратный курт	12,7	87,3	24,6	54,4	0,92	7,4
2	Плоский курт	13,4	86,6	25,4	56,2	0,86	4,2
3	Округлый курт	13,2	86,8	26,2	56,8	0,86	2,9
4	Отжатый курт	14,2	85,8	27,0	57,2	0,78	0,9
	М±m	13,3±0,23	87±0,25	26±0,41	56±0,45	0,9±0,02	4±0,95

Как видно из таблицы 2, содержание воды, сухого вещества, белка, жира, минеральных солей и сахара в различных формах и видах курта имеет относительную идентичность, вполне возможно определить биологическую ценность разновидностей продукта.[3,140с]

Таким образом, установлено 20 разновидностей и форм курта, изучены химический состав, промерные характеристики (длина, высота, вес) различных форм курта. Полученные данные могут быть основой для разработки промышленной технологии производства изделия. Этот весьма полезный продукт может обеспечить жизнедеятельность людей при экстремальных ситуациях, таких как военные действия войск в горных условиях, в пустыне, в различного рода экспедициях, альпинистских и туристических походах и делает данный продукт конкурентно способным на мировых рынках.

Таблица 3 – Хронометраж продолжительности технологических процессов по изготовлению курта

№	Условное обозначение мастеров производителей курта	Продолжительность технологических процессов в часах		
		Створаживание	Фильтрация	Сушка
1	2	3	4	5
1	A	6	12	96
2	B	8	8	144
3	B	2	10	120
4	Г	4	12	96
5	Д	10	8	144
6	E	12	11	120
7	Ж	5	12	96
	М±m	6,8±0,96	10,4±0,5	117±5,9

Курт — национальный продукт. Впервые он обнаружен при раскопках Пазрыкских курганов на Алтае. Это сухой кисломолочный продукт, предназначенный для длительного хранения и использования. Он используется как источник белка, минеральных солей и витаминов — как кисломолочный напиток, а также для сервировки стола. Растворенный в мясном бульоне курт обладает большими питательными и энергетическими качествами, надолго

продлевая время приятного состояния насыщения организма пищей, т.е. регулирует состояние равновесия между центрами голода и насыщения.[4]

Хочу сказать, что курт - продукт национальный, современный. Продукт имеет целебные и лечебные свойства. Продукт экологический чист. Его можно готовить и в домашних условиях.

Как гражданин своей страны, я буду рад, если продукт станет национальным брендом и представит Казахстан на международных выставках.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Қазақстан: Национальная энциклопедия. 6-т. — Алматы, 2004. — 136-с.
- 2 Катран Д. «Культура продуктов - казахского народа» - Алматы, 2002.
- 3 Матюхин З. П. «Основы физиологий, питания, гигиены» Просвещение 1999г
- 4 Материал из интернета: <http://www.wikipedia.org/>

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ БЕСІКТІҢ РОЛІ

ҚАЙДАРОВА А.

7 «В» сынып оқушысы, №9 ЖОМГ, Павлодар қ.

ОМАРОВА Ә. М.

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, №9 ЖОМГ, Павлодар қ.

Қазақ –көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып – дәстүрі бар, этнографиялық ахуалы әр қилы, пейілі өзінің байтақ даласындай кең де қонақжай халық.

Бесікке салу – нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді әйелге тапсырылады. Бесікке салған әйелдерге көйлек, жаулық сияқты сый тартылады. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді

Сондықтан біз ізденіс жұмысымызды бесіктің балаға тигізетін пайдасын зерттеуге, қазіргі замандағы ролін анықтауға арнадық.

Көшпелі өмір кешкен қазақ халқының аса қастерлеп ұстаған мүлкі бесіктің қадір-қасиетін кім білмейді? Бесік – өмірге жаңа

келген періште-сәбидің ақ отауы, оның ер жеткенде алаңсыз балалық шағын есіне түсіретін ардақ тұтар асыл бұйымы емес пе?! Бесікке бөлеу – қазақтың ежелгі салт – дәстүрі.

Бесік – қасиетті, киелі құтты мүлік. Сәбидің алтын ұясы болып есептелінеді.

Бесікті баланың нағашы жұрты арнайы жасап сыйлыққа тартқан.

Бесік – нәрестені бөлуге арналған ағаш төсек. Кіндігі түскен баланы 5 күннен кейін бесікке салады. Ал бесіктің құрылымы балаға гигиеналық тәрбие беруге лайықталған әрі алып жүруге жеңіл, ықшам және берік. Ол баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына жағдай жасайды. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне де тиімді.

Бесікке қатысты тыйымдар мен ырымдар.

1. Бос бесікті тербетуге болмайды.
2. Бесікті сатуға болмайды. Бесікті саудаламайды.
3. Кез келген адамға беруге болмайды.
4. Аяқ астына тастауға болмайды.
5. Бесіктің өзін отпен аластап қояды.
6. Бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырмау керек. Үстіне ақ мата жауып, ең болмағанда ұршығына орамал байлап қою қажет.
7. Бесіктің теріс жағына отырмайды.

Қазіргі кезде бесік жырын аналар айта ма ?

Дүниеге жаңа келген жас сәбидің өмірге деген құштарлығын, айналасына деген сүйіспеншілігін қалыптастыратын алғашқы қадам – ол ана жүрегін жарып шыққан «Бесік жыры».

Айтуға ұят, әрине, қазіргі уақытта бесіктегі сәбиді ұйықтату үшін, ойнату үшін ұялы телефонды нәрестенің бас жағына қойып даңғыраған шетел музыкасын қосатындар баршылық. Ол әлі дамымаған сәбидің психологиясына қалай әсер етеді? Бала түгілі ересектер қолданса зияны көп ұялы телефонымыз бесіктегі балаға өзгеше қатерлі екеніне сол жас аналар неге мән бермейді?!

«Баланың бесігі – кең дүниенің есігі» деген екен данышпан Төле би бабамыз. Бесік кең дүниенің есігі болса, сол бесікте жатқан сәби даңғыраған еш тәлім-тәрбиесі жоқ шетел музыкасын тындап өссе, баланың болашағы не болмақ?

«Жас балаға қазақтың әлди-әлди деп басталатын бесік жырын жырлау керек.

Көп жағдайда бесіктің орнына памперс қолданылады. Памперс синтетикалық заттан жасалғандықтан бала денсаулығына зиян, ауа өткізбейді. Ал, оны бесікке бөлемей, ұзақ уақыт памперс кигізіп өсірсе, ер жеткенде түзге отыруының шартты рефлексі жөнді қалыптаспайды. Памперс тек қана су сорғыш есебінде қуық төңірегіннің жылуын тұрақтандырады. Оны 12 сағаттан арттық кигізуге болмайды. Дәрігерлер памперсті 2 айға дейін ғана қолдануға рұқсат етеді. Ал, бесік жалпы дене жылуын тұрақтандырады.

Қазір баласын бесікке бөлейтін ата-ана аз. Тіпті «бесік зиян...» дейтіндер де бар.

Менің сұраныс өткізген үйлерде:

«Мына бір «памперс» деген пәле болды, – дейді ол ызаланып, баланың бұтын қарығаннан басқа түк пайдасы жоқ. Ана үйдегі келінге бесіктің пайдасын айта-айта шаршадым. Памперске әбден сеніп алған, менің айтқанымды құлағына ілмей жүр», – деп көптеген әжелер ызаланып айтуда.

Енді осы «памперс» біздің қазаққа да келіп алды. Орнығып, іске кіріскеніне тіпті оншақты жылдың жүзі болып қалды.

Әже бұдан соң өздерінің жас кезінде бесікті қалай пайдаланғаны жөнінде жырқып айта бастады. Оның айтуынша, бесік деген – сәби үшін де, оның шешесі үшін де өте тиімді. Бесіктегі бала:

➤ біріншіден, таза өседі.

➤ екіншіден, асты құрғақ баланың ұйқысы да тыныш болып, анасының мазасын көп алмайды. Ал памперс киіп, емін-еркін жатқан бала ербендеген қол-аяғынан шошып, жиі оянады. Ұйқысы тыныш болмаған соң, ол бала мазасыз болады. Дұрыс демалмаған мұндай балалардың зердесі толық жетілмейтіндігі медицинада әлдеқашан дәлелденген.

➤ Үшіншіден, бесікте күн ұзақ құндақтаулы жатқан балаға салқын да тимейді, яғни көп ауырмайды.

➤ Төртіншіден, көп уақытын бесікте өткізетін бала сырт көзден тыс болады. Ал бұл не болса, сол үйір келетін сәбидің тіл-көзден аулақ болуына септігін тигізеді.

➤ Бесіншіден, дүниеге келген сәттен бастап, құндақта жатқан баланың денесі тіп-тік, аяғы түп-түзу болып өсетіні барша жұртқа белгілі. «Нәресте ұйқымен өседі» дейді атам қазақ. Олай болса, сәбидің тыныш ұйықтауына бесіктен артық жайлы орын жоқ.

➤ Алтыншыдан, бесік белгілі бір ырғақпен ғана тербетіледі, бұл жағдай баланың жүйкесін қалыпты жағдайға түсіріп, мінезінің сабырлы болуына негіз болады. Сондай-ақ бесіктегі бала ана әлдиін

тындап өседі. Ал мұндай бала қайырымды болып қалыптасады. Бесік жырын тындап өскен баланың қанына ұлттық қасиет дариды. Бесікте жатқан бала таза болып қана қоймай, жұқпалы аурудан да сақ болады (№ І кесте)

Бесіктің пайдасы жөнінде біршама әңгіме айтқан көрші әжем мені де ойға қалдырды. Расында да, қолда барда жақсының қадірін біле бермейтініміз рас. Әйтпесе, баланың қалыпты өсуі үшін бесіктен артық не бар? Жастардың соңғы кезде памперске үйреніп алғаны рас. Олар алдымен памперсті баланың құрғақ жүруіне септігін тигізеді деп ойлайды. Содан соң оған кірді жиі жуудан құтқаратын бірден бір дүние деп қарап, жиі пайдалануға ұмтылады. Памперстің осындай тиімді жақтары бар екені рас, бірақ оны балаға үнемі кигізіп қоюға болмайды. Себебі көпшіліктің айтуы бойынша, памперсті үнемі киіп жүретін бала соған сеніп алып, дәретін астына жібере салуға үйреніп кетеді. Ал бұл әдеттің бала тазалығына нұқсан келтіретіні өз алдына, сәбиді ауру қылатыны тағы бар. Дәрігерлердің айтуынша, памперс жас баланы «ночной энурез» деген науқасқа шалдықтырады екен. Яғни баланың памперске үйреніп кететіні сондай, кейін өсе келе ол дәретін өздігінен игере алмай қалатын көрінеді. Осыдан келіп, баланың жүйке жүйесі нашарлап, неврологиялық ауруға шалдығады. Қазіргі таңда памперсті үнемі киген балалардың дені осындай сырқатпен ауырады екен. Түнде төсекке, күндіз іш киіміне еріксіз жіберіп қоятын баланың өзінен-өзі қорқақтап, жасқаншақ боп өсетіні рас. Ал мұндай жағдайдың баланың мінез-құлқының қалыптасуына теріс әсерін тигізетіні айтпаса да түсінікті. Оның үстіне памперс балалардың жыныс мүшелерінің жетілуіне кері әсерін тигізеді деген де әңгіме бар. Ойланған адамға бұл әңгіменің жаны бар секілді. Сондықтан жастар жоғарыда айтылғандарды қаперіне алып, уақытша жан тыныштығынан гөрі балаларының болашағын ойлағаны дұрыс.

Нәжісті сіңіріп, химиялық жолмен буландырып жіберетін қоспалар адамды белсіздік пен бедеулік ауруына душар ететіні жайлы барлық жерде жазылып жатыр. Дәрігерлер соңғы жиырма бес жылда Еуропада жаппай белең алған белсіздік ауруын тікелей «памперспен» байланыстырады. Өйткені, памперс киіп өскен баланың қуаты қырық жасқа жетер-жетпесте тоқырап қалады екен. Жас бала «памперске» кіші дәретті жіберген мезетте, әлгі табиғи температура бірден жоғарылайды. Аздан кейін «памперске» сіңген зәр қайтадан мұздай болып суиды. АҚШ және Еуропа елдерінде озық ойлы дәрігерлер «памперсті» қолдануға қарсы екенін басылымдардың бірінен оқығанмын. «Негізінен кішкентай

сәбиге памперсті барынша кигізіп қажет емес, өйткені ол баланың терісін құрғатып жіберуде мүмкін және аллергиялық қызаруларға әкеп соқтыруы мүмкін. Егер сәби кішкентай болса бесікке бөлеген жөн, ал кішкене есейген кезде горшокка үйреткеніңіз абзал...»-деген пікірлерді интернетте де жалпы арналарда да айтып отырады.

Мен бұл пікірді қолдаймын. Өзім туып-өскен аулада мен «Бесік бізге керек пе немесе памперс керек пе?» деген сұраныс өткіздім. Сұранысты 30 көрші арасында өткіздім. Сондағы 10 жас ана «керек емес», ал 15 әже және 5 жас ана «керек» деп жауап берді. Пайызға аударғанда былай болып шықты 33% керек емес, ал 67% керек деп есептеді.

Менің нағашы әпкемде егіз қыз туды. Менің ғылыми жобамның тақырыбы бесік және памперс туралы болғандықтан, мен жазғы демалысымда нәрестелер арасында зерттеу жасауға рұқсат сұрадым. Әжеме маған зерттеу үшін бесік қажет екендігін айтып, бесік сұратып алдым. Сонда біз Әдияні бесікке бөлеп, ал Жәнияні коляскаға салдық. Он күн байқау жасадым. Әдия түні бойы тыныш ұйықтады, Жәния болса, бірнеше рет оянып, мазасызданды. Осы кезден бастап мен Жәниянің неге мазасызданғанын байқай бастадым. Әпкем балаға памперсті ауыстарған сайын мен өзімнің бақылау кестеме уақытын тіркеп отырдым.

Әпкем Жәнияға памперс кигізгенде, бала өзін басқаша сезінетінін байқадым. Бірнеше күннен кейін Жәниянің денесінде аллергиялық қызарулар пайда болды, бала мазасызданып, дұрыс ұйықтамады. Сонда біз памперстің баланың денсаулығына қандай зиян әкелетінін байқадым. Памперс киіп, емін-еркін жатқан бала бос жатқан қол-аяғынан шошып, жиі оянады. Ұйқысы тыныш болмаған соң, ол бала мазасыз болады. Дұрыс демалмаған мұндай балалардың зердесі толық жетілмейтіндігі медицинада әлдеқашан дәлелденген. Келесі он күнде керісінше, Жәнияні бесікке бөлеп, Адияні коляскаға салып, памперс кигіздік. Жәния сол кезден бастап тыныштана бастады, Адия бесікке үйренгендіктен коляскада, тіпті памперсте жата алмай, жылады. Тіркеп отырған қағазға қарап, әпкем, әжем үшеуіміз мынадай сәйкестік шығардық. Біз апта бойы екі нәрестеге зерттеу жүргіздік. Зерттеу кезінде барлығымыз екі қыздың әрекетін зерттеп кестеге жазып отырдық. Апта соңында қорытынды жасадық. Мынадай тұжырымға келдік. Бесікке бөленген Адия тыныш жатты. Жәния жиі мазасызданды, өйткені денесі қызарып, жылады. Оған күніне 10 памперс кетті. Памперстің ең арзанын кигізсе, 480 теңге, ал қымбаттырағынан алса, 660 теңге кетеді.

Жаялықтарды зерттеуде әжем екеуіміз дүкендерді аралауға шықтық. Сонда жаялықтардың түр-түрі бар екенін көрдік, бағаларын салыстырдық. Жаялықтардың атаулары көп екен. Олар: EVYBI, HAGGIES, MOLFIX, MONY, LIBERO, MERRIES, PAMPERS. Бірден бағаларын қарадық. Сонда біз әжеммен жаялықтарды салыстыру үшін EVYBI, HAGGIES, PAMPERS түрлерінің нөмір 1 (2-5 салмаққа арналған) сатып алдық. EVYBI-дің 1 дана бағасы 40 теңге, HAGGIES-тің бір дана бағасы 50 теңге, PAMPERS-тің 1 дана бағасы 55 теңге.

EVYBI-ді сәбиге кигізгенде, мынадай кемшіліктер көзге көрінді:

- сапасы төмен және кигізгенде дене пішімі бойынша дәл келмеді
- іші дымқыл болды
- жаялықтың үстінгі қабаты үлбіреп қалды

HAGGIES-ті нәрестеге кигізгенде, осындай кемшіліктер шықты:

- жағымсыз иіс шықты
- жаялықтың мақтасы қалды
- сапасы төмен

PAMPERS-ті кигізгенде мынадай кемшіліктер пайда болды:

- баланың денесі дымқыл болды
- суды дұрыс сіңдірмеді
- сапасы орташа

Дәрігерлердің айтуы бойынша 2 сағат сайын ауыстырса, сонда EVYBI-ді сатып алғанда күніне 480 теңге, айына 14400 теңге, 6 айда 86 400 теңге қаражат шығады.

HAGGIES-ті сатып алғанда күніне 600 теңге, айына 18000 теңге, 6 айда 108000 теңге қаражат шығады.

PAMPERS-ті сатып алғанда күніне 660 теңге, айына 19800 теңге, 6 айда 118800 теңге ата-аналар қаражат шығарады.

1990 ж. бас кезінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев республиканың барлық ұлттық мәдени қозғалыстарын бір ұйымға – Қазақстан Халқы Ассамблеясына біріктіру туралы ұсыныс жасап, 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халық Ассамблеясы құрылды. Қазақстан халқын бірлікке шақыратын қоғамдық институттың ары қарай да жемісті жұмыс істеуі үшін 2002 жылы 26 сәуірде Елбасы «Қазақстан Халқы Ассамблеясының стратегиясы мен ережесі туралы» жарлығын шығарды. Аталған құжатта Қазақстан халқының бірлігін, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтудағы Қазақстан Халқы Ассамблеясының рөлін одан әрі көтеру мақсатындағы қаулысында Қазақстан халықтарының 2011 жылға дейінгі стратегиясы, мақсат-міндеттері, мемлекеттік ұлттық саясатты қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ереже, Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясын іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралар қолданылуы сияқты мәселелерді көтерді. Одан кейінгі жылдарда да қабылданған Жарлықтарда ұлтаралық қатынастар саласындағы жұмыс басшылыққа алынып, Қазақстандағы ұлттық қарым-қатынасты дамытудағы жалпы азаматтық тенденцияларды күшейту іс-

шаралары қойылды. Қазақстанның ұсынысы және қолдауымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының тарапынан қолдау тапқан бастамалардың бірі – 2010 жыл «Халықаралық мәдениеттер жақындастығы жылы» деп жариялануы. Осыған байланысты өткен маусым айында Астанада өткен Халықаралық форумға Парламент депутаттары, Франция, Түркия, Ресей сияқты алыс-жақын шетелдерден келген өкілдер, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, қоғам қайраткерлері мен ғалымдар, жазушылар мен сарапшылар, этно-мәдени бірлестіктердің жетекшілері бас қосты. Қазақстан халық Ассамблеясы көпұлтты елдің тұрақтылығын, бірлігін сақтауға ұйытқы болды. Қазіргі кезде республикада 46 этностық топқа жататын 621 ұлттық-мәдени бірлестіктер бар. Ұлттық орталықтар қоғамдық ұйымдардың елеулі бір бөлігі болып табылады. Ақмола қаласында 1989 жылы «Тіл және мәдениет» қазақ қоғамы, «Видебург» неміс қоғамы, «Дружба» көріс қоғамы, «Вайнах» шешен-ингуш қоғамы, «Ватра» украин қоғамы, «Полония» поляк қоғамы, «Таң» татар-башқұрт қоғамдары құрыла бастады. Қазіргі таңда Астана қаласында 22 ұлттық-мәдени орталықтар әділет басқармасынан тіркеуден өткен және толыққанды жұмыс істеуде.

Қазақстандағы ұлттық-мәдени орталықтар бүгінгі күні барлық қоғамдық, мәдени іс-шараларға белсене қатысады. Наурыз мейрамы, «Қазақстан халықтары достығы фестивалі», «Тілдер мерекесі», сонымен қатар «Масленица», «Рождество» сияқты мерекелерді де өткізеді. Ұлттық-мәдени орталықтар Қазақстан халқы Ассамблеясы және «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асыруда ұлтаралық татулық пен бірлікті нығайтуда, халықтар достығы мәселелері аясында көптеген қоғамдық-саяси және көпшілік-мәдени іс-шаралар ұйымдастырды. Сонымен қатар Қазақстан Халқы ассамблеясы аясында облыстардағы Кіші ассамблеяның аудандық, қалалық, облыстық ұлттық-мәдени орталықтары қызмет атқаруда.

Қазақстанда ғасырлар бойы түрлі этностардың бірге тұруы айрықша қазақстандық менталитетті қалыптастырды. Осы заманғы Қазақстанның бірегейлігі этностық сан алуандығында. Бұл қазақстандықтарға басқа халықтармен құнды мәдени жетістіктерді алмасу мүмкіндігін беретін біздің бүкіл қоғамның орасан зор байлығы, ортақ жетістігі.

Дегенмен, адамзаттың әділет күресі мен жарқын өмірге ұмтылысының нәтижесінде, заман ағымының әрі қарай аяқ басуы, олардың еріксіз келген орында шегерілмей, атамекендеріне

оралуы немесе тұрақтап қалған жерлерінде, олардың осы елдің азаматтары ретінде қайта қалыптасуына септігін тигізді. Қазақстан жеріне күштеп қоныс аударылған ұлттар мен этностар халық шаруашылығының әр саласында ауыр да, өте қиын жұмыстарды атқарып, еңбек етті. Әртүрлі ұлт өкілдері: корей, неміс, шешен, ингуш, түрік, қалмақ, қарашай халықтарының көпшілігі т.б., ауыл шаруашылығының әртүрлі саласында, өнеркәсіп орындарында, құрылыста, мәдени-ағарту мекемелерінде еңбек етіп, алдыңғы қатардан табылды. Олардың арасынан шыққан танымал өнер қайраткерлері, ғылымға үлесін қосқан көрнекті ғалымдар, жазушылар, республиканың озат педагогтары, мәдениет, қоғам қайраткерлері де аз емес. Тарихи Отанына қайта алмай, тұрақтап қалған аз ұлт өкілдерінің көпшілігі Қазақстан жерінде өніп-өсіп, өркендеп отыр. Келмеске кеткен тоталитарлық жүйе, жер аударылған халықтардың трагедиялық тарихына қиянаты, ойланбай істелген іс - шаралары арқылы жазылмас жара, өшпес із қалдырды. Қазір қазақ жерінде 130-дан аса ұлт өкілдері өмір сүріп, еңбек етуде.

Қорыта айтарымыз, сонау бір отты жылдарда Отандарынан айырылып, айдауға түскен, еріксіз жер аударылғандардың өздерінің де, ұрпақтарының да, бүгінде жолдары ашық, болашақтары ел келешегімен бірге екені баршаға мәлім. Өйткені, сол бір қиын-қыстау кезең, Қазақстанның барлық ұлттарына бірдей сын болып, оны бәрі бірге көтерген ұлттар мен ұлыстар, болашағының тек қана бірлікте екенін жете ұғып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстанға жер аударылған ұлттардың әлеуметтік-саяси тағдырын зерттеудегі өзекті мәселелер // «Қазақ Ұлы Отан соғысында: тарихы, зерттеу әдіснамасы және замануи көзқарас» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 1-ші бөлім. Өскемен, 29-30 сәуір, 2010 ж.. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2010. - 93-100 бб.

2 Көшпелі қазақ халқын түсіну (корей тілінде). – Kazakhstan: Eursian Golden Hub, Seoul: Common Life Books, 2010. – PP.97-103.

3 Қазақстанға жер аударылған көрістердің кеңес заманында білім алуы тарихынан // Отан тарихы. – 2010. - №1. – 113-119 бб.

4 Peculiarities of Diasporic Elite Formation in the Post-Soviet Space (ағылшын тілінде, проф. Ким Германмен бірге) // The Journal of the Institute of the Middle East Studies, Vol. 29-1, Hankuk University of Foreign Studies, Korea, 2010. - PP.69-90.

ҰЛТТЫҚ ҒАЖАЙЫП СУСЫН – ҚЫМЫЗ

ШАКАРМАН А. Қ., АМАНГЕЛДІ Б. З.
8 «Ә» сынып оқушылары, №25 ЖОББМ, Павлодар қ.
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Елімізде ежелден келе жатқан, жеті қазынамыздың бірі жылқы затынан өндірілетін ғажайып сусын Қымыз туралы мәліметтер. Қымыздың денсаулыққа өте қажеттілігі және пайдалылығы жөнінде оқушыларға, дәлелдемелі түрде кеңес беру.

Зерттеу жұмыстарының өзектілігі.

Қымыздың денсаулыққа пайдалылығы, дайындау тәсілдері, құрамы туралы балаларға айта келе, оны күнделікті тамаққа пайдалану нормасы туралы, қандай ауыруларға ем болып табылатыны жөнінде жете айтып түсіндіру керек.

Зерттеудің болжамы мен әдіс-тәсілдері.

Зерттеу жұмыстарын бастамас бұрын, біздің болжамымыз бойынша, қымыздың пайдалылығын анықтау үшін ең алдымен оның қалай даярланатындығын қарастырып, балалардың сол өнімге деген жеке көзқарастарын анықтау қажет. Сол арқылы біз құрбыларымыздың қымыз туралы қаншалықты хабардар екенін анықтаймыз.

Зерттеу барысында қолданылатын әдістердің арасында әжнмен өңгімелесу, қымыздың даярлануын бақылау кейін бірге жасау тәсілін таңдаймын. Тәжірибелік тәсілдермен қатар қымыздың денсаулыққа қаншалықты пайдалы екендігі қарастырып, оның денсаулыққа қаншалықты тиімді екенін өзім ішу арқылы бақылау. Бұл зерттеулер көбінесе Әжемнің және соңғы әдебиеттер көмегімен жүргізіледі.

Қымыз – бие сүтінен жасалынған қышқыл сүтті сусын. Көшпенді елімізге көне заманнан әйгілі. Оны шикі сүтті ағаштан жасалынған күбі дейтін ыдыста, сүтқышқылды бактериялы ашытқымен араластыра пісіріп дайындайды. Қымыздың алғашқы шығу тарихы жайлы ежелгі грек тарихшысы Геродат (424-484 б.э. дейін) қолжазбаларынан оқуға болады. Оның жазбалары бойынша ежелгі скиф елінің тұрмысын суреттей отырып, қымыздың елімізде сол көне заманында ерекше және сүйікті сусыны болғаны жайлы жазған екен. Сол қымыз атты ғажайып сусынымыздың шыққан кезеңі энэолит (5500 ж.б.) дәуіріне сәйкес екен. Оған куә сонау ежелгі Ботай мәдениетінің (Солтүстік Қазақстан) халқы, сол кезеңдегі жабайы болған жылқы затын қолға үйретіп

тұрақтандыруы және де сол өңірден қазіргі кездегі қазба жұмыстары нәтижесінде археологтарымыздың, арнайы бие сүтін құюға, балшықтан илеп жасалынған құмыра ыдыс қалдықтарының табылуы. Геродаттың айтуы бойынша ұлы еліміз қымызды дайындау технологиясын ғасырлап құпияда сақтаған екен. Сол кездерде қымыздың дайындау тәсілін білдірмеу мақсатында, сезіп қойған басқа елдің адамдарын ұстап, өлтіріп немесе көздерін ойып соқырлапты. Қымыз қазақтың ықылым заманнан үзбей пайдаланып кележатқан, құмартып ішетін сусыны болған. Қымыз қазақ үшін дастарқанның ырысын келтіріп тұратын берекенің, дәулет пен салтанаттың, байлық пен мырзалықтың белгісі ғана емес, әрі сусын, әрі дертке шипа, жанға қуат беретін тәбеташар іспеттес. Бұрын бабаларымыз қымызды денсаулық сусыны ғана емес батырлар сусыны деп атаған екен. Жорыққа шыққан жолаушы қазақтың, жауға шапқан батыр қазақтың белінде, ер тоқымының қанжығазында байланған қымызға толы торсықтың (термос) болуы, жай ғана күнделікті қажет болып саналған.

Қымыздың құрамы мен ерекшеліктері.

Қымыз дертке шипа, денеге күш қуат беретін ата-бабаларымыздан келе жатқан ас.

Қымызды - үнемі ішетін адамдардың тамаққа тәбеті артып, асқазан сөлі жақсы бөлінеді, басқа тағамдарды жақсы қорытады.

Қымыздың - тәбетке тартымдылық күші жәй шикі сүттің құрамында ғана емес. Қымызды күбіде пісіру кезінде майы - май болып қалады, ал құрамындағы белок жеңіл қорытылған зат болып, ал сүт қанты - сүт қышқылына, этилді спиртке, көмір қышқылына және де көптеген хошииісті қоспаларға айналады.

Қымыз - адамның жүйке тамырларын қалпына келтіруде әсері өте зор. Және де құрамы темірге бай болуы, қаны аз, анемия ауыруларымен ауыратын науқастарға өте пайдалы. Ол қандағы гемоглобин құрамын көбейтеді және бойдағы лейкоцит формуласын жақсартады.

Қымыз – және де, адамзатқа ең қажетті Аминокышқылдарына, Биокатализаторларға, Белоктарға және басқада микроэлементтерге өте бай. Қымыз – зәрқуалауға және өтқуалауға өте әсерлі сусын болып табылады. Ол әлсіз, тозған организмге тез қалыптасады, адамның тәбетін ашады, ас қорыту процессін күшейтіп аш ішектің таратымын жақсартады.

Сонымен қатар организмдегі холестерин деңгейін төмендетеді. Қымызды қаны азайған, өкпе ауыруымен сырқаттанған ересек адамдарға, ауыруының әсерінен әлсіреген жас балаларға берген дұрс.

Қымыз - жарықтықтың пайдасы адамзаттың ішкі дүниесіне ғана емес, сыртқы дүниесіне де қажеті орасан зор. Мысалы парфюмерия саласындағы шығарылып жатқан бетке және қолға жағатын бальзам-кремі жәнеде бас жуғыш шампунь кремі сияқты қоюлатылған сұйықтықтар жайлы қалай ғана ескермеске. Бойы витаминге мол қымыз сүтқышқылының биоқуаты адамның терісін жұмсарту, жаңарту, жылтырату және бетті, қолды құрғақтықтан пайда болатын жарылыстан сақтап, күнделікті денені басқа да ауырулардан сақтап жүретін тұрмыстағы ең қажетті, пайдалы зат болып есептеледі.

Төрт аяқтыда жылқыны текті мал деп, судың тұнығын ішіп, шөптің асылын теріп жейтінін ескерсек, қымыздың табиғи өте таза, әрі денсаулыққа өте пайдалы дәрі сусын екенін осыдан ақ көруге болады.

Қымызды ашыту технологиясына тәжірибе жұмыстарын жүргізу.

Халықтық дайындау әдісі.

Менің нағашы Роза әжем Кенжекөл ауылында тұрады. Әр сенбі, жексенбі күндері ауылға әжемнің үйіне барамын. Әжем үй жануарларын асырайды, олардың ішінде құлыншақтар өте ұнайды, әжем бие сауады, оның сүтінен қымыз пысырып жасайды. Осы себептен мен өзімнің зерттеу және шығармашылық жұмысымның тақырыбын «Ұлттық ғажайып сусын – ҚЫМЫЗ» деп алдым. Көктем туғанда, құлындаған бие байланып, сауылады. Биенің ашымаған сүтін саумал дейді. Оған арнайы ашытқы (қор) қосылып, екі-үш күннен кейін ашытылады. Алғашқы қымызды үй иесі өзі ішпейді, дәстүр бойынша ауылдың үлкендерін, туған туыстарын шақырылып, ауыз тигізіп, батасын алады. Міне ізет, міне құрмет!!! Мұны қымызмұрындық дейді. Қымыздың сапасы - дәмі, дайындау уақыты, шипалық қасиеті, ыдысына байланысты және биенің сауылған кездегі жасына орай бөлінеді. Көктемде бие құлындағаннан бастап, биені күніне, сүтті бие болса үш-төрт рет, сүті аздау болса бес-алты рет сауылады.

Сауылған сүтті «күбі» деп аталатын ағаштан жасалынған ыдысқа құяды. Күбіні күнара «тобылғы» немесе кей жерде бидайдың сабағы «сабанмен» ыстайды. Ыстар алдында күбінің ішін қойдың майымен майлайды да, отты жағып оттың түтініне күбіні он- он бес минутқа төңкеріп қояды.

Күбінің ішіне сүтті ашыту үшін бір литрдай (қор) алдыңғы күнгі қымыздан қалдырып қояды да, соның үстіне жаңа сауылған сүтті дәкемен сүзіп құйып отырады. Сүт құйған сайын күбіні «піспек» деп аталатын ағашпен піседі (шайқап араластырады). Күбідегі сүтті

неғұрлым көп піссе, соғұрлым қымыз дәмді болады. Қымыздың шипалық қасиеті қалай ашуына да байланысты. Жөнді ашымаған қымыз ішті жүргізсе, күшті ашыған қымыз ішті қатырып тастайды.

Түнге қарай күбінің бетін дымқыл дәкемен жауып қояды да таңертең қымыз дайын болады. Дайын болған қымызды сақтау үшін, арнайы теріден жасалған мес деген ыдысқа құйып қояды. Содан дайын қымызды қажетінше ағаштан жасалған ыдысқа (сабаға) құйып алып, саптаякпен әбден сапырып іше беруге болады. Роза әжем қымыздың көптеген түрі болады дейді. Мысал ретінде бірнешеуін айтты. Олар:

Қымыз өндірісінің қазіргі замандағы дамуы мен өзекті мәселелері.

Дертке шипа, денеге күш осы ұлттық асымыздың парқын өзіміз білетіндей көргенімізбен, атам заманнан дәмін татып келе жатқанымызбен, әлі де қадірін білмей жатырмыз-ау. Кішкентай бала тұрмақ, жастардың алдына «пепси кола» мен қымыз қойсаң, қолын алғашқысына созады... Міне, ұлттық тағамымыз – қымыздың орнына басқа сусындарды насихаттаудың нәтижесін осыдан-ақ бағамдауға болады. Сондықтан біз бүгін дәмі тіл үйіретін қымызымыздың жай-күйі жайлы ой бөлісіп көрейік.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев салауатты өмір салтын насихаттау үшін, еліміздің ғалымдарына қымыздың пайдасын уағыздауды тапсырған. Соларың бірі ғалым Мұрат Керейбай. Ол қымызды 24 жыл бойы зерттеп «қымыздың 70 түрі бар» - деп, ол жайлы өзінің «Қымызмұрындық» атты кітабында жариялаған. Қымыздың адамға күш-қуат беретінін ата-бабамыз ежелде-ақ дәлелдеп қойған. Ол спортшыларымыз үшін де өте керек сусын. Қазір спортшылар адам баласының мүмкіндігі жетпейді-ау деген биіктерді бағындыра бастады. Өмір бір орында тұрмайтындықтан спортшыға даңқты жеңіс үшін әйтеуір бір ғаламатты пайдаланып күш-қуатын арттыруы керек. Қазақстан боксшылары жауапты жарыстарының алдында Сарыағаштың шипалы суымен іш-құрылысты тазалап алғаннан кейін тау баурайында оқу-жаттығу жиынын өткізіп, екі-үш апта қымыз ішеді екен. Нәтижесін көріп жүрсіздер... Мен мұны не үшін айтып отырмын. Сидней олимпиадасы алдында Ташкентте бокстан Азия чемпионаты өтті. Ермахан Ыбырайымовтың әкесі Сағи қаһарман ұлы қайда барса артынан бір мес қымызын, қазы-қартасын арқалап апарды екен. Рубалқабадай алып зәңгіні құлатқан Мұхтархан да сол қымыздан ішкен. Ата-бабасының қасиетті асын Бекзада болмысты Бекзат та қайта-қайта сұрап ішкен екен.

Елімізде халықтық медицинада қымыздың емдік қасиетіне ерекше ден қойылғаны белгілі. Бие сүті ең алдымен қазақтарды кеңінен жайлаған аурудың бірі болып отырған құрт ауруына бірден-бір ем.

Қазіргі кезде қымыз көптеген ауруларды, атап айтқанда өкпе ауруларын емдеуде, қан айналу жүйесіндегі қан тамырларының жұмсақтығы мен беріктігін қамтамасыз ететіні, қандағы қызыл қан түйіршіктерімен (эритроцит) гемоглобин синтезіне әсер ететіні, ағзада жүретін зат алмасу процестерін жақсартып, жалпы иммунитетті күшейтетіні анықталған. Сондықтан аурудың алдын алу шаралары және науқас адамдарды емдеу мақсатында қымызға деген сұраныс барлық жерлерде жыл бойы үзілмей келеді. Дегенмен де, елімізде, кейінгі уақытта бұл сұраныстың жеткілікті деңгейде қолға алынбай келгендігі жасырын емес. Бір ғана жайтты анықтап алайықшы. Ресми статистикаға үңілсек, жыл сайын елімізде жиырма үш мыңға дейін туберкулезбен ауырғандар тіркеледі екен. Сонымен бірге, аурулардың басым бөлігі, яғни, 40 пайызға жуығы құрт ауруының асқынып кеткен түрімен науқастанады. Оның үстіне туберкулез он сегіз жастан елу төрт жасқа дейінгілер арасында көп таралғанын ескеретін болсақ, бұдан аурудың еліміздегі нағыз еңбекке қабілетті адамдарды жайлағанын көруге болады. Сонымен қатар, туберкулезбен ауыратындардың 50 пайызға жуығы күнкөрісі өте төмен, негізінен тұрақты табыс көзі немесе жұмыстары жоқ, әрі тіршілік етуге жалпы қаражаты жете бермейтін азаматтарды қамтып отырғаны жасырын емес. Яғни, соңғы жылдары туберкулезбен ауыратындардың саны азайып барады, дегенге саятын деректерден гөрі, қауіптің әлі де болса болашақ үшін залалы басым деп қараған орынды. Ал бұндай аурудың барлығы оның алдын алмаудан, ең бастысы бірден-бір емі болып табылатын қымыздан қол үзіп бара жатқандықтан туып отыр, десек қателеспеспіз. Өйткені бүгінгі жасөспірімдердің ішінде тек мал көрген ауылдағысы болмаса, қаладағысы қымыз-шұбат ішпек тұрмақ ондай ата-баба сусыны бар екендігін біле ме екен?

Дүкен сөрелеріндегі қымызға қараудың өзі ұят секілді. Олай болатын себебі, мамандардың айтуынша бүгінгі дүкендердегі қымыз-шұбат сусындары мүлдем талапқа сай келмейді. Қымыздың бүлінгенімен қоймай, оның сапасының төмендеуіне ешкім жауап беріп жатқан жоқ. Осылайша, кезінде шетелдіктердің өзі «батырлар сусыны» деп мойындаған қымыздың қадірін қазақтың өзі кетіріп жатқан жоқ па, деген ойға қаламыз. Ал дүниежүзілік сауда ұйымына

қадам басқалы отырған уақытта қазақтың ұлттық калоритті сусынын қалайда көтермелеу қажеттігін неге ескермейміз? Кеңестік кезеңнің өзінде Қазақстанмен қоса Ресей және басқа да республикаларда қымызды науқас түрлеріне шипа ретінде пайдаланатын бірқатар емдеу-сауықтыру орындары болған екен. Осы үшін де Қазақстан Ресейдің арнайы орталықтарына тонналап қымыз жөнелткен. Қазіргі күні бұндай сауықтыру орындарының барлығы жұмысын тоқтатқан, жоғарыдағы аурудың асқынғанына қарамастан, қымызбен ем қайтару секілді орындар жоқтың қасы. Бірақ, қымыздың қасиетін бүгінгі күні әлемнің алдыңғы қатарлы медицинасы толық мойындап отыр, оның ішінде батыстың мамандары бұған үлкен қызығушылық тудырып отырғаны жасырын емес. Ендеше бұл кеңістікті қазақ пайдаланса игі еді ғой. Ал мешеулікке салынып, оны болдырмайтын болсақ, қымыз-шұбатыңызды қырғыз, моңғол, өзбек ағайындар ертеңгі күні-ақ, әлемдік базарда саудалайтын болады. Тіпті біз бүгінгі күннің өзінде осы бағыттағы біраз дүниеден кешеуілдеп қалған секілдіміз. Қазіргі таңда медицинасы жақсы дамыған Израиль, Франция, Египет, Германия, Жапония елдерінде қымызға деген сұраныс артып отыр. Қазақстаннан еліне көшіп барған немістер қымыз өндіруге арнайы зауыт салыпты-мыс деп естідік. Еуропаның біраз елін Түркияның қазақтары мен мадиярлар қымызбен сусындатып отыр. Жапондар Монғолиядан қымыз алғызып ішетін көрінеді. Мінеки, жалғыз қазақ қана қолда бар мүмкіндікті көрсете алмай отырған сыңайы бар. Жақында ақпарат көздерінен Арал ауданындағы бір өңірде Израильдің технологиясы бойынша шұбат өңдейтін цех ашылады дегенді білдік. Ауылдағы кәсіпкер ағайын Израильдің «ARBEL» компаниясынан бір ауыстырғанда 500 литрге дейін шұбат өңдейтін қондырғы сатып алыныпты. Келісім бойынша еврейлер әлгі қондырғыларды орнатып, ол бойынша жұмыс істейтін мамандарды екі-үш ай оқытатын көрінеді. Тіпті аралдық кәсіпкерге израилдықтар өнімді Еуропа нарығына шығаруға көмектесуге уәде берген сыңайлы. Мінеки, жөн білетін адамның кәсібі осы. Жалпы Қазақстанды түбінде туризмнің қайнаған ортасына айналдырамыз деп жүрміз.

Бұл бағытта арнайы заңнамалар, бағдарлама, жоспарлар да қамтылып жатыр. Сонда осы қымызды әлемге танытудың бір жолы туризм болуы тиіс. Елге келген шетелдіктердің демалатын орындарына, олардың жүрер жолдары мен тоқтайтын мекендеріне қымызды самсатып қою қажет. Емдік қасиеті мен қуатын насихаттап бір-екі дәмін татқызсақ, олардың өзі де қымызға дөңдемей ме? Тіпті

туристерді қызықтыра түсу үшін жылқының сүтінен жасалған басқа да өнімдерді (ірімшік, құрт, балмұздақ), қымыздың түр-түрін жайып қоюға болады. Мінеки ? саумал, міне - сары қымыз, өне ? уыз қымыз, бұл - бал қымыз, қысырдың, қысырақтың қымызы осындай болады, түнемел, дөнен қымыз, құнан қымыз тағысын тағы, деп жайып салсақ қызықпайтын адам болмас. Ең бастысы қымыз-шұбатқа тек сусын деп қана емес, дәрілік сусын деп қараудың, осылайша басқа жұртқа насихаттаудың маңыздылығы зор болатын еді.

Еліміздің қымызын қалай ашыту технологиясын білгісі келетін қаншама елдер бар. Міне, немістер қымыз ашытуды бастап та жіберді. Олар біздің ұлттық байлығымызды – мүмкіндігімізді пайдаланып кете ме, кім білсін?.. Менің ойымша, ұлт ретінде танылатын үлкен мүмкіндік біздің уысымыздан шығып бара жатқан сияқты. Бірақ немістерде біздің елдегідей көп мал жоқ. Дегенмен ертеңгі күні Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болсақ, біздің алып шығатын бір саламыз осы — қымыз-шұбат өндіру саласы болмай ма? Сондықтан ұлттық тағамдарымызды мейлінше жаңғыртып, жастар санасына оның пайдасын қазірден ескермесек, ертең кеш болады. Ол үшін қымыз бен шұбаттың сапасын көтеріп, шетелдерге танытатындай етіп жақсылап жарнамалауымыз керек. Оның сапасымен қоса, құйылған құтысына дейін көздің жауын алатындай әдемі етіп әспеттеуіміз керек.

Ескерту мен ұсыныстар.

Қымыз спецификалық сусын болып табылады, сол себепті оған үйрену керек. Алғаш қабылдай бастаған адамдарға (әсіресе жастарға) бір дозасын 50 миллилитрден бастап, бір айдың ішінде 250 миллилитрге жеткізген жөн. Организмді үйреткенен кейін күнделікті қабылдау нормасын 3 (үш) литрге дейін жеткізген орынды. Қымызды күнделікті тамақтың алдында бір сағат бұрын алты мәртеге дейін қабылдаған дұрыс.

Күшті қымыздың құрамында 4,5 % спирт болады. Сол себепті ем ретінде қабылдаған адамдарға әлсіз қымыз (1 тәулік пысырылған), орташа қымыз (2 тәулік пысырылған), спирттің құрамы азырақ (1-1,75 %) түрін қабылдағаны дұрыс.

Әлемде ҚЫМЫЗдан асқан пайдалы сусын жоқ!

Денсаулықтарыңыз мықты болсын!!!

Қорытынды

Мен зерттеу және шығармашылық жобамды қорытындылай келе қымыздың шығу тарихын, құрамымен ерекшелігін, жасалу технологиясы мен оның денсаулыққа пайдасын зерттедім.

Қымыз - халқымыздың бірнеше ғасырлар бойы үздіксіз пайдаланып келе жатқан ұлттық тағамы. Басқа тағамдарға қарағанда қымызды дайындаудың әдіс-тәсілдері, ырымдары мен кәде-жоралары көп. Бұрынғы ата-бабаларымыздың қымызға қатысты ырым-тәсілдерін көнекөз қариялар болмаса, қазіргі жастардың оның қандай сусын екенін де білмей отыратыны жасырын емес. Сондықтан да, біздің бабаларымыздың ұлттық асын дәріптеу, дамыту әрбір қазақтың ұл қыздарының міндеті деп білемін.

Шөлдегенді басатын денсаулыққа өте пайдалы сусын - қымызды ішкенді ұнатамын. Әжем бие сауғанда мен құлынды ұстап тұрамын, оны күбіге құйысамын, күбінің ішіне сүтті ашыту үшін бір литрдай (қор) алдыңғы күнгі қымыздан қалдырып қоямыз да, соның үстіне жаңа сауылған сүтті дәкемен сүзіп құйып отырамыз. Сүт құйған сайын күбіні «піспек» деп аталатын ағашпен піседі (шайқап араластырады). Күбідегі сүтті неғұрлым көп піссе, соғұрлым қымыз дәмді болады. Қымыздың шипалық қасиеті қалай ашуына да байланысты. Әжемнің тәтті қымызын ішу үшін көршілеріміз, туған- туыстарымыз қонаққа келеді. Үйге келген қонақтарға ағаш аяқтарға қымыз құйып беремін.

Қымыз өндірісінің қазіргі замандағы дамуы мен өзекті мәселелері мынада оны медициналық тұрғыда кеңінен зерттеп, оны емдеу-сауықтыру үйлерінде жаппай қолданысқа енгіссе. Жалпы Қазақстанды түбінде туризмнің қайнаған ортасына айналдырамыз деп жүрміз ғой. Сонда осы қымызды әлемге танытудың бір жолы туризм болуы тиіс. Елге келген шетелдіктердің демалатын орындарына, олардың жүрер жолдары мен тоқтайтын мекендеріне қымызды самсатып қою қажет. Емдік қасиеті мен қуатын насихаттап бір-екі дәмін татқызсақ, олардың өзі де қымызға дәндемей ме? Тіпті туристерді қызықтыра түсу үшін жылқының сүтінен жасалған басқа да өнімдерді (ірімшік, күрт, балмұздақ), қымыздың түр-түрін жайып қоюға болады. Мінеки ? саумал, міне - сары қымыз, өне ? уыз қымыз, бұл - бал қымыз, қысырдың, қысырақтың қымызы осындай болады, түнемел, дөнен қымыз, құнан қымыз тағысын тағы, деп жайып салсақ қызықпайтын адам болмас. Ең бастысы қымызға тек сусын деп қана емес, дәрілік сусын деп қараудың, осылайша басқа жұртқа насихаттаудың маңыздылығы зор болатын еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дулат Айтжанов, саяси қайраткер, қолжазбалары;

2 Зұлхарнай Сейітов, профессор, биология ғылымының докторы қолжазбалар.

3 Мұрат Керейбай, зерттеуші, қолжазбалар;

3.3 Өлкетану 3.3 Краеведение

ҚҰРТ – АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАЖЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ

АБДУВАХАБОВА Д. А.
5-сынып оқушысы, №108 ЖОМ, ОҚО, Шымкент қ.
ТЕМИРШИКОВА М. Б.
бастауыш сынып мұғалімі

*... Жиі енеді түсіме бұрынғы ауыл,
Ойнақ салып, құлын-тай қырында жүр.
Сүттен бұлақ ағызып, сиырлы ауыл,
Іркіт иісі келеді мұрынға бір.
Мұқағали Мақатаев.*

Ұлттық тағамдардың ішінде ежелгі және көпшілікке ортақ тағамның бірі – ақ екені белгілі. «Ағы бардың бағы бар» деп қазақ халқы сүт тағамын бақыт несібесі деп білген. Сүттен қымыз, шұбат, айран, қатық, сары май, ірімшік, күрт, сүзбе, қаймақ сияқты ішетін, жейтін, сусындайтын алуан түрлі тағам өзірлейді.

Қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындауымен бірге қыста да, жазда да оның таза әрі бұзылмай сақталуының әдіс - тәсілдері мен жолдарын да таба білген. Бұл қағидаларды әйелдер ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп, кейінгілерге үйретіп отырған.

Құрт - адам денсаулығына қажетті құндылық

Іші - бауырымыз құрысып - тырысып, көзіміз қарауытқанда, ойбай дәруменіміз азайып кетті деп шығамыз. Ондайда банан, киви, апельсин жеу керек деп ақылайтатындар да табылады.

Осы біздің ата-бабаларымыз апельсин көрмей өсті ғой, олар неге құлап, талып қалмаған деп таңғаламыз. Сөйтсек, олардың ішкен - жегені нағыз дәрумендердің көзі екен. Көгорай шалғынды жалпағынан басып жайылған сиырдың сүті, түйенің шұбаты мен жылқының қымызы – дәруменнің күш - қуаттың көзі осылар екен. Дүкендерде сатылатын сырды қазақшалап сыртына “ірімшік” деп

жазып қояды. Бірақ сырдың дәмі қазақтың қозы қарын қосып қайнатқан ірімшігінің садағасына да татымайтынын, әсіресе, ауыл қазағы жақсы біледі. Өңгіме оның дәмінде ғана емес. Ғылыми зеттеулер көрсеткендей, құртымыз да химиялық құрамы мен калориясы жағынан қала дүкендеріндегі сүзбені (творог) он орап алады. Сүзбеде ақуыз мөлшері 14, 5 - 18, 6% болса, қазақ құрты ақуызға өте бай – 52, 6%. Ал 100 грам сүзбе 87 - 227 - ге дейін қуат берсе, құрттан 370, 1 қуат алуға болады.

Химия, медицина ғылымдары пайда болмай тұрып - ақ алдындағы асын тани білген қазақ нағыз данышпан. Асылы, аузынан ақ ажырамаған халқымыз қымызын ішіп, құртын жеп отырып - ақ осы күнгі көп кеселдің алдын алған. Атам қазақтың ғұмыры аттын жалында, атанның қомында өтсе де, дүниеге небір алып тұлғалы, батыр да дана перзенттер әкелген тылсым сырының де бірі осы болса керек [1, 6 б].

Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам.

Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Пісіліп майы алынған айранды қайнатып кенеп дорбада сүзіп алып тұздап өреде кептіріп сақтайтын тағам түрі.

Құрттың адам денсаулығына өте пайдалы екенін бұрынғы ата-бабаларымыз біліп, құртты үнемі пайдаланған екен. Мал бағуға кеткенде қалталарына құрт салып алған және күнделікті тағамдарға қосып ішкен немесе құртты езіп ішкен, сондықтан ол кісілер көп ауырмаған, дәрі-дәрмек пайдаланбаған. Ертеректе тіс дәрігері де болмаған, ата-бабаларымыздың тістері ауырмаған. Атап айтқанда, адамның тісінің қалыптасуына құрттың пайдасы зор екенін білдім. Егер бала жастайынан құрт жеп өссе оның тісі өткір, қатты, ауырмайтынына көз жеткіздім. Құрт, ірімшік жеп, қымыз, айран, сүт ішкен баланың денсаулығы мықты болатынын түсіндім. Құртты адам алыс сапарға шыққанда пайдаланса, қарны ашпайды, шөлдемейді, ал самолетпен ұшқанда құрт құлақтың бітпеуіне және жүрек айнымауына көп ықпал етеді екен. Сонымен қатар, құрт дәрумендерге бай, адамның ас қорытуында әсері өте жоғары, атап айтсақ кейбір ас қорытуға арналған дәрілерге пара-пар сияқты. Ал қыста құртты езіп ішсең ол тамаша қорек болады, әрі адам суыққа төнбайтыны туралы білдім. «Құрт – қыстың қымызы» – дейтіні сондықтан екен.

Құрт - саяхатшыларға, аңшыларға, балықшыларға, геологтар мен әскер адамдарына таптырмас өнім. Олар қант пен шоколадтан әлдеқайда жақсы. Ал аталған өнімдердің бірегейлігі неде?

Көп адам сүттен жасалған тағамдарды жақсы көреді. Олар тойымды, дәмді, әрі ағзаға жылдам сінеді. Бір өкініштісі, тоназдықшысыз көпке дейін сақталмайды. Ал құрттың жайы басқа. Ол жаугершілік заманда өмір сүрген, төрт түлік мал баққан, әр мезгіл сайын жайлауға, күзеуге, қыстауға, көктеуге көшіп отырған көшпенділерге тиесілі. Бұл тағамдарды Жібек Жолы бойымен сауда-саттық жасау кезінде алып жүретін болған. Құрт - әр түрлі технологияның көмегімен бір ғана сүттен жасалған өнім. Алуан түрлі дәмі бар құрт ең басты қасиеті - жоғары температурада ашымауы. Жасалу тәсіліне орай бірнеше айға дейін сақталады.

Тағы қандай артықшылықтары бар десеніз, олардың көлемі туралы айтар едік. Қалтаға салып жүруге өте ыңғайлы. Бір қап шекілдеуікпен бірдей. Көшпенді халықтардың негізгі тағамдары болғандықтан, жеңіл болуы да ескерілген. Көлемі кішірейсе де, құрамындағы дәрумендер мөлшері сол күйінде қалады.

Қыр баласы жолда кетіп бара жатып қарны ашса, қалтасынан құрт алып жейді. Осылайша түстеніп алады десек те болады. Кейбір адам құртты «аштықтан құтқаратын дәрі» деп те атайды. Бұл сіздерге белгісіз өнімнен жасалған консервілер емес. Ал сорпаны қаласақ, бірнеше құртты суға езіп ішуге болады. Оның жүрек айнығанда көмектесу қасиеті бар. Құрттың ең жақсы қасиеттерінің бірі ұзақ уақыт сақталуға бейімділігі. Ал құрамындағы ақуыз бен кальций дәрумендері жайлы айтпаса да, түсінікті.

Құрттың түрлері

Құрт – жеке тіскебасар ретінде ғана емес, ұнтақталған күйінде **езгенқұрт** деп аталып, сорпаға, тұздыққа және басқа да тағамдарға қоспа ретінде пайдаланылады.

Байқағандарыңыздай, құрт құрылымына қарай бірнеше түрге бөлінеді: сүзбеде тұрған құртты сары маймен жентектеп бастырма ретінде дайындалған түрін **жасқұрт** деп атайды. Кепкен құртқа, бауырсаққа тісі өтпейтін қарттар үшін жақсы тағам.

Қайнап жатқан құрттың қалқып алған бетін **көбік** дейді. Майлы, тойымды ас ретінде балаларға, қарттарға қалқып береді.

Құрттың шипалы қасиеттері де жоқ емес. Қайнап жатқан құртты алып, май қосып сапырып іше өкпе ауруларына, суық тиіп ауырғанда жақсы ем болған, бұны **ыстық құрт** дейді.

Ашыған айранды қапқа құйып, сүзіп, тұздап, әртүрлі үлгіде бөлшектеп кептірілетін құртты **сықпа құрт** деп атайды. Сықпа құрт та бастырма ретінде пайдаланылған.

Езілген құрттың таусыншақ түйіршіктері **малта** деп аталады. Жұмсақ болып келетін бұл тіскебасарды ұзақ сапарларда ауызға салып суын жұтып, әрі сусын, әрі қорек еткен.

Езген құрттың ең соңғы шайындысын **ақ малта** дейді. Оны сұйық күйінде ішеді және өте сінімді тағам болып саналады.

Арнайы түйіп ұсатқан немесе қап түбінен жинап алған үгінді **ұнтақ құрт** деп аталады. Оны сүттің піскен қаймағына былғап жейді.

Құрт-май деген сары майға батырып, кепкен сықпа жалпақ құрт. Кейде құрт, ірімшік, май тағамдарының қосындылары да **құрт-май** деп аталады.

Қазақтар сорпаға, көжеге құрт езіп ішкен. Мұны **құрт-көже** дейді.

Құрт ішек микрофлорасын ретке келтіріп, иммунитеттің жақсы болуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, сүтке қарағанда тез қорытылатын, сінімді тағам [2, 192 б].

Құрттың жасалу жолы

Құртты жаны сүймейтін қазақ жоқ шығар, сірә?! Аяғы ауыр әйелдердің көбі құртқа әуес келеді. Бұл - дүниеге келмей жатқан сәбидің өзі құрттың қасиетін біледі дегенді білдіретін шығар, бәлкім! Ауылда өскен қыздар үшін құрттың жасалуы ең оңай жұмыс болып көрінер, ал қаланың бойжеткендері үшін бұл таңсық нәрсе. Сондықтан, құрттың жасалу жолын қысқаша түсіндіріп кетейін.

1. Пісірілген сүт 35-400С температурада суытылады.

2. Жарты кесе ашытқының үстіне жылымшы сүтті құйып, барынша араластырып, піскен сүтке қосады.

3. Жылы жерге орап, бірнеше сағатқа қояды.

4. Сары суы бетіне шығып, айранға айналған бетте арнайы тігілген дорбаға құйып, бір тәулікке іліп қояды. Құртқа қалауыңызға қарай тұз қосуға болады.

5. Қою қатыққа айналған соң, өз қалауыңызша түрлі пішінге келтіріп жаясыз.

6. Жайылған құрттарды ыдысқа салып, жел есетін жерге іліп қою қажет.

Ескерту: Күн тікелей түсетін жерге ілсеңіз майы бетіне шығып кетеді, сондықтан көлеңке жерде кептірген жөн, бірнеше күннен соң қатайды.

7. Дайын болған құрт дастарханыңыздың сәнін, деніңіздің саулығын жақсартады

Кесте 1

№ р/с	Тауардың атауы	Мөлшері
1	Сүт	3 л
2	Тұз	50 г
3	Ұйытқы	20 г

Жасы тоқсан мен жүзден асқан қариялар көп жасаудың құпиясы ақта екендігін айтады. Ақ деп – сүттен жасалған тағамдарды айтады. Құрт көздің көру процесін жақсартады, жүректің айнуын басады, асқорыту бездерінің жұмыс істеу қабілетін жақсартады. Құртты диеталық тағам ретінде де қолдануға болады [3, 29 б].

Асылған еттің сорпасына құртты езіп қосып ішсеңіз, тәбетіңізді ашады. Химиялық қоспасы жоқ «құрт» атты табиғи дәруменді өзпайдаңызға мейілінше пайдалануға кеңес беремін.

Құрт – кальцийдің көзі

«Оңтүстік Рабат» газеті ұлттық тағамдардың пайдасын айтуды жалғастырады. Бұл жолы оқырманға Құрттың қасиеті туралы айтпақшымыз.

Құрт – кальцийдің көзі. Құрт- сөзінің мағынасы құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Бұл тағамның өзіндік ерекшелігі бар. Ауызға өте бай. Соның арқасында құнарлы, тоқ тағам болып есептеледі. Бүгінгі әңгімеміз осы бір құнарлы тағамның төңірегінде өрбімек [4, 138 б].

Құрт – табиғи кальций. Құрамында А, В, С дәрумендері, мыс, мырыш, күміс, темір, кремний, магний, кальций, алюминий микроэлементтері жетерлік.

Профессор Зұлхарнай Сейітов: «Біз кеңес уақытында қазақтың құртын ғарышкерлерге бергенбіз. Олар қайта оралғаннан кейін «бұл неткен керемет дәм» деген. Сол құртыңыз да ескерусіз қалып барады. Қазақ тағамдарын ұлттық брендке айналдыру үшін арнайы қаулы не мықты заң керек. Сөйтіп сақтамасақ, барымыздан айырылып қалуымыз мүмкін. Тіпті оны туристік кластердің бір бағыты ретінде дамытып, кішігірім цехтар ашып, шетелдік туристерге ұсынсақ, ұтарымыз көп, әрине. Өзге ұлттардың өреге құрт жайғанын көрмедік. Тек біз ұйықтап жүргенде өредегі құртымызды өзгелер ұрлап кетпесін...»

Сайрам ауданында облысқа танымал «Сайрам сүт» фабрикасы бар. Кәсіпорын айран, қаймақ, май және сүзбе өнімдерінен бөлек, биылғы жыл басынан бері құрт жасау технологиясына көшіпті.

Жасалу әдісі де әдемі. Шетелдік технология емес, кәдуілгі көзіміз үйренген әдіспен дайындалады. Сақталу мерзімі 6 ай. Дүкен сөрелерінен сирек көресіз. Себебі тұралап қалған тауар жоқ, алушылар өте көп.

Жолға қойылған кәсіпті нәсіпке айналдырғандар барынша ұлттық үрдісті сақтауға тырысып-ақ жүр.

Хош, енді базардағы немесе көше бойында сатылатын құрттар турасында да айта кетейік. Бір данасы 20 теңгеден кем болмайтын жеңсік астың соңғы кезде дәмі бұзылған. Жасыратыны жоқ майы бетіне шығып, сілекейінді шұбыртатын түрі бар болғанымен, дәмі ондай емес. Аузыңызға салсаңыз үгітіліп, құрт жегендей болмайсыз. Бұл бір уыс сүзбеден көл-көсір пайда тапқысы келгендердің әрекеті екені анық. Сүзбеге ұн, құрғақ сүт дейсіз бе, әйтеуір өнімнің мөлшерін арттыратын қоспаларды қосып сатады. Құрттың бұл түріне көбіне балалар құмар. Ал оны жеген баланың іш-құрылысына қандай зиян келерін ойлай беріңіз. Әрине, жасанды құрттан келер зиян көп, ал шынайы құрттың пайдасы зор.

Арнайы зауытта дайындалған сүзбеде ақуыз мөлшері 16 % болса, құрттағы ақуыз мөлшері 53 %.

Химия, медицина ғылымдары пайда болмай тұрып-ақ алдындағы асын тани білген қазақ нағыз данышпан. Кепкен құртты мүжіген баланың тісі сау, сүйегі берік болады. Ал сау әрі мықты сүйек-тірек қимыл аппаратының дұрыс әрі белсенді жұмыс жасауына сеп болады.

Тағы бір айта кететін жайт. Бұрындары сұм заманда жауларымыз ауылдың жас ер-жігіттер мен қыз-келіншектерді алып жұмысқа салған, тамақ бермеген. Сонда ауылдың ақсақалдары балаларды ертіп оларды өтірік балағаттап тас лақтырған сыңай танатып, құрт лақтырған. Сонда жұмыс істеп шаршап жүрген олар құрттарды теріп жеп күш алған екен [5, 351 б].

Тоқсаннан асып, жүзге қарай бет алған қай қариядан ұзақ жасаудың сырын сұрасаңыз, міндетті түрде ағарған ішіп, құрт жейтінін айтады. Кәдімгі құрттың ұзақ өмір сүруге септігі бар-жоғын ғалымдар да зерттей келе зерделі ойларын паш еткен-ді. Құрт расымен де адам өміріне ең қажетті зат – кальцийдің көзі екен. Тағамдық биологиялық қоспалар мен мақтауы күшті түрлі дәрумендерді жолда қалдырады. 100 грамм сүзбенің қуаты 227 кк болса, құрттікі – 370,1. 100 грамм құртта 3 грамға жуық ақуыз, 3,2 грамм кальций мен фосфор қосындылары, белгілі мөлшерде А1, В2, Д дәрумендері бар. 100 грамм құрттан ағзаға 60-қа жуық

килокалория беріледі. Енді пайдасын пайымдай беріңіз. Бала да, қарт та, жас та жесе – ағзасына қуат алары сөзсіз. Сондықтан дастарханыңыздан құртты үзбеуге тырысыңыз. Бірақ нағыз ауылда апаларымыз дайындаған құртты ажыратып алғайсыз. Өзге ұлттың өкілдері тамсана жейтін жеңсік асымыз ұлттық брендке сұранып-ақ тұр ғой...

Қорыта келе ұлтымыздың құндылығы ұлттық тағамының ерекшелігіне де байланысты. Құрттың адам денсаулығына қаншалықты қымбат екенін зерттеу арқылы танып білдік. Әжем: «Қанша асықсаң да, оразанды ашпай босағадан аттама. Тым болмаса бір түйір құртты аузыңа салсаң, түстік тамағыңа дейін әл береді» -деген. Ендеше «Қарныңыз ашса құрт жеңіз, Шөлдесеңіз құрт жеңіз!». Бүгінгі біздің қасиетті тағамымыз құрт жайлы ақпаратымыз осындай.

Құрт – адам денсаулығына қажетті құндылық екеніне көз жеткіздім. Бұл тағамның емдік, тұрмыстық пайдасы бар.

Қазіргі заманда жастардың көбі осы тағамды, оның денсаулыққа пайдалы екенін білмейді. Өз сыныптастарымнан құрт туралы не білетіндерін сұрастырғанда, 12 оқушы білмей шықты. Қазақ тілі сабағында сыныптастарымды жобаммен таныстырдым. Оларға құрттың өте маңызды тағам екенін түсіндіре алдым деп ойлаймын. Өз отбасым да, құрбыларым да осыған көз жеткізді.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық тағамы – құрт адам денсаулығына қажетті тағам. Біз, Қазақстанның жастары осы құнды тағамның жойылуына жол бермеуіміз керек.

Менің зерттеуімнің нәтижесінен туған осы бір жаңалық өзім сияқты оқушыларды қызықтырады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ермакова В. И. Аспазшылық, Просвещение 1993 ж.
- 2 Баракбаев Б. Сүт және сүт тағамдары. – Алматы: Қайнар, 1989. – 192 б.
- 3 Анфимова Н. А., Татарская Л. Л. Аспазшылық, Просвещение 2002 ж.
- 4 Есиркеп Г.Е., Кожабержинова С.М. Казахские национальные блюда. – Астана: Фолиант, 2006. – 138 б.
- 5 Комарова Т.А. Тамақтану әліппесі. – Алматы: Қайнар, 1994. – 351бет.

ОТ МУЗЕЯ К ВОПЛОЩЕНИЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

АБДУЛЛИНА С. Т.

ученик 9 «А» класса, СШ имени М. Кабылбекова, г. Аксу с. Алгабас

КУРМАНОВА Б. И.

учитель, СШ имени М. Кабылбекова, г. Аксу с. Алгабас

ЗАКИРОВА А. Р.

учитель, СШ имени М. Кабылбекова, г. Аксу с. Алгабас

Деятельность музеев относится к культурной политике Казахстана. У нашей страны есть обновленная Концепция культурной политики. Она раскрывает необходимость расширения деятельности музеев до культурно-образовательных и брендовых центров научно-исследовательской деятельности.

Для этого музеи страны должны объединиться в музейные кластеры, чтобы стать опорными центрами. А основой реализации национального проекта по сохранению, изучению и популяризации историко-культурного наследия станет патриотический акт «Мәңгілік Ел».

В полной форме идея «Мәңгілік Ел» прозвучала в Послании Президента «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» «от 17 января 2014 года: «Мәңгілік Ел»» – это национальная идея нашего общеказахстанского дома, мечта наших предков. За 22 года суверенного развития созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего нашей страны. Эти ценности – опыт Казахстанского Пути, выдержавший испытание временем»[1].

Если рассматривать сущность национальной идеи, то можно отметить следующее: «Мәңгілік Ел» - это история казахского народа, представляющего собой государствообразующую нацию Республики Казахстан - Қазақ елі. Вся история независимого Казахстана – это история сплочения, согласия и единения, взаимопонимания с соседними странами. «Прошлое своего народа не забывает тот, кто ратует за мир и равенство, кто признает силу мудрости своего народа и с надеждой смотрит в будущее своей страны», - об написано в учебнике для вузов «Мәңгілік Ел» [2].

Сейчас в Казахстане проводится большая работа по реализации общенациональной идеи «Мәңгілік Ел». Проводятся научно-практические конференции, внедрение в школьные программы через предметы казахский и русский языки, казахская и русская

литература, история Казахстана, экономическая география. Слова Главы государства о том, что общенациональная идея «Мәңгілік Ел» должна стать крепкой идейной основой не только Стратегии «Казахстан-2050», но и нерушимым, непоколебимым фундаментом становления Казахстана в XXI веке должны стать основой для реализации патриотического акта. В реализации идеи «Мәңгілік Ел» большая роль отводится молодым. Ведь будущее Казахстана в их руках. Мы не должны забывать историю своего народа. Нам необходимо формировать наше национальное самосознание, патриотизм и историческое сознание.

Образ «Мәңгілік ел»

Было прочитано и изучено **более тридцати** высказываний **политиков и видных деятелей Казахстана** для того, чтобы наглядно увидеть и понять образ идеи «Мәңгілік ел».

Глава государства Нурсултан Назарбаев сказал: «Общенациональная идея «Мәңгілік Ел» укрепляет веру нашего народа в свои величайшие возможности и достойное будущее. Мы видим в динамичных темпах развития повышенную гарантию нашей независимости в 21 веке. Поэтому наша общенациональная идея «Мәңгілік Ел» благословенна многоэтничным дружным народом Казахстана. Сегодня эта идея объединяет всех казахстанцев независимо от их этнической и религиозной принадлежности».

Председатель Сената Касым-Жомарт Токаев отметил: «Исторический опыт непрерывной борьбы говорит об исключительной важности главной заповеди Мәңгілік Ел – необходимости единства народа во имя его благополучия. Актуальность концепции Мәңгілік Ел подтверждается уроками современных мировых конфликтов, возникающих на почве столкновения религий, культур, цивилизаций».

Глава Добровольного Общества «Милосердие» Аружан Саин определила для себя: «Мәңгілік Ел - это страна, в которой правит милосердие. Вы знаете, у нас в Казахстане живет потрясающий народ. У нас огромное количество искренних, добрых, настоящих людей, которые каждый день помогают друг другу».



Все высказывания говорят о том, что национальная идея «Мәңгілік Ел» поможет народу Казахстана найти свой путь в будущее, поднять статус страны, тем самым войти в 30 лучших стран мира.

Далее мы составили **с о б и р а т е л ь н ы й** патриотический образ понятия «Мәңгілік ел» в нашем понимании.

Все цитаты помогают понять значение «Мәңгілік Ел» как национальной идеи, необходимой Казахстану для процветания, которая станет ориентиром для будущего Казахстана.

Концепция культурной политики

Сегодня развитие культуры относится к главному фактору развития многих народов и государств мира. Одним из важнейших критериев успеха страны является уровень развития культуры. Так как, культура сегодня - это мощный инструмент духовно-эстетического развития личности, формирования национального единства и интеграции страны в мировое сообщество.

Долгосрочная Концепция культурной политики (далее – Концепция) разработана в целях реализации Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 года «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее». Концепция ориентирована на развитие личности – созидателя и творца высоких духовно-нравственных и эстетических ценностей.

В Концепции анализируется текущая ситуация и по итогам на 1 января 2014 года в Казахстане насчитывается **224 музея** (1 частный), также говорится о том что за последние 10 лет более чем на 50% увеличилось количество музеев [3].

Также в Концепции указываются **ключевые проблемы** отрасли:

- слабо выражен научный подход и взаимосвязь теории с практикой искусства: рассредоточены и не согласованы между собой художественное образование, искусствознание, **музейное дело**, археология, реставрация, туризм, кино, театр;

- недостаточное использование потенциала развития **научно-исследовательской деятельности музеями**;

В дополнение действующая система творческого образования в стране, имея высокие показатели в подготовке кадров по музыкальному, балетному, исполнительскому, изобразительному искусству, не охватывает весь спектр потребностей в специалистах в области **музейного**, реставрационного, библиотечного дела и др.

Сегодня практически нет скоординированной политики проведения научных исследований в области **музейного дела**, истории, археологии, этнографии, реставрации, искусствоведения и культурологии.

Поэтому целью Концепции является развитие единого культурного пространства страны, формирование конкурентоспособной культурной ментальности и высокой духовности казахстанцев, современных **культурных кластеров**, влияющих на успешное развитие экономики и формирование позитивного международного имиджа страны.

А задачами Концепции явилось:

- **создание** условий для интенсивного развития конкурентоспособной культурной среды и современных **культурных кластеров**;

- дальнейшее сохранение, изучение и популяризация историко-культурного наследия через реализацию национального проекта «Мәңгілік Ел».

Мировой опыт показывает, что технология трансляции и интеграция культурного наследия нации лежат в основе формирования современных культурных кластеров. Катализатором развития кластеров является креативная индустрия, позволяющая сделать культурное наследие неотъемлемой частью повседневности, живой и постоянно развивающейся традиции, актуальной для нового поколения.

Глава государства очень точно сказал: «Традиции и культура – это генетический код нации, и нам следует оберегать нашу национальную культуру и традиции во всем их многообразии и величии, собирать по крупицам наше культурное достояние». [3]

В Концепции разработаны культурно-туристские кластеры по областям Казахстана:

Кластер «Астана – сердце Евразии»

Кластер «Алматы свободная культурная зона Казахстана»

Кластер «Восточный Казахстан – жемчужина Алтая»

Кластер «Южный Казахстан – возрождение Великого Шелкового пути»



Кластер «Западный Казахстан – Каспийские ворота».

В целом, историко-культурный проект «Мәңгілік Ел» обеспечит духовную преемственность и самоидентификацию поколений на основе национальной идеи – создание

общества прогрессивных идеалов. В итоге, Казахстан будет признан центром развития мировой культуры и искусства, исторической науки, археологии и искусствоведения.

Музеи: наше прошлое и будущее

Несмотря на развитие Интернета, музеи сохранили свое значение в области развития культуры человека. Даже если вы увидите «Золотого человека» на экране компьютера, то он не может оказать на вас такое же впечатление, как если бы вы увидели его в музее.

В современном мире музей – это центр науки, образования, коммуникации, культурной информации и творческих инноваций.

Музей (от греч. Μουσέον — Дом Муз) это учреждение, занимающееся собиранием, изучением, хранением и экспонированием предметов — памятников истории, материальной и духовной культуры, а также просветительской и популяризаторской деятельностью [4].

Сначала это понятие музей обозначало коллекцию экспонатов по искусству и науке, затем с определенного промежутка времени, не будем вдаваться в подробности, так как это все равно никто не запомнит и не посчитает нужным запоминать, оно включает в себя здание, где находились эти памятники. Сейчас существует очень много музеев, такие как: краеведческий, исторический, литературный, музыкальный, естественнонаучный, театральный и так далее. С развитием компьютерной техники появились виртуальные музеи [5].



Музейный кластер

Для того чтобы разобраться с понятием, что такое кластер мы заглянули в словарь. **Кластер** (англ. *cluster* — скопление, кисть, рой) — объединение. А музейный кластер – это объединение нескольких музеев по одной теме, направлению. Или объединение в одной области по географическому расположению.

Музейные кластеры – это выход в мировое культурное пространство. Во всем мире есть действующие музейные кластеры. Например: Венский, Смитсоновский институт

США, объединяющего девятнадцать музеев и галерей, Эрмитаж в Санкт-Петербурге, Лувр в Париже. [6]. Главная отличительная черта кластера – инновационная ориентированность. Инновация – изюминка кластера.



Музейный квартал, Вена



Смитсоновский институт, США



Эрмитаж, Санкт-Петербург



Лувр, Париж

По мнению экономистов, региональные инновационно-промышленные кластеры имеют ряд преимуществ перед традиционными отраслевыми формами организации.

Эффективность кластерного подхода определяется также тем, что преодолевается узкоотраслевое видение экономики региона. В отличие от отраслевого подхода, по сути деформирующего конкуренцию за счет лоббирования интересов отдельной отрасли или компании и, как следствие, «перетекания» выгод в одну из отраслей, кластеризация позволяет сформировать комплексный взгляд на государственную политику развития региона с учетом потенциала региональных экономических субъектов.

Среди основных характерных особенностей кластеров, комбинации которых в той или иной мере свойственны любому из них, можно выделить следующую - географическая когда построение кластеров четко связано с определенной территорией, начиная от местных кластеров.

Поэтому и Казахстан внедряет мировой опыт в развитие музеев, то есть планирует организацию музейных кластеров. Они будут входить в Культурно- туристские кластеры, которые разработаны и представлены в долгосрочной Концепции культурной политики Казахстана.

Один из ключевых индикаторов реализации Концепции культурной политики - это увеличение посещаемости музеев в 3 раза. Музей - центр воспитания патриотизма, а это является основой патриотического акта «Мәңгілік ел». Реализация музейных кластеров позволит увеличить посещаемость музеев. В этом заключается прямая связь с реализацией национальной идеи «Мәңгілік Ел». Ведь, если увеличится число посетивших музей, это значит, что люди познакомятся с историей страны.

Реализация национальной идеи «Мәңгілік Ел» в школе

Именно школа воспитывает в наших детях любовь к Родине и своему народу, чувства патриотизма и гражданственности. И немалую роль в этом играют школьные музеи, которые сохраняют историю и активно включаются в воспитательный процесс.

Школьный музей – это тропинка, соединяющая прошлое и настоящее, где часто происходят интересные встречи, открываются неизвестные факты, находятся уникальные документы и экспонаты. В процессе исследовательской и поисковой деятельности у ребят развивается логическое мышление, историческая память, воспитывается уважение к семье, школе, городу, Родине. Ведь именно им вершить историю дальше, совершенствовать наше общество, защищать славу Родины.

Мы стали активными участниками создания музея школы и села. Для выявления знаний учащихся о музеях, их интересах нами было проведено анкетирование среди учащихся. Анкетирование показало, большинство учащихся были в музеях по одному разу, и то организованной школой.

С национальной идеей «Мәңгілік Ел» мы знакомимся в школе через изучение предметов: казахского и русского языков, казахской и русской литературы, истории и экономической географии Казахстана.

В учебные программы включен текст выступления Главы государства от 15 декабря 2014 года «Слово о Независимости», которое направлено на формирование казахстанского патриотизма и стремления воплотить в жизнь национальную идею «Мәңгілік Ел».

Наши первоклассники уже знают, что трудолюбие честность и образованность - это ценности национальной идеи «Мәңгілік Ел».

Жизнь человеческая ограничена десятками лет. Жизнь народа прирастает с каждым следующим его поколением. Поэтому нет мечты выше, чем мечта о Вечности Народа. Мәңгілік Ел - это идея, которая открывает завтрашний день, выражает веру в будущее, это символ необратимой и прочной стабильности [7].

Мы должны смело и достойно вершить свою историю. Мы будем ещё сильнее, если всегда будем едины. В этом заключается тысячелетний смысл нашей общенациональной идеи «Мәңгілік Ел», нашей Вечной Родины.

И самое главное мы восхищаемся нашим Президентом, который предлагает нам воплотить свое будущее через патриотический акт «Мәңгілік Ел»

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, Единые интересы, Единое будущее». Астана, 17 января 2014 года.
- 2 «Мәңгілік ел» учебник для вузов, 2015 год.
- 3 «О Концепции культурной политики Республики Казахстан». Постановление Правительства Республики Казахстан от 22 сентября 2014 года № 998.
- 4 Википедия.
- 5 nsportal.ru
- 6 inform.kz
- 7 Oldconf.neasmo.org.na

БАЯНАУЫЛ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТАРИХЫ

АЛЬЖАНОВА А.

8 сынып оқушысы, Шәкен Айманов атындағы жалпы орта білім беру
мектеп-интернаты

ДЖАНКУЛОВА Б. Б.

география пән мұғалімі,
Баянауыл ауданы, Павлодар облысы

«Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін, ой өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет.» Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті

Туған жердің, туған өлкенің тарихын әрбір адам білуге міндетті. Мұндай білімсіз Отанға деген сүйіспеншілік туралы айтудың өзі артық. Туған өлкенің тарихымен танысудың бір жолы - территориямыздың қоныстануын және топонимикасын танып білу.

Әлемдегі әр ұлттың өз тарихында кие тұтатын мекендері бар. Ол жерлердің киелілігі сол халықтардың шығу ошағы немесе мәдениетінің ошағы болуына байланысты болса керек. Сондай мекендердің бірі - біздің киелі Баянауыл. Туған жердің қоныстануын зерттеу арқылы өлке топонимдерінің шығу тегін анықтау – екі ғылымды ұштастыру, екі жақты бір шешім табу десе де болады. К. Г. Паустовскийдің айтуынша «Жер атаулары дегеніміз - халықтың өз елін ақындық тілмен бедерлеуі. Бұлар халықтың мінез-құлқы, тарихы, ой аңсары мен тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы сыр шертеді».

Баянауыл жері қасиетті, шежірелі өңір, тарихтың көне сырларын шертерлік қызықты аңыз-әңгімелерге бай өлке. Бұл өңірдің жер-су аттары осы өлкенің тарихи оқиғаларымен тікелей байланысты. Жер атаулары ұрпақ пен ұрпақты сабақтастырып отырған киелі құжат. Қазақтың ата-бабалары жер-су атауларына аса мұқият қарап, жер тарихы мен ел тарихы біртұтас екендігін аса жоғары жауапкершілікпен сезіне білген.

Жер-су атауларының аталуының алуан түрлі себептері бар. Зерттеу барысында солардың бірнешеуін анықтадым. Баянауыл ауданына қарасты Жасыбай демалыс аймағындағы демалушылар мен туристер тамашалап, талай рет альпинистер жарысы да өткізіліп жүрген жерлер жетерлік. Бұл өлкеден «Киіз үй», «Балкон», «Саңырауқұлақ», «Кемпіртас», «Түйетас», «Көгершін», «Ақбет»,

«Саймантас» жартастарын көруге болады. Бұл топтағы атаулар географиялық объектілердің пішініне байланысты, аңыздар арқау болып аталған. Осы аталғандарың ішінде «Кемпіртас» жартасы ең танымалы. Бұл жартасқа байланысты мынадай аңыз бар. Әлімсақта жергілікті тұрғындар мұнда ерекше жылқы тұқымын өсіріпті. Бұл аттардың бағасы қымбат болып, оларды ең батыл жігіттер көздің қарашығындай күзетеді екен. Алайда мал жоғала береді. Түнде күзет қойылса да, бәрі ұры келгенше ұйықтап қала беріпті. Бір түні ұйқыны жеңу үшін өз қолын әдейі кескен жігіт аттарды күзетеді. Түн ортасында жер қақ айрылып, сол тесіктен түрі қорқынышты үлкен кемпір шығады да, жылқылардың ең семізін тандап, өзімен бірге жер астына әкетеді. Жас жігіт көргенін ақсақалдарға айтып, көбірек қару жинап, халқын сиқырлы кемпірден құтқаруға бел байлайды. Жігіт мыстанмен түні бойы алысып, әбден шаршайды, кемпір де әлсірейді, өйткені таң білінісімен сиқырлы күші қайтатын. Кемпір жердің астына түсіп үлгірмейді де, күн шапағы жердің жігін жауып, мыстанның басын тасқа айналдырады. Үлкендердің айтуынша, жер бетінде жаманшылық көбейсе, ол тіріледі, сондықтан тасқа тек ақ ниетпен келу керек [1, 174 б.].

Ал «Көгершін» жартасы жайлы мынадай әңгіме осы күнге дейін айтылады: Бір кезде Торайғырдан Сабындыкөл мен Ақкелін алқабына баратын жол Қалпақтастың қасынан өтетін. Сол жолмен жайлауға мал айдайтын, товар артқан керуендер жүретін, ауылдан ауылға қонаққа бартын. Қаржас руының ірі байы, сараң де өктемшіл Тасбас бай сансыз малының өрісін кеңейтпек болады. Сынықтан сылтау тауып, Айдабол руының ауылдарының Торайғыр көлінің ар жағына қоныс аударуын талап етеді. Олар орынсыз сөзге көнбей, қанды шайқас басталып кетеді. Тасбас байдың қарындасы, тоғыз баланың анасы Көгершін мұны естіп, жауласушыларды бітістіруге ұрыс орнына асығады. Ауылдан ат табылмай, жүрісі шабан түйеге мінуге тура келеді. Сонда Көгершін ана құсқа айналып, шайқас дабыры жаққа қарай ұша жөнеледі. Көкшіл сұр қанатты құс ұшып өткен жерлерде сойылдар мен шоқпарлар қолдан түсіп, төбелескендер татуласа бастайды. Қарсыластардың көз алдында сұр қанатты кептер шынға отырып, тасқа айналады. Шайқаста өлгендердің мүрдесі жұмыр тас болып, шайқасқа себеп болған алқапты жауып тастайды. Олардың қарғысынан сараң, аяр Тасбас бай да тасқа айналады. Көгершін жартасы Торайғыр жақтан алыстан көрініп, баршаға кез-келген дауды бейбіт жолмен шешуге болатынын ескертіп тұрғандай [1, 177 б.].

Ендігі бір топ геологиялық құрылымына, оның тау жыныстарының түсіне байланысты атаулар. Қызарған тасымен көзге түсетін Баянауыл ауданының оңтүстік өлкесінде орналасқан Қызылтау жоталары түйе өркештеніп шыңдарға айналып, қосарлана мінгескен үлкенді-кішілі шоқыларға бөлініп, терең шатқалдар мен ұзынды-қысқалы сай-салалар, тілімденген биік адырлар құрайды. Оның бірі Қызылтаудың ең биік нүктесі Әулие тауы 1055м. Екіншісі тастары жер бетінде одырайып шығып жатуына байланысты аталған Қотыр Қызылтау. Бұл тау жыныстарының су мен желдің, ыстық пен суықтың әсерінен физикалық үгілуге ұшырауының нәтижесі. Сарыарқаның көп бөлігін алып жатқан Баянауыл өңіріндегі жер-су атаулары біздің қазақ халқына тән дәл тауып атау қоятын дәлелдер жетерлік. Өйткені табиғатпен біте қайнап, бірге өскен, иен сахараның қадір қасиетін білген халықтың аспан әлемі мен жер бедерінің үйлесімін тап басып, дәл анықтап ат қоюы түсінікті де. Орыс халқы бір төбені «Безимьянная сопка» яғни, «белгісіз төбе» деп атай салса, біздің қазақта белгісіз төбе жоқ. Олар әлде «Сарытөбе», «Қаратөбе», «Көктөбе», «Сарыбел», «Бозбел», тағы да сол сияқты деп белгілі бір себепке байланысты аталады. Климаттық ерекшеліктерге байланысты қалыптасқан топонимдердің мысалы ретінде Желтауды мысалға келтіруге болады. Бұл тау жотасы қысы-жазы үнемі жел соғып тұратын, жел өтінде орналасқан. Сол себепті аталған болса керек. Ал Сарытау жылдың төрт мезгілінде де өзгермей, өсімдік жамылғысы бірқалыпты сары түсті болып тұруынан. «Салқынтау» атауы жаздың шілде, тамыз айларында да қоңыр салқын болып тұрғандықтан берілген. Бұл тау маңайында жазда мазаны алатын маса-шіркей де болмайды.

Тарихи оқиғаларға байланысты пайда болған жер-су атаулары жиі кездеседі. Қандыадыр, Қырғын, Қалмаққырылған, Жасыбай көлі, Жалаңтөс асуы, Біржан көлі, Сәуірік кескен, Тайсойған сияқты жер аттары. Түндік өзенінің басы Боқты, Кент тауларынан басталады. Бұл өзеннің Түндік аталуы әртүрлі түсіндіріледі. Бірі өзен ұзындығы атпен бір түндік жол болғандықтан деген нұсқа. Екіншісі: жазғытұрым күркіреп су тасуы бір түндік уақытта қатты болатындықтан деседі. Ал үшіншісі тарихы оқиғамен байланыстырылады және осы нұсқасы дәлелді сияқты. Ақтабан шұбырынды шапқыншылығы кезінде Сүйіндіктер Бетпақдаланы паналап жан сақтайды. Кейін Абылай заманы туып, күш алған соң, Арғын тайпасының басқа рулары сияқты Сарыарқа жеріндегі, солтүстік жақтағы байырғы қоныстарына бет түзеді. Олжабай

батыр, Едіге би, Сәти би бастаған көш 1730 жылдары Баянауылды қалмақтардан азат етіп, өздері бұл жерді түпкілікті қоныс қылады. [2. 66 б] Ру басылары азат етілген жерлерді бұрынғы ата-қоныс дәстүрімен үлестірген деседі. Өзен жағалауында тігілген жиырма төрт қанатты боз ордаға жиылған билер мен батырлар киіз үйдің түндігін түріп, түн мезгіліндегі аспандағы жұлдыздар бағытымен жер ыңғайын анықтаған деседі.

Асанқайғы желмая мініп, Сарыарқаны аралап жүргенде Ертіс-Баянаула өңіріне айтқан сындары: Түндік өзенін көргенде: «Он екі қазылы қой түндік, маңырап жатқан қой түндік. Қой құлағы тұтам шығып тұрған жер екен», - деп тастап кетуге қимай, артына үш қараған екен. Сонан «Үшқара» тауы осылай аталған [2, 64 б.].

Қаржас ауылдарының біразу шу дегенде Ерементәудың түстік беткейіне, ішіне де ене тоқтапты, ал негізгі тобы Ақкелін, Далба, Сарытау, Шыбынды, Қандыадыр, Терісқыстау, енді біразы Қызылтау (Павлодар уезі) кітабы кіріспесінде: «Сати ... занял под кыстау место в Кылтавских горах, которое с тех пор получило свое название Сати – «Сатитас», - делінген [3, 20 б.].

Жасыбай көлінің аты бергі XVIII ғасыр қазақ пен қалмақ арасындағы соғыста ерлікпен шайқасып, қаза тапқан Жасыбай батырдың есімімен байланыстырылады, яғни, антропонимге мысал бола алады. Жасыбай көлінің бұрынғы аты – Шойынды көл. Биік таулардың аңғарында шойын қазандай дөңгелеңе біткен көл жағасы осы атаудың шығуына себеп болған сияқты. Жаксыаула, Жаманаула – қатар тұрған таулар. Өгелен тауы (969м), Шибет тауы (728м), Сарытау (747м) Жаксыаулаға кіреді. Жаманаула Баянға бейім біткен, аласа таулар болғандықтан Кішіаула деп те аталады. Жалпы қазақ атаулары жаман, жақсы деп айырғанда, ең әуелі малға жайлы ма, жайлы емес пе, соған қарайды. Қыста қар қалың түсетін, қара бауыр жері қалмайтын, ұрысы мен қасқыры көп жерлер әдетте жаман аталады. [4. 32 б] Ертеде сол жерді қоныс қылған рудың, белгілі байдың аты жер атауы болып қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалған топонимдер жетерлік: Бабыр қорығы, Едігенің Қарағайлы бұлағы, Шоңнын Найзатасы. Баянаула жерінің көне тарихынан сыр шертетін ескерткіштерінің бірегейі – Қоңыр Әулие немесе Әулиетас үңгірі. Аңыздың бір нұсқасында Қоңыр деген Әулие осы маңда жер бетін топан су басқан заманда өмір сүрген-міс делінеді. [4, 68 б.].

Ақкелін мен Баянауыл болыстарында негізінен Сүйіндікке жататын Қаржастар мен Суғыншылардан тарайтын Құлболды,

Жанболды, Орманшы ру тармақтары қоныстанған. Бір атадан тараған бұл төрт ата елді халық төрт ұл /төртуыл/ деп атайды. Төртуылдың жайлауы Ақмола уезінің теріскей жағындағы Итемген, Мамай көлдерінің маңында болған. Көлдердің аты да сол жерге жерленген Төртуылдың билері Итемген мен Мамайды еске салады. Қолболдының бесінші ұрпақтары Телімбет, Наурыз, Ақыл, Сексен мен Данияр Түркістаннан көшіп, Қызылтауға келгенде Керей, Уақ, Қарауыл руларының көше алмай қалған қалдықтарын кездестіреді. Арғындар келген соң, Керей, Уақ, Қарауыл өз руларына қосылуға Шығысқа қарай ығысады.

Құлболдылармен бір мезгілде Қызылтауға Қақсал руының бір бөлігі де көшіп келген. Айдабол мен Құлболды ру тармақтары Баянаула, Далба, Қызылтауда қыстап, жаз жайлауда Көкшетау уезінің жеріндегі Торайғыр, Айдабол, Домбыралы, Моншақты көлдеріне дейін барған. Көкшетау маңындағы Торайғыр көлінің жағасында Айдабол елінен шыққан атақты Едіге баласы дүниеге келгенде, оған Торайғыр деп ат қойғаны белгілі. Аққбеттау, Далба болыстарын негізінен Сүйіндік ішіндегі Айдабол қоныстанған.

Қызылтау болысындағы тұратындар Сүйіндік руының ішіндегі Күлік тармағына жататын Тілеуімбет, Наурыз, Ақыл, Сексен және Данияр аталары.

Орта жүз казактарының жерін /Сарыарқаны/ отарлау және оны басқарудың әкімшілік құрылымы туралы жаңа Ереже 1822 жылы 22-шілдеде бекітілді. Бұл Ереже бойынша, орыс үкіметінің казак даласындағы тірегі - сыртқы округтің приказдар деп аталатын әкімшілік пункттері – дуандар құрылды. Сыртқы округтарды қорғау деген сылтаумен барлық округтік приказдарға әскери отрядтар берілді, ал округтардың аралығына казактардың күзет шептері салынды. «Царская Россия была тюрьмой народов. Многочисленные народы национальных окраин были бесправны и подвергались жестокому колониальному гнету со стороны царских властей. Царизм выступал в качестве палача и мучителя нерусских народов» [5, 192 б.].

1848 жылы Ұшбұлақ округі жабылуына байланысты, оның тұрғындары Көкшетау, Баянауыл, Көкпекті округтарына бөліп берілді. Баянауыл округіне 23845 адам қоныс аударып, соның нәтежесінде 15 болыс ел болды. Олар:/1851ж.дерек бойынша/

1. Ақбура-Тұлпар-Орманшы болысы
2. Күлік болысы
3. Айдабол болысы
4. Жаңқозы-Айдабол болысы

5. Күлік-Қаржас болысы
6. Сатылған-Алтынторы болысы
7. Қозған болысы
8. Бәйімбет-Бәсентиін болысы
9. Бәсентиін болысы
10. Әйтей- Бәсентиін болысы
11. Сәмек- Бәсентиін болысы
12. Актілес-Күшік- Бәсентиін болысы
13. Бозғозы-Буранайман болысы
14. Жәуетей- Буранайман болысы
15. Әжібай-Қанжығалы болысы [6, 38 б.].

Баянауыл өңірін осы жерді мекен етіп келген қазақ руларының атымен атап көрсету дәстүрі де бар. Мысалы, жоңғар хандығы тұсында қазақ халқының жағдайы аса ауыр болды. Арғындар басқалардан гөрі аз шығынға ұшырайды, себебі олардың шапқыншылықтан Бетпақтың шөлейтін паналағандықтан аман қалуы еді. 1726-1729 жылдары қазақ жасақтарының шабуылдары кезінде арғындар алдыңғы шепте жүреді. Жоңғария мемлекеті құлағаннан кейін 1750 жылдың соңынан бастап арғындар туған жеріне қайта орала бастайды.

Арғындардың көші екі толқын болды: алғашқы көшті Сыр бойының Арқаға қарай бастаған- Момындар, оның ішінде ірі рулар Қанжығалы мен Бәсентін, ал оның үлкен тармағы Сырым болды. Момындар Қаратаудан өтіп, Шу өзенімен Ұлытау арқылы Баянауылға келіп аялдады .

Қаратаудан басталған екінші көш Сүйіндік руы болды да, олар Баянауылға келген соң, Бәсентиіндер өздерінің ежелгі жайлауы Ертістің бойына қарай ығысты [6, 115 б.]. XIX ғасырда Баян тауының бастап Ереймен тауына дейінгі аралықты Арғынның Сүйіндік руы мен Бегендік-Қозған руының Қармыс тармағы қоныстанды. Осылайша, арғындар Баянауылды қоныстанудың жаңа кезеңі бастайды да, Баянауылдың өзінің және кейбір жер атауларының пайда болуына әсер етеді. Әсіресе, патшалық Ресей тұсындағы округтің болыстарын сол жердегі қыстау мен жайлауда отырған рулардың аттарымен атап көрсетілген. Мысалы, «Баянаула елі» деген ұғымның енді бір баламасы «Құлболды –Қаржас елі» деген атау. Енді бір замандарда бұл жер «Айдабол-Қаржас», «Төртауыл» деп те аталғанын айта кетуіміз керек.

Сонымен бірге, жер-су атаулары сол жерлерді зерттеген адамдардың есімімен де байланысты. Мысалы Драверт үңгірі. Үңгірдегі

суреттер нашар сақталған. Бұл суреттерді П.Л.Драветрттің «Грот с писаницей на озере Жасыбай в окрестностях Баянаула» атты еңбегіндегі суреттер жиынтығынан көруге болады. Бұлар үңгірдің төбе жағындағы бірнеше антропоморфты бейнелер. Олар төңкеріліп салынғандай болып көрінеді. Сондықтан оларға үңгір қабырғаларының ішкі жағынан тұрып қарау керек, сонда ғана бұл бейнелерді көруге болады. Бұл суреттер руналық жазбаларды еске салады, бірақ олар бір сызықтың бойымен емес, бір жерде шоғырланған [7, 26 б.].

Баянауыл өңіріне қатысты атаулардың үлкен бір тобы Ресейлік Патша үкіметінің отарлау саясаты барысында «орыстандырылған» топонимдер. Олар: Благодатное, Шормановка, т.б. XIX-XX ғасырлардың тоғысында Ресейдің европалық бөлігінде жер мәселесі қиындай түсіп, аграрлық дағдарыс басталды. Патша самодержавиясы бұл мәселені шаруаларды империяның оңтүстік-шығыс аудандарына көшіру жолымен шешпек болды. XIX ғасырдың соңына дейін Далалық Қазақстан мен Түркістан өлкесі қоныс аударушылар үшін ресми түрде жабық болатын. XX ғасыр басы Ресейде революциялық дағдарыстың өсуі мен патша үкіметінің орталық аудандарда помещиктік жер иеленуді сақтап қалуға ұмтылуы қоныс аударуды шектеу саясатынан бас тартуға мәжбүр етті. Енді қоныс аудару құқығына мүкіліктік жағдайына қарамастан барлық қоныс аударғысы келетіндер ие болды. Патша үкіметі қоныс аударушыларға жеңілдіктер жасады. Сөйтіп, ол орталық губернияларда таптық күрестерді бәсеңдетпекші болды. Бұл курсқа байланысты 1903 жылдың 12 наурызында, 1904 жылдың 6 маусымында, 1905 жылы 3 қарашада, 1906 жылы 10 наурызда «Қазына жеріне ауыл тұрғындары мен мешандарды қоныс аудару туралы» заңдар қабылдады. 1905-1907 жылдары революция қарсаңында Ресейдің европалық бөлігінде аграрлық толқулар жүріп жатты. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы министрі П. А. Столыпин аграрлық реформа қабылдайды. Осы реформа негізінде «Қазына жерлеріне қоныс аудару ережесі» жүзеге асырылды [8, 216 б.]. Патшалық Россияның қоныс аудару саясаты «принял характер беззастенчивого захвата казахских земель» [9, 183 б.]. Осының салдарынан XIX ғасыр аяғында және XX ғасырда Қазақстан халқының көпұлттық құрамының қалыптасуы шапшаңдайды. XX ғасыр басында Қазақстанда 60-тай ұлт өкілдері тұрды. Бұл да жер-су атауларында өз ізін қалдырды.

Өзінің құрамы жағынан топонимдер екі үлкен бөлімнен тұрады: ана тілінің негізінде және басқа тілдер негізінде жасалған

топонимдер. Жер-су аттарын стратиграфиялық тұрғыдан былайша топталады: 1. Көне түркі дәуіріндегі; 2. Алтай дәуіріндегі; 3. Көне қазақ тіліндегі; 4. Жаңа қазақ тіліндегі; 5. Орыс тілінен енген атаулар [10, 19 б.].

Әрбір халық туған жер, атамекен жұртындағы топонимикалық атауларды белгілі бір себептерге байланысты, не тарихи оқиғаларға орай бір рет дүниеге әкеледі де, оны ұрпағына мәңгілікке ескерткіш ретінде қалдырады. Ол атаулар ұрпақ ауысып, жаңа буын, жас қауым өмірге келгенде, дәстүрлі жалғастық тауып, халықтың тарихи жадында таспен қашап жазғандай мәңгі өмір сүре береді. Ал осы мәңгілік топонимикалық қастерлі атау бұзылса, оған төлем жоқ, ол қайта айналып келмейді, жоғалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Баянауыл аңыздар мекені (Фотокнига) /Сост.А.А.Сытин.- Павлодар: ЭКО,2008- 284с.илл
- 2 Тілеке Ж. Шежіре: Ертис-Баянаула өңірі.- Павлодар: «Дауа»: «Қазақстан», 1995, кт.І. -368б.
- 3 Қаныш елі (фотокітап). Құрастырушы О.В.Таланова.- Алматы-Павлодар: «Жібек жолы», 1999.-336 бет.илл.
- 4 Артықбаев Жамбыл. Баянауыл.- Астана: «Фолиант» баспасы, 2009. – 312 б.
- 5 Бекмаханов Е. Жеті томдық шығармалар жинағы. 3том.»Қазақстанның Россияға қосылуы». Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005.-531бет.
- 6 Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы (монографиялық зерттеу)/ Алпысбес М.А., Аршабек Т.Т., Қасен Е.Б., Кейкі Е.- Астана: «Парасат Әлемі» баспасы, 2005.- 480б., илл.
- 7 Кереку-Баян өңірінің тас-жазба суреттері (Фотоальбом). Павлодар, 2002.113б.,илл.
- 8 Макишева А.Т. Павлодар өңірінің көпұлтты құрамының қалыптасуы:қоныс аудару, депортация, эвакуация. 2 том. Павлодар, С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2003.
- 9 Абдуллаева Ю.А. Демография Павлодарского Прииртышья в XVIII-XX веках. Том1. Павлодар,ПГУ им.С.Торайғырова,2003.
- 10 Аралов С.Б. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Павлодар өңірінің тарихшысы мен өлкетанушысы. 5 том. Павлодар, С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2003.

ШИҚЫЛДАҚ АУЫЛЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

АМАНТАЙ М.

6-сынып оқушысы, Комсомол орта мектебі

РАХМЕТУЛИНА Г. Ж.

мұғалім, Комсомол орта мектебі

Тарих алдымен әлемді тану, оның өткенін ашып көрсету болып табылады. Тарих – тек өткен шақ туралы білімдердің қосындысы емес, сондай-ақ әр халықтың бүгінгі дүниеден өзінің жағдайын айқынырақ сезінуді түсінуге мүмкіндік береді. Жер шарында тарихсыз халықтар жоқ. Адамдар өмір сүрген жерде тарих бар. Өткенді білсең, осы заманды игеру оңайырақ, ал болашақты бағдарлау одан да жеңіл. Тарихтың негізгі пәні адамның, елдің рухы болу керек. Тарихты оқытудың мақсаты тек тарихи оқиғалармен, фактілермен танысу ғана емес, сондай-ақ адамның рухын тәрбиелеу болып табылады.

Отанға деген сүйіспеншілік өз отбасынан, өзінің туылып, мекендеген жерінен басталады. Адам қай жерде жүрсе де, «өз ауылының түтінінен артық нәрсе жоқ» деп ұлы ойшылдар бекер айтпаған. Біз отандастарға қосылып, мекендеген ауылымыз туралы мағлұматтар жинап, тарихқа өз үлесімізді қосуды мақсат еттік. Ізденіс барысында қызықты мәліметтер бізді қуанышқа бөлендіріп, бойымызды мақтаныш сезімі биледі. «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» - деп дана халқымыз айтқандай, әр адамның туған ата-анасы секілді өте қымбат мекені - оның туған жері болады. Туған жер – әркімнің де жүрегінен ыстық орын алады. Сол сияқты менің де кішкентай жүрегімде мәңгі қалатын Шиқылдақ деген киелі туған жерім бар.

Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз ауданында орналасқан қазіргі Шиқылдақ ауылының маңайында ертеде 12 ауыл болыпты (Шақшан, Қарабұдыр, Майсор, Жарсор, Өлі дәрігер ауылы, Нұрғазы, Үшкеліншек, Байахмет, Қопаш, Өнәлия, Біләл молла ауылы, Қараайғыр) ауылдары орналасқан. Ауыл адамдары мал өсірумен айналысты. Рулары – тұлпар, айдабол, күлік болған.

«Шиқылдақ» атауының толық дерегі жоқ. Үлкендер әр түрлі нұсқалармен айтады. Бірінші нұсқасында: «Мұнда 30-40 шамалы үй болыпты. Олар Баянауылдың оңтүстігінде Сарөлең деген жерден көшіп келіпті. Басы артық малдарын жүн, тері-терсектерін, күз «Боқырау» жәрмеңкесіне апарып ұн, қант-шай, керасинге айырбастаған. Осылай сүттей ұйып отырған ауылға 1928-1930 ж.ж.

«Конфеске» деген келіп жетті. Ауданнан келген өкілдер, ауылдың жаңа піскен белсенділері табындағы жылқыны, өрістегі ірі қара малды, желідегі құлынды, бұзауторпакты айдап әкетті, айтатын сөздері бәрі ортада болады [1; 19].

1929-1931 ж.ж. кейін, жоғарыда аталған 12 ауылды біріктіріп, «Кедей орда» деген колхоз құрылды. Сөйтіп 1932 аштық жылы келіп жетті. Көптеген үйлер Севкрай жағына (Омбы, Новосібір, Алтай) көшіп кетті. Дегенмен, бұл жерде аштықтан өлгендер болған жоқ. Оған себеп болған колхоз төрағасы Сман Смайлов деген кісі жергілікті елге көп қамқорлық жасады, басқа да ақылғой адамдар көп болды. 1934 жылы Қазақстанда БКПБ-орталық комитетінің хатшысы С.М. Киров келіп, егінді жинап алыңыздар деп ұран тастады. Әрине, бітік шыққан егін колхозшыларға көмек жасады. 1934 жылы Кедей орда колхозы Киров атындағы колхоз болып аталды. Отіншін Рахметолла «Киров» колхоз төрағасы болды, кейін бас есепші қызметінде жұмыс атқарып, колхозға көп еңбек сіңірді [1; 26].

Осы колхоз 1934-1957 жылдары өмір сүрді. Ұлы Отан соғысы кезінде біздің ауылдастар өз үлесін Ұлы Жеңіске қосты. Майданда ерлікпен шайқасып, ауылға оралған және оралмағандар да бар. Ауылда қалған әйелдер мен жас өспірім, еңбек етіп, еңбекте ерлік көрсетіп, жеңіске өз қадамдарын жасады. Әжелер мен аталарымыздың жасаған ерлігі туралы кітап жазып шығаруға болады. Бұл – біз үшін, үлкен мақтаныш.

Колхоздар тарап, 1957 жылы совхоздар орнағаннан кейін, Александровка совхозының үшінші бөлімшесі болды. Колхоз адамдары соғыс жылдары тың жерді игеру науқанында қиыншылықты бастан кешірді, бірақ аянбай еңбек етті. Олардың көбісі бүгінгі күнде жоқ. 1958 жылы осы Шиқылдақ ауылында келешек совхоз орталығы болады деп, әуеліде 8 үй салынды. 06.10.1961 жылы Баянауыл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының Комсомол қой өндірісі совхозы болып жарияланды. 1962-1965 жылдар қой шаруашылығын өркендету жылдары «Екінші тың» деген қаулы шықты. Совхозға құрылыс материалдары, техника келе бастады. Аз ғана жылда совхоз орталығы бөй көтерді. Өндірістік, мәдени-тұрмыстық құрылыс нысандары салынып, кішігірім қалашық болды. Бүгінде, «Приватизация» дегенін салдарынан осы объектілердің орны да жоқ.

1997 жылы наурыз - 1998 жылы наурыз аралығында өндірістік кооперативтік жүйесінде құрылды, бірақ, одан нәтиже шықпады.

1998-1999 жылдары меншік фирма «Әлем инвест» қарамағында болып, міне осылай талай жүйе құрылымын бастан өткізген ауыл Шикылдақ Екібастұз қаласының құрылымына тіркелген. Қазіргі кезде ауылда 500-дей адам тұрады, мектебі, бала бақшасы, дәрігерлік пункті бәрі жұмыс істеп тұр. Мал жетеді, дастарханы мол, 20-ға жуық шаруа қожалығы бар. «Күлболды батыр» атындағы мешіт бар.

Ж.Аймауытов «Күнікейдің жазығы» повесінде ауыл туралы мынадай дерек келтіреді: «Ол күнде айдабол, күлік, ақ бура, тұлпар, қозған, қақсал Шідерті бойын жайлайды». Өлеңті мен Шідерті қатар аққан өзен. Өре басы, Есіл, Нұрадан келе ме, кім білсін, Өлеңті-Ақкөлге, Шідерті Жайылмаға барып сарқады. Шідертінің суы мол кезі. Жалғыз-ақ Шикылдақ ауылы болмаса, о кезде Шідерті бойын қыстаған ел де жоқ. Сәуірдің алашабыр бұлты арылмай-ақ Баянауыл, Қызылтаудағы қалың сүйіндік атандарын алқытып, бұйдасын көш құлаш созып, Бөкембай, Арқалық, Жаманадыр, Желдіадырдан асып, Шідертіге қарай ағыл-тегіл құлай бастайды» [2; 238]. Яғни Шикылдақ атаның ұрпақтары ертеден сол Шідерті бойын мекендеген.

Екінші нұсқасы: медицина ғылымдарының докторы Сағит Иманғазинның ұлы атасының есімі Шикылдақ еді. Сол кісінің құрметіне ауылға оның есімі берілген дейді. [4; 3]

Келесі нұсқасы – осы жерде көлдің болуы. Тұзды әрі шипалы көл. Онда ерте заманда құс, қаз, қарлығаш, шағала көп болыпты. Олар жазғытұрым жылы жақтан ұшып келіп, қаңқылдап, балапандары шикылдап құс базары болған екен. Сондықтан Шикылдақ аталған дейді.

Бірнеше жыл бұрын бұл көлдің аумағы кішірейіп, лас болды. Малдар бұл көлден су іше алмады. Осы көлдің жаңаруына үлкен үлес қосқан, ауылдың бұрынғы әкімі - Рахметуллин Асан. Ол Шідерті өзенінен «Павлодар жолдары» ЖШС басшысымен бірлесіп, су арнасын тереңдетіп, ұлғайтқан. Су бұзып алып кететін жолдарды бекітіп, бұл іс оң нәтижесін берген: 10 шақты жыл бойы су арнамен келмей, көлге үлкен су келді. Бүгінгі таңда бұл көлде балықтар да бар, көптеген құстар мекендейді. Оның ішінде аққулар да бар. Жан-жақта орналасқан аймақтардан адамдар келіп шомылады, балық аулайды. Төбе басына шықсаң, атшаптырым жер алақанындағыдай көрінеді.

«Бірде, қазіргі Шідерті поселкесіне сол кездегі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі И.Тасмағамбетов жол-

жәнекей келе қалды», - деп еске алады Шайхан атамның баласы Қиззат. Келген мейманға әңгіме барысында ауыл аты жайында сөз қозғалған болатын. Елді тыңдап алған қонақ: «Олай болса ауыл аты «Шикылдақ ауылы» болып қала берсін, - деп ұсыныс жасады [3; 5]. Ол кісінің өңірдегі іс-сапары аяқталғанша, ауыл маңынан өтетін Павлодар-Қарағанды тас жолының бойына «Шикылдақ ауылы» деген тақта-бағдарлама да орнатылып үлгерілді.



Сурет 1 – Тақта-бағдарлама

Бұрында осы ауылда тұрған ғалымдар: Иманғазин С. – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қоқымбаев Ж. Қ. – техника ғылымдарының кандидаты, Шаймерденов Т. Р. – педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚССР еңбегі сіңген мұғалімі, Шаймерденов Н. Р. – геолог-минералдық ғылымдарының кандидаты, Сманов М. – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Рахметуллина Р. Р. – ҚССР еңбегі сіңген мұғалімі.

Ауылға үнемі келіп жүрген атақты адамдар: Бекхожин Қайыржан Нұрғожаұлы – қазақ совет баспа сөзінің зерттеуші ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қалижан Нұрғожаұлы Бекхожин – ақын, драматург, аудармашы, Қазақстанның халық жазушысы (1986), мемлекеттік сыйлықтың иегері [5; 9].

Осы жұмыстың барысында туған жердің тарихы жайлы оқушылармен сауалнама жүргіздік. Ол төмендегі сұрақтардан құрастырылды. Сауалнамаға 41 оқушы қатысты.

Кесте 1 – Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны мен жынысқа бөлінуі.

Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны	Жынысы	Саны	Сыныптар						
			5	6	8	9	10	11	
41	қыз	20	2	1	4	4	3	2	
	ұл	21	2	2	1	3	5	2	



Сурет 2 – «Шиқылдақ ауылының тарихын білесіз бе (ауыл аты кімнің атына берілген)?» сұрағына жауап



Сурет 3 – «Біздің ауылда туған қандай белгілі ақын жазушыларды, танымал азаматтарды білесіз?» сұрағына жауап

Біздің ауылдың қандай мәселесі сені алаңдатады?

Оқушыларға сауал жүргізу нәтижесінде осы сұраққа оқушылардың көбі төмендегі мәселелерді қозғады:

- ауылымызда жұмыс орындары ашылса;
- ауылымызда инфрақұрылым, жол жақсарса;
- ауылымыздың айналасы көгалдандырылса;
- тұрғындар саны көбейсе.


Сен өз ауылыңның дамуына қандай үлес қосудасың?

Сұраққа оқушылардың көбі төмендегі жауаптар берді:

- білім алып жатырмын;
- ауылымның тарихын терең тану үшін өлкетану сабағына

қатысамын;

- ауыл ішінде, мектепте болатын сенбіліктерден қалмаймын;
- өз үйімнің айналасын таза ұстаймын;
- зейнеткер тұрғындарға су тасу, отын шабу, шөп түсіру сияқты жұмыстарға көмек беріп тұрамыз.



Сурет 4 – «Болашақта сен мамандық иесі аталғаннан кейін (диплом алғаннан кейін) туған ауылыңа қайтып ораласың ба?» сұрағына жауап.

Қойылған сауалнамаға жауаптар тарихты жақсы білуге және ауыл тарихын жастарға жеткізуге маңыздылығын қайта білдірді.

Туған жер-адамның ата-бабаларынан бері қарай кіндік қаны тамып, өсіп келе жатқан мекені. «Жүрген жақсы, көп дүниені көрген жақсы. Бірақ соның бәрінен де тағы бір жақсы бар: көре біліп, жүре келіп, өз ауылына, туған жеріне қайтқан сәт – бәрінен де жақсы деп», - Мұхтар Әуезов айтқанындай, адам баласы туған елден жырақта болса да, оның өсуіне, көркеюіне атсалысуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Архив материалдары (Комсомол орта мектебі мұражайы материалдары). 3-папка
- 2 Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. -А.: Жазушы, 2006. -325 б.
- 3 Бықай Ф. Шиқылдақ деген ауыл бар. «Егеменді Қазақстан» газеті, 2013.-10б.
- 4 Имангазинов С. Шиқылдақ – атажұрт, құт мекен. «Отарқа» газеті, 2012, № 22
- 5 Шаймерденов Т.Р. Өмір өткелдері- Павлодар, ЭКО, 2005-162 б.

ҮМІТ АПАҒА ҮМІТ АРТҚАНДАР

АЯГАНОВА А. Б.

10 «Б» сынып оқушысы, Облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернаты», г. Павлодар

НЕГМАНОВ Е. У.

ғылыми жетекші

Әкесі Ақтан өте қарапайым, ел арасында сыйымды болған деседі. Анасы Кенженің көріпкелділігі бар, көрші- қолаңның балтыры сыздап ауыра қалса емдеп, емші атанған құмалақшы болыпты. 1932-1937 жалдары аштық кезінде Алтайға көшіп бас сауғалайды. 1937 жылдары ызғары әкесі Ақтанға да әсер еткен болар, ол ерте дүние салды. Жетім қалған кіші қызы Үміт пен үлкені Мәнсурасын аналары Кенже жалғыз өзі тәрбиелеп күн кешті. Ал сұрапыл соғыс басталған жылдары екі қыз аналарынан айрылды. Ата- анадан ерте айырылған Үміт пен Мәнсураға күн көру оңайға түспеді.

Үміттің де, Мәнсураның де бойында ерекше қасиет бар екенін анасы Кенже ерте сезінген болатын. Сондықтан ол жиі осы тақырыпқа сөз қозғайтын. «Екеуіңнің біреуің түбі менің жолымды қуатын боласындар, дегені әлі есімде», - деген Үміт апа. Мәнсура дүниеден ерте өтеді, ал Үміт апа болса сол жылдары жиі ауыратын. Кей түндері ұйықтай алмай, түс көріп қиналған кездері де болды. Бірде есінде ерекше қалатындай түс көреді.

Анасы Кенже Сарымұрзақыз алыстан байыппен сөйлеп:» Үміт, айналайын, есінді жый, менің емшілік қасиетім өзіңе енді қонды. Алдына келген адамдарды емдеуіне болады. Алдымен, ана төсекте тапжылмай жатқан ененді таяқтың сүйеуінсіз тұрғызып жүргізесің», - дейді де жоқ болады.

1985-1986 жылдары Республикамызда, қала берді облыс өңірлерінде емшілердің ассоциациясы, орталықтары, филиалдары ашыла бастады. Есімі елге танымал қалған емші ретінде Үміт Ақтанқызы Субатылова өзінің емшілік қызметін 1986 жылы бастаса да, емшілердің орталығына тіркелмеген еді. Сөйтіп, ол Республикалық емшілердің орталығы болып есептелетін Павлодардағы филиалына 1991 жылы халық емшісі ретінде тіркеліп, олардың қойған бар талабын орындап, емшілердің тексеру тестінен өтеді. Барлық параметр бойынша емшілік қасиетінің ең жоғарғы дәрежедегі халық емшісі деген бағасын алады. Міне, содан бері де талай жыл өтті...

1991 жылдың үшінші ақпанында Павлодар ауданының Жамбыл ауылында Республикалық дәрежедегі халық емшісі Үміт Субатылованың емдеу орталығы заңды түрде ашылды.

Жаңадан салынған, жан-жақты жабдықталған орталықты өзі қаржыландырды. Бұл емдеу орталығы құрылған жылдан бастап, өзін-өзі ақтап отырған бүгінгі таңда бірден-бір дәрігерлік емдеу орнына айналды. Одан кейінгі үш жылдың ішінде 70 орынды жатақхана, емделушілерді қабылдайтын орталық, монша, асхана салынды. Алыстан автокөлікпен келгендер үшін автотұрақта жұмыс істейді.

Үміт апаның балалық шағы мүлде болған жоқ. Аштық жылдары мен соғыстың ызғарлы ауыртпалығы оның мектепте білім алуына кедергі жасады. Дегенмен, мектеп табалдырығын мүлде аттап көрмеген, оның өмірден алған тәжірибесі мен білімді білгірлігіне, ұйымдастыру қабілетіне шек қоя алмаймын. 1990 жылдардағы елімізге келген нарық қыспағы Үміт апаны одан әрі шыңдады. Өмірінің мазмұнды шағы жолдасы Рахметолла атамен шаңырақ құрғанда басталды...

Емделуге келгендер үшін алдымен дәріхана және асхана ашумен айналысты, монша салдырды. Қаламен екі араға қатынасатын жолды өз күшімен жөндегіп, демеушілердің көмегімен науқастар келіп кету үшін автокөлік ұйымдастырды. Шынында да, қиын қыспақ қашанда адамды қатайтып жігерлендіре түсіретіні хақ қой. Бір кездегі коммуна болып бірлесіп атқарған жұмыстарды 90 жылдары Үміт апа өз басынан кешірді. Сол жылы әр жерде ауыл тұрмысы төмендеп, көпшілік мезгілінде айлығын, зейнетақысын ала алмай дел-сал болды. Жұмыссыздық пен жоқшылықтың дәмін татты. Осындай жағдай Үміт апаның ауылында да болды. Осы кезде ауылдастарына көмек беріп Үміт апа қайырымдылық жасады. Егіс салған кезде тегін жаңар-жағармай босатып, ауылға мезгілінде жарықтың беріліп тұруына жағдай жасады. Күн көрісі төмен адамдарды азық- түлікпен қамтамасыз етіп, көптің алғысын алды.

Субатылова Үміт Ақтанқызы Руы Уақ 22 маусымда 1924 жылы Павлодар облысы Лебяжі ауданында Қорт ауылында дүниеге келген. Әкесі Ақтан анасы Кенже 1933 жылы Үміт апаның отбасы, атамекен мыңжылдық қарағайлы өлкесінен жайлы орын таба алмай, Алтайға ішке қарай көшеді.

Ключевский ауданы Северка ауылы деген қонысқа келіп, киіз үй тігіп орнығады. 1947 жылы отау құрады. Жұбайы Субатылов Рахметолла Сулейменұлы Үміт апа екеуі 5 бала тәрбиелеп өсіреді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Тұңғыш ұлы Жұмабай жұма күні туыпты.

Үлкен қызы Сара, ортаңғы ұлы Жұмажан, кенже ұлы Боранбай, кіші қызы Бақыт. Осы балаларынан 6 немере, 13 шөбере, 5 жиен, 11 жиеншар.

1966 жылы Алтай өлкесінен Павлодарский совхозына қоныс аударып келді. Үміт Ақтанқызы зейнет демалысына шыққанға дейін Павлодар кеңшарында отағасы Рахметолла Сүлейменұлы екеуі жиырма жыл мал шаруашылығында еңбек еткен. Ерлі-зайыпты Субатыловтар озат малшы болды, осы адал еңбектерінің арқасында біраз аброй атаққа ие болған. Кезінде белгілі қайраткер Дінмұхаммед Қонаевты қарсы алып сұхбаттасқан жандар. 1986 жылы Кереку қаласының іргесіндегі Жамбыл ауылында Республикалық дәрежедегі халық емшісі Үміт Субатылованың емдеу орталығы заңды түрде ашылды.

2005 жылы сәуір айында Рахметолла ата дүниеден өтті. Артынан көп ұзамай екі ай оң күннен кейін маусым айының он үші күні халық емшісі Үміт қажы апа фәниден бақиға көшті.

Павлодар қаласынан 26 шақырым жердегі Жамбыл ауылына ат сабылтып республикамыздың түкпір-түкпірінен, тіпті шет елдерден де күніне 200-300-ге жуық адам келеді. Бұл ауылда Республикалық Халық емшілері орталығына заңды түрде тіркелген, халық емшісі, қолы шипа, жаны жайсаң, аналардың анасы атанған Үміт Ақтанқызы Сұбатылова тұрады. Жолдасы Рахметолламен ұзақ жылдар мал соңында жүріп, озаттар қатарында болған, зейнетке шыққаннан кейін осы Жамбыл ауылының шетіндегі кішкентай көлдің жағасына үй салып, осында өмір сүрген. Ауылдағылардың айтуынша, олар көшіп келген жылы осы көлге екі аққу келіп қоныстанады. Бүгінде елдегілер бұл аққуларды Үміт апаның иесі деп аңыз етіп айтып жүр. Мүмкін солай да болар...

Үміт апаның анасы Кенже Сармұрзаққызы кезінде атақты емші болған дейді. Соның қасиеті болар, Үміт апа қолын қусырып бос отыра алмай, ауылдағы бірлі-жарым науқастарды емдеп, кейіннен облыс оңіріне танымал болып, емші деген атаққа ие болды. Шынын айтсақ, Үміт Ақтанқызына бүгінде Қазақстан оңірінен ғана емес, Ресейдің-Новосібір, Омбы, Түмен, Екатеринбург, Хабаровск, сонау Владивосток пен Оңтүстік Сахалин жерінен, Өзбекстан, Қырғыстан мен Татарстан, Германия мен Ираннан да келіп емделіп қайтып жатады. Олар оның еміне риза болып, халық емшісі Үміт апаның емшілігін аңызға айналдырып, оның есімін бірден бірде жеткізуде. Негізінен дәрігерден үмітін үзген, науқасы асқынған, өлім мен өмір арасындағы ауру адамдар келген. Үміт апа әр түрлі ісік ауруы бар, асқазан, өкпе, бауыр, бүйрек ауруымен сырқаттанғандарды, сәби

сүйе алмай жүрген әйелдерді емдеген. Үміт Ақтанқызы бүгінгі нарық қиындығы кезінде науқастарға ғана қамқорлық көрсетіп қоймай, жетім-жесірлерге қайырымдылық жасады. Павлодарға жетім сәбилер мен балалар үйінде жиі болған, оларға азық- түлік, киім-кешекпен көмек көрсеткен.

Ол ма, ауылында жұмыссыз қалған адамдарды өзінің жеке меншік медициналық орталығына алып, оларға да жұмыс тауып беріп қолқабыс жасады. Олардың бірі шаруашылық меңгеруші, екіншісі монша жағады, бірі жүргізуші, бірі есепші, бірі кассир, наубайханашы, аспазшы, медбике болып қызмет еткен.

«Емшілікпен айналысу үшін алдымен науқастардың емделуіне барлық жағдай жасалуы керек», - деген Үміт апа. Иә, жұмысты ұйымдастыруда үлкен біліктілік пен іскерлік қажет. Ол қалтасы қалың кәсіпкерлермен, ел басқарып отырған лауазымды адамдармен бірлесіп жұмыс істеп, әрі өзінің азын-аулақ қаржысын үнемдеп, үлкен емдеу орталық үйін салдырды. Емделушілер жататын үлкенді-кішілі 5 жатақхана, бар жоғы 10 теңгеге төрт мезгіл асханада тамақтануға болады. Мұнда сол сияқты монша, дәріхана жұмыс істейді. Бұлармен қоса Үміт апаның жеке меншігінде 2 автобус та бар. Олар емделуге келушілерді Павлодардан күтіп алады, емделіп болғандарды Павлодарға жеткізіп салады. Қазір көп жерлерде ауыл тұрғындары қаржы тапшылығынан электр қуатын пайдаланғаны үшін төлем төлей алмай отырғаны белгілі. Ал Үміт апаның ауылында тұрғындар бұл жағынан қиналған жоқ. Өйткені барлық тұрғындардың электр қуаты үшін төлемін ол өз мойнына алған. Үміт апа мен Рахметолла Сұбатыловтардың отбасы елі үшін тағы бір үлкен игілікті іс атқарды. Ауыл тұрғындары мен келген науқастар үшін жеке меншік мешіт салдырды. Бұның өзінде бір керемет сыр жатқандай. Науқастарды имандылыққа баули отырып, еңбекке деген құлшыныстарын оятуы ерекше, қасиеттерінен дерер едік. Мешіт жанынан бүгін азаншысы мен молдасының бар қаражатын өзі көтерді. Жастардың иманжүзді, тәрбиелі болуына да ерекше көңіл бөлген, жаңа үйленген жастардың некесін қиюға осында мүмкіндік туғызып отыр. Осы ауылдың тұрғыны, Үміт апаның қарамағында медбике болып қызмет атқарып жүрген Алтын Жарықпасова мына жайды айтты: «Үміт апа көшіп келгенге дейін ауыл тозған, жастардың көбі жұмыссыз, ішімдіктің соңына түсіп, ұрлық- қарлық жасайтындар көп болды. Дегенмен, санасы барлар Үміт апаның халыққа жасап отырған игі ісін түсініп, жаман қылықтан аулақ болып, ерекше бір талпынас жасады.

Ал санасы жетпегендермен Үміт апа сөйлесті, қажет деп тапқандарымен емдеді. Бүгінде ауыл тұрғындары салауатты өмір сүруде». Жастардың проблемасын Үміт апа өзі шешіп отырды. Ауыл жастары және емделуге келген қыз-жігіттер үшін әртүрлі кештер ұйымдастырылады, өнерлі деген жастардың басын қосып, ансамбль құрып, кешкілік ауыл тұрғындары мен науқастарға арнап барлық мерекелер, тойлар Үміт апасыз өткен жоқ. Мереке күндері де Үміт апаның дастарханы ерекше болған. Науқастар мен ауылдастары ұлттық тағамдардың небір түрлерін дәм татып, көңіл көтерген. 80-ге таяп қалған Үміт апа құдайға құлшылық етіп, Рахметолла ақсақалы мен үлкен қызы Сараны алып Мекке-Мәдинаға барып келді. Сондағы Үміт апаны тезірек келсе екен деп зарығып тосқан науқастары, оған деген үміттің шексіз екенін көрсетті. Үміт апа күніне 3-4 саған демалған. Бүкіл бала-шағасы мен немере-шөберелерін адамзатқа қызмет көрсетіп, тәрбиелеп отырған Үміт апаның күллі үрім-бұтағы халыққа қалтқысыз қызмет жасауда. Үміт апа – бақытты жан. Неге десеңіз, қаншама адам оның қасиетті алақанын аңсап, оның еміне үміт артады. Ендеше, үміт бар жерде бақыт та бар...

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ғалия Балтабай, Байтұяқ Жанымбет. «Емші Құдыреті» 2002 ж. -112 б.
- 2 Женский иллюстрированный журнал «Дамский мир». 2004, 14-15 стр.
- 3 Информаторлар: Тамарғалиева Б.Р.
- 4 Ш. Уәлиханов : Қазақтағы шамандықтың қалдығы // Таңдамалы. Алматы, 1985 ж.
- 5 Қазақ бақсы – балгерлері. / Құраст. Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов. – Алматы, 1993.

МАЛАЙСАРЫ ТАРХАН – ТАРИХ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ТАНЫМ

БАЙМУХАНОВ С. О.

8 «А» сынып оқушысы, ОМЛИОД лицейі, Павлодар қ.

Қазақ тарихында XVIII ғасырдың алатын орны ерекше. Жоңғарлармен ғасыр бойы күрес Павлодар-Ертіс өңірін алдыңғы қатарына шығарды: әуелі солтүстік-шығыс жағынан ханның

“қорғаныс” ретінде, кейін Бөгенбай, Малайсары, Жасыбай, Олжабай сияқты атақты батырлар мен қолбасшылардың ерен еңбектері арқасында жоңғар басшылығына нәтижелі қарсылықты қамтамасыз ету мағынасында.

Жоңғарлардың соғыстағы жеңілген жерлері халықтың арасында “Қалмақ қырған” деп аталып кетті. Қазақстанның барлық аймағында “Қалмақ қырған” атты бірнеше өңір бар. Павлодар облысында ондай жер екеу (Май және Баянауыл райондарында).

Сол ғасырда қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен орта жүздің батыры әрі биі Малайсары өмірі мен еңбегі тарих беттерінде кеңінен айтыла бастады.

Әсіресе, Орталық Азияның үлкен өзені - қара Ертіс бойын жаудан қорғаған кезі - батырдың жасаған ерліктерінің бірі ғана.

Бұл тұлға туралы деректерді алғаш рет Шоқан жазбаларынан кездестіреміз. Шоқан жинағының бірінші томында “Исторические предания о батырах XVIII века” аталатын мақала бар.

Мұнда ғалым XVIII ғасырдың бетке ұстар ұлдарының көпшілігін қазақ аңыздарына сүйене отырып атап кетеді. Шоқан берген баға бойынша Малайсары батырдың тарихтағы орны Қаз дауысты Қазыбек, уақ Деріпсал, Баян батыр деңгейінде. Ғалым былай дейді:

“Когда спросили у Аблая, кого он из батыров более уважает из всех трех орд, он отвечал: “ Из моих батыров басентииновец Малайсары по богатству, храбрости и по характеру, и уаковец Баян по уму и храбрости стоят выше всех” (Ч.Валиханов. Собр.соч. Т.1. с 125)

Шоқан Малайсары туралы жақсы бағасын сол қолжазбасында қайталайды: “Малай - Сары пользовался уважением в народе и у самого Абылая, ибо был богат, умен и храбр – достоинства, которые редко соединяются в одном лице”.

Шоқан Малайсарыны “киргизский родоначальник (бий и батыр)” деп атайды. Бұл мысал Абылай тұқымының Малайсары батырдың тарихтағы орнын толық белгілегенін, жоғары баға бергенін көрсетеді.

Шоқан шығармаларында Жоңғар контәжісі Қалдан Сереннің Малайсары батырға грамота мен “тархан” атағын беру туралы айтып өтеді.

Қалдан Серен грамотасының негізгі мәтінімен қатар Шоқан Малайсарыға қатысты бірнеше тамаша анықтама береді. Оның жазуынша ол Абылай заманындағы батырлардың ішіндегі ең

белгілісі: “Малай – Сара, по калмыцкому произношению Малай - Шора, был одним из самых (влиятельных) биев и батыров Средней Орды во времена ханов (Абульмамбета) и Абылая.

Шоқан зерттеуіне қарағанда Малайсарының аты шыға бастаған уақыт XVIII ғасырдың бірінші жартысы, қазаққа төрт құбыланың бәрі жау болып, жан қысылған уақыт: “Когда джунгары, буруты (қырғыз – авт.), каракалпаки, башкиры, русские казаки, волжские калмыки со всех сторон теснили и грабили беззащитный народ, в это время неурядиц, смут, голодных годов и начинается возвышаться Малай - Сары, один из первых сподвижников султана Абылая...”.

Малайсары, деректерге қарағанда, бір мың жеті жүз сегіз - бір мың жеті жүз қырық төртінші жылдары өмір сүрген. Руы – Арғын ішіндегі Бәсентиін, оның ішінде – Сырым. Атамекені – Павлодар облысының Май ауданына қарасты жерлер.

Әкесі Тоқтауыл түйені еркін көтерген, жолбарысты жарып өлтірген белгілі батыр атаныпты. Анасы Мөлдір – қалмақ қызы. Қарындасы Гауһар – ерлігі аңызға айналған қаһарман қыз. Ол қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан Қаракерей Қабанбай батырға тұрмысқа шығады.

Енді архив деректеріне келейік. Бір мың жеті жүз қырық үшінші жылы қыркүйек айының 22-інде Орта жүзге арнайы тыңшылық сапармен барған башқұрт Токан Балтасевтың мәлімдесінде қазақ – қалмақ одағының нығайғаны, Қалдан Сереннің Абылайды тұтқыннан босатып, сый құрметпен еліне аттандырып салғаны жазылады. Сонымен бірге бұл мәлімдемеде Малайсары аты да аталады: “Аблай и приехавший с Абульмамбетевым сыном киргизец Малай-Сары утверждали, что когда они приедут, то Бараков сын, конечно, отдан будет... Галдан - Чирин причем им награждение учинил, а именно: Аблаю и Малай-Сары — одного знатного ташкентского сарта, который живет у него во владении, Галдана - Чирина, по дочери в замужестве дал, и сверх того, Аблаю обещал дать в Ташкенте несколько в вотчину... А Малай-Сары пожалован в ближние к себе четьрем человеком да сто кобылиц за то наипаче...” (Казахско-русские отношения в XVI-XVII в., 1961. с. 297).

Бұл дерек ұзақ жылдарға созылған қазақ-қалмақ жаугершілігін тоқтатуға себеп болған үлкен мәмілегерлік келісімнің болғанын, қазақтың үш жүзінен барған тоқсан жақсының ішінде Малайсарының жоғары тұрғандығын көрсетеді. Бұған себеп Малайсарының қазақ пен қалмаққа танылған ерлік данқы, ақылы мен парасаты, қалмақ

ішіндегі жиендік беделі. Батырдың анасы қалмақтың белгілі нояндарының қызы деп жоғарыда айтқанбыз.

Енді қазақ шежіресіне келейік. Оның классикалық нұсқалары (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім, тағы басқалар) тарихи аңыздар мен әңгімелерден, жеке тұлғаларға қатысты қанатты сөздерден тұрады. Шежіре нұсқаларын ақтара отырып Малайсарыға қатысты бірсыпыра деректерді Мәшһүр Жүсіп жазбаларынан кездестіреміз.

Мәшекең Малайсары батырға қатысты қызықты әңгімелерді қазақ батырларына, оның ішінде Олжабайға арналған аңыздар топтамасында келтіреді. Шежірешінің айтуына қарағанда: “Осы Малайсары өз заманында епетеісіз ірі, дөкей батырдың бірі есепті болған” – деп суреттейді ғұлама.

Малайсарының қайтыс болуы бір мың жеті жүз қырық төртінші жылдың оқиғаларына сәйкес келетін сияқты. Абылай қалмақ ішіндегі азамат соғысына араласып жүрген кез. Сол жылдың сәуір айы болатын, жоңғарлардың Қаратал бойында он мың адамдық үлкен қосыны тұрды. Сол жерде Малайсары бастаған қазақ жасақтарының жоңғарларға қарсы қатты шайқасы болған. Малайсарының өлімі осы соғыста болған сияқты.

Алтынмел тауының бір сілемінде Малайсары батыр оққа ұшты. Сол заманнан бері бұл жота Малайсары атанады. Жоңғар Алатауының басталатын тұсы да осы жер.

Малайсарыға қатысты тағы бір деректер Жаяу Мұса Байжановтың Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасында сирек кездесетін қолжазбалар бөліміндегі “Абылай ханның 40 батырымен Сарыарқаны қалмақ ханы Қалдан Сереннен тартып алған уақиғасы” деген қолжазбасында кездеседі.

Малайсары туралы деректерді өткен ғасырдың 90-шы жылдары Ертіс өңірінің белгілі өлкетанушысы марқұм Жеңіс Марданов жинақтай бастады. Ертіс бойында қазақ шежіресін, эпикалық жырларын жатқа айтатын адамдар аз болса да өлкетанушы тынбай тіршілік жасап, ауызша деректер мен жазбаша материалдарды ұштастыра отырып Малайсары батырға арналған қысқаша этюдтер жазды. Ол “Дауа” шығармашылық бірлестігі жариялаған “Қазақ халқының қаһармандары” кітабының бірінші томында шықты.

Бұл жарияланымдардың ғылыми, әдеби айналымға қосқан деректері батырдың генеалогиясына, жеке портретіне қатысты. Өлкетанушының жазуына қарағанда “Малайсарының түр келбеті ақсақалдардың айтуынша, батыр ұрпақтарының ата-бабаларынан естіген деректері бойынша кең иықты, ұзын бойлы, алқымды,

шекелі, мұрынды болыпты” – деп сипаттайды Жеңіс Марданов. Малайсарының осы сипаттаудан басқа портретіне қатысты ешқандай дерек жоқ. Осыған байланысты батырдың түр-келбетін қайта жаңғыртатын антропологиялық зерттеулердің қажеттілігі туындайды.

Малайсарының ұлы Тілеуқабыл да әрі бай, әрі батыр болыпты. Бірақ көпке дейін ер баласы болмай Құдайға жалбарынып: “Мына қалың жылқыға ие бере көр?” деп сұрайды. Ақыры мұқтажы орындалып, дүниеге келген ер баланың атын Бісміллә қойған екен. Бұл ауызша деректер де “Қазақ халқының қаһармандары” кітабына Жеңіс Тілекенің еңгізген ел аузынан жиналған дүние.

Малайсары батыр туралы газет мақалалары 90-жылдардан бастап жариялана бастады. Олардың ішінде 1991 жылғы тамыз айында “Дауа” газетінің бетінде жарияланған топтаманы айта кеткен жөн.

Ибадилдин Қажымұрат Төлетайұлы (21.01.1964, Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Басқамыс ауылы – 13.08.1984, Ауғанстан) – қатардағы жауынгер, минаатаршы. Қазақ. Әскерге дейін «Рассвет» кеңшарында жұмыс істеген. КСРО Қарулы Күштері қатарына Краснокутск ауданы әскери комиссариатынан шақырылған (06.04.1983). 1983 жылы тамыз айында Кеңес әскерінің Ауғанстандағы шектеулі контингентінде әскери борышын өтеді. Бірнеше рет жауынгерлік іс – қимылдарға қатысып, өзін батыл әрі қайсар жауынгер ретінде көрсетті. 1984 жылы 13 тамызда ұрыс кезінде қаза тапты. Туған жерінде жерленген

Тоғыз жылға толарсақтан саз кешіп, бітпес «бітімгерліктің» бәтуасында бастарын қауіп – қатерге тіккен «ауғандықтар» үшін бұл соғыс жанға жазылмас жара салды. Тіпті кейбірі не үшін, неге соғысқанын білмей дал болды, кейбірі шыныменен «Отаны үшін отқа түсті». Сөйтіп, абыройлы түрде өз міндетін атқарған интернационал – жауынгерлердің бірі оққа ұшты, базбіреулерінің тіпті дерегі болмай ұшты – күйлі жоқ болды. Ал аман – есен Отанына оралған көптеген «ауғандықтар» қоғамнан өз орындарын таба алмай, бірлесе қоғам құрып, кейінгі өмірге бейімделді. Еліміздегі елуге жуық Ауған ардагерлері ұйымы елге оралған «ауғандықтар» мен мүгедектерін және жауынгер – интернационалистердің жетім – жесірлерін қамқорлыққа алған. Қай жағынан болсын қол ұшын берілгісі келген ұйым қордаланып қалған мәселелерді де шешуде бірлесе жұмыс атқаруда. Осындай игі істерді қолға алған ұйым болашақ жастарға да патриоттық тәрбие берудің де ұмытпауда. Қырық бірдің қырғынын көрмеуін аталар қалай тілесе, аға ұрпақ солай кейінгі буынның соғысты көрмеуін тілеуде. Ауған соғысына қатысушылардың бүгінгі тарихи тағылымы туралы сөз қозғайтын

болсақ, біздің республикамызда, еліміз астанасы мен облысы орталықтарында және ірі қалаларда Ауған соғысына қатысушы жауынгер ардагерлердің одағы, қоғамдары және ұйымдары жұмыс істейді. Осы ұйымдардың және олардың жан-жақты ізденістерінің көмегімен Отанымызда Ауған соғысында құрбан болған қазақстандықтардың әр жылға шаққандағы жалпы адам шығынын шамалап анықтау мүмкіндіктері туды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Адырбеков К. Ауғаныстан 1979 – 1989 жылы //Түркістан – 2009. – 12 наурыз – 76.
- 2 Д 17 ДАҢҚ Энциклопедиялық анықтамалық / Бас.ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Сөздік - Словарь» ЖШС, 2009. – 496 б.
- 3 Жабырбеков Ж. Өткен күндер естелігі // Отан сақшысы – 2013. - №9 – 96.
- 4 Бузов В.И. История современного Востока XX – XXI вв.: страны и правители // Новейшая история стран Азии и Африки; Учебное пособие. – Москва: ИКЦ «МарТ»; Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2008 – 576 с.

«ТУҒАН ӨЛКЕ – ТҰНҒАН ШЕЖІРЕ» ТАРИХЫ

ЕРЕЖЕПОВА А. А.

7 «Б» сынып оқушысы, Абай Құнанбаев атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектеп, Екібастұз қ.

Қазақ халқы өзінің туған жеріне, тауы мен тасына, өзені мен көліне, сай-саласына дейін ат қойып, тарихын тасқа қашап жазғаны әмбеге аян. Осылайша, ата-бабамыз ғасырлар бойы көріп, көңілге түйгенін, түсініп түйсінгенін, болмыс- бітімін, шежіресін, мәдениетін, тарихын, рухани құндылықтарын болашақ ұрпаққа мирас етіп отырды.

Әрбір адамзат үшін ата қоныс ең қасиетті қоныс болса, туған жер – ата - бабадан қалған асыл мұра. Біз үшін де туған жерімізден қасиетті, одан киелі қоныс жоқ жер бетінде. Туған жерімізді – Отан дейміз. Отан – адамның туып – өскен жерінен басталады. Әркімнің туып – өскен ауылы – оның кіші Отаны [2.2.6.].

Отанды тану, халықты тану және оны таныту туған жерді танудан басталады. «Көшенің аты-тарихтың хаты», - дегендей

[5, 235 б.]. әрбір қаланың тарихы көше атауларынан да көрінеді. Қалада қанша көше бар, сонша тарихи орындар бар екендігі белгілі. Сондықтан біз көп ойлана келе қаламыздың тарихын қалай ашуға болады, қандай жолдармен көрсетуге болатынын сараладық. Тұрғындарға көшелер мен даңғылдардың өзіндік тарихы бар екенін жеткізгіміз келді. Оларды бірі білсе, бірі біле білмейтінін ескеріп Екібастұз қаласына көше атаулары болған жерлестеріміз туралы мағлұмат беруді жөн көрдік. Жасұрпақ өзінің туған өлкесінің тарихын, туған елінен шыққан тұлғаларды, ел мақтаныштарына айналған азаматтардың өнегелі істерін біліп, өсуі міндет.

Көше атаулары – қаланың келбеті, әдемі сәулеті, сән-салтанаты ғана емес, ұлттық сипат беретіні белгілі [6.1]. Бүгін де Екібастұз қаласында бір қарағанда саусақпен санарлық болып көрінгенімен, көше саны 235-ке жетіп жығылады. Әлі де жаңа көшелер пайда болады. Былтырғы жылы жергілікті сәулет бөлімі қаланың бас жоспарын белгіледі. Болашақта Екібастұз батысқа қарай өрлеп, қанат жаяды. Қазірдің өзінде кенді қаланың сырт жағында жекеменшік үйлер қарқынды салынуда. Әрине қуанышты жәйт. Тұрғындар көп жағдайда көшелерді білсе де неге олай аталғанын біле бермейді. Ал, көше атаулары еліміздің тарихынан, белгілі бір ғасырда өмір сүрген өлкеміздің танымал адамдары өмірінен мол мағлұмат береді.

Бүгінде қаламызда Абай, Бұхар Жырау, Бөгенбай батыр, Жамбыл, С. Сейфуллин, Қ. Сәтбаев, Ө. Марғұлан, Амангелді, С. Дөңентаев, С. Торайғыров, М. Әуезов, Ө. Шәріпов, М. Шорманов, Д. Қонаев сияқты ұлттық тұлғалардың есімдері берілген көше атаулары бар екенін, ол кісілердің тарихын не себептен берілгенін білеміз. Ал, мысалға Жүнісов, Альмұхаметов, Сүтжанов, Омашев, Шарипбаев, Құдышева, Кадренова, Арбиев көшелеріне келгенде бір ой мазалайды. Бұл кісілер кім? Не себептен көше атаулары берілген деген сияқты. Осы мақсатта жас ұрпаққа өзінің туған өлкесін, туған елінен шыққан тұлғалардың тарихымен танысу, Екібастұз қаласына еңбегі сіңген адамдардың аттарына берілген көше атауларын зерттеу үшін ауқымды жоба іске асты. Бүгінгі таңда 18 көше зерттеліп, ұрпақтарымен кездесулер өткізілді. Екібастұз қаласының іргесін қалаған, қаланың өсіп, дамуына ерн еңбек сіңірген азаматтар туралы және сол адамдардың атымен аталған көшелер тарихын зерттеп, танысу барысында Мұрағат, Мұражай, қалалық кітапхана қоғамдық бірлестігімен, аула клубтарымен байланыс жасалды. Зерттеу жұмыстарына мектеп

оқушылары, ата-аналар, көше тұрғындары, тарих, география пән мұғалімдері атсалысып қатысты. Жобаны жүзеге асыру барысында мынандай жұмыстар жүргізілді.

-Көше аты берілген кісілердің ұрпақтарымен кездесіп, «Туған өлке-тұнған шежіре» атты конференция ;

-Туған өлкенің тарихын зерттеу барысында оқушылар іздену жұмыстарын жүргізіп, көше аттары берілген азаматтар туралы материалдар жинақтады;

-Көше тұрғындарымен кездесулер, митингілер ұйымдастырылып, сол жерлестеріміздің ерең еңбегі насихатталды;

-Қала тұрғындарымен сауалнама жүргізіліп, сол көшелерге тазалық күні белгіленіп қамқорлық жасалды;

-Көше аттары берілген адамдардың туған- туысқандарымен кездесулер өткізіліп, сұхбаттар алынды;

-Зертелген көше материалдарының барлығы «Көше атаулары сыр шертеді» атты анықтамалық кітапшаға енгізілді.

Тарихи тұлғалардың өмір деректері жас жеткіншектер үшін ғибрат.

Еңбегімен ер атанған жерлестеріміздің есімдерімен аталған көшелер:

Шәріпбаев Зейнолла (1962-1983) 1962 жылы 13 тамызда Екібастұзда дүниеге келген. №1 мектепте оқыған. Оқуды бітірген соң Семей обл. Аягөз қаласында жүргізушілікке оқу оқиды. 1981 жылы сәуірде әскерге шақырылады. Кушка қаласында қызмет етеді. 1982 жылдың көктемінде Ауғаныстанда қызмет етеді. Ауғаныстандағы екі жыл әскери борышын абыроймен өтеп болып қалған шақта, Отанына оралуына небары 137 күн қалғанда Зейнолла ерлікпен қаза табады. Көп кешікпей КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы жарлығы бойынша батыр-интернационалист Зейнолла Шәріпбаев қаза тапқаннан кейін Қызыл жұлдыз орденімен марапатталды. 1985 жылдың 11 сәуірінде халық депутаттарының қалалық Кеңес атқару комитетінің шешімімен жерлестеріміздің есімі мәңгі өшпес үшін 10-Северный З. Шәріпбаевтың есімімен аталынды [3.55 б.].

Жүнісов Уахит Жүнісұлы (1910-1957) 1910 жылы Майкаин поселкесінде ауқаты отбасында дүниеге келген. 1927 жылы Павлодар қаласындағы №6 мектепті аяқтайды. 1928 жылы партиялық мектепке түседі. Әр жылдары ауыл мектептерінде мұғалім қызметін атқарып жүріп, Баянауыл учаскілік инспекторы болыпта еңбек етеді. 1937 жылы Майкаин поселкісіне көшіп келеді.

Алғашқы жылдары “Майкаинзолота” жұмыс комбинатында еңбек етеді. 1940 жылы әскерге шақыртылып, Қызылту орденімен марапатталды. 1944 жылы Берлинге дейін жетті. Соғыстан кейін еліне оралып қазақ мектептерін ашуға, көптеген істерге үлесін қосады. 1995 жылдың 27 шілде айында бұрынғы 9-Южный көшесі У. Жүнісов көшесі деп өзгертілді.

Жұмат Омашев – Екібастұз қаласының құрметті азаматы, 1909 жылы Екібастұз кентінде, Павлодар уезінде туған. 30-шы жылдары Турксиб құрылысында қатысқан. 1934 жылы Республикалық инженерлік-техникалық қызметкерлер мектебін бітіреді. Шығыс Қазақстан облысында трест Риддерстрой, Алтайстройда партком секретары ретінде қызмет атқарады. 1947 жылдан 1971 жылға дейін Екібастұз разрездерінде жұмыс істейді. Өзінің ерең еңбегі үшін Совет үкіметінің орден және медальдарымен марапатталған. Екібастұз қаласында бір көшесінен Жұмат Омашевтың атына көше берілген.

Қосым Пішенбаев (1844-1932) Баянауыл аумағындағы Шоқпар деген жерде туған. Бала кезінен әр түрлі тастарды жинаумен шұғылданған. 20 жасынан бастап, пайдалы кең орындарын іздеумен жүйелі түрде шұғылданған Қосым Пішенбаев көптеген ірілі-ұсақты кен орындарының ашылуына себепкер болды. 1866 жылы Пішенбаев Екібастұз көлінің маңынан көмір тапты. 1894 жылы Павлодарлық тау-кен кәсіпкері Адеров Қосым Пішенбаевты Екібастұз көлінің маңындағы көмір іздестіру жұмысына тартты. Туған жерінің тылсым қойнауындағы қымбат қазыналарын айна қатесіз айыра білген зерделі кең зерттеуші Қосым Пішенбаев 1932 жылы қайтыс болды. 1994 жылы №18 кәсіптік-техникалық училищеге Қосым Пішенбаевтың есімі берілі. Тамыз айында ҚР-ң кино өнеріне еңбегі сіңірген қайраткер Қ.Әбусейітов Пішенбаевтың 150 жылдығына арналған «Өмір-көмір» атты деректі фильм түсірді. 1977 жылдың 7 шілдесінде қаламыздың құрылып, өркендеуіне зор үлес қосқан Қ.Пішенбаевтың есіміне байланысты көше атауы берілді [6.2].

Кадренова Бибігүл Кадренқызы (1926-1996) Баянауыл жерінде туып-өскен. Майқайың селосында жеті жылдық мектепте оқып жүріп, ұстаз болуды армандап, ойлаған мақсатына жетеді. Кереку шаһарындағы педагогикалық училищеге түсіп, оны ойдағыдай аяқтап, еңбек жолын білім алған ордасы Майқайың орта мектебінде бастайды. 1954 жылы Екібастұз қалашығына келіп, №2 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарады. Б. Кадренқызы Қазақстанның Еңбек сіңірген ұстазы. «Еңбек

ардагері» медалімен марапатталған. Ономастикалық комиссияның және қала әкімінің 1997 жылдың 2 шілдедегі №360 шешімімен Широтный көшесі Кадренова Бибігүл Кадренова атындағы көше болып өзгертілді.

Құдышева Нәкен Қанапияқызы (1926-1997) 1951 жылдан бастап Екібастұз қаласының №2 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді. Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері. Ономастикалық комиссияның және қала әкімінің 1997 жылдың 2 шілдедегі №360 шешімімен Отырар көшесі Н.Қ. Құдышева атындағы көше болып өзгертілді.

Әлмұхамедов Хәбір Тәнекейұлы (1913-1970) 1913 жылы Баянауыл ауданында дүниеге келді. 1929 жылы балаларды сауаттылыққа үйретуді қолға алды. 1931 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтқа түсіп, 1936 жылы химия-биология пәнінің мұғалімі болып шықты. 1936-1938 жылдың облыстық оқу бөлімінде мектеп инспекторы, МПК-да сабақ берді. 1941-1945 жылдары әскерге алынып, Отанын қорғауға өз үлесін қосады. 1946-1947 жылдары Лебяжье ауданының Қызыл қоғам ауылында оқу бөлімінің меңгерушісі, мектеп директоры болды. 1952-1956 жылдары Екібастұздағы №2 қазақ орта мектебінің бірінші директоры болды. Мектептің абыройын жоғары көтеріп, оқушылардың терең білім алуға өз үлесін ерекше қоса білді. Шәкірт жүрегіне мәңгілік бейне қалдырған ұлағатты ұстаз. 1995 жылдың 31 қаңтарында ономастикалық комиссиясының шешімі бойынша 15-Южный көшесіне Х. Т. Әлмұхамедовтың есімі берілді [3.54 б.].

Беркімбаев Естай (1874-1946) 1874 жылы Екібастұз ауданының Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ұлттық музыка өнеріміздің мақтанышы, әнші, акын, әрі дарынды халық сазгері Е. Беркімбайұлы қазақ музыка мәдениетінен үлкен орын алады. Халық қазақтың біртуар тұлғасын өзжадында Естай деген есіммен сақтаған. Естайдың 30-дан астам әндерін 1939 жылы сазгер, этнограф Борис Григорьевич Ерзакович нотаға түсірген. 1939 жылдың қыркүйегінде Естай Беркімбаевқа Қазақ КСР-не еңбегі сіңген өнер қайраткері атағы берілді. Ол 1946 жылдың көктемінде, қайтыс болып Ақтоғай ауданындағы Чкалов атындағы совхозында жерленді. Қазіргі бұл совхоз Естай Ауылы деп аталды. 1993 жылдың 30 шілдесінде қалалық ономастикалық комиссиясының шешімі бойынша Калинин көшесі Беркімбаев көшесі болып өзгертілді.

Шорманов Мұса Қазақ ақыны, импровизатор, этнограф, шежіреші, Баянауыл округінің аға сұлтаны. Ол 1919 жылы қазіргі

Павлодар облысының Баянауыл ауданының Сәтбаев атындағы кеншарында дүниеге келген. Мал шаруашылығын дамытуға және қазақтардың әл-ауқатын көтеруге, көшпенділердің арасындағы жер қатынастарын реттеуге, дала облыстарында басқару жүйесі мен сот өндірісін жетілдіруге, қазақ жастарын Омбы мен Павлодардың орыс мектептерінде оқытуға үлкен еңбек сіңірді. Сонымен қатар ол қазақ этнографиясымен шұғылданып, қазақ ауыз әдебиетін жинаумен айналысты. Қазақстанның солтүстік облыстары қазақтарының мәдениеті мен тұрмысын, тарихын зеттеуде оның сіңірген еңбегі зор. Қала әкімінің қала көшелерін қайта атау жөніндегі 1994 жылғы 8 шілдедегі шешімімен 8-Северный қысқа көшесі М. Шормановтың атындағы көше деп өзгертілді.

Дүйсенбаев Масығұт Күлікбайұлы (1950-1996) 1950 жылы Семей облысы Аягөз ауданында дүниеге келген. Томск политехникалық институтын аяқтаған соң Павлодар трактор заводында инженер, комсомол комитетінің хатшысы, облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы, павлодар қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып жұмыс істеді. М. Күлікбайұлы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосты. Ол басқарған мезгіл ішінде Екібастұз әсем де көрікті қалаға айналды. Соңғы уақытта М. Дүйсенбаев «Ақжол» мемлекеттік компаниясының президенті болып қызмет істеді. Қала әкімінің 1996 жылғы 24 қыркүйегіндегі шешімімен 1-Северный көшесіне Екібастұз қаласының дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан М. К. Дүйсенбаевтың есімі берілді.

Арбиев Төлебай Шарапиұлы (1936-1993) 1936 жылы қазан айында Лениногорск қаласында дүниеге келген. Ол еңбек жолын 1954 жылы Лениногорск полиметалл комбинатында бастады. Зейнеткерлікке шыққанша 1957-1992 жылдары Екібастұз көмір өнеркәсібі кәсіпорындарында еңбек етті. Ол партком, кеніштің және бірлестіктің еңбек ұжымы кеңесінің мүшесі болды, көмір өнеркәсібі жұмысшыларының Екібастұз аумақтық кәсіподақ комитетінің мүшесі болып сайланды. Т. Арбиев Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің, III, IV дәрежелі шахтер даңқы белгілерінің иегері және ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды. 1994 жылдың 16 комиссияның шешімі бойынша 19-Южный қысқа көшесі Т. Ш. Арбиев көшесі деп өзгертілді.

Мұқышев Жәлел 1920 жылы туған. Жетіжылдықты бітіргеннен кейін, 1939 жылы Павлодардың педагогикалық училищесіне түсіп, 1940 жылы Совет Армиясының қатарына алынды. Екібастұзда 1953 жылдан бері тұрады «Өндеу» құрылысы басқармасында

балташылар бригадирі болды. II дәрежелі Отан соғысы және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері. Ж. Мұқашев-Екібастұз қаласына ғана емес, кешегі кең байтақ Кеңес одағына да елеулі еңбек сіңірген адам. Қалалық ономастикалық комиссияның ешешімімен 15 «а»-Южный қысқа көшесіне Ж. Мұқышев есімі берілді.

Шешембеков Серікбай (1939-1980) 1930 жылдың 21 наурызында Қарағанды облысы Нуринск ауданы Плаховка ауылында туды. Қарағанды политехникалық институтын бітіргеннен кейін 1962 жылы Екібастұз қаласына келді. 1969 жылдың қыркүйек айында «Батыр» деген кенішінің аға механигі, ал 1975 жылдың маусымында «Екібастұз көмір» өндірістік бірлігінің бас механигі болып тағайындалды. Көмір өндіруде сіңірген еңбегі үшін С. Шешембеков 1970 жылы «Қажырлы еңбегі үшін» медалімен, 1976 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен және III дәрежелі Шахтер даңқы белгісімен марапатталады, КСРО мемлекеттік сыйлығын алды. 1983 жылы ономастикалық комиссиясының шешімімен қаламыздың бір көшесіне Шешембеков есімі берілді.

Сүтжанов Байзен (1928-1996) «Екібастұзшахтақұрылысы» комбинатының еңбек ардагері, қаламыздың ірге тасын қалаушылардың бірі. Көміршілер қаласының жер асты коммуникациялық құрылысын салу жұмысындағы сіңірген еңбегі үшін Б. Сүтжановқа социалистік Еңбек Ері атағы, 1987 жылдың маусым айында «Екібастұз қаласының құрметті азаматы» атағы берілді. 1996 жылдың 31 мамыр айынан бастап қаламыздағы Чапаев көшесі Б. Сүтжанов көшесі деп өзгертілді.

Құсайынов Айып Қисаұлы (1983-2001) 1938 жылы 8 қаңтарда Павлодар облысы Екібастұз ауданында дүниеге келді. Еңбек жолын 1960 жылдары Павлодар облысындағы Бесқарағай асылтұқымды қой зауытының зоотехнигі болып бастаған. Айып Қисаұлы кейіннен кеңшар директоры, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1978-1994 жылдар Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары, 1994-1997 жылдары мемлекеттік «Асыл» компаниясының президенті болып қызмет атқарды. Ол іскер басшы, білікті маман, көрнекті ғылым, үлгілі ұстаз бола білді. Қазақстанның мал шаруашылығының өркендеуі А. Қ. Құсайынов республиканың мал шаруашылығын басқарған кезге тұспа-тұс келеді. Айып Қисаұлы-ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, республикаға еңбек сіңірген зоотехник, биазы жүнді солтүстік қазақ мериносы қой тұқымының авторы, еңбек ардагері. Екібастұз қалалық ономастикалық комиссиясының шешімімен қаламыздың бір көшесіне А. Қ. Құсайыновтың есімі берілді.

Әр қала өзінің тарихымен мақтанады, ол тарих неғұрлым тереңге кетсе, соғұрлым бәйтерегі биік болары сөзсіз. Біз өз қаламыздың тарихын жасаған, еңбек адамдарының өмірі мен ерен еңбектерін құрметтеп, олар жөнінде білгенімізді естен шығармай басқалармен бөлісіп, болашақта «Болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, халқымызға қалаулы, елімізге елеулі адал азамат болуымыз керек. Ол үшін терең білім алып, ерінбей еңбек етуге міндеттіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Еңсесі биік қала. Екібастұз: 2007
- 2 Елжанды өрендер өсірген. Павлодар: 2007
- 3 Экибастуз энциклопедия. Екібастұз: 2005
- 4 Экибастуз энциклопедия. Караганда, ПК «Экожан» 2003
- 5 “Сен білесің бе?” энциклопедиясы құрастырған: Қ. Ж. Райымбеков, Қ. Т. Байғабылова - Алматы: “Аруана” баспасы.
- 6 Астана көшелерінің атаулары. Алматы: «Өнер» баспасы, 2006. – 128 бет.

ҒАЛАМТОРДАН АЛЫНҒАН АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ:

- 1 kk.wikipedia.org
- 2 Otarqa1@yandex.ru

ГИДРОНИМДЕР – ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘЛЕМІНІҢ КӨРІНІСІ (ЕКІБАСТҰЗ ӨҢІРІНДЕГІ ӨЗЕН-КӨЛ АТАУЛАРЫ БОЙЫНША)

ЖАҢБЫРБАЕВА М.

10 сынып оқушысы

ЖАНГУРОВА А. Б.

тарих және география пәнінің мұғалімі, «Екібастұз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №25 қазақ қыздар гимназиясы» КММ

Қазақ халқының жүздеген жылдар бойы географиялық ортамен әрекеттесу барысында табиғат нысандарына ат қою арқылы тарихи-географиялық ақпарат кеңістігі қалыптасты. Табиғат жағдайларын шаруашылық мақсатта пайдалану географиялық білімнің жинақталуына біршама ықпалын тигізді. Жергілікті табиғат ерекшеліктерін танып білу қоршаған ортадағы географиялық нысандардың ерекшеліктерін нақты байқап, оларды атауларда бекітумен қатар жүрді.

Екібастұз өңірінің географиялық атауларының табиғи ортамен байланысын анықтау, аумақтағы табиғатты пайдалану мен қорғау дәстүрлерімен сақталып қалған тәжірибесін танып-білу, әртүрлі карталар мен ғылыми әдебиеттерде атаулардың жазылуын бір ізге келтіру қажеттілігін айтып кету орынды. Халқымыз гидроним атауларын берген кезде түр-түсіне көп мән бергендігін байқаймыз. Мәселен, өңіріміздегі Қарасу, Жарлықарасу, Қарасужартас, Қарасужыланды, Қылдықарасу, Орманқарасу, Теренқарасу, Шолаққарасу, Қараөзен т.б.

Жұмыстың өзектілігі: Екібастұз өңіріндегі географиялық нысандардың аттарын (гидронимдерді), ғылыми деректерді жинақтап және сол заңдылықтарға сүйене отырып, халықтың қоғамдық-экономикалық дамуын қамтамасыз ету.

Жобаның мақсаты: ертедегі су атауларының өзгеріске ұшырағанын көрсете отырып, Екібастұз өңіріндегі гидронимдердің негізін айқындау арқылы оқушылардың өлкетану білімдерін кеңейту.

Болжамы: егерде жергілікті жердегі гидронимдердің шығу тарихын жас ұрпақ танып білсе, олардың ой өрісі кеңейіп ұлтжандылық сезімі оянар еді.

Өңіріміздегі су атауына тоқталмастан бұрын, жер-су атаулары ғылымы жөнінде біраз мәлімет бере кетпекпін. Ономастика- (грек. *Onomastike techne*-атау өнері)-жалқы тіл білімінің жалқы есімдерді, олардың пайда болуы мен өзгеруінің тарихын зерттейтін бөлімі. Жалпы ономастика екі ұғымды білдіреді. Біріншісі-қай тілде болмасын сақталған, қолданылатын атаулардың жиынтығы, екіншісі-тіл білімінің атауларды зерттейтін саласы. Осы аталған екі мағынаның да түйіні тіл мәселесіне келіп тіреледі. Ономастика жер-су, елді мекен атаулары, адам есімдері, ру аттары, аспан денелері, жан-жануарлар, өсімдік аттары, жалпы алғанда атаулардың қалыптасуына қызмет ететін тіл білімінің үлкен құрамдас бөлігі болып саналады.

Қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың алғашқыларының бірі, Республикадағы ономастикалық мектепті қалыптастырушы ұстаз-ғалым, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ГҚА академигі, профессор, филология ғылымдарының докторы Т. Жанұзактың жер-су, адам аттары мен фамилиялары, тайпа, ұлыс, халық аттары мен аспан денелері және ғарыш кеңістіктері атауларының шығу, пайда болу және тек-төркіндеріне арналған еңбектері жинақталып шығарылған.

Топонимика-география, тіл білімі, тарих тағы басқа ғылымдар деректерінің нәтижесінде дамып келе жатқан жаңа ғылым саласы болып табылады. Бұл гректің «топос»-орын, жер, «онома»-атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз. Қазақшаға аударсақ, «мекен немесе орын аты» деген мағына береді. Тіл білімінің бір саласы топонимика саласы біраз зерттеліп, бұл салада азын-аулақ еңбектер жарық көрген. Қазақ топонимика саласында Ә.Нұрмағамбетов, А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев сынды зерттеушілеріміз еңбек етті. Бұл еңбектерде қазақ топонимдерінің сөздігі, қазақ топонимдерінің шығу тарихы, қандай мағынаға ие болғандығы жайындағы мағлұматтарды алуға болады. Өзіміздің өңіріміздегі атаулардың шығу тарихына қатысты мәліметтер табуға болады. Атамекен атауларын анықтап, оның халықтық және ғылыми этимологиясын зерттейтін ғылым саласы топонимиканы жатқызуға болады. Қарасу ауылындағы жер-су атауларының ішінде тек Бөгембай тауының аталуына байланысты деректі баспасөз материалдарынан ғана таба алдық.

Жер-су аттары, негізінен үш бағытта зерттеледі: 1) семантикасы (мағынасы); 2) жасалу жолдары; 3) этимологиясы. Топонимдер өз ішінен бірнеше түр мен тектерге бөлінеді. Географиялық нысандардың сипатына қарай: ойконим-елді мекен аттары; гидроним-су аттары; ойконим-елді мекен аттары; ороним-тау аттары; урбоним-қала нысандары аттары; гороним-көше аттары; некроним-зираттар мен молалар аттары; шағын географиялық нысандар атауын-микротопоним, ал белгілі бір немесе аймақты қамтитын көлемді жер-су атауын макротопоним деп атайды.

Сонымен, жалпы, ата-бабаларымыз жер-су аттарына үлкен мән берген екен. Ұлттың негізгі бес анығы деп тілді, дінді, тарихты, дәстүрді және атамекенді айтады. Жер-су атаулары да осы атамекенге кіреді. Жер-су атауларын зерттейтін бағыттар да болады. Ең алғашқы ономастиканы зерттеген ғалым Жанұзақов деген профессор. Ол ат қою өнерін ерекшелігін анықтаған. Қоғам дамыған сайын ономастиканың тарихи ерекшелігі маңызы зор.

«Гидроним»-су атаулары. Гидроним атаулары біздің тарихымыз, ұлттық жадымыз. Атаулар кез келген елдің тарихынан сыр шертіп, болмыс-бітіміне, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығынан, салт-дәстүрінен, тілі мен дінінен хабардар етеді. Су аттары мағлұматтарға толы ел мен жер шежіресі, өткен заманның хабаршысы іспетті. Жазу-сызу болмаған кезде қалыптасқан гидронимдер туралы нақты ақпарат жоқ, өйткені

халық ауыз әдебиеті аңыздары мен эпостық жырларда айтылатын су атауларының қашан және кім шығарғанын білу одан да қиын. Гидроним атауларынан бір байқағанымыз- еліміздің кей жерлерінде жер-су атаулары қайталанып отырады. Мәселен, Қарасу атауы Алматы өңірінде, сондай-ақ, қазақтар тұратын шет елдерде де осындай атаулар кездеседі.

Зерттеу барысында Екібастұз өңірінде 34 өзен, 90 көл, 20 құдық, 12 бұлақ, 6 су қоймалары атаулары анықталды.

Жергілікті гидронимдердің негізін құрап, түр-түсті білдіретін ақ, қара, сары, қоңыр, қызыл лексемалары жергілікті гидронимдердің сыр-сипатын, мәнін ашып береді. Севортян ак/ад:

1) боз, ақ шаш;

2) таза, мөлдір;

3) тамаша, әдемі, керемет сияқты қосымша мағыналар береді дейді [1, 256].

«Қара» сөзі топонимдік атаулар жасауда жиі қолданылып, кейде өзінің тура мағынасында заттың түр-түсін білдерсе, кейде «үлкен, зор» деген мағынаны білдіреді. Көк түркі тілдерінде өзен, көлге, тау мен тасқа, жайлау, шабындық асу, шың т.б. нысандар атуына көк сөзі тіркесіп, кейде көк, көкшіл, каракөк, жасыл түстерін білдіреді. Көне түркі тілінде сарығ, моңғолша шар түрінде кездесетін сөзі сары, сары-ала түсті білдіреді. Топонимдер құрамындағы сары сөзі негізгі («түр, түс» мағынасынан бөлек) «үлкен, ірі, зор» мәнінде қолданылатыны белгілі. Қоңыр-түркі тілінде конгур, моңғолша хонгуур түрінде кездеседі. Гидронимдерде қоңыр сөзі сирек кездеседі. Атау құрамындағы көк сөзі «аспан, заңғар биік» деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі таңда көпшілік гидроним атаулары түске байланысты қойылып отыр. Соның ішінде Қарасу өзенінің арнасының орнында орналасқан кішкентай ғана бұлақ атауы. Бұл атаудың қойылу себебіне тоқтала кетер болсақ, атаудың бірінші сыңары қастың мағынасы-адамның қасы деген мағынаға сәйкес келеді. Ал екінші сыңарындағы қара сөзі «лас», «баран» деген мағынаны білдіреді. Үшінші сыңарындағы «су» сөзі-тіршілік көзі екені белгілі. Бұрынғы өзеннің орнында қалған жұрнақ, мұраны ауыл адамдарының қас пен көздің қарашығындай аялаймыз деген ниетінен туған болар деген пікірдемін.

Павлодар облысының батысында орналасқан Екібастұз өңірінде көптеген өзен-көлдер, батпақ, бұлақтар баршылық.

Өзендер көктемде күшті қарқынмен тасып, жылдың басқа мерзімінде суға тапшы болады. Бұл ерекшелік потамонимдерде

көрініс тапқан. Ондай индикатор-терминдердің кейбіреулері өзендердің су режимінің маусым сайын тұрақсыз болғандығын көрсетеді.

Ауыз суы мен мал суаруға су қорының тапшылығы қазақ халқында гидрографиялық терминологияның күшті жіктеуіне себепші болады. Қ. Т. Сапаровтың жинақтап, түсінік берген терминдерінің әртүрлі бағыттағы мәліметтер негізінде гидрографиялық индикатор-терминдер кестесі құрастырылған.

Кеңес үкіметі тұсында орыс атауларын мақсатты түрде ауыстыру іске асырылды, бұған коммунистік-большевиктік идеология да біршама әсер етті. Аумақты мемириальді гидронимдердің үдерісі қалыптасты, қала, кент, көше атауларын революционерлер мен партия мүшелерінің аттарымен атау, сондай-ақ «сан атаулары сипатындағы» кезекті съездер мен жылдықтардың санағы түріндегі атаулар қалыптасты. Тіпті, Екібастұз атауын тәуелсіздік алғанға дейін «Экибастуз» деп өз тілдеріне икемдеп алғаны баршамызға белгілі [2, 36 б.].

Зерттеу барысында гидронимдердің 31%-ын ойконимдер, 24%-ын гидронимдер, 10%-ын оронимдер, 15%-ын фитонимдер, 20%-ын этноним, геноним, некронимдер топтамасы құрайтыны анықталды.

Екібастұз өңірі топонимдерінің қалыптасу кезеңдеріне бөлуге болады:

1) Көне түркі; 2) Қазақ; 3) Араб-иран; 4) Моңғол (қалмақ); 5) Славян; 6) Кеңестік дәуір қабаттары.

Екібастұз қаласының әкімшілігіне қарасты аумақтың көп бөлігі жазықты болып келуі, геологиялық құрлысының даму ерекшеліктері, климатының күрт континенттілігі аймақтың гидрографиялық желіні жүйелі түрде сипаттайды. Орталық Қазақстан, Павлодар облысын сумен қамтамасыз ететін ірі гидротехникалық құрылыс Ертіс-Қарағанды каналы Екібастұз қаласының әкімшілігіне қарасты аумағының негізгі су қоры болып табылады. Ертістің сол жағалауындағы ірі өзендердің қатарына Шідерті (ұзындығы-158 км), Өлеңті (ұзындығы-58 км), жаз айларында ұрғап алатын Көкөзек (ұзындығы-33 км), Қарасу (ұзындығы-28 км), Елемес (ұзындығы-27 км), Жыңғылды (ұзындығы-19 км), Ақтасты (ұзындығы-10 км) т.б. жатқызуға болады [3, 47 б.].

Судың минералдануы 1-10г/л аралығында ауытқып, хлорлы-кальцийлі минералдану типіне жатады. Олардың түбінде емдік қасиеттерге ие болып келетін қара күкіртсутекті батпақтар таралған. Тарихи тұрғыдан белгілі лай батпағымен тұзды суы емдік қасиеті

үшін пайдаланған Қалқаман (халық-аман) секілді көлдері Ертістің сол жағалауында орналасқан [4, 51 б.].

Адамзат қоғамының тіршілігінің алғышарты ретінде қоршаған ортаның даму заңдылықтарын танып, оларды адамның заттық және рухани қажеттіліктеріне пайдалануын атауға болады. Табиғатты танып білудің құралы ойлау қызметін алсақ, ал ойлаудың бейнелеу әрекетін бекітуде тілдің маңызы өте зор. Қоршаған орта туралы түсініктер адам санасында белгілі бір абстракциялар түрінде сақталады. Сондықтан табиғи нысандарға және құбылыстарға, гидронимдерге ат қою процесін адам іздесінің, тәжірибесінің тілдік көрінісі ретінде қарастыруға болады [5, 91 б.]. Гидронимдер арқылы адамдардың өзара байланысын, тілдік ареалын, көне шекарасын анықтауға талпыну ғылымда қалыптасқан дәстүр. Жазу-сызу болмаған кезде қалыптасқан гидронимдер туралы нақты ақпарат жоқ, өйткені халық ауыз әдебиеті аңыздары мен эпостық жырларда айтылатын жер-су атауларының қашан және кім шығарғанын білу одан да қиын [6, 78 б.].

Қарасу атауы-біріккен сөз. Мұндағы «қара» сөзі зат атауымен тіркесіп келіп, түр-түсті білдіретін сын есім орнында тұр. Жер-су атауларынан бір байқағанымыз-еліміздің кей жерлерінде жер-су атаулары қайталанып отырады. Мәселен, Қарасу атауы Алматы өңірінде, сондай-ақ, қазақтар тұратын шет елдерде де осындай атаулар кездеседі екен.

Қарасу ауылының бөктерінде кезінде «Қарасу» атты өзен арнасы болған, көктемде су тасығанда Қарағанды жақтан Нұра өзенінен бөлініп су аққан. Қазір Қарағанды жақтағы платинаны жауып тастап, бері қарай су келмейді. Су болмай тұрғаны осыдан.

Бұршақ көлі. Бесқауға маңында орналасқан. Бұршақ атты екі көлдің тарихына тоқталар болсақ, бұл екі көлдің екеуі де шаруашылық үшін қолдан жасалған. Бұл ұсынысты 1967 жылы совхоз директоры Қ.Каримов бастаған ел азаматтары ауылдағы барлық техниканы шығарып, көл жасайтын жерді қазып, шұңқыр жасап, оған су әкеліп құйып, бұлақты бұрып ағызған.

Жұмыртқалы көл. Халықтың айтуына қарағанда бертінге дейін қаз-үйрек тіпті аққу көп мекендейдін үлкен көл болды. Бала кезімізде талай жұмыртқа тергенбіз,-дейді ауыл қариялары тамсана, көлдің маңайы күн жылына бастаған кезден-ақ жұмыртқаға толы болады екен. Көлді барып көргенімізде бұл деректің шындығына көзіміз анық жетті. Көлдің жағасында расында қаз-үйректің, жұмыртқасы өте мол екен. Көлдің орналасқан жері де оңашалау, құстарға жайлы.

Көл жағасы жасыл құрақ, төмпешіктер көп кездеседі. Құстардың бұл көлдің маңына жұмыртқалайтын себебін осымен байланыстырамыз. Біздің пікіріміз осыған саяды. Ел адамдары көлді осы сипатына қарап «Жұмыртқалы көл» деп атап кеткен. Бұл өңір елді мекеннен алыстау орналасқан.

Бораншоқы көл. Әйтеннің солтүстік-батысында орналасқан. Қыста боран үзілмейді. Көл маңында биік шоқы болған. Ол жерде үнемі жел ұйытқып соғып тұратын болған. Сол соққан жел үнемі көлдің бетін толқытып тұратын. Көлдің өзіндік ерекшелігі мен шоқының маңына орналасу сипатына қарап атау берген деген болжам жасаймыз. Жер-су атауларының көбісі біріккен сөзден жасалатынын ескерсек, бұл атау жөнінде де соны айтуға болады. Атау-жасалуы жағынан зат есім мен зат есімнің бірігуінен жасалып тұр.

Тұздықөл. Қарасудың оңтүстік-шығысында 6 шақырым жерде орналасқан. Көлдің «Тұзды көл» аталуы судың құрамында тұздың мол болғанына байланысты екені айдан анық. Көл шетіне соры, тұзы шығып жатады. Мал ащылауға пайдалы. Көлдің суының түсі тұзды болуына байланысты сарғылт болып көрінеді.

Жұрымбай көл. Жайлауымен қоса Жұрымбай кісі атына қойылған атау. Ертеректе, осы жерде Жұрымбай деген бай иелік етіп, жер сол кісінің жері болған екен. Сол себепті Жұрымбай аталған деседі.

Құдайкөл. Екібастұз әкімдігіне қарайтын Құдайкөл ауылдық округінің орталығы ресми құжаттарда «Құдайкөл ауылы» деп қате беріліп жүр. Дұрысында осы ауылдың атауы оның жанындағы «Құдайкүл» деп аталатын көлге байланысты болу тиіс. Сонау кеңес үкіметі кезінде осы жерде жаңа совхоз құрылғанда бір басшы адамның білместігінен оның орталығы «Құдайкөл ауылы» деп айтылып кетсе керек. Аталмыш көлдің маңайы ертеде Бәсентіін руының Сырым атасы ішіндегі Мұрат бұтағындағы Құдайкүл есімді кісінің жайлауы болуына байланысты жұрт осы көлді «Құдайкүл көлі» деп атаған. Қазақтар арасында «Құдайкүл» есімді кісілер көп кездеседі. Мысалы, Қаржас руының ішінде де «Құдайкүл» деген ата бар. Бұл есімнің орысша мағынасы «раб божий» ал «Құдайкөл» дегеніміз «божье озеро».

Санкт-Петербург қаласында 1903 жылы шыққан географиялық картада Қарасор көлінің оңтүстігіндегі көл «озеро Худайкул» (Кудайколь емес) деп көрсетілген. Мәшһүр Жүсіптің «Бір редакторға» деген өлеңінде: «Әдетің алаңдаған қайда қалды, Құдайкүл- Қарасордың қасқырындай»-деген жолдар бар [7, 64 б.].

Бұл өленде Мәшһүр Жүсіп атамыз Екібастұз өңіріндегі Құдайкүл мен Қарасор көлдерін айтылып жүр.

Сонымен, бұл атаудың қойылуын қаз-үйректің, құстардың көл маңын мекен етіп, табиғат шырайын, көл сипатын толықтыруымен байланыстыруға болады. Көбінесе, Екібастұз өңірінде көлдің тұздылығына, түсіне, өткен оқиғаларына қарап ат қойған. Екібастұз өңірінде 90 көл бар екенін анықталды. Әр бір өзен-көлдің аталу себебі, ерекшелігіне қарап ат қойылған. Екібастұз өңірімізде өзен-көлдердің аталуы ерекше.

Шідерті. Ертіс-Баянаула өңіріндегі көне түркі тілінде қалыптасқан атаулардан Шідерті су атауын қарастыруға болады. Ертістен кейін ұзын болып саналатын Шідерті өзені бастауын Сарыарқаның шоқыларынан алып, Павлодар облысы аумағында-399 км, оның ішінде Екібастұз өңірі бойынша-158 км ұзындықпен ағып отырып, Шығанақ көліне келіп құяды.

Радлов сөздігінде сүдер //седер// шідер «жабын, көлеңке» деген мағынаны білдіреді. Оған туында сын есім жасайтын көне-ті жұрнағы қосылып, «жабынды, көлеңкелі, шөпті, қамысты» деген мағынаға ие болған [8, 45 б.]. Жергілікті адамдардың пікірінше «үш бастауы бар өзені» шідерге ұқсатып айтады, Шідерті өзенінің негізінен алғанда Нарбай, Қушоқы, Жаман, Жақсы Нияз тауларынан ағып шығатын төрт бастауы бар.

Өзен атауларында су көздерін пайдалану жүйесі дәстүрлі мол шаруашылығының біршама жақсы дамығанын аңғартады. Қазақ халқының көп жылдық тәжірибесі мен өмірі гидронимдерде айрықша із қалдырды. Екібастұз өңірінде 34 өзен, 90 көл, 20 құдық, 12 бұлақ, 6 су қоймалары анықталды.

Зерттеу жұмысымыздың қорытындысы ретінде Екібастұз өңірінің «Гидроним атауларының шығу тарихы» атты шағын кітапша ұсынып отырмын. Кітапшаны тәрбие сағаттарында, география пәнінен факультатив, элективті курстарда, тарих сабақтарында, Екібастұз өңірі бойынша экскурсия жүргізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 А.Г.Царегородцева. Гидроэкологические аспекты пойменный ландшафтов реки Иртыши.

2 Ә. Нұрмағамбетов. Жер-судың аты-тарихтың хаты, «Балауса». А., 1994.

3 Бияров Б. Топонимикадағы арелдық (картографиялық) әдіс // Ономастикалық Хабаршы, 2006.-№1. -13-16 б.

4 В.Н Попова. Словарь географических названий Казахстана. Павлодарская область. Часть 1. Издание второе, переработанное и дополненное.-П, НПФ «ЭКО», 2001.-296 б.

5 В.Н Попова. Гидронимы Павлодарской области.

6 Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңестігі (қазақ тардың кеңестікті игеру тәжірибесі жер-су атауларындағы көрінісі) Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007.-308 б

7 Сапаров Қ.Т. Топонимиканың геоэкологиялық негіздері. – Павлодар, ПМУ, «Кереку» баспасы, 2007. – 129 б.

8 Қ.Т. Сапаров «Екібастұз өңірінің жер-су аттары»

МАЛАЙСАРЫ ТАРХАН: БАТЫР, ҚОЛБАСШЫ ЖӘНЕ МӘМЛЕГЕР

ЖЕҢІСБЕК А.

5 сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

МҰХТАР Д. Б.

жетекшісі

Кез келген өркениетті кемелденген мемлекет өз тарихын кастерлейді, оны ұрпақтардың санасына енгізуге жағдай жасайды. Өйткені тарих халықтың мыңжылдап жинаған тәжірибесі, асыл қазынасы, мұрасы. Тарих- кейінгі ұрпаққа беретін сабағымен құнды.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық соғысының көрнекті тарихи тұлғаларының бірі Бәсентиін Малайсары батырдың өмірі мен халқына жасаған қызметі - Отандық тарихта кеңінен зерттеле қойған жоқ. Батыр туралы шағын мәлімет және ел аузында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ауызша үлгілер. Қазақ -Жоңғар соғысынан зерттеулер жазған тарихшыларымыздың бәрі дерлік Малайсары батырдың есімін атап өтумен ғана шектеліп жүр. Оның бірқатар себептері де бар. Алғашқысы- Малайсары батыр туралы, сондай-ақ оны тарихқа кеңінен танымал қылған қазақ-жоңғар соғыстары туралы деректердің аздығы. Екіншіден, кеңестік әкімшіл-өміршіл жүйе тұсында әдетте батырларды дәріптеу рушылдық көріністер ретінде айтылып келді. Солай бола тұрса да, Жоңғар шапқыншылығы тұсындағы қазақ батырларының ортақ тағдыры, қалмақтарға қарсы қаһармандық күрестері олардың бейнесін тарихи тұрғыдан сомдап көрсетуге мүмкіншілік береді, - деп ойлаймыз [1].

Қазақ-Жоңғар соғысының белгілі тұлғасы - Малайсары батырдың ерлігі атқарған қызметі жөнінде тарихи деректерге сүйене отырып не айтуға болады?

Қазақ-жоңғар соғысына байланысты және Наурызбай, Қабанбай, Бөгенбай т.б XVIII ғасырдағы батырлардың ерліктері жөнінде жазылған зерттеу жұмыстарында, деректік мағлұматтарда Малайсары батыр жөнінде мәлімет кездесе қалса оның тек батыр деп көрсетеді.

Қарадан шығып “тархан” атағын алғаны Абылайды тұтқыннан босатуға қазақ қолын бастап барған қолбасшылығы және сол кездегі мәмлегерлігі туралы айтылған емес.

“Тархан” атауы туралы жөнінде не білеміз және бұл атау Малайсары батырға не үшін берілген?

”Тархан” атағы - қазақ пен жоңғарға ортақ саяси лауазымның бірі. Бұл көшпелі дала ұлыстары үшін мемлекеттік институт.

Қазақ елі мен қалмақ арасындағы одақтастыққа негіз болған оқиғалар 1743 жылы Малайсары батырдың қонтайшы Қалдан - Серен қолынан “ тархан ” атағын алуымен байланысты [2].

III. Уәлиханов жазбалары бойынша бұл грамота қытайдың (не тибеттің) ақ қағазынан жазылып, ең соңында дөнгелек мөр қойылған. Грамотаны Малайсары тарханның ұрпақтары беріпті.

Малайсары тарханның “тархан” атағын алуы былай болған. 1741жылы ақпан айында қазақ жеріне басып кірген жоңғарлармен қиян - кескі соғыс болып жатқан кезде екі жүздей сарбазды бастап торуылға шыққан Абылай аңдаусызда тұтқынға түсіп қалады.

Абылайдың мінгені - Айқайсары,

Айқайласып келгені - жердің тары.

Абылайды сан қалмақ қамап жатыр

Туынды алып шаба көр, Малайсары-

дейтін өлең жолдары осы оқиғаны сипаттағандай.

1741 жылдың күзінде екі ел арасындағы соғысты тоқтату, тұтқындармен алмасу жөнінде келіссөз басталды. Бірақ Абылай сұлтан мен оның жақын туыстарының, басқа қазақтардың тұтқында отырғанын пайдаланып, Қалдан Серен Орта жүз бен Кіші жүзді жоңғарға бодан етуге әрекеттеніп бақты, әр түрлі шарттарды көлденең тартты. Келіссөз екі жылға созылып, Абылай босай алмады.Тұтқында болған кезінде Абылай, Давақи мен Амурсана нойондармен танысып, достасып алады [4].

1742 жылы жазда Жоңғариядан ресми елшілік келіп Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Барақ батырлармен кездесті. Бір жағы Сыр

бойында, екінші жағы Ор қамалына дейін барған елшілер қазақтың орта жүзі мен Кіші жүзін Жоңғария ықпалына толық қарату ниетімен келді. Бірақ Ресей үкіметі ширақ қимылдап, Жоңғария елшілерінің көзінше Әбілқайырға тағы да ант қабылдатты. Әбілмәмбет болса Ор кездесуінен бас тартып біржолата қалмақ жағына шықты. 1743жылы Малайсары тархан, Нияз батырлар Әбілмәмбет баласы Әбілпейізді аманатқа алып барды [3].

1743 жылы Әбілмәмбет ханнан алғашқы аманат ретінде Әбілпейіз сұлтан келген соң Абылай тұтқыннан босап елге оралды. Басқа аманаттар - Абылай мен Барақ сұлтанның балалары еді. Осы жүргізілген келіссөздер мен арадағы қарым - қатынастардың басы - қасында Малайсары тархан жүрді. Ол Абылайдың орнына келген Әбілпейіз сұлтанмен бірге болған, қойылған шарттардың бәрі орындалатын болған соң, екі ел арасындағы қарым - қатынасты жақсарту мақсатымен Қалдан Серен Абылайға Ташкенттің бір бегінің қызын әйелдікке әперді. Малайсары тархан тұтқындағы 40 адамын босатып 100 жылқы сый алып, ”тархан” атағына ие болып мәртебемен оралды.

Малайсары тархан 1471-1743 жылдары Абылайды қалмақ тұтқыннан босату үшін жанын салса, енді 1753 - 1754 жылдардағы қалмақ дағдарысына араласушы адам. Осы оқиғалардың кезінде Малайсары тархан тек ел қорғаны батыр ғана емес, сонымен қатар кемел ел басшысы, қазақ тағдырын терең ойланған көсем ретінде танылды.

орыстың Абылайға келген елшісі капитан Яковлев жазып алады. Деректі айтушы Бөгенбай мен Жәпек батырлар. Бөгенбай қазаққа да, оның сырт көршілеріне де белгілі батыр - қолбасшы, ал Жәпек атығай руынан, Абылайдың сенімді нөкері, тұтқында бірге болған, тағдыры бір адамдар. Олардың баяндауынша Қалдан Серенге қазақтың тоқсан жақсысы Әбілмәмбет баласы Әбілпейізді аманатқа (Абылайды босату үшін) алып келгенде Қалдан қатты ашуланса керек. Оның түсінігінде Абылайды босату үшін қазақ елі өзінің басты - басты адамдарының балаларын қалмақ ордасына түгел беруі керек еді. Қазақтың игі жақсылары осы сәтте қаңтарылып үндемей қалғанында қонтәжіге жауапты Малайсары тархан береді “у нас и в Россию со всех родов в аманаты не требуют, а ты где хочешь быть больше Великорусского государства” [5].

Осы кездесуде жоңғар қонтәжісі тарапынан Малайсары батырға тархан атағының берілуі - Орталық Азияны мекендеген көшпелі қазақ және қалмақ елдерінің бейбіт қатынасының тамаша бір дәлелі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Артықбаев.Ж.О. "Малайсары-тархан"-Павлодар,2007ж
- 2 Жұмабаев. М. - шығармалары/өлеңдер,поэмалар,қара сөздер/-Алматы,1989ж-448б.
- 3 Сулейменов.Р.Б,Монсаев. В.А"Из истории Казахстан XVIII века"Наука"Алматы,с.138"
- 4 Уалиханов. Ш. 3т.1985ж-300-302 беттер
- 5 Жеңіс.Т. "Шежіре"Ертіс-Баянаул өңірі!Павлодар-1995ж

АУЫЛЫМНЫҢ ТАРИХЫ – ТҰНҒАН ШЕЖІРЕ

ЖЕТПИС Д., ЖУНУСОВ Ш.

8- сынып оқушылары, Қ. Ыдырысов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Мемлекет пен адамның азаматтық мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Әрбір азаматтың бойында патриоттық сезім ұяласа, елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімі оянады. Әсіресе, қоғамымыздың бірден- бір қозғаушы күші ретінде танылған жастардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру қазіргі таңда аса өзекті мәселеге айналып отыр.

Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру- біздің мемлекетіміздің ұзақ мерзімді даму бағыттары шеңберіндегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мәселелердің бірі. Патриоттық тәрбие берудің рөлін арттырудың, неғұрлым маңыздықұралдарына өлкетану жатады, яғни туған өлкенің табиғатын, халқы мен шаруашылығын, оның өткені мен бүгінін жергілікті қоғамдастық өмірін жақсарту мақсатында зерделеу болып табылады. Сонда келешек ұрпақ өзінің туған өлкесі туралы толық, терең мазмұнды білім беруді талап ететін, олардың туған жеріне және табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін, өз халқының әдет-ғұрпына деген құрметін қамтитын аймақтық- өлкетану ұстанымында өз бейнесін табады.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беруді қалыптастырудағы аймақтық- өлкетану мәліметтерін пайдаланудың рөлін арттыру және өлкетануға тән ерекшеліктерді анықтау біздің зерттеуіміздің негізі болып табылады.

Өлкетану арқылы патриотизмге тәрбиелеуде ұлы педагог В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда «төрт түрлі құрмет: Отанға

құрмет, адамға құрмет, кітапқа және тілге құрмет салтанат құрғанда ғана мектеп мәдениеттің нағыз ошағына айналады».

«Өзгені тану үшін, алдымен өзіңді тани біл!» деген жалпыадамзаттық қағиданы басшылыққа ала отырып, біз өз өңіріміздің тарихын зерделейтін «Ақтоғай өңірін тану» атты жұмысымызды қарастырдық. Мұндағы мақсатымыз өз өлкемізден шыққан өнер адамдары мен тарихи ескерткіштер, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер мен ардақты аналар және ауданның өркендеуіне үлес қосқан азаматтармен танысу [1].

Алғашқы тарауда Ақтоғай ауданының өткені мен бүгіні, даңқты жерлестеріміз бен елді мекендер тарихы, қазіргі кездегі әлеуметтік- экономикалық жағдайды қамтыса, екінші тарау арқылы ауылымыздың тарихына терең бойлау алады. Өз өлкесін тану және сүю – ізгілік жолы. Адамдардың өздері мекендеген жерлерге, сол өңірдегі тауларға, өзендерге, тоғайларға, су ішетін құдықтарына және жер бедеріне қойған атаулары табиғи үндестіктен туатындығы байқалады. Қазіргі Ақтоғай ауданындағы «Талды», «Шұға», «Терең құдық», «Жамақан» және тағы басқа атаулардың шығу тегін сұрастыра келе олардың бәрінен Ел мен Жердің құдіретін сездіретін белгілі бір оқиға өрбитінін айқындауға болады [3, 246].

Мұнда ауылымызға қазық қағылған күннен бастап бүгінгі күні еңбек етіп келе жатқан ауылдастар, әлеуметтік нысандар жайлы мағлұматтар жинақталды. Оқушылардың ізденісін арттыру мақсатында өзіндік жұмыстар, өлке шежіресі туралы деректер жинақтау сынды жұмыстар оқушылардың өлке тарихы туралы ой-өрісін кеңейте түспек. Ауылымызда сонау қиын қыстау кезеңдерде, атап айтсақ ұлы отан соғысында елін, жерін қорғауға ат салысқан ардагерлеріміз баршылық. Сондай- ақ Ленин Орденінің иегері, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы, еңбек және тың ардагері Утегенов Қайролла атамыз тұрады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп жүрген қолөнер шебері- Қамариденқызы Айман апамыздың өнері үлгі – өнеге аларлық. Қазақтың ою- өрнектерін дәріптеп жасаған бұйымдары таңқаларлық әсер береді.Отан тарихын білу өлке тарихын білуден басталатынына көз жеткіземіз. Аймақтық-өлкетану арқылы патриотизмге тәрбиелеу проблемасын зерттеу мақсатында туған өлкесінің табиғаты, тарихы мен мәдениеті, экономикасы және экологиясы туралы білімдерін дамыту, өз өлкесін Отанымыздың бір бөлшегі ретінде оқып- үйренуге, оны сүюге және қорғауға бағытталған этнопедагогикалық негіздегі патриоттық тәрбие беру және елдің тарихын оқып меңгерген тарихи сананы

калыптастыру. Зерттеу нәтижесінде оқу- тәрбие үдерісіндегі маңызды компоненттердің бірі- патриоттық тәрбие беруді әлі де болса жүйелеп, жетілдіру қажеттілігі байқалды. Топырағы дауа, ауасы жұпар, суы бал, жусаны мен жуасының иісі бойыңа күш- қуат беретін өлкенің елі де, жері де жомарт.

Еліміз егемендік алып тәуелсіздік салтанат құрған заманда ауыл көркейіп, гүлденеді деп сенеміз. Үкіметіміз ауылды көркейтуге, жұмыс орындарын ашуға көптеп көңіл бөліп келеді. Тек ауылым деп атқа мінер азаматтар көп болса екен деген тілегіміз бар. Ал ауыл болашағы бүгінгі білімді ұрпақ қолында. Келешекке үлкен сеніммен көз тастасақ біздің ауылымыз сәулеті асқан, дәулеті тасыған берекелі құт мекен болады деп сенеміз. Өйткені осындай елді- мекеннің болашағына үлес қосқан аталарымыз бен әжелеріміздің төккен терлері мен еңбектерінің арқасы екенін кейінгі ұрпақтары мақтаныш етеміз. Әрбір адам өзінің туған өлкесінің тарихын бүге-шігесіне дейін білуі тиіс, өз жерінің тарихы туралы сөз қозғалғанда адамның кеудесін ерекше сезім билейді. Біздің ауылымыз өзімізге өте ыстық. Әуелбек ауылдық әкімшілік округінің орталығы – Ақтоғай ауданынан оңтүстікке қарай 50 км- дей жерде селжу шөп өскен, сортаң қара топырақты дала белдемінде орналасқан. Ең жақын темір жол станциясы – Қалқаман (60 км). Тұрғындары облыс орталығымен және басқа елді мекендермен автомобиль жолы арқылы қатынасады [2]. Мәдениет үйі, білімімізді шыңдайтын кітапхана ғимараттары бар. Әдемі бой көтерген жалпы білім беретін орта мектебіміз бар. 1978 жылдан бастап мектебімізге жерлесіміз, дарынды ақын Қ.Ыдырысовтың есімі берілді. Белгілі ақын Қ.Ыдырысов Куйбышев ауданының Ертіс өзенінің көркем жағасына орналасқан «Жана ұйым» ауылында 1928 жылғы 27 тамызда туған. Әкесі Ыдырыс Мұстафин Сталин репрессиясына түсіп, «халық жауы» деген сұрқия атқа ұшыраған кезде Қабдыкәрім алты жаста екен. Екі қарындасы болған. Екеуі де бүлдіршін кезінде қазаға ұшыраған. Анасы екеуі нағашысы Асқардың үйінде паналайды. 1941 жылы нағашысы Асқар замандастарымен бірге Отан соғысына аттанған кезде Қабдыкәрім колхозда жұмыс істейді. Соғыс біткен соң Павлодар пенучилищесінде оқиды. Оны бітіргеннен кейін ол Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, оны үздік бағамен аяқтайды. [3, 230]. Ауылымыз өзімізге қарасты облыс және аудан орталығынан бірдей қашықтықта орналасқан. Екі жаққа да тең келетін қашықтықта бой көтерген ауылымыздың өткені, бүгіні және келешегі туралы мәліметтерді жинақтау мен талдау бүгінде біздің талабымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Е.Мундуинов «Ақтоғай – алтын бесік» Павлодар:ЭКО, 2008
- 2 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы Алматы, 1999
- 3 Б.Жұмасейіт, С.Мағзұмов «Ардақты елім – Ақтоғай» Павлодар, 2003
- 5 «Ол кім бұл не?» энциклопедиясы
- 6 «Ауыл тынысы» аудандық баспасөз материалдары.

ЧТОБЫ ПОМНИЛИ...

ЖОСТЫЛЕКОВА К. М.

ученик 7 класса, общеобразовательная средняя школа, с. Жана жулдыз,
Железинский район, Павлодарская область

*Люди, откуда сердца стучатся,
помните, какой ценой завоевано счастье,
пожалуйста, помните.
Р. Рождественский*

Большее 70 лет прошло со времен Великой Отечественной войны, но каждый из нас до сих пор помнит тех, кто сражался за нашу Родину, за наше светлое будущее, за мир во всем мире. Немало казахстанцев отправилось на фронт. Не стали исключением и наши односельчане.

Ветеран Великой Отечественной войны, Турлубаев Шамкен, прожил длинную жизнь и часто рассказывал о пережитом в годы войны. Он родился 13 января 1919 году в селе Жана жулдыз. Нелегкие испытания выпали на его долю. Детство было трудное. Семья часто голодала. И чтобы хоть как-то помочь родителям, он в семилетнем возрасте нанялся на работу. Осенью, этого же года, он пошел в школу, но как бы тяжело ему не было, он получил среднее образование. В 1939 году его призвали в армию. Служба проходила в Узбекистане в городе Фергана. Дослужить положенный срок ему не пришлось, началась Великая Отечественная война.

Война. Тяжелым эхом отозвалась она в сердце каждого человека. Мужчины и женщины встали на защиту своей Родины. Не стал исключением и наш земляк. Из Узбекистана его отправили на фронт. Двадцатилетний юноша встретился лицом к лицу со смертью и ужасом той войны. Зачислен он был в армию генерала А.А. Власова. Здесь у него появились друзья, боевые товарищи. Здесь он встретил своего земляка Нурғалиева Чаппаса, с которым

воевал бок о бок. В одном из ожесточенных боев Турлубаев Шамкен получил ранение в ногу и был отправлен в госпиталь. Буквально через несколько недель он вернулся на передовую.

1942 год. Бои под Вязьмой. Фашисты плотным кольцом окружили войска, не давая возможности выбраться живым из-под непрерывающегося огня артиллерии. Из истории мы знаем исход этого боя: генерал Власов сдает армию в плен и сдается сам. Так Турлубаев Ш. оказался в концлагере. Там он испытал все невзгоды: голод, холод, смерть товарищей.

Он часто вспоминал о годах, проведенных в лагере, и всегда говорил: «Я не осуждаю его. Поставьте себя на его место. Возможно, это был единственный выход из этого трудного положения. Немцы окружили нас кольцом, а сверху бомбила авиация. Только подумайте, сколько тогда бы полегло людей, а так было больше шансов выжить».

В концлагере появилась мысль о побеге. Но осуществить побег удалось только через год. После нескольких месяцев скитания по лесам вышел к партизанам. Так он попал в партизанский отряд Д.Н.Медведева. Их отряд участвовал в рельсовых операциях, минировал дороги, взрывал мосты, уничтожал полицейские гарнизоны. Он говорил, что фашисты ненавидели партизан, так как они наносили беспощадные удары по тылам противника, отвлекая на себя крупные силы врага.

Отгремели бои. Наступили мирные дни. Турлубаев Ш. готовился к увольнению в запас. Но не скоро довелось ему увидеть казахстанские степи. Судьба нанесла ему еще один сокрушительный удар. В 1945 году попал под сталинскую репрессию. Был осужден на десять лет по статье 64 «Измена Родине». Срок отправили отбывать в лагеря Воркуты. Только после смерти Сталина был реабилитирован и смог вернуться домой.

«Идут по войне девчата» - так можно назвать следующую главу моей статьи.

Сегодня даже представить трудно, как же они могли одолеть этот трудный путь. Слабый пол делал то же дело, что и мужчины, делили с ними все фронтовые тяготы. Скольким они спасли жизнь?

Одной из таких девушек была Бегежанова Татьяна Афанасьевна (в девичестве Труш), проживающая в селе Ескара Железинского района. В составе отдельной Приморской армии и 4-го Украинского фронта она прошла боевой путь через города Керчь, Симферополь и далее в Румынию.

Татьяна Афанасьевна вспоминает: « Иногда были такие тяжелые дни, некогда было присесть, так как поступало много раненых. Им всем нужна была наша помощь. Мы выполняли разную работу: мыли, убрали, чистили, стирали перевязочный материал, даже сдавали кровь, т.к. ее катастрофически не хватало. Наш походный госпиталь часто менял место расположения, и мы сами устанавливали его, окапывали, маскировали, чтобы немцы не могли нас обнаружить». После некоторого молчания, сквозь слезы она проговорила: « Самое страшное на войне – это видеть умирающего человека и знать, что ничем не можешь ему помочь».

Будем же помнить и чтить память поименно каждого из наших земляков, вставших в час опасности в ряды защитников Отечества, когда жизнь в окопных буднях была так нужна, так необходима для страны, для нашего народа

Из воспоминаний ветеранов-фронтовиков Турлубаева Ш. и Бегежановой Т.А.

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫН МЕҢГЕРТУДЕ АҚПАРАТТЫ КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

ЖУМАБЕКОВА Г. Б.

мұғалім, № 2 жалпы орта білім беру мектебі, Баянауыл ауданы

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытында болып жатқан түбегейлі жаңаруларға байланысты білім мен тәрбие беру жүйесінде де мол өзгерістер туындап отыр. Өйткені қоғамның алға басуы үшін бүгінгі ұрпақтың білімі мен тәрбиесі әлемдік сапа деңгейіндегі білім негіздерін толық игеруді қажет етеді. Сондықтан қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда мектептердің білімі мен тәрбие мазмұнын қайта құру қажеттілігі арта түсуде.

Қоғамдағы ұлт саясатын жүзеге асыру және қазіргі жаңаша ойлау мен әлеуметтік – саяси өзгерістерге байланысты жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру ісі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Сондықтан болашақ жастардың талабы мен сұранысына қарай шынайы ұлттық тұлға болып қалыптасу үрдісінде

қазақ тәлім-тәрбиесі мен ұлттық әдет-құрыптарының асыл мұрасын пайдалана білу, бүгінгі тәрбие мәселесінде маңызды орын алады. [1, 45 б.]

Біздің қарастырып отырған тақырыбымыз туған өлкенің табиғатын заманауи технологияларды тиімді қолдану арқылы оқытып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Білім беру үрдісінде қолданылатын инновациялық технологиялар өзекті мәселе болып табылады. Сол жаңалықты енгізу арқылы оқыту үрдісінде туындайтын проблемалық жағдайларды тиімді шешуге болады, білім беру сапасын арттырып, оқу материалын меңгертуге жағдай туғазады. Инновациялық әрекет оқушының ізденушілік әрекетімен байланысты болғандықтан, оқушының тұлғалық өсуіне және шығармашылық ізденуін анықтайды.

Инновацияның білім беру үрдісінің басты мақсаты, ол оқушының әрекетін дәлелдеп, техника мен ғылымдағы жаңа жетістіктерді қолдану арқылы шығармашылық жанжақты ойлау дағдысын қалыптастырып, алатын ақпаратты өздігінен дұрыс қабылдау дағдысын қалыптастыру.

Оқыту-тәрбиелеу үрдісін жақсартудың негізгі шарты, ол оқытуды жаңа технологиялық қатарға енгізу болып саналады. Білім мен біліктілік ақпараттандырылған қоғамда адам өміріндегі баға жетпес құндылық. Осыдан өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудің қажеттілігі, жалпы орта білім беру мектептеріндегі оқытуға өзгерістер енгізу мұқтаждығы туындайды.

Біздің орыс тілді сынып оқушылары қазақ тілінде сөйлеу кезінде өз ойларын толық жеткізе алмайтын жағдайлар бар. Оқушылардың сөздік қоры жеткіліксіз болғандықтан, тілдік кедергіге ұшырау проблемасы кездеседі. Өйткені сабақ үстінде тек грамматикалық тақырыптар белсенді болады да, лексикалық тақырыптарға сағат көлемі аз бөлінеді. Сол себепті курс соңында оқушылар сөйлеуде өз ойларын толық мазмұнды жеткізе алмайды. Сөздің тілдік қатынас ішінде басты құрал екендігін ескере отырып, оның тілдің басқа салаларымен байланыста қарау қажет. Себебі, тіл салаларының өзара байланысын қазақ тілін оқыту барысында ұтымды және орынды пайдалану – тілді оқытудағы негізгі мақсатқа жету жолы болып табылады. Тілді оқушының қарым-қатынас құралы ретінде дұрыс қолдануына мүмкіндік ретінде дұрыс қолдануына мүмкіндік тудыру – қазақ тілін оқытудағы басты мақсаттардың бірі болып табылады. Сол үшін оларда сөйлесім дағдысы болы керек, ал

сөйлесім дағдысын қалыптастыру оның сөздік қорының мол болуына, грамматикалық бірліктерді бір-бірімен байланыстыра алуына және оны сөйлемде, мәтінде дұрыс қолдана білу дағдылары және біліктеріне байланысты [2, 57 б.].

Осындай проблемаларға көңіл аударар отырып, біз сөйлесім бағытында қазақ тілін үйрету үшін қосымша бағдарламаны құрастыруды жөн көрдік. Балалардың қазақ тілінде еркін сөйлесуге деген қызығушылығы бар. Оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қарастыра отырып, қазақ тілін оқытудағы коммуникативті-ақпараттандыру технологияларын қолдану оқушылар үшін өте қызықты деп шештік. Ақпараттандыру коммуникативті технологияларды қолдану арқылы, біз қазіргі күні өзекті болып келетін, өлкетану материалдарын орыс сынып оқушыларына қазақ тілінде меңгертіп, олардың қазақ тілінде еркін сөйлеуін қалыптастырамыз. Жалпы орта білім беру мектебінде білім беру стандартты бағдарламасына сәйкес, біз орыс сыныптарына қазақ тілін дәстүрлі оқытуда келесі әрекеттерге көңіл бөлеміз; арнайы мәтіндерді түсініп оқу, мағынасына қарай дұрыс аудару, грамматикалық тақырыптарды оқыту. Қазақ тілін заманауи әдіс-тәсілдермен оқыту коммуникативтік әдістерге негізделген, сондықтан оның ішіне аралас технологиялар кіреді.

Әрине, тілді үйрену мақсатында түрлі бағдарламалар сан алуан. «Балалық ақыл-ойдың мәңгілік қайнар көзі мына табиғатта» деген Сухомлинскийдің сөзіне сүйене отырып, өлкетану материалын негізге алдық. Оның ойынша, ең алғаш рет бала шындықты қоршаған айналадан алу керек, яғни бала ойының қайнар көзі сұлулық пен алуан түрлі табиғи құбылыстардан шығу қажет, баланы қоғамдық қатынастарға табиғат әлемі арқылы енгізу дұрыс деп санаған [3, 9 б.]. Сол себептен оқушыларымызды мотивациялау мақсатында, біз өлкетану материалдарын негізге алып, электронды оқулық құруды жөн көрдік. Оқушылар электронды оқулықпен жұмыс жасау арқылы ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық әрекетін, танымдық белсенділігін арттырады.

Электронды оқулық арқылы оқытудың негізгі мақсаты, оқушылардың ақпараттық ізденушілік қабілетін арттыру, оқыту үрдісін толық деңгейде бақылау.

Біздің электронды оқулықта лексикаға, грамматикаға қатысты тапсырмалары мол. Лексикалық материалдар Баянауыл өлкесінің көлдеріне байланысты алынған. Грамматикалық тақырыптар тірек-сызбалар ретінде берілген. Электронды оқулығымызда графикалық иллюстрациялық түрлі суреттер, кесте-сызбалар толық берілген. Сол

арқылы оқушы көзбен көріп, оқып, түсініп, берілген материалды қорыта алады.

Электронды оқулық оқу апаратын тасымалдау үшін қолданылатын құрал. Онда оқушыға берілетін ақпараттың толық мазмұны, анықтамалық материалдар, тапсырмалар, әдебиеттер тізімі мен сілтемелер орналасқан. Электронды оқулық іздеуге көп уақыт кетірмеу үшін, қажетті ақпаратты аз уақытта тауып алуға септігін тигізеді. Сонымен қатар әрбір оқушының өз бетінше білім алуына, белгілі бір тарау бойынша білімін тексеруге, уақытын үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Мәтіндегі түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда білім берудің өзекті мәселесі – жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру болып отыр. Ертеректе білім беру саласында білімнің сапасына үлкен мән берілсе, бүгінгі күні білім сапасымен бірге оқушының рухани, ішкі дүниесінің кең болуына көңіл бөлінуде [3, 67 б.]. Сондықтан баланың бойына жалпы адамзаттық қасиеттерді туған жерге деген патриоттық сезімі арқылы сіңіру – өміріміздің мәні, сәні, мәртебесі. Өйткені, баланың әдепті өсун, ұядан көрген тәрбиесімен қоса, мектептен алған тәрбиесіне де байланысты. Орыс сыныптарына қазақ тілін оқытуда АКТ қолдану, оқушылардың өздігінен өз әрекеттерін бағалауға және түзетуге, жоспарлауға және ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқушылар шешім қабылдауға, таңдау жасауға үйренеді. Оқушыларда ақпараттық кеңістікте жұмыс жасау біліктілігі мен дағдылары қалыптасады. Олар ақпаратты дұрыс қабылдауды үйренеді. Сол себепті тілді үйренуде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н. Н. Жуаспаева, «12 жылдық білім беру» Республикалық ғылыми-әдістемелік ақпараттық-талдамалық журнал//Тәрбие үрдісінде салт-дәстүрлердің теориялық мәселелері, Жуаспаева Н. Н., 2013 ж., №4, 45-б.

2 А. Қ. Рауандина, «12 жылдық білім беру» Республикалық ғылыми-әдістемелік ақпараттық-талдамалық журнал//Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы грамматиканың ролі, Рауандина А. Қ., 2011 ж., №1, 57-б.

3 В.А.Сухомлинский, «Воспитание коллективизма у школьников», Москва, 1956, 9-б.

4 Б. Б. Файзуллина, «12 жылдық білім беру» Республикалық ғылыми-әдістемелік ақпараттық-талдамалық журнал//Қазақ әдебиеті сабағында оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру, Файзуллина Б. Б., 2013 ж., № 1, 67 б.

ШОЛПЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ЖУМАНАЗАРОВА А.

8 «б» сынып оқушысы, №2 жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар облысы, Аксу қ.

ЕЖИХАНОВА Г. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №2 жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар облысы, Аксу қ.

Қазіргі таңда қазақ қызының өн бойына жарасқан әшекей бұйымдарының бірі – шолпыны кеңінен насихатталуды, халқымыздың тарихи құндылығы саналатын шолпының тәрбиелік мәні жайында айта кетуді жөн көрдім.

Қазақ халқының көнеден қалған әшекей бұйымы екенін дәлелдеу; Шолпының түрлерін анықтап, оның тарихи құндылығын зерттей отырып, тәрбиелік мәнінің өте жоғары деңгейде екенін дәлелдеу:

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Шолпының түрлерін анықтап, жасалу жолына тоқталып, зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Шолпының тәрбиелік мәнін ұғыну;
- Жиналған материалдарды бір жүйеге келтіру;
- Шолпы туралы жазған ақын - жазушылардың, сазгерлердің шығармаларымен танысу;

Болжамы: Ұлттық құндылықтардың біріне жататын -шолпыны кеңінен насихаттасак, бұл ұлттық әшекей бұйымның қазақ қыздары арасында кеңінен қолданысқа енуіне жол ашар едік.

Жетекші идеясы: шолпының сырын айқындауға байланысты ғылыми-теориялық негіздерін тұжырымдау, ой-өрісті кеңейтеді, тәрбиелік мәнін түсіндіреді.

Жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- шолпының сырын айқындауда ғылыми-теориялық негіздері айқындалды;
- шолпының сырын анықтаудың тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденді.

Зерттеу көздері: ақын-жазушылардың шығармалары.

Зерттеу әдістері: көркем шығармалардан, өлеңдерден ғылыми-теориялық тұрғыдан синоним сөздерге талдау жасау, сөздердің орынды қолданылуын анықтау, іздену-зерттеу жұмысын жүргізу. Сонымен қатар оның нәтижелерін қорыту.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: Шолпы, шашбаудың мәселесін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеумен, сырын зерттеу барысында теориялық және практикалық тұрғыда сынақтан өткізіп, дәлелдеумен негізделді.

Нәтижесі мен қорытындысы:

- Шолпыны тек қана қыз балалар мен бойжеткендер тағады;
- Қазақтың әшекей бұйымы шолпының сыңғыры қара ниетті күштерден сақтайды;
- Шолпы арқылы қыздың жасын аңғаруға болады;

Ғылыми жұмыстың практикалық қолдану салалары: Тақырып негізінде жинақталған материалдар тарих, қазақ тілі, әдебиет пәндерінде қосымша ретінде қолдануға болады. Тәрбие сағаттарында пайдалануға болады.

Тәрбиенің бір бұтағы – қазақ қызының киген киімдері мен әшекейінің құпиясында сақталыпты. Ұлттық киімдерін айқындай түсетін зергерлік әшекейлер қыздардың көркіне көрік қосқанын жақсы білеміз. Алайда зергерлік бұйымдардың әдеміліктен басқа да, сан алуан атқаратын қызметін біле бермейміз. Ғұламалардың естеліктерінен оқығандарымды түйіндесем, қазақ қызына тәрбиені, әдемілік пен әдепті бесіктен бастаған. Сөзімді айғақтау мақсатында, орыс ғалымдарының пікіріне жүгіндім. Михаил Артамонов «Скиф қорғандарындағы қазыналар» еңбегінде: «Даланың мадонналары 15-16 жасында көшпенділердің сән академиясы – аналарының үлгі-өнеге университеттерінен өткен», - дейді.

Қазақ қыз-келіншектерінің шолпы мен шашбауының атқарған қызметін санамалап көрейік. Шашбау дегеніміз – этнограф Сейіт Кенжеахметовтың анықтамасында «қыз баланың шашымен қоса өрілген моншақты, зерлі, күміс шынжырлы әсемдік бұйым. Шолпы – шашқа тағатын, қымбат бағалы, сылдырмақты, бұрым сәнін келтірген алтыннан, күмістен жасалған әшекей» делінген. Қазақ қыздарының жасы он үшке толғанда қос бұрымына салмақты шашбау қоса өріп, аяулысының тік жүруі, қайқы кеуде, құрық мойын болуын қадағалайды. Ал 13-14 жасында құлағындағы сыңғырлаған сырғаларға асыл тасты бойтұмар, шолпы үндері қосылып, ырғақты әдемі әуен, кішігірім симфониялық оркестр үнін құраған.

Шолпы — әйел әшекейлерінің ішінде сәнді әрі күрделілерінің бірі. Қазақ салтында шолпыны қыздар мен жас келіншектер ғана тағады, ал егде тартқан әйелдерге ерсі болса керек. Халық арасында оның түрлері өте көп тараған. Жас қыздар тағатын үзбелі шолпы, көзді шолпы, шынжырлы шолпы, маржанды шолпы, ақық шолпы, қоңыраулы шолпы деген түрлері бар. Бешпетіне таққан ұсақ тиындар мен теңгелер қыз қозғалғанда шолпыға қосылып сыңғырлап дыбыс береді. Қыздардың жасына қарай әшекейлер кейде толықтырылып, кейде саны қысқарып отырған. Балауса қыздың жүрісін, қимылын, әдептілігін қалыптастыру үшін қоңыраулы шолпыны көбірек қолданған. Астарына үңілсек, қоңыраулы шолпыны таққан қыздар далада жүргенде, қатты күлсе, жүгірсе, шолпы сыңғырлап, дабыл қаққан. Бұл – бір. Ал шолпысына, маржан моншақ таққан қыздар оғаш қимыл жасаса, шолпы моншақтары салдырлап жағымсыз дыбыс шығарып, иесі оқыс қылығын дереу тоқтатқан. Қандай ғажап үйлесім... Шолпының бұл сылдыры оларды елең еткізіп, жинақы болуға мәжбүрлеген. Екіншіден, шолпының әуеніне байланысты ырғақты қозғалысты сезініп, аяғын аңдап басып, қалқып жүруге дағдыланған.

Халықта “адам жанының бір ұшы шашында” деген түсінік тағы бар. Осы түсінікке байланысты аналарымыз шаштарын әр жерге тастамай, түскен әрбір талын жинап, мұқият орап, адам баспайтын жерге көміп отырған және аталған ырымның мән-мағынасын қыздары мен келіндерінің жадына жалаң, құрғақ сөзбен емес, ұлттық ұғымға жақын аңыз-әңгімелермен «қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деп құлаққа құйып отырған. Міне, әшекейлер әуені осылайша бірнеше міндетті қатар атқарған. Ежелден қазақ қызына төрден орын берген.

«Қыз – қонақ», «қыз – өріс», «болашақ ұлттың анасы» деп әлпештеген даланың ай маңдайлылары бала күннен, шын мәнінде, көшпенділердің сән академиясы мен даланың ұлы аналарының кәсіби үлгі-өнеге университетінен өтті деу түріктанушы ғалымдардың аузынан шыққан дуалы сөз, дәйекті дерек. Қазақ қыз тәрбиесіне ерекше ден қойған, тәрбие мен қатар жас бойжеткеннің жан, тән дүниесінің сұлулығын біртұтас қараған. Бір ғана шолпы мен шашбаудың міндетін данышпан аналар осылай тарих беттеріне түсірген. Ұлы аналар қоғамда өзін-өзі қалай ұстау этикасын сонау орта ғасырда қалыптастырды.

Жазушы Сарбас Ақтаев «Қазақ ханымдары» тарихи эсселер кітабында он сегізінші ғасырдағы өмір сүрген Уәли сұлтанның

әйелі, Шоканның әжесі, Абылай ханың келіні Айғаным анамыздың келбетін былайша суреттейді: “Айғаным ханымды Александр І Романовтар әулетінің салтанатты кешіне арнайы шақырады. Сарайдағы ақсүйектер қауымы есіктен енген ерекше қонаққа еріксіз назар аударды.

... Сұлу мүсінге жарасқан орыс парча, қызғылт түсті мауыты, оның өрнектері алтыннан. Мәнерлі шым жібек көйлегі жерге сүйретілген қос етек, аяғындағы оюлы кестелі биік өкше етігі қадам басқанда ғана көзге түседі. Токпақтай жуан бұрымға шолпы тағылған. Патша сарайында бір ғажайып тыныштық орнады. Мәртебелі патша ханшайымнан көзін алмай қадала қарады. Тыныштықты Айғаным ханымның мәртебелі патшамен таза орыс тілінде іркілмей амандасқан әуезді үні ғана Сарай тыныштығын бұзды. Дала аруы патша жүзіне инабатпен тайсалмай аса бір сабырмен сәлемдесті».

...Аналарымыз инабатты, білімді, текті, көргенді, ұстамды, киіну мәдениеті, әдеп деңгейі жоғары болды. Қалайша? Бәрін кімнен, қалай үйренді?

Олар университеттерде, өнер академиясында, текті қыздар институтында «Болашақ» жолдамасымен Еуропа асып Лондондағы Қасиетті Мартин атындағы Орталық өнер және дизайн колледжінде немесе арнаулы кәсіби модельдер мектебінде оқыған жоқ. Бірақ олар сән академиясы мен Даланың Ұлы аналарының дәстүрлі үлгі-өнеге университеттерінен өтті. Олар ғасырлар бойы қыздарға бесіктен дарыған рухани әдеп пен ибалық мектебінен сабақ алды.

ШОЛПЫ – қыздардың бұрымға тағатын әшекейі. Шолпыны екі үзбелі етіп, күмістен соғады. Қақталған күмістен үш бұрышты немесе сопақша пішінді етіп жасалады да, ортасына асыл тас орнатылады. Төменгі үлкен тұмаршасының етегіне шынжырлап немесе үзбелеп соғып, сөлкебай тіркелген бірнеше салпыншақ тағылады. Ол баулары арқылы бұрымға қоса өріледі. Дәстүрлі қазақ қоғамында Шолпының – көзді Шолпы (асыл тас қондырылған), қозалы Шолпы, қоңыраулы Шолпы, шынжырлы Шолпы, қос үзбелі Шолпы, маржанды Шолпы, меруертті Шолпы, ақықты Шолпы, т.с.с. түрлері мен атаулары кездеседі. Шолпыны о баста әйелдер қара ниетті тылсым күштерден қорғану үшін тағып жүрген. Халық адамның жарты жаны шашта болады деп, оны қорғау мақсатында Шолпы, шашбау таққан. Кейде олардың салмағы 3 кг-ға жеткен. Шолпы жас қыздардың жүрісі мен бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырған [1].

«Әшекейі жоқ әйел жапырағы жоқ ағашпен тең» демекші, бүгінде сынғырлаған шолпы түгілі, белге түскен қолаң шаш азайып бара жатса да, ұзын шаш маңызын жоя қоймады.

Құрылымы жағынан шағын болып келетін шолпы өзара біріктірілетін қозғалмалы бөлшектер: құлпырма маржан тізбектерінен, Ресей тиындарынан (жалған теңгелер де жарайды), жартылай қуыс не жалпак, селдір медальондардан, күміске орнатылған түрлі тастан құралады.

Ал шашбау болса, шолпыдан ұзындығымен ерекшеленеді. Ол күміс шынжырлардан немесе жіптен, жібек баудан жасалып, маржан моншақтармен, сәндік әшекей бөлшектерімен безендірілген таспабаулардан тұрады.

Шолпы шаштың ұшына тағылатын болса, шашбау бұрымның түбіне ілінеді немесе шашпен бірге өріліп, бұрымға сән беріп тұрады. Кейде шашбау қара баудан жасалып, шашты ұзын әрі қалың етіп көрсету үшін қолданылады.

Шашбаудың да, шолпының да әшекей бұйымнан бөлек, өзіндік ерекше мақсаты болған. Бұларды оқи отырып, қазақтың даналығына еріксіз тәнті боласың.

- Қоңыраулы шолпы таққан қыздар қатты күлсе, шолпы сынғырлап, оқыс қимылдарға тосқауыл болған.

- Шолпы арканы түзу ұстап, сәнді жүруді үйрететін модель мектебінің рөлін атқарған.

- Шолпының ауыр салмағы басты ауыртпай, емдік қасиетке ие болған.

- Шолпы, шашбау сынғыры қыз баланың үйге қарай келе жатқанынан хабар беріп, үлкендер жинақтала бастаған.

- Шолпы салмағының әсерінен шаш ұзын боп өскен.

- Шолпыны да, шашбауды да бұрым тарқатылмай жинақы болып тұру үшін таққан.

Ұзын шаш қазақ түсінігінде айрықша киелі нәрсе болған. Сондықтан шаш өруге де айрықша дайындықпен келген. Шашқа тағылатын әшекей сыйлағанда бір-біріне «Шашың ұзын, қалың болсын!» деген тілек айтқан.

Халық арасында шашбауды күнделікті тағатын әшекей бұйымына айналдырған арулар жоқ емес. Солардың бірі – «Айқын» газетінің тілшісі Қаншайым Байдәулет:

- Шашбауды төрт-бес жыл бұрын туған күнімде досым сыйлаған болатын. Өзім арнайы сатып алған емеспін. Бірақ дүкендерден көріп, талай рет қызыққаным рас. Бағасы тым қымбат тұратындықтан,

қалтам көтермеді. Қазір де ұлттық әшекей бұйымдар сатылатын сөрелерден ең бірінші шашбау қарауға тырысамын.

Бұрынғы заманда қазақтың қызы деген кезде әр қазақтың көз алдына әшекейлі, сымбатты, өрілген қос бұрымы, сыңғырлаған шолпысымен ерекшеленген әдемі қазақ аруы елестейді.

Шашбау, шолпы адам қозғалысы арқылы бұрымның ұзара түсуіне ықпал етеді, қазіргінің сөзімен айтқанда шашқа массаж жасайды. Ауыр шолпы таққан адамның басы ауырмайды, ерте кезде адамдар шашбау шаш арасындағы жын-шайтандарды қашырады деп сенген.

Шолпыға тағылған тиындар қыз баланың тал шыбықтай тік, сымбатты өсуіне септігін тигізеді. «Сылдыратсаң тиынды, жоғалтарсың сиынды» деген сөздің арғы астарында қазақ қызына тән биязылық пен әдеп-ибаның жатқанын аңғарамыз.

Шолпының ең маңызды «қызметі» ол әдептілікті сақтау екенін біреу білсе біреу білмейді. Бойжеткен қыз баланың жүрісін, қимылын түзеу үшін қоңыраулы шолпыны бұрымына таққан. Содан қоңыраулы шолпы таққан қыз бала үй арасында жүргенде, жүгіргенде, күлгенде ол сыңғырлап дыбыс беріп тұрады. Үйдегі отырғандар әдептен тыс әңгіме айтып отырғандарында даладан шолпының сыңғырын ести сала сөздерін тыя қоятын. Осылайша, шолпылы қыз жасына жетпей жаман сөз естуден бойын аулақ ұстайды.

Шашбау дегеніміз – өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын алтын, күміс тиындар, кейде маржан тағылған, ызылған бауы бар сәндік бұйым. Егер шашбауға алтын тиындар қолданылса, оны «тіллә шашбау» деп атайды.

Мысалы: «Заманыңда тағыпсың, тіллә шашбау жар-жар», деген ұғымды «Алпамыс батыр» жырынан кездестіреміз. Сол сияқты күміс немесе алтын теңгелер, тиындар қадалған шашбауды «шолпы» деп те атайды.

Бойжеткен қыз баланың жүрісін, қимылын жөндеу үшін қоңыраулы шолпыны қолданған. Қоңыраулы шолпыны таққан қыз баланың келе жатқанын естігенде, үйдегі үлкендер қалжыңын қоя қалса, бұл дыбыс жастарды елең еткізіп, жинақы отыруға тәрбиелеген, екінші жағынан қыз балаға деген құрметті білдіреді. Шолпы қыз баланың жүріс-тұрысының әдемілігіне де әсер еткен.

«Шолпы» деген ұғым балықтың судағы секіріп ойнағанынан шыққан болуы керек. Судың бетін жел қозғап, толқындар жағаны ұрып жатса, оны да «шолпу» деген екен. Сол себепті ұсақ тиындар мен теңгелер қыз қозғалғанда, қозғалысқа келгенде сыңғырлап

дыбыс береді екен. Бұл да тәрбиелеудің бір әдісі деп ұққан дұрыс. Ал екіншіден, ауыр шолпы таққанда бас ауырмайды. Сонда шолпының емдік қасиеті бар екенін байқаймыз. Жас қыздар тағатын үзбелі шолпы, көзді шолпы, қозалы шолпы, шынжырлы шолпы, қос үзбелі шолпы, ақық шолпы сияқты түрлері бар. Осылардың ішіндегі кішкене күміс қоңыраулардың үзбелі түрі қыздарға әдемілік береді.

Ерте заманда «шашбау шаш арасындағы жын-шайтандарды қашырады» деп сенген. Қазақ халқы әйел шашының ұшында тіршіліктің күші бар деп есептеген., қиылған, алынған шашты аяқ астына тастамаған, жинап таза жерге жасырған. Сондықтан шашты қимай, бұрым етіп өріп, ұшына шолпы не шашбау байлаған.

Шолпы. Күміс немесе алтын теңгелер, тиындар қадалған шашбауды шолпы деп те атайды. Себебі бұрымға тағылған шашбаудағы алтын, күміс теңгелер де шашбау теңселген сайын жалт-жұлт еткеннен кейін шолпы аталса керек. Ол көбіне ақталған күмістен үш бұрышты етіп жасалынады да, ортасына асыл тас орнатылып, шынжырлап тұмарша, қоза, қоңырау, күміс тиындар тағады. Шолпының асыл тас қондырылған түрін көзді шолпы дейді. Қозалы шолпы – сәндікке қоза орнатып жасалған шолпы. Сондай-ақ шолпының қоңыраулы шолпы, сылдырмақ шолпы дегендей түрлері де бар.

Дана аналардың сапындағы әйелдердің бірегейі – әйгілі хан Абылайдың келіні, Уәли ханның екінші әйелі, Шоқанның әжесі – Айғаным ханша- дала аруының, нағыз әйел сұлулығының эталоны бола білді. Сәбит Мұқановтың “Аққан жұлдызындағы” орыс патшасының Айғаным ханымды қарсы алған кездегі сәті былайша суреттеледі: “Қоршаған сұлтандарға, әсіресе Айғанымға қараса, көргені естігенінен мүлдем басқаша. Әсіресе – Айғаным. Оның шырайлы кескіні, бұлт арасынан шыға келген күн сияқтанып, жалт еткен көзі ашық аспанда жалтылдаған Шолпан сияқтанып кетті. “Мәссаған, Шығыс! – деген ой кеп кетті, Шығыс ертегілерін көп оқыған Николайға, – сипаттайтын сұлулары шындығында да бар екен ғой!..”. ...Патша сарайында бір ғажайып тыныштық орнады. Мәртебелі патша ханшайымнан көзін алмай қадала қарады. Тыныштықты ханымның патшамен таза орыс тілінде іркілмей амандасқан әуезді үні ғана бұзды. Дала аруы патша жүзіне инабатпен тайсалмай қарап, аса бір сабырмен сәлемдесті”.

Ал Ресей мемлекетінің ұлы реформаторларының бірі М.Сперанскиймен кездесудегі Айғаным анамыздың ерекше киімі мен сұлулығы былайша суреттеледі: “Басында алтыннан әшекейлеп жасаған, маңдайына – үлкендігі сиырдың тобығындай жасыл

жақұт орнатқан тәж; үстінде орысша – парча; қазақша – үштоп аталатын, қызғылт түсті мауыты, оның өрнегі алтыннан. Ұзын жуан қос бұрымына жалпақтығы алақандай, үзбелері көп, алтын шолпы тағылған; саусақтары да, білектері де қымбат жүзіктер мен сақиналарға толы”.

Кенесары ханның сүйікті жары Күнімжан анамыз да – текті, ерекше жаратылған әйел.

“...Оймақ ауыз, құмай көз, қара торының сұлуы. Үстінде – шытырман дүрия жібек көйлек, көгілдір торқа, оқалы қамзол, оның сыртынан шетін құндызбен әдіптеген дүрия қызыл шапан киіпті, басында – ақ меруерт өрген алтын теңгелері қабаққа түсе сылдыр қаққан қызыл барқыт сәукеле. Сыртынан ақ торғын шәліні төгілдіре жамылған. Құлағына таққан үш буынды сырғалары мен арқасына жарыса түскен тоқпақтай бұрымының ұшындағы төрт қатар шолпысы патшаның кілең бір сомдық тиын ақшасынан қиыстырылған” (Ілияс Есенберлин. “Қаһар” романы, 87-бет). Атақты жазушымыз Ілияс Есенберлин Күнімжан ханымды осылай суреттейді.

2.1 Аталған әшекей бұйымдарына қатысты қолданыстарды көркем мәтінде жиі ұшырастыруға болады:

Сүйретіп алтын шашбауын, Ордаға барып кіреді (Қамбар батыр)

Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі – айы-күні – жалғыз қызы алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, ақ көйлегін көлендетіп, қызыл-жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген еді (Ж.Аймауытов. Ақбілек).

Қазақ қыздары мен әйелдері бұрынғы кезде шолпы мен шашбауды бұрымы тарқатылып кетпеу үшін таққаны белгілі. Халқымызда қалыптасқан сенім бойынша, неше түрлі асыл тастан жасалған сылдырмақ, салпыншақтан тұратын салмағы ауырлау шолпының әсерінен шаш ұзын болып өседі. Сондай-ақ ауыр шолпы таққан адамның басы ауырмайды деп есептелген.

Халық ұғымында «адам жанының бір ұшы шашында» деген де түсінік бар. Соған байланысты «тарағанда түсетін шашты кез-келген жерге тастауға болмайды, оны адам баспайтын жерге көміп тастау керек» деген ырым-тыйымның бар екені белгілі. Ал енді осы халық санасындағы кодталған ақпараттың кілтін ашу үшін белгілі бір білім аясы керек. Біз оның кілтін төмендегі прецедентті мәтін арқылы ашуға тырыстық:

«Әйел баласы шашын беталды тастамас болар,-деді Айша.– Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары

шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген исін танып қояды екен де: «Анамыз тозақ отына түсіп кетті- ау!» деп шыр айналып, шырылдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен.

Әне, сондықтан шашты көміп таста. Далаға тастасаң, жел ұшырып немесе құс ұя салып, әйтеуір, бір себептен отқа күйсе, о дүниелік нәрестенің обалына қаласың...» (Ш. Мұртаза. Ай мен Айша).

Осы түсінікке байланысты аналарымыз шаштарын әр жерге тастамай, түскенінің әрбір талын жинап, мұқият орап, адам баспайтын жерге көміп отырған және аталған ырым-тыйымның мән-мағынасын қыздары мен келіндерінің құлағына жалаң, құрғақ сөзбен емес, ұлттық ұғымға жақын осындай аңыз-әңгімелермен күйіп отырған. Қазақтың қыз-келіншектерінің шаштарына сылдырмақты шолпы тағуына «адам жанына зиян келтіретін бәле-жалалар жоламасын» деген сенім-түсінік те өз әсерін тигізбей қоймаған [57, 106-б.].

... Сөйтсе, қос бұрымы біресе белінің бергі жағына аунайды, біресе арғы жағына ойнайды. Қымбат шолпы тағынбай, жіптен ескен шашбауы – жемелегі еркелеп Балбастаудың балағына оралар балдыр болып ойнайды (М.Байғұт. Жемелек).

Кейбір жазушыларымыз аталған сөзді қазіргі кезде жиі қолданылатын орыс тілінен енген «бантик, лента» сөздерінің баламасы ретінде қолданғаны төмендегі мәтіннен аңғарылады. Біздің пікірімізше, сөздік қорымызда «жемелек» сияқты жоғарыдағы сөздердің мағынасын беретіндей төл сөзіміз тұрғанда, «бантик, лента» деп қолдану тым қисынсыз сияқты.

Қитар көз қара қыз талдырмаш бойжеткеннің көйлегін бір тартып, бұрым ұшындағы жемелегін ала қашты (С.Адамбеков. Қожанасыр).

2.2 Дауылпаз ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірден өз орнын анық тауып, артына өшпес мол мұра қалдырғанын анық білеміз. “Шолпы” атты өлеңінде қазақ қызының өн бойына жарасқан әшекей бұйымдарының бірі – шолпыны өте таза шынайы суреттеуі байқалады. Соған тоқталып өтейін:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Қанымды қайнатты құрғыр.

Шық - шық жүрекке тиеді,

Құлпара талқан боп сынғыр.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Өзекті өртеді құрғыр.

Әдейі іргеден жүреді,
 Сұлу қыз санадан солғыр.
 Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
 Жүректі тандырап құрғыр.
 Кеудені кернеді жалын,
 Сәулем, періштем, тез кір!
 Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
 Есімнен аударды құрғыр...
 Лебізіңнен еріп барамын,
 Жаным - ай, жақында, қол бер!

2.3. М.Мақатаевтың ұлттық материалдық бұйымдарды бейнелі сөздер құрылымында жиі қолданатыны баяндалған. Шолпы деген зат аты. Қыз бейнесін сомдауда немесе бұлақтың сылдырын, бұлақтың бейнесін сипаттауға қолданылған. Мысалы, шолпылы бұлақ (Шомылып алам әуелі Шолпылы сылдыр бұлаққа).

2.4. Енді ежелден шайырлардың жырға қосып, бізге жеткен шолпысы мен шашбауын алайық. Құлаққа таныс сазгер Алтынбек Қоразбаевтың әні:

Сыңғыр шолпы шашбауын жарасады таққаның.
 Осы сәнің тұрғанда қаламаймын басқаны.
 Үкілерің желбіреп, жас жүрегім елжіреп,
 үйіншілеп жеңгейлер «шашбаулы қыз» келді деп.

Бүгінде заманның ағымына ілескен қазақ әйелдерінің талғам-танымы да өзгерді, бұрынғыдай шашын өсіріп, оны қос бұрым етіп өретіндер қазір кемде-кем. Әйелдердің көпшілігі шашын қысқа етіп қидырумен бірге оны өздеріне ұнайтын түрлі түске бояйтын болған. Ал шашы ұзын кейбір қыз-келіншектер шаштарына шолпы, шашбау, жемелек тәрізді талайды тамсандырған зергерлік тамаша туындыларды емес, темірден жасалып, қайсыбіріне алуан түрлі өрнек салынған қыстырғыштарды пайдаланады.

Саусағыма шаштар арасындағы шпилька, приколкалар қатты тиеді. Оларды суырып алып тастағым келеді. Олардың қатандығы ұнамайды. (Ш.Мұртаза. Мылтықсыз майдан).

Осы күні шолпының не екені түгіл, оның атын естімегендер де жетіп артылады. Оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізуге болады-ақ, бірақ көбісі ескі заманнан қалған көне дәстүр деп қарайтыны анық. Сондықтан өздері қызықпаған адамға ештеңе деп тықпалай алмайтынымыз да белгілі бола бастағандай.

Сондықтан қазіргі заманға арнап осы шолпыны қайта шығарып, сәнқой қыздарымызға тақтырса, қалай жарасып тұрар еді. Кез

келген елдің азаматы біздің мәдениетімізге таңдануына тағы бір себеп. Бұйырса, көшпенділер өркениетін әлі әлемге танытармыз. Сол кездегі атрибуттың бірі осы шолпы болар!

Қазіргі тілмен айтқанда, дефиле – көрікті әсем бой түзеуді (осанка), түзу сәнді жүруді арнайы үйрететін модельдер мектебінің рөлін атқарған. Үшіншіден, ауыр шолпы таққанда бас ауырмайтын басқа да емдік қасиеті болған. Төртіншіден, шолпы, шашбау сыңғыры қыз баланың үйге қарай келе жатқанынан хабар берген. Үлкендер жағы артық сөзін тыйып, қыз алдында өздерін тәртіпке шақырған. Бесіншіден, балғын қыздар денесін тік ұстап, бойдағы сенімділікті қайрап, кез келген ортада өзін-өзі еркін ұстай білуді балалық шақтан үйренеді. Алтыншыдан, шолпының салмағының әсерінен шаш ұзын болып өскен, бұл тұжырым биологиялық тұрғыдан расталған ақиқат. Жетіншіден, шолпы мен шашбауды бұрымы тарқатылып кетпеу үшін таққан және ол этномәдени ұғым.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет.
- 2 Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы, 19998 жыл.
- 3 М.Жұмабаевтың өлеңдер жинағы.
- 4 Ұлдай Ибайдуллаева, журналист «Даланың ұлы қыздары шолпының сылдыры, шашбаудың сыңғыры...» мақаласы.

ГЕОМЕТРИЯ В ЖИЗНИ МОЕГО ГОРОДА

ИДИЛУП М. Ж.

ученик 4 класса, ГУ «Гимназия № 3 для одаренных детей», г. Павлодар

КЕНЖЕБАЕВА Г. С.

учитель начальных классов

С детства нас учат быть патриотами своего родного края. Я понимаю так, что патриот, это человек, который любит то место, где он родился и вырос. Для меня таким местом является мой Казахстан, мой любимый город Павлодар. Люблю его или нет - вопрос сложный. Ответ – я здесь живу. В моем городе, как и миллионе других городов, есть свои особенности и достопримечательности, очень интересные места. Наверняка многих заинтересует вопрос: «Что такого в этом городе и в чем его особенность?». Особенность, ее нет. Он такой, как и тысячи других: здесь рождаются, учатся,

работают, женятся, умирают. Но все-таки есть в нем что-то особенное, что-то родное. Павлодар! Что в тебе?

Во втором классе я готовил выступление по теме: «Фигуры моего города» и проводил исследование, познакомился с интересными материалами о родном городе и выяснил, что Павлодар – город с более чем 200 летней историей. Он развился из небольшого поселка при форпосте. Сегодня его можно уверенно назвать промышленным центром Прииртышья, ведь здесь дымятся трубы промышленных предприятий различной направленности [4]. Работая с информацией о городе, я понял, что это мой город. Я люблю город, в котором родился и прожил всю свою жизнь. Он самый красивый в мире. Мне дорог он зимой и летом, весной и осенью. Зимой мой город похож на снежное королевство, весной и летом – на зеленый рай, а осенью – на золотой дождь. Я люблю в нем не только площади и парки, но и маленькие дома, переулки, которые я не все знаю, но с каждым днем я узнаю все больше и больше. В нем так много того, что дорого, было, есть и пока наступило. Я чувствую: мое место здесь и так приятно это осознавать, что это мой дом, моя Родина!

При работе над проектом я много наблюдал, фотографировал и меня заинтересовали геометрические формы и геометрическое расположение улиц города Павлодара. Я обратил внимание на разные фигуры на улицах города, какие они интересные, необычные, как украшают и делают необычным наш город. Они изготовленные из разного материала (камень, дерево, чугун, металл и др.). Жители, с удовольствием, фотографируются на их фоне, любят ими. Я решил найти карту города и посмотреть, как расположены дома. И когда я посмотрел карту нашего города, я понял, что она состоит из геометрических форм и фигур.



Меня это заинтересовало, и я решил исследовать, почему застройка города проводится в геометрической форме и какое значение имеет геометрия для его жизнедеятельности?

Цель: Исследовать, почему застройка

города, проводится в геометрической форме и какое это имеет значение для его жизнедеятельности?

Задачи:

1. Исследовать материалы об истории застройки города Павлодара.

2. Выяснить, как геометрия украшает город Павлодар. Рассмотреть геометрические формы в разных архитектурных стилях.

3. Проследить основы геометрии в застройке архитектурных объектов и расположении улиц города. Рассмотреть наиболее интересные архитектурные сооружения, и выяснить, какие геометрические формы в них встречаются.

4. Выявить значение геометрического расположения улиц города для его жителей.

Объект исследования: Архитектурные сооружения и расположение улиц города Павлодара.

Предмет исследования: Геометрические формы и геометрическое расположение улиц города Павлодара.

Гипотеза: Геометрические фигуры, являясь идеальными объектами, находят свое наглядное воплощение в разнообразных архитектурных моделях и расположении улиц города. Все здания, которые нас окружают – это геометрические фигуры, они, с одной стороны, являются абстракциями от реальных объектов, а, с другой, являются прообразами, моделями формы тех объектов, которые создает архитектор. Предполагаю, что применение разнообразных геометрических форм сделает город привлекательнее не только для жителей, но и для гостей.

Результаты исследования: создан видеоролик для сверстников, подготовлена электронная презентация.

Теоретическая значимость: Знание истории родного города и применение геометрии в практической деятельности человека, в построении зданий и расположении улиц.

Практическая значимость:

Исследовать точки соприкосновения между геометрией и практической действительностью.


Актуальность моего исследования в том, что архитектурные объекты являются неотъемлемой частью нашей жизни. Наше настроение, мироощущение зависят от того, какие здания нас окружают. Назрела необходимость исследования того многообразия объектов, которые появились в нашем городе. Если раньше архитектурные конструкции представляли собой однообразные сооружения, то в настоящее время геометрические формы позволили разнообразить архитектурный облик города.

Новизна и степень самостоятельности: целью моей работы было изучение геометрии вне школьной программы. Я попытался раскрыть применение геометрии в практической деятельности человека, в построении зданий и расположении улиц моего города. Новизна нашей работы состоит в том, что мы впервые изучаем, что фигуры, которые мы изучаем на геометрии, являются теми математическими моделями, на базе которых строятся архитектурные формы.

Павлодар является одним из крупнейших промышленных центров Казахстана [3].


Я предполагаю, что применение разнообразных геометрических форм делает наш город привлекательнее не только для жителей, но и для гостей. Следует отметить, что, применяя разные геометрические формы в архитектуре, можно создавать разнообразные архитектурные сооружения, непохожие друг на друга. Анализируя некоторые архитектурные сооружения города, и сравнивая геометрические формы, входящие в их конструкции, можно заметить, что, несмотря на похожесть зданий, в архитектуре каждого есть такие геометрические формы, которые делают их различными. В архитектуре Павлодара можно увидеть различные геометрические формы. Их разнообразие зависит от возраста города и от степени его развития, с 1670 года город развивался и строился. Появились новые дома, учреждения, застраивались целые улицы, комплексы. А при детальном рассмотрении можно заметить разнообразные геометрические формы, с помощью которых украшены фасады домов.

Геометрия в архитектуре Павлодара




Современный архитектурный облик Павлодара составляют старинные дома в сибирском «купеческом» стиле, органично соседствующие с современными зданиями [3].


В современной архитектуре Павлодара смело используются самые разные геометрические формы.




Есть очень красивые здания, украшенные колоннами.



Дома приблизительно имеют вид прямоугольного параллелепипеда



Окружность как геометрическая фигура всегда привлекала к себе внимание художников, архитекторов.



Геометрические фигуры различной формы можно увидеть в конструкции различных зданий

Торжественность и устремленность ввысь – такой эффект в архитектуре зданий достигается использованием арок, представляющих дуги окружностей [5].



Архитектура православных церквей нашего города включает в себя как обязательные элементы купола, арки, округлые своды, что зрительно увеличивает пространство, создает эффект полета, легкости

А как красива Новая мечеть. Прекрасны её башни! Сколько интересных геометрических фигур положено в их основу!




Геометрические фигуры различной формы можно узнать и в других замечательных сооружениях

Круглая, прямоугольная, квадратная – все эти формы прекрасно уживаются в зданиях



Ограждения Набережной – сочетание гигантского, прозрачного параллелепипеда с ажурной металлической арматурой.



А сколько геометрических фигур можно найти в конструкциях мостов города.



Фонтанные комплексы являются традиционным украшением улиц и площадей города Павлодара.



Красив и величав мой город, использование разных геометрических форм в архитектуре города украшают его, они интересные, необычные.

Я сделал вывод, что вся архитектура города состоит из геометрических фигур: прямоугольники, углы, шары, цилиндры, треугольники и без этих форм невозможно построить ни одно здание. Свои слова, свой вывод я подтверждаю словами великого ученого Ле Корбюзье «...Всё вокруг – геометрия. Никогда мы не видели так ясно таких форм, как круг, прямоугольник, угол, цилиндр, шар, выполненных так отчетливо, с такой тщательностью и так уверенно».

В ходе поисковой деятельности я нашел в нашем городе здания, которые имеют необычное архитектурное построение, с использованием геометрических тел и фигур в своем составе. Сделал много интересных фотографий фотографии и описания зданий (с указанием геометрических фигур и тел) входящих в состав [1].

В ходе своей работы я рассмотрел зависимость архитектуры от геометрии, на практике в этом убедился, и представил фото и чертежи отдельных геометрических тел. я попытался раскрыть применение геометрия в практической деятельности человека, в построении известных зданий. Сделал вывод, что слова Корбюзье как-то воскликнул: «всё вокруг геометрия!» подтверждаются. Прошли века, но роль геометрии не изменилась, она по-прежнему остается «грамматикой архитектора» [5].

В результате изучения трудов ученых-геометров и архитекторов, собранного материала для исследования, в ходе работы над проектом я расширил представления о достопримечательностях родного города, наблюдал за строительством новых домов, дорог, выявил их архитектурные особенности. Сделал вывод, пришел к следующим заключениям:

1. архитекторы города в последнее время, создавая проекты новых зданий, включают в их конструкции разнообразные геометрические фигуры;

2. применение различных геометрических форм в архитектурных сооружениях даёт возможность изменить традиционную архитектуру города;

3. застройка города абстрактными, современными конструкциями делает его более привлекательным для жителей и гостей.

Из всего сказанного делаю вывод, что геометрия в нашей жизни на каждом шагу и играет очень большую роль. она нужна не только для того, чтобы называть части строений или формы окружающего нас мира. с помощью геометрии мы можем решить многие задачи, ответить на многие вопросы и построить самый красивый город в мире.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 www.centralasia-travel.com > ..Достопримечательности города Павлодар
- 2 www.nemiga.info/kazakhstan/pavlodar.htm город ПАВЛОДАР
- 3 Поминов Ю. «Павлодарская область: прошлое, настоящее, будущее». Журнал «Нива», №7, 2008 год.
- 4 Хронограф Павлодарской области. 1938-2008 годы. Управление архивов и документации Павлодарской области, 2008
- 5 Страницы Павлодарской области: страницы новейшей истории 1991 – 2012 годы. Архивные документы ГУ «Государственный архив Павлодарской области», 2012
- 5 Волошинов А.В. Математика и искусство. М., Просвещение. 2000

ТҮРЛІ ТҮСТІ ЖҮННЕН ЖАСАЛҒАН ӘШЕКЕЙЛЕР

ИМАНМАҒЗАМОВА Г. Қ.

5 сынып оқушысы, Ұзынсу ЖОББМ-нің, Павлодар облысы, Ертіс ауданы
КАЛИЕВА Г. М.
биология пән мұғалімі

Халқымыздың ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасы – ши тоқу өнерін жаңғырту және халқымыздың ежелден келе жатқан көне де, ізгі дәстүрі арқылы қазіргі заманымызға лайықты сапа түр беріп сәндік қолөнерді дамыту. Қай халықтың болмасын

ұлттық мұрасы, халықтың қазынасы - қолөнері болып табылған. Халық шеберлері ұлттық қолөнер бұйымдарын жасау арқылы сол халықтың этикалық және мәдени ұлттық дәстүрін көрсете білген. Табиғи материалдардың бірі жүн. Жүнді пайдалану арқылы қолөнер бұйымдары: әшекейлер жасау, киіз басу, сырмақ сыру, алаша және ұлттық киімдер мен кілем тоқу сияқты күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатыр.[1, 140 б]

Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен роль атқарады.

Еті – ас, сүті – сусын, жүні мен терісі – киім мен баспанасының жабығы болған. Қазақ тұрмысында ең көп пайдаланылатын жүннің түрі – қойдікі.

Жүн! Қойдың жүні! экологиялық тұрғыдан таза зат.

Қой (лат. Ovisaries) – қуысмүйізділер тұқымдасына жататын, күйіс қайыратын жұптұяқты мал.

Қой нәолит дәуірінде қолға үйретіле бастаған жабайы қойлардан (арқар және муфлон) шыққан.

Дүние жүзінің 170-тен аса елінде 650-дей қой тұқымдары мен тұқымдық топтары бар. Қойдың дене ұзындығы 60 – 110 сантиметр, шоқтығының биіктігі 55 – 100 сантиметр. 12 – 15 жыл тіршілік етеді. 5 – 7 айлығында жетіледі,

Қой жүнінің емдік қасиетінің аса жоғары екенін бабаларымыз бағыда-ақ білген. Қазір ел ішінде қан қысымымен сырқаттанатындар жазады.

Жүннен жасалған бұйымдардағы ою - өрнектерді мәнерлеп өрнектеу, әр түсті айшықты бояу қолдану тоқушының қиялына, іскерлігіне, талғамына байланысты болды. Аталған бұйымдар ел тұрмысына сән беріп, адамдарға рухани ләззат әкелген.

Мен тәжірибе жасау үшін түрлі - түсті қой жүнін алып одан әшекейлер жасадым. Жүнмен жұмыс жасаған кезде қолданған құрал-жабдықтарым: түрлі-түсті жүн, ине, сұйық сабын.[2, 45 б]

Ең алдымен алқа жасадым, ол үшін сабынды суға түрлі түсті жүнді салып, біраз уақыттан кейін керекті формалы пішіндерді жасау керек.

Қазіргі кезде жүнді бұйымдар өте сәнді болып табылады. жүннен жасалған әшекейлер сәнді, мықты әрі жылу беріп тұрады. шар тәрізді пішіндерді жасаған кезде оның тығыздығына назар аудару керек.

Қолөнер - халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігі,

өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның ортақ қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. «Шебердің қолы ортақ» деген мақал ел ішінде бекер айтылмаса керек. Өз елінің ұлттық қазынасын сақтау және бағалау атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Ал біздер оны жоғалтамыз керек.

Еліміз егемендік алғалы жас ұрпаққа өз халқының өнегесін, әдеп – ғұрпын насихаттау күн тәртібіндегі мәселе. Жалпы табиғи материалдардан бұйымдар жасаудың жаңаша әдіс-тәсілдерін енгізу өнерін зерттеу барысында оның түрлері, жасалу жолдары айтылған. [3, 84-85б]

Ұрпақтарымызға ұмыт болып бара жатқан осы қолөнер туындысын таныстырып, қолөнер, сурет, архитектура және өндіріс салаларына ендіріп қана қоймай, осы өнерді қайта жаңғырту біздің мақсатымыз.[4,126 б]

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ халқының дәстүрлі өнері. Алматыкітап 2004ж
- 2 Энциклопедия. Қазақтың әшекей бұйымдары. Алматыкітап 2003ж
- 3 Артюшкина Е.И. Народное искусство сквозь века.- Челябинск, 2007
- 4 Войлочное производство ногайцев// IV Конгресс этнографов и антропологов России. Нальчик 20-23 сентября 2001 г. М., 2001. С. 126.

СЕМЕЙ Өңіріндегі сақталып келе жатқан халық арасындағы аңыздар

КАБАЕВ Б. Р.

5-сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қозы Көрпеш-Баян сұлу туралы аңыз.

Менің туып-өскен өңірім Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Таңсық теміржол бекетінен он шақырым жерде, Аягөз өзенінің бойында қос ғашықтың моласы орналасқан. Аңыз бойынша Қозы мен Баян бір-біріне ғашық болып, екеуінің арасына Қодар

түседі. Содан ол Қозыны өлтіріп, Баян өзі құдыққа секіріп кетіпті делінеді. Ал осы моланың ішінде тікен шығып жататын және екі қызыл гүл өсіп тұратын. Ортасындағы тікен – ол Қодар екен. Моланың басында көп балбал тастар болған. Кей аңыздарда қайдан шыққаны белгісіз, Аягөзден шыға бере Таңсық жерінде Бекет жолы, яғни Патшаның жолымен қырық керуен деген көшкен екен. Сол кезде Арғанат жерінен көп тастар алынып, халық арасында қолдан-қолға өгіп, үстінен шақпар тас жабылып, осы мола (Ө.Марғұланнның айтуында «Дін») салынған екен. [1] Сол тастарды Бекет жолындағы сымдардың басына орнатқан. Ол тастардың қаттылығы сонша, адамдар оны қымыз құйып, жылқының қылымен, сары сумен илеп жасаған екен. 1979 жылы сонда Шаяхметов деген антрополог келіп, қазып ішінен ер-тоқым сияқты тағы да басқа заттар алған екен.

«Балталы, Бағаналы ел, аман бол!

Бақалы, балдырғанды көл, аман бол!

Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,

Ойнап-күліп, ер жеткен жер, аман бол!» - деп жырдағы Таңсықтың қоштасуының үзіндісінде аталған Балталы, Бағаналы деген елі Найманның үлкен руларының бірі болғаны айғақ. Осыдан Қозы мен Баянның оқиғасы Аягөз ауданында өткені анық аңғарылады. Тағы бір дәлелдері – жырда аталған жер-су атаулары. Жырдың бірнеше нұсқалары бар екені белгілі. Соның бірі Алтай тауы жақта да кездеседі. Мұхаметжан Тынышбаевтың айтуынша жырдың сюжеті саханың елі, якуттар жақта да бар. Таңсық жерінен ары қарай «Қодар қазған құдық» деген бар екен. [1]

Еңлік пен Кебек туралы аңыз.

«...Келгені Тобықтының осы маңға

Мың жеті жүз сексенге тақалғанда,

Елді бастап әкелген Мамай батыр

Орда, Көкен, Ащысу, Доғалаңға»

Ш.Құдайбердіұлы

Кебек – XVII ғасыр аяғына таман Мамай, Тоқтамыс батырдың соңынан ерген інісі. Ш.Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» не «Еркелік хикаясы» поэмасында:

«...Ту тіккен Тобықтының қос басшысы –

Жуантаяқ Тоқтамыс деген кісі.

Жамағайын жақыны сол кісінің

Бар екен Кебек деген бір інісі.

Ол Кебек мықты болған жас басынан,

Тоқаң да тастамайды өз қасынан.

«Жасы бала болса да, жаны отты» деп,

Артық көріп не сабаз жолдасынан» - дегені осы батыр. [2]

1780 жылдардан кейінгі уақыттарда Еңлік қыстың күні қатты боранда аң қуып барып, шаршағандықтан Найман елінің бір ауылына қонады. Сонда биік жартастың қасынан сол ауылдың қызы Еңлікпен танысады. Кейіннен екеуі бірін-бірі ұнатып, сөз байласады. Бірақ қыздың айттырып қойған жері бар болып шығады. Найман мықтыларының ішіндегі бай аталарының біріне ұзатылатын болады. Содан «біздің айттырып қойған келінімізді алып қашып кетті» деген себеппен Тобықты мен Найман руларының арасында талас болады. Ел екіге бөлініп, үлкен жаугершілік соғысқа дейін жетеді. Сол кезде Кеңгірбай би ел басқарып отырады. Еріксіз үлкен соғыс болып, ел бөліне бастағаннан кейін қазақта бұл сөз болады. Сол бойынша Найман жағынан: «Біз Еңлікті өлімге қидық, сендер де Кебектің өмірін қиыңдар. Бұл екеуі заңды бұзды, сондықтан олардың жазасы – аттың құйрығына байлап өлтіру», - дейді. Сөйтіп қос ғашықты Арқалық тауынан (суреті төменде) аттың құйрығына тірідей байлап жібереді. Ат оларды сүйреп бір дөңнің үстіне әкеледі. Сол жерге екеуі мәңгілікке жерленеді. Қазірде сол дөңдегі екеуінің зират басына ескерткіш салынып, дәл ортасына Абай Құнанбайұлының «...Көп жасамай, көк орған, жарасы үлкен жас өлім» деген үзіндісімен тас қойылған. Еңлік пен Кебектің ұрпақтары туралы мынадай бір аңыз бар: «Сол өңірдегі екі белестің (суреті төменде) Үлкен Ақшоқы дегені Құнанбай қажы атаның жері болған екен. Ал Кіші Ақшоқының күншығыс жағында бір дөңнің етегінде құндақтаулы бала күн батқанша жылап жатыпты. Оны бір қойшы адам тауып алыпты деген сөз бар. Яғни, артынан бала қалды деген әңгіме бар, поэмаларда да айтылған. Ол ұрпағы қазіргі уақытта өсіп өрбіді ме, жоқ па белгісіз», - дейді ескерткіштің жанына салынып жатқан Еңлік-Кебек мүсінінің авторы. Алайда олардың мекен еткен үңгіріндегі тастардың бірінде «Еңлік-Кебектің ұрпақтары» деп бірнеше адамның есімдері жазылып қалдырылған екен. [3]

Күшікбай батыр туралы аңыз.

Күшікбай – XVIII ғасырдың соңында өмір сүрген, елі мен жерін жаудан қорғап, небәрі 21 жасында мерт болған қазақтың қас батыры. Руы – Уақ. Батыр жайындағы нақты деректер мардымсыз болғанымен, ел ішіндегі аңыздан мәлімі, қоныс еткен жеріне тосыннан шабуылдап, ауылдастарының малын тартып әкеткен ойрат-қалмақтардың соңынан түре қуып келіп, осы жерде айқасқа түскен. Өн бойына шешек қаптап, ауыр халде жатқанына

карамастан, атқа қонған ол жаудың бетін қайтарғанымен, жарақаты ауырлап, жасы 20-дан енді асқанда осы жерде найзасына сүйеніп тұрып жантәсілім еткен.

Семейден ұлылар мекенін бетке алып, Қарауылға жол тартқанда алдымен көзге түсетін өзгеше мекен бар. Ол – дерекке бергісіз аңыздарымен әйгілі Күшікбай батыр бұлағы. Қойнауына қасиет тұнған қарт Шыңғыстауға жол ашатын қақпа іспетті көрінетін бұл жердің өткен-кеткен жолаушы үшін жөні бөлек. Себебі ұлы Абай топырағына аяқ басқан жан алдымен осы Күшікбай бұлағының басына аялдайды. Жай ғана тоқтамай, тұнық суды қасиет тұтып, арнайы ыдыстарына да толтыра алып кетіп жатады. Тау бауырынан сарқырай ағып жататын бұлақтың ерекшелігі сол – қыста қатпайды, жазда да суы бір толастамайды. Алғаш рет ел аузындағы Күшікбай бұлағының баяндалуы М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінде көрініс табады. «Қорғансыздың күнінде» баяндалған оқиға 1914 жылы болған екен. М.Әуезов оны 1921 жылы жазған.

«Күшікбай батыр 21 жасында дүние салған екен. Ерте күннен жортуылға аттанып, уақтың көп батырларының арасында бұғанасы қатпағанына қарамай, талай қиын-қыстау сәтте ақыл тауып, қажымас қайрат, ерен ерлік көрсеткен. Осындай өнерінің арқасында ерте күннен батыр атын алған екен. Соңғы жылдарда көздеген мақсаты қолбасылық болып, аяғында оған да жеткен.

Батырдың көп мұратына жете алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долданып өлгендігінен моласы тұрған биіктің бауырынан боран, ызғар айықпайтын болған екен...» Бұл – жоғарыда сөз еткен Әуезов шығармасынан үзінді. Жазушының жазықсыз зорлық көрген Ғазиза қыздың тағдырын суреттеген әңгімесіндегі осынау шағын үзінді уақыт өте келе Күшікбай батырдың тарихта қалуына түрткі болды. Сол себептен де Күшікбай батыр дүние салған жерге бір тарихи белгі қою қажеттігі жұрт ойында жүргені де рас еді.

Абай ауданы тұрғындарының айтулары бойынша мәлімдесек, «батырдың қонысы – бұлағы бар, ең шұрайлы жер болған екен. Осы жайлы жайлауына көз тіккен байлар жерін тартып алмақшы болып жүреді. Күшікбай батыр олардан өзінің ақылдылығымен, батылдылығымен жерін қорғап, халқының ортасында тату-тәтті өмір сүріп жатады. Бірде ол аяқ астынан науқастанып, хал үстінде жатады. Сол кезде жарына өзі дүниеден өткеннен кейін, осы бұлақты жайлауын сақтап жүруін аманат етеді. Сөйтіп Күшікбай қайтыс болады. Оның жарына байлар жерін тартып алуға қоқан-лоқы көрсете береді. Осы жағдайдан құтылу үшін жары бір түннің ішінде

үш жүз қойды сойғызып, құйрықтарымен бұлақтың көзін жауып, сол түні көшіп кетеді.

Ұзақ уақыт бойы бұлақтан су ақпай тұрады. Біртіндеп бұлақ суы қайта пайда болады. Ол содан бері қысы-жазы тоқтамай ағып тұр. Бір таң қаларлығы қыстың қатты аязында да суы қатпай ағып тұрады екен. Бұл да сол жердің қасиетті болғанын білдіретін айғақ».

Бүгінде ол жайында көптеген ақындар жырға қосып айтуда. Мысалы, сол Күшікбай бұлағының басына жазылған төмендегі өлең жолдарында:

«Сылдырап қысы-жазы ағатұғын,
Суын ішсең, құмқарың қанатұғын.
Бар ұрпаққа жеткізіп тұратұғын,
Батыр болған кешегі баба сырын.

Бұл бұлақ «Күшікбай» деп аталады,
Тоқта, мейман, көп алда сапар әлі...
Бұл бұлақтан су ішкен адамдардың,
Ғұмыры бір ғасырға ұзарады!», - деп абайлық

ақын Төлеген Жанғалиев туған жерімізде қасиетті жерлер көп болғанын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Ақтайлақ би туралы аңыз.

Ақтайлақ Байғараұлы – 1720-1816 жылдары өмір сүрген Найман руының Сыбан табынан шыққан қазақ ақыны. Ақтайлақ озық ойлы шешендік толғау өлендерімен, парасатты биліктерімен «Қазақтың қара тілдісі», «Қара тілдің шешені», «Халық атасы» атанған. Алқалы топты аузына қаратқан белгілі би, ақиық ақын болған адам. Шамамен Семей бұрынғы Семей облысының Абай, Жарма аудандары арасындағы «Құндызды» өңірінде туған, жүзге қараған шағында дүние салған.

Ақтайлақ би кесенесі – XVIII ғасырдағы сәулет өнерінің ескерткіші. Аягөз қаласының солтүстік-шығысында 55км жерде орналасқан. Кесене қорымның оңтүстік жағындағы тегіс дөңеске тұрғызылған. Ұрпақтары және жұртшылық (1990 жылы) жаңа мазар тұрғызды.

Байғара деген рудан үлкен ақындар шыққан. Соның ішінде Құттыбай бар. Найманның ішінде Асау деген би болған. Кейін ол Ташкентті билеген деген сөз бар. Сол кездері бір жігіт қайтыс болып, соған билігін айту керек болады. Сонда Ақтайлақ бидің билігіне риза болған ел қосымша Шонды да шақырған екен. Баянауыл өңірінен Шон би келгенде Ақтайлақ:

«Айдаболдың Шоңы келді,
Бұрынғы сөздің соңы келді.
Асты көп қылып сал,
Көп болса, азайт,

Аз болса, көбейт», - деп айтыпты бәйбішесіне. Оны нөкерлері де естіген екен. Кейін Шоңды Ақтайлақ би шығарып салыпты. Сол кезде жолда аттың үстінде тұрып қолымен аспанды бір сілтеп көрсетіп, аттың ерін бір қағыпты. Кетіп бара жатқанда нөкерлері: «Ыммен сөйлестіңіз ғой. Оның мағынасы не еді?» - деп, Ақтайлақтың неге солай айтқан себебін сұрапты. Сонда Шоң: «Бұл өзі бұрыннан бергі даулы мәселе екен. Соның шешімін Ақтайлақ айтты», - депті. «Мен көп кесіп қойсам, өзің азайтарсың. Осы құнның кесімі аз болса, өзің қосып көбейтерсің», - дегені екен. «Ал аспанға қолын сілтегені, ердің қасын көрсеткені - «менің қазір қартайған шағым, мұнша көп адамдарды күтуге жағдайым келмеді. Бұл халімді аспанда Құдай білсін, жерде сен біл» деп ыммен жеткізгені екен.

Қабанбай батыр туралы аңыз.

Қабанбай батыр соғыс ісінің тәжірибесін жинап, әскери өнерді жүйелі түрде дамытқан. Ол әр шайқастың әдісін үнемі қадағалап, бақылап отырған. Мысалы, «Айқораланды» ұрысы – жауды айландыра сыртынан қоршап алып, сонан соң біртіндеп қыса түсу. «Ай – қораланды» ұрысын салу үшін әскер саны аз дегенде жаудың қолынан бір жарым есе артық болуы керек. Саны басым әскер сыртқа қарай беттеген жаумен ұрыс сала отырып оларды қоршап алады. Қалмақтар білмеу үшін, кім сыртқа ұмтылса, сонымен соғыс салу. Садақ оғы қардай боратылады. «Қоян қолтық» қамадық, «Қаша ұрыс» салмақ жасалады. Артын «Қоян қашты» қылады. Оның мәнісі: атыс кезінде тірі қалған қалмақтар жанталасып, қырылғанына қарамай сытылып кетуге тырысады. Оларға ондай мүмкіндік оңайшылықпен берілмейді. Қырылып жатып, олардың біразы қашып шығады. Қашқан жауда береке бола ма: олар да бір, қашқан қоян да бір. Олардың артына алдын ала дайындалған мерген сарбаздар жүйрік атпен түсіп, қашқандардың көбін жайратып салады.

1725 жылғы Алакөл шайқасы – қазақ тарихында таңбаланып қалған елеулі оқиға. Осы соғыс кезінде қазақ әскерлеріне қолбасшылық жасаған, халық арасында «Хан батыр», «Дарабоз» атанған Қаракерей Қабанбай батыр еді. Осы кезде бөлек қолы «құйрық жеу» соғысын салып, қалмақты көп шығынға ұшыратты. Өздері де біраз адамды қара жер қойнына берді.

Шорға өңірінде болған шайқаста қалың тал ішіне 2000 қолды жасырып қойып, біздің қосын әлсіреп бара жатқанда тұтқиылдан жауды сырт жағынан қосымша күш қосып жеңген. Түнде із тастап жауды адастыру, жау күтпеген жерден кенеттен пайда болу, апақ-сапақ уақытта Толағай тауын айналдырып түйе айдап, түйенің екі өркешін екі сарбаз етіп жауға елестетіп, құтын қашыру, тас қараңғы түнде жау арасына кіріп, оларды бір-бірімен соғыстырып қою сияқты әдістерді шебер пайдаланған. Қабанбай батыр ұрыс кездерінде ауа райының қолайлығын пайдаланған. Жанбырлы күні білтелі мылтықтың істен шығатынын біліп, жасақтарын, жау бекінген биікке шабуылға жібереді. Сол уақытта әр тұстан күркілдеген, бірнеше мылтық атылды да, біраздан соң оның үні өшті, себебі дым тартқан мылтық от алып жарытпады. Баспан-Базардағы шайқас осылай қазақ әскерінің үлкен жеңісімен аяқталған болатын.

Қаракерей Қабанбай батырға ең бірінші болып ескерткіш орнатқан Алакөл өңірі. Батырдың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен бұрынғы Андреевка селосы Қабанбай ауылы атанды. Қабанбай батыр бабамыз Тарбағатай Шорға алқабында орналасқан Боғас елді мекенінде 80 күн жоңғарлармен шайқасып, ығыстырған. Тарихта бұл соғыс «Үш жорға» деп аталады.

Шыңғожа батыр туралы аңыз.

Шыңғожа Базарқұлұлы - 1706 – 1768 жылдар аралығында өмір сүрген, Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстарда ерен ерліктер жасап, қазаққа даңқы жайылған батыр, қазақ жасақтарының қолбасшыларының бірі. Аягөз, Аңырықай, Қалба, Алакөл шайқастарында Қабанбай батыр жасақтарымен бірге жеңістерге жетіп, есімі Тума руының ұранына айналған батыр.

Шыңқожаның батыр атағының алғаш шыққаны – Жоңғардың «Аюқара» атанған Доба деген батырымен жекпе-жекке шығып, оны өлтірген кезі, ол кезде батыр 21 жаста екен. Осыдан бастап талай шайқастарда ерен ерлігімен көзге түскен батырдың даңқы ел арасына кетеді.

Шыңғожа батыр ескерткіші бұрынғы Семей облысының Аягөз ауданының Шыңғожа ауылында орналасқан. Шыңғожа ауылының аты да – батырдың есімімен тікелей байланысты.

Жобалай би туралы аңыз.

Жобалай би – 1700-1770 жылдары өмір сүрген батыр адам болған. Жобалай Байсейітұлы – Алтай керейлері Шұбартау жеріне қоныстанғаннан кейінгі тұңғыш би. Ол 12 жасында бала би атанған. 1760 жылы Алтайдағы он екі Абақ керейден осы күнгі құтты мекен-

жайымыз Дағанды, Бақанас, Құр, Қорық, Малгелді, Сары және Қусақ өзендерінің бойына елді бастап әкеліп, қоныстандырған да Жобалай би болатын.

Жобалай би зираты Дағанды өзенінің Балқашқа құйылысынан жоғары Мәдениет ауылына қарасты жерде құйма кірпіштен құйып қаланған едәуір биік шошақ болған.

Баршатас — Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданындағы ауыл. Бүгінде Баршатас ауылында 3012 адам тұрады. Қазіргі уақыт межесінде олар үшін рухани қымбат құндылық туған жерге деген сүйіспеншілік пен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының қалыптатылығы. Олар бабалары салған береке-бірліктің ізін аға толқын басқанын саналарына терең ұялатумен қатар, өздері де осынау ұлағаттылық үрдісін жалғастыруда. “Сүйіспеншілік” деген теңеуімнің түп төркіні - жөн сұрасқан қазақтар ауызекі сөзінде дәстүрге енген “Жондағы Жобалай елі” десе, шұрайлы Шұбартау өңірі деп те аталады. Ақиқатты сөз. Себебі, 1760 жылы Алтай-Сауыр тауларындағы Жастабан керейдің 200 үйін Дағанды, Бақанас өзендері бойына Жобалай би мен Шақантай батыр алғаш қоныстандырған-ды. Кейінірек бұл өңірге төлеңгіттер қоныстас қонған. Бұл туралы Баршатас ауылының байырғы тұрғыны, бүгінде 91 жасқа келген шежіреші қария С.Бауов өзінің “Менің Шұбартауым” атты кітабында: “Шұбартау төлеңгіттері үлкен үш халықтан: қазақ, қалмақ және қырғыздан құралған ру. “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” деп аталған қазақ пен қалмақ арасындағы қырғын соғыстан бұрынырақ пайда болған. Сондықтан да жұрт оны “Жаназардың туына, Өмірзақтың құтына жиналған”-деп түйіндейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ Совет энциклопедиясы 10 т Алматы, 1977 114-115 беттер.

2 Қарасаев Ғ. «Қазақстанның шығыс және Алтай өлкесі XIX-XX ғасырдың басында» Алматы, 2007 47 бет

3 Сағындықұлы Е Семей өңірінің тарихи деректері. Алматы 1996

ПОДСТЕПКА АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХЫ

КОППАЕВ А.

7 «А» сыныбының оқушысы

«Ауыл тарихы — қазақ тарихының бір бөлігі» болғандықтан мен өз ауылымның тарихы туралы жазғым келді. Менің жобамның тақырыбы «Подстепка ауылының тарихы» деп аталады. Маған және менің көптеген достарыма осы Подстепка елді мекенінің өткен тарихын, онда қандай адамдар тұрғандығын, қандай шаруашылық түрлерімен айналысқандығын, қандай тарихи оқиғалар болғандығын, қандай тұлғалар, ержүрек батырлар өмір сүргендігін білу өте құнды. Сол себепті мен осындай өзекті тақырыпты тандап отырмын.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Бүгінгі таңда өлкетану тарих ғылымының, тарих пәнінің маңызы зор құрамдас бөлігі. Сондықтан жергілікті елді-мекендердің тарихын, жалпы аймақ тарихын зерттеп зерделеу аса маңызды. Бір жағынан бұл жастардың туған өлкенің тарихын терең біліп тануға құштарлығын арттырса, екінші жағынан олардың туған жеріне, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Ауыл — адамзаттың кең дүниенің есігін ашып, өмірге келген жері. Бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндік қаны мен маңдай тері тамған киелі мекені. Дүниедегі ең құдіретті АНА болса, ауыл да — барлық халықтың анасы, тіршіліктің нәрі. Ауыл — халқымыздың бойына нәр құятын алтын бесігі, негізгі мекен-жайы, ұлттық рухтың қуат алар қайнар көзі.

270 жылдық тарихы бар Подстепка ауылының, білім беретін мектебінің тарихын, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің өмірбаянын зерттеу - бүгінгі біздің өзекті мәселеміз. Өйткені әр ауылдың тарихы — республика тарихының құрамдас бір бөлігі.

Зерттеудің негізгі мақсаты.

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Подстепка ауылының тарихын зерттей отырып, жинақталған деректерді талдау жасау арқылы ауыл тұрғындарының, жалпы ауылдың туған өлкеміздің дамуына қосқан үлесін ашып көрсету. Сонымен қатар жеңістің 70 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің ерліктері, еңбектері туралы мәліметтер жинап, тарихи деректер сабақтастығында қарастыру, таныстыру.

Койылған мақсатқа жетуге төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделді:

- Подстепка атауының шығу тарихын зерттеу;
- Подстепка тұрғындарының өмірі жайлы іздену;
- Подстепка бастауыш мектебі туралы зерттеушілердің тұжырымдамалық ой-пікірлерін жүйелеу;
- Мектеп қызметкерлері туралы ақпараттар, құнды деректер жинау;
- Подстепка тарихын бүгінгі күн тұрғысында қарастыру және талдап қорытындылау.

Зерттеу жұмысының құндылығы:

Егер мен осы зерттеу жұмысымды нәтижелі аяқтап, қорғай алсам, онда менің ауылдастарым, жас ұрпақ және мектеп оқушылары Подстепка ауылының тарихы туралы көптеген құнды әрі қызықты мәліметтермен танысып, туған жер атты қасиетті ұғымды саналарына сіңіріп, өз ауылына, еліне деген патриоттық, сүйіспеншілік сезімдері одан әрі дамиды.

Зерттеу жұмысының құрылымы:

Зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімінен тұрады

Подстепка атауының шығу тарихы

1745 жылы Батыс Сібір казак әскерінің жоғары шенді қызметкері Киндерманның жарлығына сәйкес сібір казак әскерлерінің алдыңғы шептегі әскери редуті (бөлімі) ретінде Подстепное (Подстепка) ауылы құрылды. 1746-1785 жылдары Подстепканың негізі қаланды. Себебі 1746 жылы Ертіс линиясы (шебі) жаңа бастаған. 1785 жылы Подстепка Коряковск (болашақ Павлодар) форпосты және Ямышев бекінісі арасындағы Подстепное станциясы болып есептелді. Қазіргі таңда Подстепкаға 270 жыл толып отыр.

Подстепное (Подстепка) бұл – өзеннің атауы. Подстепное ауылын осы өзеннің атауымен атаған. Өзеннің Подстепное аталу себебі өзен құрғақ қырдың төменгі жағынан ағып жататын. [2]

Подстепка тұрғындарының өмірі

Ауылдың алғашқы тұрғындары егін шаруашылығымен, бау-бақша өсірумен, балық аулаумен, мал шаруашылығымен айналысқан. Подстепкаға алғашқы қоныстанған отбасылар мыналар: Никитиндер, Глубоковтар, Лифановтар, Черкашиндер, Песеговтар, Егошиндар, Косолаповтар, Ляминдер және тағы басқалары. Ауылда Коппаевтардың арғы аталары сияқты қазақтар қоныстанған. Қазақтар мен орыстар тату тұрған.

«Карл Маркс» колхозының Елубай атты байы өз қаражатына Подстепное ауылына ағаш үй, яғни алғашқы мектеп салғызады. Бұл мектепте қазақ және орыс балалары оқыды. Олар сауаттарын орысша ашты.

1920 жылы ақ гвардияшылар шегінді. Олар пароходпен жүзді. Пароход тығырыққа отырды, яғни таяз жерге тұрып қалды. Ақ гвардияшылар пароходтан түсіп, жаяу жүріп Подстепкаға келіп, жауларынан тығылады. Олар жергілікті тұрғындардан ат, тамақ беруді қорқытып күшпен талап етті. Ауыл тұрғындары Богатырев Иван, Телятников және оның достары «Бейбіт адамдар соғыспайды» деп ақ гвардияшылардан көптеген ауылдастарының өмірін сақтап қалды.

Мұндағы «Ақ гвардияшылар» - бұл буржуазиялық уақытша үкімет адамдары. 1917 жылы ақпанда патша үкіметі құлап, билікке буржуазиялық уақытша үкімет келді. Жарты жылдан кейін қазан айында заңды түрде келген уақытша үкіметті құлатты. Жұмысшы шаруалар кеңестерінің депутаттары әскери төңкеріс жасады. Майданнан келген, яғни бірінші дүниежүзілік соғыстан оралған әскерлер құлатты. Ал уақытша үкімет осыған келіспей азамат соғысы басталады. Осылайша буржуазиялық уақытша үкімет пен заңсыз келген кеңес үкіметі (олар өздерін «Қызыл гвардияшылар» деп атады) арасында азамат соғысы басталады. Ақыры 1919 жылдың ең соңында қараша-желтоқсан айларында Қазақстанның барлық жерінде кеңес билігі жеңіске жетіп, орнайды. Кеңес билігі орнаған соң ақ гвардияшылар жан-жаққа қаша бастайды. Қашып бара жатқан ақ гвардияшылар осылайша Подстепка жеріне келеді.

1920 жылы жазда ерекше тағайындалған жасақ бөлімі және қызыл армиялықтар Павлодардан келді. Олар ақ гвардияшыларды талқандады. 1960 жылдары соғыс болған орыннан гильзалар мен патрондар табылған.

1920 жылы жазда Подстепное ауылында Кеңестік билік орнады. Богатыров Иван ауылдық кеңестің төрағасы болып сайланды. Ауыл жанында май зауыты ашылды. Осы зауытта Шокенов, Андреев, Малыгиндер жұмыс істеді. Кеңестік билік мекемелері шіркеулерді жойды. Ғимаратты клубқа берді оның ішінде «Қызыл бұрыш» орнатты. Кейінірек құдайға сенуші адамдар бұл клубты өртеп жіберді.

1921 жылы бірінші Кеңестік мектеп ашылды. Бұл мектептің алғашқы ұстаздары Петров Георгий Константинович пен Устюжанов Иван Григорьевич болды. Мектеп мекемесін кейін балабақшаға берді. Ауылға жаңа мектеп салды.

1922 жылы ауылда балық шаруашылығын ашты. 1924 жылы бұл шаруашылық нығайды. Кеңестік билік мал бөлді. 1929 жылы ауылда ұжымдастыру жүрілді. Жеке меншік шаруашылықтар құрылды. Бұл бірінші колхоз болды. Егін егіп, мал шаруашылығымен айналысты. Колхозды ұйымдастырушылар Бабичев, Телятников, Коппаев Тапен сияқты адамдар болды. Колхоздың бірінші төрағасы – М. П. Телятников. 1929 жылдың сәуір айында жеке меншік шаруашылықтар мен балық артелі бірікті. Сөйтіп үлкейтілген колхоз құрды.

1929 жылы Шақат совхозы Подстепка жайылымында мал ұстаған. Подстепка ауылының тұрғындары Шақат совхозының малын бақты, кейбіреулері Демьяновка колхозының мүшелері болды.

1930 жылы Демьяновканы ауылын Подстепка колхозымен біріктіреді. Жаңа колхоздың орталығы Демьяновка болады. Көптеген тұрғындар Демьяновкаға кетіп қалады. Олар: Н. И. Гунчактар, Бабкиндер т.б. отбасы.

1935 жылға дейін осылай болған.

1935 жылы Подстепкада қайтадан колхоз құрылып «Крупская» атымен аталды. «Крупская» аталған колхоздың төрағасы болып Гунчак Николай Иванович тағайындалды. Крупская колхозы 1952 жылға дейін осылай аталды.

1941 жылы Подстепка ауылының көптеген тұрғындары соғыс майданына аттанды. Ұлы Отан соғысына қатысушылар: Бельединов, Карпенко, Коновалов, Николаев В, Николаева Н. Н, Коппаев Тапен, Бабичев. Крушинский, Гунчак Н. И, Косубаев С. К, Косолапов И. А, Чуланов. А, Жунусбеков Р.

1952 жылы колхоздарды біріктіріп ірілендіру, үлкейту басталды. Демьяновка колхозына тиісті болған Подстепка ауылы қайтадан колхоздарға біріктірілді. 1954 жылы колхоз Демьяновканы № 499 совхозға қосты. Демьяновка мен Подстепка ауылдары № 499 совхоздың бөлімшелеріне айналды. Ал 1962 жылы алғашқы жаңа «Заря» совхозы құрылды. [3]

Подстепка мектебі.

«Біздің мектебіміздің тарихы Республикамыздың тарихымен тығыз байланысты. Алғаш Подстепка мектебі 1902 жылы ауылдасымыз Крушинский Павел Симоновичтің қамқорлығымен салынды. Ол мектепті өз қаражатымен салғызған. Мектепте Подстепка ауылының шаруаларының балалары оқыды. Бұл жылдар ауыр, қиын болды. Кедейлік, жоқшылық, мұқтаждық, шаруалар

өмірі балалардың оқуына мүмкіндікті аз берді, мемлекет билігінде де балалар оқуына деген қызығушылық болған жоқ...

Елде ұжымдастыру жүріп жатты. Мектепке жұмыс істеуге жеке пәтер жалдап тұратын бір-екі мұғалім ғана келетін. Мұғалімдердің тұрмыс жағдайлары өте ауыр болды. Олар кейде жалдаған бөлмесінде барлық отбасымен тар жерде тұрды. Осындай пәтерде Клавдия Васильевна мен Петр Михайлович Колосовтар балаларымен және аналарымен бірге тұрды. Осы пәтердің кіреберіс бөлмесінде жас мұғалім Юлия Михайловна орналасқан. Кейінірек балаларды оқытуға ерлі-зайыпты Федор Власович пен Мария Матвеевна, Зоя Григорьевна мен Георгий Константинович Петровтар келді. [1]

Облыстық мемлекеттік архивте Подстепка мектебінің тарихы туралы мынадай мәліметтер бар: «Подстепканың төрт жылдық мектебі 1923 жылы Павлодар уездінің мектептерінің тізіміне енген. Мектепте барлығы 61 адам болған. Мектеп қоғамдық мекеме болып саналды, онда кітапханасы бар. Кітапхана 74 кітап, 13 оқу құралымен жабдықталған. Мектеп ғимараты барлығы 64 жиһазбен қамтылған. Мектеп меңгерушісі И. Н. Дугин бес сыныптық училищені бітірген, педагогикалық стажы – 15 жыл».

1924-1925 жылдары 80 оқушыдан тұратын, төрт сатылы Подстепка білім беру мектебі Павлодар уездінің мәдени-ағартушылық мекемелерінің тізімінде болды. Мектепте мектеп меңгерушісі, мұғалім, техникка қызмет атқарды.

1925-1926 оқу жылдарында Подстепка мектебі шаруа болысында Павлодар уездіндегі орыс мектебіндегі оқитын оқушылардың мәліметінде болды. Мұнда барлығы 63 оқушы, оның ішінде 47 ұл, 16 қыз бала оқыды.

1937 жылдан 1940 жылға дейін мектеп бастауыш болып, 1941 жылы ол қайта құрылды. Сөйтіп Подстепка бастауыш мектебі соғыстың алдында жеті жылдық мектеп болды. Соғысқа кеткен мұғалімдердің орнына мектепке жаңадан кадрлардың қажеттілігі туды. [4]

Косубаев Сүйінтай Құрманович

1923 жылы 25 қазанда павлодар ауданы № 21 поселкеде туған. 1942 жылы мамыр айында өз еркімен майданға (фронтқа) аттанған. 1942 жылдың мамыр айынан қараша айына дейін 1116 атқыштар полкінде атқыш (мерген) болып қызмет етті. 1942 жылдың қарашасынан 1945 жылдың тамызына дейін үшінші атқыштар батальонында атқыштар командирі қызметін атқарған. 1945 жылдың тамызынан осы жылдың қазан айына дейін 36-гвардиялық миномет полкінде радиотелефон бөлімінің командирі болды.

Кейін ол кісі соғыс жайлы былай деп есіне алады: «Соғысқа 1942 жылы кеттім. 120 павлодарлық адам майданға өз еркімізбен аттандық. Барлығымыз әртүрлі фронтта соғыстық. Мен «авиация мергені» мамандығын алған бірінші Украиндық фронтта қызмет еттім, бірақ ауыр жарақаттанғаннан соң басқа мамандыққа ауыстым. Днестрдегі жылдамдатылған соғысқа қатысқаным үшін Қызыл Жұлдыз Орденімен марапатталдым. Бұл күндер өте қиын болды. Көптеген жауынгерлерден айырылды.

Бұдан басқа бірнеше медальдармен және III дәрежелі Ұлы Отан Соғысы Орденімен марапатталдым.

Соғыстан кейін Чехословакия көтерілісіне қатыстым. 3 қыркүйекте үйге қайттым. Соғыстан кейінгі жылдары облыстық «Қызыл Ту» газет тілшісі болып жұмыс істедім. 1948-1949 жылдары Павлодар педагогикалық училищесін сырттай оқып бітіріп, жеті жылдық Подстепка метебіне жолдамамен келіп, еңбек және қазақ тілі мамандығымен жұмыс істедім. 1985 жылы денсаулық жағдайыма байланысты зейнеткерлікке шықтым».

Косубаев Сүйінтай Құрманович 1986 жылы 1 ақпанда ұзаққа созылған аурудан Павлодар ауданының Подстепка ауылында қайтыс болды. [1]

Коппаев Тапен

1900 жылы туылған. Подстепное ауылы ертеректе Н. Крупская атындағы колхоздың тұрғыны. 26 жасында үйленген. 12 бала дүниеге келіп, 10-ын өсіріп тәрбиелеген. 1941 жылы Брянск қаласында соғысқа қатысқан. 1943 жылы қолына оқ тиіп жарақат алған. Сондықтан соғысқа жарамайтын болып, үйге қайтқан.

Кеңес Үкіметі тұсында ауыртпашылықты өрге тартқандар қатарында болып, ол кісінің есімі де ерекше аталады.

Өзінің туа біткен қолының ұсталық шеберлігі болыпты. Ең бастысы өз ортасында өте беделді, мейірімді, сөзге шешен, балажан адам болыпты.

Коппаев Тапен 1984 жылы дүниеден озған. [2]

Исаков Бекетай

1941 жылы өз еркімен майданға аттанған. Ленинград блокадасында болған ол соғыстың барлық қиыншылықтарынан өтіп, Кениксберг пен Шилербург қалаларына қарсы соғыста болды. Соғыста төрт рет оқтан жараланған: үш рет ауыр және бір рет жеңіл жарақат алған. Ауыр жарақатпен алты ай госпитальда болған. Басынан, аяғынан, кеудесінен және қолынан жарақат алған. 1944 жылдың аяғында үйге оралып, оған мүгедектіліктің II тобына өткен.

Бірақ ол кісі осыған қарамастан 74 жасына дейін үкіметке еңбек етті. Жеті бала өсіріп тәрбиелеген. Оның екеуі қыз, бесеуі ұл. Екі ұлы Ауған соғысына қатысып, ордендермен марапатталған.

Мадақтамалары:

1. II дәрежелі Ұлы Отан Соғысы Ордені
2. Ерлік үшін екі медаль
3. Орден славы III дәрежелі ордені Соғыс ардагерлеріне арналған медальдар [1]

Николаева Екатерина Николаевна

1922 жылы 24 желтоқсанда Подстепное ауылында дүниеге келген. Он балалы үлкен отбасында өскен, сондықтан 15 жасынан бастап колхозда жұмыс істеген. Кейін педагогикалық училищеге оқуға түсті. 1942 жылы қыркүйекте Москва мектебінің радио саласының мамандығын бітіріп, өз еркімен майданға аттанады. 1943 жылы 8 мамырда жас радиошы II Украиндық майданның бесінші гвардиялық армиясының 95-ші атқыштар дивизиясына барып қосылды. Курска өткен соғысқа қатысқан. Днестрдегі жылдамдатылған соғыста Екатерина Николаевна екінші сыныпты радист және гвардия сержанты атағын алды. 1944 жылдың соңы мен 1945 жылдың басында Польша мен Германияны басып алуға қатысты. Жеңіс туралы ол үйге қайтып келе жатқанда Киевте естіп біледі.

Отанына оралған соң училищені бітіріп, мұғалімдік қызмет атқарады. Отыз екі жылдан кейін зейнеткерлікке шығады.

2013 жылғы 1 қыркүйекте Николаева Екатерина Николаевнаға балалары мен туыстарының қолдауымен Заря орта жалпы білім беру мектебінде салтанатты түрде мемориалды тақта ашылды. [3]

Подстепка ауылындағы тұрғылықты халық саны жыл сайын артып келеді. Қазір Подстепка ауылында 280-дей адам тұрады. XIX-XX ғасырларда өмір сүрген ата-бабаларының тарихи Отанында ұрпақтары қазір де өмір сүруде. 1923 жылы салынған Подстепка мектебі бұрынғы орнында әлі де сақталған. Ол мектепте Коппаевтар, Николаевтар, Косубаевтар сияқты облыс пен ауданға танымал болған құрметті азаматтар, ардагер ұстаздар оқыған.

Бұл ауыл көп ұлтты. Онда қазақ, орыс, украин, молдаван, неміс, татарлар достық пен бірлікте өмір сүруде.

Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаев «Кез-келген ұлттың түп-тамыры ауыл жұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз», - деп айтқандай біздің өрлеу, даму бағытымыз ауылды көркейтуге байланысты. Ауылдың көркеюі – жастардың

санасы мен сезіміне, рухы мен ерлігіне, білімі мен билігіне байланысты. Сол үшін біз білім шыңына талаптануымыз керек!

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік салтанат құрған заманда, бұл қиындықтың бәрі шешіледі. Себебі ХХІ ғасыр – гүлдену ғасыры. Алдағы уақытта барлық адамзат көрікті ауыл, келбетті қалада бақытты тұрмыс кешуге тиіс. Жасампаз ауылдың тұтқасы – білімді де өнегелі жастардың қолында. Ауылдың көркеюі – жастардың санасы мен сезіміне, рухы мен ерлігіне, білімі мен билігіне байланысты. Сол үшін біз білім шыңына талаптануымыз керек!

Келешекке үлкен сеніммен көз тастасақ, біздің ауылымыз — сәулеті асқан, дәулеті тасыған, рухани дамыған, берекеліде, мерекелі, құтты мекенге айналады. Міне, сондықтан да біз ауылды көркейтуге келешекте өз үлестерімізді қосуымыз керек.

Ауылым-ырысы мол құт мекенім,
Мәңгіге ақ бесігін тербетемін.
Саянда ойнап,өсіп білім алып,
Алаңсыз асыр салып ер жетемін
Ер жетіп үмітінді біз ақтармыз
Жерінді ұлтарактай біз сақтармыз.
Қасиетті жер-ана ауыл елді
Көркейтетін болашақ біз жастармыз. [2]

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ауыл тұрғындарының әңгімелері (Коппаев Аман Тапеневич, Николаев Николай Викторович
- 2 Заря музейінің деректері (опись №2, дело №1)
- 3 Мусина Күләш Тапеновнаның естеліктері (естелік дәптері көшірмесі)
- 4 «Нива» газеті, №33, 20 тамыз 2015 жыл, «Точка на карте. Подтепка»

ИСА БАЙЗАҚОВ АУЫЛЫНЫҢ ХАЛЫҚ САНЫ ДИНАМИКАСЫ (1999-2009ЖЖ)

КУПЕЕВ А. М.
10 сынып оқушысы, Максим Горький ЖОББМ
ИЛЬЯСОВ Д. Х.
ғылыми жетекшісі, география пәнінің мұғалімі

Іргесі берік елді, жау ала алмас.

Ауызы бір елді, дау ала алмас.

Осы баяндамада Иса Байзақов елді мекенінің халық санына талдау жасалған. Жұмыс барысында қарастырылатын мәселелер ауыл халқының он жыл ішінде қандай өзгерістерге ұшырағаны, көші-қон, туу мен өлім-жітім сонымен қатар болашақта ауылдың жағдайын көркейту ұсыныстары берілген. Әр бөлім нақты кесте және мамандардан алынған сұхбаттармен толықтырылған.

Демография (грекше демос - халық) – белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы. Демография ғылымының негізін қалаған – ағылшын ғалымы Дж. Граунт. Алғаш рет Лондондағы тіркелген адам өлімдерінің бірнеше жылдық жлазбалары негізінде халық арасындағы өлудің көрсеткішін жасауға және оның заңдылықтарын анықтауға талпыныс жасаған.

Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Белгілі бір аймақтағы халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі (иммиграция) мен олардың бөтен аймақтарға қоныс аударуына (эмиграция), яғни халықтың көшу-қону қозғалысына да байланысты. Демография халық саны мен сапасы өзгерісінің заңдары мен заңдылықтарын анықтайды.

Көші-қон – адамдардың тұрғылықты мекенінен әр түрлі себептермен басқа жерге қоныс аударуы, көшіп-қонуы. Көші-қон адамдардың белгілі бір аумақтың шекарасынан асып, тұрақты немесе уақытша тұрғылықты мекенге қоныс аударуы арқылы жүзеге асады. Қазіргі кезде ең бастысы экономикалық себеп болып отыр.

Қазақстан Республикасының 1992 жылы 26 маусымда қабылданған «Көшіп келу туралы», 1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңдары көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, көші-қон үдерістерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін

белгіледі. Осыған орай Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы сияқты мемлекет және беймемлекет мекемелер құрылды, шет жұрттан ата жұртына көшіп келетін оралмандарға жыл сайын өсіп отыратын квота белгіленіп, олардың белгіленген аймақтарға қоныс теуіп жайғасуы үшін мемлекет және жергілікті бюджеттерден қаржы бөлініп тұратын болды.

Халықтың табиғи өсімі – белгілі бір уақыт аралығында туылғандар (N) мен қайтыс болғандардың (M) саны арасындағы айырманың абсолюттік шамасы. Егер туылғандардың саны қайтыс болғандардың санынан асатын болса, халықтың табиғи өсімі оң өсім болады.

Өлім-жітім өте көп болғанда немесе туу деңгейі өте төмен болғанда өлім-жітім саны туу санынан көп болып, халықтың табиғи өсімі теріс өсімге (-) айналады.

Тақырыпқа сай жұмыс барысы өзімнің тұрып жатқан өлкемнен басталды. Жұмыс барысында ауыл әкімшілігінде қызмет атқаратын ауылдың бас маманы Омарова Динара Балғабайқызы, ауылдық кітапхананың бас маманы Кротова Елена Василевна және Иса Байзақов елді мекенінің ДА (дәрігерлік амбулатория) қызметкерлерінен сұхбат алынды. Алғашқы сұхбат ауылдық кітапханашы Кротова Е.В.-дан басталды. Өз келген жұмыс сапарымды түсіндірдім. Елена Василевна мені өте жылы қарсы алды. Бірден жұмыс барысына кірістік.



- Елена Владимировна сіз осы Иса Байзақов кітапханашысы болып жұмыс жасап отырғаныңызға қанша уақыт өтті?

Елена Владимировна:

- «Мен осы кітапхананың алғаш іргесін басқаннан бері он жылдан астам уақыт өтті. Заманға сай өмірімізбен бірге оқырмандар саны да өзгерістерге ұшырады.»

- Есіңізге түсірсеңіз 1999 жылдан 2009 жылдар аралығында ауыл тарихында, тұрғындар санына байланысты сонымен қатар оқырмандар санында қандай өзгерістер байқалып отыр?

- Әрине 1999 жылдағы халық саны бүгінгімен салыстыруға болмайды. Себебі сол уақытта ауыл тұрғындар саны әлде қайда көп болатын. Статистика тілінде айтатын болсам 1999 жылы 2000-нан астам халықтың оның ішінде оқырмандар оқушылар, мектеп қызметкерлерін қосқанда 1300-ден астам ауыл кітапхана оқырмандары болатын. Ал қазіргі кезде не бәрі 600-ден астамы қалды. Жылдан-жылға миграция өз күшін алуда, оған себеп ауылымыздың экономикалық инфрақұрлымының әлсіздігі айқын көрінуде. Ауыл тұрғындарының басым бөлігі байырғы тұрғындар. Жастардың көбісі осы ауылда тіркелгендігімен қалаға кетуде. Әрине қалада еңбек табысы сонымен қатар өз ауқаттарын көтеру мақсаты.

- Сіздің осы жағдайды яғни жастардың миграциялануын сәл тежеу үшін, әрине ауыл халқының саны артсын деген ойыңызбен бөліссеңіз..

- Мұндай шаралар менен ғана байланысты емес)). Әрине ауылымыздың халық саны арта берсін дегім келеді. Қазіргі таңда Елбасымыздың Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ауылды дамыту стратегиялары жасалып отыр. Ауылымыздың жаңадан өркендеу кезеңінің басталуы 2008 жылдардан басталды деп айтуға болады. Осы уақыттан бері елдімекенімізде почта, мәдени үйіміз күрделі жөндеуден өтті. Сондай-ақ ауылымызда жақын арада жаңа мектеп салынды. Ендігі кезекте «СПЕЦПЛАСТВОДСТРОЙ ЖШС» ауылымызға 2015 жылы әр үйді сумен қамтамасыз еткелі отыр. Осы су жүйесінің ашылуы ауылымыздың күрделі жандануына әсер етеді деп үлкен үміт артамыз. Осы жаңалықтар мүмкін ауылымыздың миграциясының азаюына әсер етеді деп ойлаймын.

- Елена Владимировна алтын уақытыңызді бөліп сұхбат бергеніңізге мыңда бір рахмет, жұмысыңыз жемісті болсын сау болыңыз.

- Көп рахмет! Өзіңе де шығармашылық табыс тілеймін. Аман есен келесі жүздескенше сау бол.

Ендігі кезекте ауылдағы ДА (дәрігерлік амбулаторияға) бет бұрдым.

Мұнда мені амбулатория қызметкерлері де өте жылы қарсы алды. Негізгі мақсатым бұл мекемеден ауылымыздың демографияға қатысты статистикалық мәліметтер алу. И.Байзақов ДА акушер қызметкері Ильясова Махаббат Муратқызы сонымен қатар потронаждық медбике Кажеева Жанна Кабиденовна, медбике Уразова Руфия Рихфатовна, фельдшер Кайрбаев Кайрат Кайргельдинович өз алтын уақыттарын бөліп маған көмек көрсетті.

Дәрігерлердің айтуынша, денсаулық сақтау ұймы жылдан-жылға жақсарып отыр. Дәрі-дәрмектер, құрал жабдықтар үнемі жаңартылып отырады. Өздерінің жұмыс жасауына жағадай өте жақсы жасалғандығын айтып өтті. Бірақ та, туу деңгейі ауылымызда өкінішке орай жылдан-жылға азаюда. Жұмыс барысында төменде көрсеткіштер көрсетілген.

Еліміз 1991ж 16 желтоқсанда егемендігімізді алағаннан кейін, тұңғыш халық санағы 1999 жылы өткізілді. Осы санақтың көрсеткіштеріне сүйенетін болсақ, Иса Байзақов халқы 1999 жылғы санақ бойынша 2100 адамға жетті. Ал, 2009 жылғы санақ бойынша 860 адамға жетті. Арадағы он жыл ішінде ауыл тұрғындарының саны 1240 адамға азайғаны айқын. Халық санының аз болуы – бұл әлсіз ішкі нарық яғни сыртқы нарыққа тәуелділік, соған байланысты қажетті аймақтардың игерілмеуі, сонымен бірге елдің экономикалық әлсіреуін белгілейді. Сондықтан да бүгінгі таңда халық санын көбейту – қоғамның негізгі мәселелерінің бірі. Иса Байзақов ауылы орташа ауылдар тобына жатады.

Кесте 1 – Байзақов ауылының халықының көші-қон көрсеткіштері

Елді мекен	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009
Иса Байзақов	2100	1963	1823	1688	1548	1413	1273	1153	1013	940	860

Алғашқы жалпы халықтық санағы ауылда 1999 жылы, ал соңғысы 2009 жылы болған [2-46]. Бұл уақыт ішінде ауылымыздың халық саны 1240 адамға азайғанын көреміз. Зерттеу барысында ауыл тұрғындарынан сәл сауалнама жүргізілді. Жастар өз жағдайын жақсарту барысында қалаға кетуде. Халық - экономиканың тірегі. Халық бар жерде экономикада ілгері жүреді. Ал оны дамыту үшін үкімет тарапынан қойылған шараларды шапшаң түрде жүзеге асыру қажет.

Қорытындылап айтсақ қазіргі кезде аудан-ауылдардың адам санын көбейту керек өйткені ауыл-қаланың «тынысы». [2-56]




Диаграмма 1 –Иса Байзақов ауылының халықының жылдан-жылға азаю көрсеткіші.

Көші-қон – өте күрделі әлеуметтік процесс (былайша айтқанда, танымайтын жерге орынығу). Бұл тек қана көшіп бару емес, барған жеріне бейімделуің керек (мүмкін өмір сүру деңгейі ол жерде мүлдем басқаша болуы мүмкін). Осы кезде адамның жинақтылығы, шыдамдылығы, кәсіпшілігі және жаңа жердің жағдайына үйренісу байқалады. Сондықтан да халықтың көшіп қонуы - ауылдың даму деңгейін көрсетеді.

Менің ойымша ауыл демографиясын көтеру үшін адамдарды ауылға тарту керек, оған жаңадан әлеуметтік жағдай жасау керек. Айтып кететін болсақ, жаңа үйлер, жаңадан жұмыс орындарын ашып, келген халықты қызықтыру керек. Үкімет тарапынан жастарға арнап арнайы саясат жасау қажет. Әр ауылға байланысты қандай сала мамнанданған сол саланы ілгері тарту қажет. Мысалы өз ауылымды айтатын болсам, 2015 жылы жоспар бойынша СПЕЦПЛАСТВОДСТРОЙ ЖШС ауылды сумен қамтамасыз етпек. Иса Байзақов елді мекені географиялық тұрғыдан қарастырсақ, топырағы құнарлы, негізінен картоп, егін, жеміспен, мал шаруашылығын дамытуға өте тиімді. Қазақстың мақалына сүйенетін болсақ «Су-бар жерде тіршілік те бар» дегендей осы үлкен жоспарлар іске асырылса ауылымыздың экономикасы әлде қайда артпақ.

Кесте 2 –Иса Байзақов елді мекенінің Туу көрсеткіші

Жынысы	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009
Ерлер	5	5	3	2	5	7	6	2	4	6	3
Қыздар	5	1	4	3	4	4	2	5	7	6	2

Табиғи өсім келесідей формуламен есептеледі:

$T\theta = T\mu - \Theta$.

Мұндағы $T\mu$, 1 жыл ішінде дүниеге келген нәрестелер саны,

$T\theta$, 1 жыл ішінде өлім-жітімге тап болғандар саны.

Егер $T\theta = \langle - \rangle$ болса, халқтың жылдық азаюын көрсетеді. Қазіргі уақыттағы табиғи өсімге көңіл аударатын болсақ (3-кесте) ауыл халқының орташа өмір сүру ұзақтығы 58-65 жас аралығы. [3-16]

Кесте 3 – Табиғи өсім

	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009
Туу	10	6	7	5	9	11	8	7	11	12	5
Өлім	7	10	5	7	10	15	6	8	6	10	13
Табиғи өсім	+3	-4	+2	-2	-1	-4	+1	-1	+5	+2	-5

10 жыл аралығында табиғи өсім айқын көрінеді. [3-36]. Өйткені ауылда 2007-2009 жылдар аралығында «СпецПластВодСтрой ЖШС» су кешені құрыла бастады, жаңа мектеп, мәдени үй, пошта, АТС, шағын бала орталығы ашылып, ауылға адамдар тартыла бастады. Яғни жаңа жұмыс орындар ашыла бастап, ауыл халқы сәл миграциясын тежеді. Осыған орай басқа аймақтардан отбасылар көшіп келіп жатыр. Мектепке «Дипломмен ауылға бағдарлама бойынша» жаңа мамандар келіп шаңырақ құрып жатыр.

1999 жылмен 2009 жыл ішінде көшіп кеткендердің бағытын талдайтын болсақ

Кесте 4 – Көші-қон бағыты

Елдер	%
Ресей	55
Украина	40
Германия	5

Көшіп кеткен халықтар саны 1999-шы жыл мен 2009 жыл аралығы Ресейге 55%, Украинаға 40%, Германияға 5% құрады. Ауыл халықтың саны жылдан-жылға азайып жатыр. [2-46]

Көші-қонның қоғамдағы рөлі ерекше орында. Ол тұрғын халқының қалыптасуына, мәдениетіне, тіліне үлкен өсер етті. Бұл процеске қазір де үлкен мән берілуде.

Ауылмыздың жастары туған өлкеде қалып, көтерілсін десек мемлекет тарапынан келесідей жұмыстар жүргізілсін деп ойлаймын:

1. Жастарға арнайы бизнестік бағдарлама жасалса. Мысалы мал басын көбейту үшін баніктерден пайызсыз несие кем дегенде 3 жылдай босатылған.

2. Дипломмен ауылға бағдарламасы арқылы тек қана мектеп мамандары емес, сондай-ақ арнайы кәсіппен шұғылдана алатын. Мысалы, отбасылық бизнесті дамыту, шағын жеке кәсіпшілікпен айналысатын.

3. Су мәселесі егер де шешілетін болса, жер өңдеу жұмыстары, мысалы, картоп, күнбағыс, бақша өнеркәсіптері және т.б. дамытуға болады.

Жоғарыдағы айтылған ұсыныстарды орындау үшін тікелей мемлекеттің көмегі қажет деп ойлаймын. Егер де, бұл мәселелер дұрыс ойластырылып қарастырылса, ауылдарымыз өте кең қанат жаяды деп ойлаймын. Жастар керісінше қаладан ауылға ұмтылады. Ауыл – қала тынысы. Осыны жастарға ұмытпағаны жөн деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ханкелді Әбжанов, Ғабит Кенжебаев. Тәуелсіз Қазақстан. – «Баспалар үйі» Алматы, 2009.

2 Ауылдық әкімшілік орталығы статистикасы. [2, 46]

3 Ауылдық ДА мәліметтері. [3-16]

4 Онлайн: [http:// www.ru.m.wikipedia.org/wiki/](http://www.ru.m.wikipedia.org/wiki/)

ИЗГОТОВЛЕНИЕ ЧУЧЕЛ ЖИВОТНЫХ И РЫБ МОЕГО КРАЯ

КУСНИДЕНОВ М.

ученик 10 класса, Узынсукая СОШ, Иртышский район,

Павлодарская область

ХАЗАЕВА Л. Ш.

учитель истории, Узынсукая СОШ, Иртышский район,

Павлодарская область

Чучела, как известно, – неотъемлемая составная часть всех без исключения зоологических музеев. Они необходимы школьным биологическим кабинетам и уголкам, поскольку позволяют преподавателям не только возможность ближе знакомить учащихся с обитателями наших ландшафтов, но и с характерными особенностями различных видов животных.

Животный мир Павлодарской области многообразен. Десятки видов млекопитающих и хищников, полтора десятка видов рыб, свыше сотни - птиц. Кроме распространенных повсеместно зайцев и лисиц, встречаются два вида волков.

На севере области иногда можно встретить ценных пушных зверьков - выдру, колонка, ласку, степного хорька. Водятся и барсуки, у которых особо ценен не только мех, но и жир, обладающий целебными свойствами. В Баянауле прижились сурки, их тут целые колонии. Многие озера облюбовала ондатра.

Из экзотических хищников в Чалдайском бору и в Баянаульских горах можно встретить рысь. В Чалдае же изредка попадаются почти полностью истребленные лоси и маралы. В Баянауле, если вам повезет, можете издали полюбоваться архарами... А в лесостепи еще сохранились грациозные косули, которых местные жители именуют дикими козами.

«Князь птиц и рыб - беглец-зеленоводный», - написал об Иртыше поэт-евразиец Павел Васильев. Когда-то так и было. Теперь же рыбные запасы реки сильно оскудели. Но даже и в наши дни в Иртыше еще встречаются осетр и стерлядь...

Водятся в Иртыше редкие нельма и налим, традиционные язь, щука, судак. В степных и пойменных озерах и прудах и сейчас изобилие карася и карпа, той же щуки, во всех водоемах - чебака. [1, с. 23]

Таксидермия – это целая наука, посвященная изготовлению чучел птиц, животных и рыб. Термин «таксидермия» происходит (от греч. taxis - устройство, derma - кожа, шкура). Особой популярностью таксидермия пользуется у профессиональных охотников, которые желают сохранить свои трофеи в виде чучел или украсить шкурами животных интерьер дома, квартиры. И на самом деле искусством таксидермии владеют немногие. Настоящий мастер по изготовлению чучел должен не просто уметь натягивать шкуры на некую основу. В таксидермии очень важно понимать повадки и эмоции животных, в совершенстве знать их анатомию и аккуратно выполнять свою работу. [2, с.165-166]

Когда я приступал к изготовлению фигуры, то для начала хорошо изучил строение тела лисы, что помогло в дальнейшем разработать фигуру без ошибок. Прежде всего, осмотрел тушку, необходимо было убедиться в целостности волосяного и кожного покровов. Далее аккуратно снял шкуру с лисы. Этот процесс требует предельной осторожности.

Снятую шкуру лисы хорошо засолил и оставил на одну неделю в прохладном месте. Отделил голову, недолго ее вываривал и очистил череп, затем, собрав я ее запенил. После того как она высохла я придал ей форму. Язык сделал из поролона, закрасив ее акварельной краской.

Каркас сделал из материалов – это проволока, и монтажная пена, гипс.



Рисунок 1 – Изготовление каркаса туловища лисы

Металлический каркас начинал делать с туловища. Затем сделал передние лапы. Как изготовил передние лапы, сразу же начал прикреплять их к туловищу. Также сделал задние лапы и прикрепил к основанию туловища. Чтобы придать форму начал приделывать ребра из алюминиевой проволоки. Затем мышцы заменил с помощью медной проволоки, ею обмотал все туловище и залил конструкцию монтажной пеной. Затем начал вырезать будущую фигуру.

Главное при его изготовлении соблюсти пропорции и размеры лисы. Настоявшуюся в растворе шкуру размял, хорошо выпололоскал и насухо вытер полотенцем. Шкуру на манекен одевал мехом наружу.



Рисунок 2 – Одевание шкуры на манекен

Используя шнурующий шов, начал зашивать с груди. Тщательно подбирал соответствующие данному животному искусственные стеклянные глаза.

Пальцы расправил, полоску плотной бумаги накладывал на уши и прошил. Затем закрепил получившееся чучело на подставке и оставил для просыхания. После того как чучело высохло (по прошествии двух недель), я его подкорректировал, подкрасил губы, десна, язык. На краску нанес бесцветный лак. Чучело готово.

Чучела рыб можно встретить гораздо реже, чем чучела животных, а тем более птиц. Стресс большинства рыб не позволяет снять шкуру с головы. Поэтому в чучеле рыбы надевается на манекен только шкура туловища, а голова и плавники сушатся.

Первый этап – снятие обмеров. Для измерения рыбы лучше всего подходит мягкий портняжный сантиметр. Теперь нужно определиться с позой будущего чучела, а также его расположением (на стене, на столе). От этого зависит место разреза шкуры. Для настольных чучел лучше резать по животу, так как такие работы просматриваются со всех сторон кроме нижней. Стараемся при этом не сильно повреждать чешую. Чем больше чешуек будет утрачено, тем сложнее будет сделать шов незаметным.

Следующий этап это отделение шкуры от туши. Аккуратно снимаем шкуру, хрящи от плавников отделяем щипцами, затем отделяем туловище от головы, затем снимаем со шкуры мездру, жир, и оставшиеся мясо. Удаляем с головы жабры поскольку они начнут портиться и начнёт исходить не приятный запах. Далее берем

пенополиуретан, отрезаем от него кусок по сделанным обмерам в начале.

Затем придаем ему форму какую надо и одновременно с этим смеряем его со шкурой, чтобы все швы сходились. После того как сделали каркас обмазываем шкуру клеем для того, чтобы крепко держалась и не сходила со своего места, после всего этого надеваем шкуру на каркас и швы закрепляем степлером, затем плавники и голову фиксируем иголками и ставим сушиться.



Рисунок 3 – Сушка чучела рыбы

Украшаем жетон ракушками и речным песком, рыбу крепим на корягу покрытой лаком а корягу с рыбой крепим на украшенный жетон.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Поминов Ю., Павлодарское Прииртышье - жемчужина Сарыарки. Издательство «Фолиант», Астана, 2012.- 342 с.
- 2 Заславский М. А., Изготовление чучел, муляжей и моделей животных. Общая таксидермия, Л., 1968. - 220 с.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ «ДАҢҚ» ЗАЛЫНЫҢ РӨЛІ

МАСАГУТОВА Д. Е.

5 - сынып оқушысы, дарынды балаларға арналған
мамандандырылған гимназия, Ақсу қ.

АЛИАСКАРОВА А. Т.
тарих-география пәні мұғалімі

Бүгінгі таңда Елбасы өзінің Қазақстан Халқына Жолдауында «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» дей келе, «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» дегенді шегелеп тұрып айтқан болатын. Осы жоба «Отан – отбасыдан басталады» дейтін дана халқымыздың сөзіне еш күмән келтірместен, елін сүйген баланы тәрбиелеп шығару үшін, Отанның қадірін туғаннан бастап бала санасына сіңіруіміздің қажеттілігін айқындау – уақыт талабы болып отыр. Сондықтан, Отанды сүюді қалыптастыру әр баланың отбасынан да, уақытының көбін өткізетін мектеп керегесінен де басталады. Сондықтан да жас ұрпақты Қазақстандық патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу басты парызымыз өзекті мәселелерінің бірін шешу үшін қандай да бір үлес келтіруі мүмкін деп ойлаймыз. Жоба Мектеп оқушылары арасындағы патриоттық тәрбиені қалыптастырудағы «Даңқ» залының рөлін» дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін айқындауға және оны дәйекті іске асыруға арналған зерттеулер жүргіздім.

Жобаның мақсаты: Елім деп еңіреп өткен бабаларымыздың өнегесін үлгі ете отырып бүгінгі ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру және тәуелсіз Қазақстанға деген сезімін дамыту. Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай материал жинау болып табылады.

Болжам. Белгіленген мақсаттарға сәйкес мектеп оқушылар бойында келесі сапалар қалыптасады: рухани-адамгершілік дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға; еңбекке, оқуда өзін-өзі жетілдіруге ұмтылған, өзінің өмірі мен ісіне жауапты қарайтын тұлға; өз Отанын мәдениетін, тарихын білетін, қоғамға белсенді азаматтық позицияда болатын, елжанды патриот тұлға; әлеуметтік ортада өмір сүруге бейім, білімді, мәдениетті тұлға қалыптасады.

Жұмыстың нәтижесі мен қорытындысы: Адамзат баласы болашағын болжамас бұрын өткенінен нәр алатыны рас. Тарих дегеніміз адамдар тұратын жерден басталады, өйткені тарихты жасайтын солар. Олай болса, әрбір адам өз халқының тарихына зор қызметпен қарауы тиіс. Бұл ғылыми жоба туған жерге, отанға патриоттық сезімдерін артта береді.

Жұмыстың нәтижелерін практикалық қолдану аясы: Алынған ғылыми нәтижелерді Мектеп «Даңқ» мұражайы қызметін мектеп қабырғасымен ғана шектелмей, оны ата-аналар мен жұртшылықтың қажетті орнына айналдыру, ашуы керек.

«Жаңа қазақстандық патриотизм» ұғымы Елбасының Қазақстан халқына соңғы Жолдауынан кейін ел жұртшылығына мәлім бола бастады. Жалпы патриоттық дегеніміз не? Елін, жерін сүюмен қатар, әрбір ел азаматының өз елінің даму сатысына тырнақтай болса да үлесін қосу, елінің кетігіне кірпіш болып қалану, ел шекарасын қасық қанынан артық көру, елін қолдау, жерін қорғау, кез келген мағынада, сөзбен болса да, іспен болса, ел абыройын кіршіксіз қалпында сақтау. Қазір бізде патриоттар бар ма? Біз өз елімізді қаптаған патриот азаматтар қалқанымен сақтап отырмыз деп нық сеніммен, тайға таңба басқандай айқындықпен айта аламыз ба? Біз өскелең ұрпағымыздың нағыз елі мен жеріне адал қызмет ететін азаматтар дайындап жатырмыз ба? Елбасы өзінің Қазақстан Халқына Жолдауында «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» дей келе, «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» дегенді шегелеп тұрып айтқан болатын. «Отан – отбасыдан басталады» дейтін дана халқымыздың сөзіне еш шүбә келтірместен, елін сүйген баланы тәрбиелеп шығару үшін, Отанның қадірін туғаннан бастап бала санасына сіңіруіміздің қажеттілігін айқындау – уақыт талабы болып отыр. Сондықтан, Отанды сүюді қалыптастыру әр баланың отбасынан да, уақытының көбін өткізетін мектеп керегесінен де басталады. Сондықтан да жас ұрпақты Қазақстандық патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу басты парызымыз. Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақ – ұлттық сана – сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуі тиіс. Патриоттық тәрбие берудің басты


бағыты – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы мен еліміздің мемлекеттік нышандарын: Әнұранын, Туын, Елтаңбасын оқушыларға үйрету және орындату мәселелері. Еліміздің Конституциясын бұлжытпай орындау, мемлекеттік нышандарға құрметпен қарап орындау, құқықтық-саяси және этикалық әдет-ғұрып мәдениетін тәрбие беруде оқушы бойына сіңіруді қалыптастырады.

Қазіргі жаһандану үдерісінің даму кезеңінде Ақсу қаласының «Даңқ залының жағдайы. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы»-деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным – сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық патриотизм болды. Менің пікірімше, бұларда «Олар Отан үшін алысты» деген стенд жасауға болады. Онда «Отан соғысына қатысқан біздің мұғалімдеріміз», «біздің оқушыларымыз», «біздің жерлестеріміз» деген бөлімдер болуға тиіс. Мектептен, жоғары оқу орындарынан шыққан ерлерді дәріптеп мақтаныш етудің оқушылармен студенттерді тәрбиелеуге дәстүрлік мазмұны зор екі даусыз. Мектептерде, жоғары оқу орындарында Отан соғысы туралы шығармалар, дипломдар жаздырып отырған жөн. Әскери міндетін өтеуге аттанып бара жатқан жастарды салтанатты түрде шығарып салу, Отанға адал қызмет ету аманатын тапсыру, сол сияқты күнделікті (аудандық, облыстық) баспасөзде жерлестеріміздің қаһармандығын паш ететін материалдарды үзбей жариялау, ерлік күндерді ерекше атап, музейлерде революциялық, жауынгерлік даңқ залын ашу қажет. «Даңқ залын» ашу мақсаты: ҰОС қатысқан жерлестеріміздің ардагерлеріміздің ерлігіне тағзым ретінде, өшпес ерліктерін дәріптеу, олардың ісіне үлгі ете отырып оқушыларды отансүйгіштікке, ел тарихына және өз ауылына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Ал, стендде Отан туралы, ерлік туралы ұлы адамдардың афоризмдері мен халық мақал-мәтелдері болғаны дұрыс. Сол сияқты Ұлы Отан соғысы тақырыбына әдеби үйірмелер, семинарлар ұйымдастырып, кездесулер өткізіп тұрған абзал. Елді

пункттерде әскери - патриоттық тәрбие мақсатында көптеген игі жұмыстар жүргізуге болатыны айқын. Орта мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие негізінде білім берудің арнайы міндеттемелері де бар. “Қоғамда Қазақстан – біздің Отанымыз, бұл ұғымға өте көп нәрсе кіреді деген қарапайым ойды қалыптастыру керек” – деген Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың сөзі терең ойдан туындаған пікір екенін әрқайсымыз жақсы түсінуіміз қажет. Оқушылар арасында сауалнама жүргіздім. Мақсаты: Өз өлкесінің мәдени құндылықтарын, тарихын, оның дамуына үлес қосқан адамдардың өмірі мен қызметін, мектепте өз өлкесінің (облыс, аудан, ауыл, мектеп) тарихын қаншалықты білетіндерін анықтау.



Сурет 1 – Мұражайға экскурсия
Сурет 2 – Әдебиеттерді талдау



Сурет 3-4 – Сауалнама бойынша зерттеу нәтижесі:

Патриот дегенді қалай түсінесің?




Диаграмма 1

Кесте 1

	бастауыш	Орта буын	Жоғары сынып	
жалпы қатысқан	35	65	52	152
Бiледi	19	35	35	89
Бiлмейдi	16	30	17	63

Ұлы Отан соғысқа қатысқан кiмдердi бiлесiндер?




Диаграмма 2

Кесте 2

	бастауыш	Орта буын	Жоғары сынып	
жалпы қатысқан	35	65	52	152
Бiледi	16	30	41	87
Бiлмейдi	19	35	11	65

Ақсу өңірінен Ұлы Отан соғысқа қатысқан кiмдердi бiлесiндер?




Диаграмма 3

Кесте 3

	бастауыш	Орта буын	Жоғары сынып	
жалпы қатысқан	35	65	52	152
Бiледi	11	25	33	69
Бiлмейдi	24	40	19	83

Нәтижесінде:

Патриот дегенді қалай түсінесің? Ұлы Отан соғысқа қатысқан кiмдердi бiлесiндер? Ақсу өңірінен Ұлы Отан соғысқа қатысқан кiмдердi бiлесiндер? деген сұрақтарға оқушылар толық жауап бере алмады. Сол себептен осы мәселені қозғап жаңғырту қажеттеп есептеймін. Себебі оқытушылар өз қызметінде біріншіден терең патриотизм – Отанға, Қазақстанға, өз халқына деген сүйіспеншілік; екіншіден — халықтар достығы идеясын ұстану және насихаттау, патриотизм қашан да халықтар достығының идеясымен, тәжірибесімен үндесіп жатуы тиіс деп ойлаймын.

Зерттеу жұмысын қорытындылайтын болсақ «Мектеп оқушылары арасындағы патриоттық тәрбиені қалыптастырудағы «Даңқ» залының рөлі» жобасының іске асуының тез болуы мен пайдалануға анықтап беруге мүмкіндік береді. Адамзат баласы болашағын болжамас бұрын өткенінен нәр алатыны рас. Көп ғасырлық тарихымызды ерекше тұлғалар еңбектеріңіз көзге елестету мүмкін емес. Қазақстан аумағында бұл зор қызметпен кезеңге қандай халықтардың тұрғанын, олардың бізге қалдырған мұралары, қызықты оқиғалармен, өмір салтымен танысатын. Тарих дегеніміз адамдар тұратын жерден басталады, өйткені тарихты жасайтын солар. Олай болса, әрбір адам өз халқының тарихына

зор қызметпен қарауы тиіс. Бұл ғылыми жоба туған жерге, отанға патриоттық сезімдерін артта береді.

Ұлы Жеңісті жақындатуға Ақсу халқы да зор үлес қосқаны туралы мәліметпен таныстыру ғана емес сонымен қатар, оқушылар арасында ерліктерін насихаттау. Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерімізбен кездесулер ұйымдастыру, қосымша мәліметті өлкетану факультатив курсына және мобильдік программа енгізу.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Боздақтар» Қазақ энциклопедиясы. Алматы, 1994 жыл
- 2 «Боздақтар» Қазақстан баспасы, 1995 жыл
- 3 «Таңдамалы» Қасым Қайсенов Қазақстан баспасы, 2008 жыл
- 4 «Воспоминания о моей жизни» М. Масалимов 2002 год
- 5 «Павлодарцы в годы Великой Отечественной 1941-1945 годы» Павлодар 2005 год.

6 «Ұлы Отан соғысы» Чуйков В.И. үшінші басылым, 1985 жыл

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӨСІМДІК РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАҢУ: МӘСЕЛЕ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

НИЯЗОВ А. Е.

10 сынып оқушысы, Мамандандырылған «Зерде» дарынды балалар мектебі,
Павлодар облысы, Екібастұз қ.

Қазіргі экономикалық дағдарыс кезінде Қазақстан барлық ресурстарын мемлекет ішіндегі қаржы мәселелеріне жұмсау қажеттілігі туындап отыр. Мемлекет ішіндегі жұмысты реттеу үшін шикізаттық қорды пайдаланып, өзіндік дайын өнімдерді пайдалану керек деген бір үлкен мәселе қалыптасқан. 2003-2015 жылғы индустриалды-инновациялық даму стратегиясының басты міндетінің бірі шикізаттан жоғары технологиялы экспортқа бағытталған өнім өндіруге көшу арқылы экономика салаларын әртараптандыру. Қазақстанның алғашқы экономикалық реформа жылдарында, елдің бірқалыпты экономикалық бағыттағы дамуын жеделдету үшін мемлекет шикізатты пайдаланып, оны өндіріс бағытына келтіру қажеттілігі, бүкіл елдің қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етті. Бұл маңызды бағытта мемлекет өзінің барлық шикізаттық қорын пайдаланды. Осы іс әрекеттер арқылы Қазақстанның сыртқы және ішкі экономикасы, басқа тәуелсіз мемлекеттермен теңеліп, дүниежүзілік нарықтағы үлесі арта бастады [1].

Қазіргі уақытта елдегі өнеркәсіп орындары жаңа технологиялық құрылғыларды пайдаланып, тек шикізатты ғана емес, дайын өнім өндіруге маманданған. Осы бағытта 2003 - 2015 жылдар аралығында Елбасы әр түрлі бағдарламалар құрып, елдің әр аймақтарында өзіндік өңірге тән шикізатты пайдаланып, дайын өнімдерді өндіруге арналған кәсіпорындарды жетілдіріп, болашаққа деген тұрақты даму жолын ұсынды.

Жалпы алғанда Қазақстан дәрі-дәрмек өнімдердің 80 пайызын өзге елдерден импорттап алады, яғни ол 78,2 млрд. долларды құрайды. Біздің елдің дайын фармацевтикалық өнімдерді өндіру және оны экспорттауы 1 млрд. долларды ғана құрайтынын анықтадым. Бұл көрсеткіш өте төмен. Қазақстан өзін-өзі толықтай дәрі-дәрмек өнімдерімен қамтамасыз ете алмағандықтан, біз өзге елдерден сатып алу керекпіз. Қазіргі 2015 жылы, үлкен әлемдік дағдарыс болып жатыр, еліміздің бюджеті 40 пайызға қысқарды. Теңгенің құнсыздануы да жағдайды ушықтырып отыр. Импортталатын дәрі - дәрмектің бағасы қымбаттап, елдегі фармацевтика өнімдері 50 пайыз бағаға өсті [1].

Қазақстанда импортталатын тауарларды алмастыратын сонымен қатар экспортқа бағытталған өндірісті дамытуға шикізаттық әлеуеті жеткілікті. Фармацевтика өндірісінің негізі болатын дәрілік өсімдіктердің шикізаттық қоры жеткілікті республиканың өте үлкен аумағына иеміз. Бірақ қазіргі кездегі қазақстандағы фармацевтика салаларының жағдайы мәз емес. Біз отандық тұтынушыларды тек 15% ғана қанағаттандыра аламыз. Ал толығымен қамтамасыз ету үшін отандық препараттардың үлесі кем дегенде 30% болуы қажет. Қазіргі уақытта Қазақстан 85% дәрілік препараттарды 21 елден сатып алады. Негізгі импорттаушы елдер – Германия, Франция, Үндістан, Австрия, Венгрия. Ал Қазақстанның Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстанға экспорттайтын өнімнің үлесі 20% құрайды [1].

Мәселелердің шешу жолдарын қарастырсақ, 14 облыстың арасынан Павлодар облысында фармацевтика саласын мамандану мүмкіндігі бар:

– Біріншіден, су қоры жеткілікті. Облыс арқылы Ертіс өзені, Ертіс-Қарағанды каналы ағып өтеді.

– Екіншіден, Екібастұз қаласындағы аса қуатты МАЭС-1,2 электр станциялары бар. Олардың қуаттылығы 5000 МВт - ны құрайды.

– Үшіншіден, Павлодар облысындағы дәрілік өсімдіктер қоры мол. Павлодар облысының аумағында дәрілік өсімдіктердің 192

түрі өседі. Тек Ертіс өзенінің жайылмасында 147 түрін кездестіруге болады, ал Баянауыл ұлттық саябағында 50 түрі бар [2,13].

– Төртіншіден, нарықты кеңейткеннен кейін тауарды экспорттауға тауарлардың тасымалдануына көлік қатынасы жағынан көп мүмкіндік бар.

– Бесіншіден, Облыс аумағында экологиялық таза жерлер жеткілікті. Мысалы, Баянауыл ауданы, Ертіс өзенінің алабы.

Екібастұз қаласындағы шағын цех

Орналасуы:


Цех Екібастұз қаласының солтүстік шығысында орналасуы тиімді, өйткені:

Біріншіден, электр энергиясы алатын МАЭС-1 жақында орналасқан.

Екіншіден, Ертіс-Қарағанды каналы, цехты ауыз суымен қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, Цех негізгі ұлттық маңызы бар жолдардың маңында орналасатын болады. Бұл жер арқылы Астана, Павлодар, Қарағанды, Семей, бағыттарына темір жол желісі, тас жолдары өтеді. Осы көліктік жағдай тасымалдау жағдайын жеңілдетеді. Жол үш облыс арқылы өтіп, Ресей Федерациясының шекарасына дейін жетеді.

Төртіншіден, МАЭС-1 электр станциясынан ағып шығатын жылы суды, жылыжайларды және цехты жылытатындай жағдай жасап, суды тиімді пайдалана аламыз(сурет-1).



Сурет 1

Жұмсалатын қаражат:

Осы цехты салу үшін үкімет тарапынан қаржылай көмек қажет болады. Менің есептеуімше кәсіпорынды құру үшін шамамен 2 млрд доллар қажет. Егер мемлекет осы қаржының 30 пайызына

көмек көрсетсе. Қалған 70 пайызын инвесторлардың көмегімен алуға болады.

Жұмыс орындары:

Цех күнделікті өмірге қажет экстракт, сироп қатты нысанды дәрілерді шығаратын болады. Цехта (жылыжаймен қоса алғанда) бас технологтан бастап жүргізушілерге дейін 140-тан астам қызметкерлер жұмыс орны табылады (кесте-1). Нәтижесінде қала тұрғындарының жұмыспен қамтылуына бірден – бір мүмкіндік туады.

Жылыжай:

Дәрілік өсімдіктерді қолдан өсіруді лайықты мекендер: Ертіс маңы, Жезлестік, Қашыр, Баянауыл, Екібастұз аудандары.

Павлодар облысындағы адамдар көбіне 2 негізгі бағыт бойынша көп ауырады. Олар: Бронхит - ОРВИ, ішек аурулары. Бронхит - ОРВИ бағытына цех 3 сироп, 3 қатты нысанды дәрілер, ал ішек ауруларына қатысты 4 түрлі экстракттарды шығаратын болады. Орта есеппен 34 өсімдік түрі қажет. Оларды 0,25 м² жерге 40 данасын отырғызылады. Осыдан бізге жуық шамамен 4 қатар, әр қатар 6 бөлімнен сонымен 1152 м² жер қажет. Жылыжай ішінде және негізгі өндіріс бөлімдерінде ауа тазартқыш құрылғылар орнатылады. Олардың негізгі мақсаты өсімдіктердің және дәрі-дәрмектерді шығару кезіндегі ауа құрамындағы зиянды заттардың болмауын қамтамасыздандыру. Осыған қоса жылыжай бөлімінде ауа ылғалдандырғыш құрылғылар да жұмыс істейді, бұл өсімдіктерге қолайлы микроклиматтың сақталуы үшін қажет. Жылыжайда тәулік бойы температура мен ылғалдылығы сақталатындай микроклимат жасалады. Жылыжай күн сәулесімен және техникалық жолмен жылытылады. Технологиялық жылытудағы мен ұсынатын нұсқа, МАЭС-1 электр станциясынан ағып шығатын ыстық суды, жылыжайдың негізгі жылытушы ресурсы ретінде қарастыруға болады. Мәселен, Екібастұз қаласы құрылып жатқан кезінде, елді мекенді осы су арқылы жылуымен қамтамасыз етуді көздеді, бірақ ол жүзеге асқан жоқ, себебі қаланың шет жағына жеткенше дейін судың суып қалу мүмкіндігі туындады. Дақылдар тікелей топыраққа отырғызылады және үлдіріктерде өсіріледі. Жылыжайда керекті дәрілік өсімдіктерді өсіріп, кейін дәрі қоспаларында қолданылады.

Бір жағынан қолдан өсірілген плантациялық дәрілік өсімдіктердің артықшылығы оларды сұрыптап отырудың қажеті жоқ, себебі әр түр өзінің қатарында немесе белгілі бір жерде өсетін болады. Ал жабайы өсімдіктерді пайдаланбау сол жердегі

экосистеманы бұзбауға мүмкіндік береді. Дәріханалық өсімдік шаруашылығы – бұл қарапайым өсімдік шаруашылығы, бірақ дәрілік өсімдіктер саласына бағыттануы. Дәрілік өсімдіктерді тез өндіру және жинақтау үшін спецификалық машиналарды қолдану керек. Дәстүрлі өсімдік шаруашылығынан басты өзгешелігі, онда қатаң экологиялық талаптарға негізделуі қажет. Дәрілік өсімдіктердің тұқымдарын ботаникалық бактарда, табиғи саябақтарда алуға болады.

Кесте 1 – Қызметкерлер мен жұмыскерлер жайлы мәлімет

Маман	Саны (адам)
Әкімшілік	
Директор	1
Директордың орынбасары	2
Бөлімдерді басқарушылар:	4
– Лаборатория бөлімінің басқарушы	1
– Жылыжай басқарушы	1
– Шаруашылықты басқарушы	1
– Өндірісті басқарушы	1
Бас есепші	1
Есепшінің көмекшісі	2
Маркетолог (зерттеу бағыты + өндірістік бағыт)	2
Кадрлар маманы	3
Хатшы	2
Заңгер	2
Программист	3
Инженер, жүйелік администратор	2
Медбике	3
Жалпы саны	25
Негізгі өндіріс	
Провизорлар:	6
– Бас провизор	2
– Провизор – технолог	2
– Провизор – аналитик	2
Механик	3
Инженер – технолог	2
Ғылыми-зерттеу орталығының мамандары	10
Фармацевттер	20
Қалталаушы	6

Жалпы саны	47
Жылыжай	
Мастер	1
Агроном	2
Ботаниктер	8
Кіші қызметкерлер	4
Қойма жұмыскерлері	6
Жүргізушілер (жеке келісім-шарт бойынша жалданады)	4
Жалпы саны	25
Цех жұмыскерлері мен қызметкерлері	
Мастер	2
Жұмысшылар	6
Фасовщик	6
Жалпы саны	14
Қызмет етуші мамандар	
Электрик	4
Өрт сөндірушілер	3
Электр дәнекерлеуші	3
Су құбыршы	4
Аула тазалаушылар	4
Вахтер	2
Кіші қызметкерлер (еден жуушы...)	8
Жалпы саны	26
Басқа мамандар	
Күзет (күзет агенттігімен келісім-шарт бойынша)	1 күнде-4
Аспазшылар (жеке кәсіпкерлермен келісім-шарт бойынша)	8
Жалпы саны	12

Цехтың сипаттамасы: Негізгі шикізат көзі – Баянауыл ауданының флорасы және Ертіс маңының флорасы болып табылады. Цех GMP стандарттарына сәйкес құрылады, баға тобы төмен инфузиялық ерітінділерден жасалған ММБ, өндіру зауыттары мен биологиялық қоспалар дайындау цехын қамтиды. Жоспар бойынша бұл цех көмегімен Павлодар облысын фармацевтикалық өнімдермен толық қамтамасыз ету көзделеді. Егер цех қалыпты жұмыс істеп, тұтынушылар ризашылығын білдірсе, цех өнімдері Қазақстан аумағында жіктелетін болады. Шығаратын өнім көлемі алғашқы


кезде – 70,8 млн тенгені құрауы мүмкін. Екібастұз қаласы еліміздің электр энергиясын өндіретін ірі орталығы болғандықтан, бұл мәселе қиындық тудырмайды. Өйткені бұл қалада МАЭС-1,2 жалпы қуаты 5000 МВт құрайтын энергия көзі бар. Күн сәулесін пайдаланып, биологиялық таза электр энергиясын өндіруге болады, ол үшін цехтың үстіне күндік батарея орнатуымыз керек.

Цехтың даму перспективасы:

- өнімдерін еліміздің басқа аймақтарына шығару;
- халықаралық GMP стандартына сәйкестендіру.
- шығарылатын өнімдері халықаралық стандартқа сәйкес болуы және алғашқы кезде 3-5 жыл сайын республикалық аудиторлық компаниялардың тексеруінен өту;

Цехтың артықшылықтары:

- кәсіптік өндірумен айналысатын болсақ, ол облыстағы адамдарды жұмыспен қамтылуын 1,9-2,8 пайызға жоғарлатады
- шет елден импортталатын фармацевтика өнімі азаяды;
- жергілікті шикізат негізінде дәрілік өнімдермен аймақ тұрғындарын қамтамасыз ету;
- су және энергия (МАЭС-1,2) қоры мол ;
- келешекте шетелдік инвесторларды тарта алады, сонымен бірге жаңа өнімдерді шығару мүмкіндігі туады.



Сурет 2

Тақырыбымды қорытындылай келе мен Павлодар облысы Екібастұз қаласында шағын фармацевтикалық цех ашу өте

тиімді деген тұжырымға келдім. Себебі осы өңірде шикізат көзі жеткілікті. Егер цех ашылса біз тек қана бір емес, көптеген өзекті проблемаларды шеше аламыз. Біріншісі ол жаңа жұмыс орындары пайда болады. Екіншісі жалпы Қазақстанды фармацевтика өнімімен қамтамасыз етіп, халықтың денсаулық деңгейі көтеріледі. Үшіншісі Қазақстанның экономикасына зор үлесі тиеді. Егер цех қалыпты жағдайда жұмыс істеп отырса, бұл жобаны басқа облыстарға жіктеуге болады. Осылай еліміздің экономикалық жағдайы қарқынды дами түседі.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының экономика бағытында, фармацевтика саласын дамыту қажеттілігі туындайды деп өзінің Қазақстан Республикасын 2050 жылға дейін дамыту стратегиясында айтқан болатын. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығымен қабылданды.[3] Қазіргі кезде отандық компанияларының үлесі тек 18%, ал 2020 жылға дейін 50% -ға дейін өсу көзделеді. Егер бұл сала дами түссе кейіннен өлкеміздегі халықтың өмір сүру ұзақтығы артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://www.akorda.kz/>;
- 2 Қазақстанның өсімдіктер әлемі: Иващенко А.А., «Алматыкітап» 1998 – 343бет;
- 3 <http://www.kazakh.ru/talk/mmess.phtml?id=76387>;

ТУҒАН ӨЛКЕМ – ПАВЛОДАР

НУРТАЗИНА Б.

8 «А» сынып оқушысы, №25 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ. ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Ертіс бойымен ақ жартасты жолақ сияқты біздің мейірімді, қонақжай Павлодар қаламыз жайылып жатыр.

Павлодар- Қазақстанның солтүстік- шығысындағы қала (1861 жылдан), өзімен аттас облыс орталығы (1938 жылдан), ірі темір жол станциясы, өзен айлағы және әуе порты. Тұрғындар саны-317 мың адам (2012 ж). Қала Құлынды даласының оңтүстік-батыс шеті

саналатын Ертіс өзенінің оң жағасында, теңіз деңгейінен 135 м биіктікте орналасқан. Іргесі 17 ғасырдың аяғында Ертіс өзенінің маңындағы көлдерден тұз өндіруге байланысты қаланған.

Павлодардың қазіргі өнеркәсібінің қалыптасуына шетелдік және республикалық маңызы бар: машина жасау мен металл өңдеу, түсті металлургия, мұнай өңдеу, химия өнеркәсібі, энергетика, құрылыс материалдары салалары күшті ықпал етуде. Өнеркәсіп кәсіпорындары тиісінше бірнеше акционерлік қоғамдар мен серіктестіктерге біріккен. Электр қуатын өндіру саласында құрамында Екібастұзкөміріне негізделген қуатты 3 ЖЭС және ЖЭО жұмыс істейді. Машина жасау мен металл өңдеу саласы трактор, арнаулы құрал-саймандар, кеме және автомобиль жөндеу заттарынан, түсті металлургия Торғай картон- рубероид зауыты жұмыс істейді.

Павлодар- республикадағы темір жол, өзен, автомобиль жөне өуе жолдары түйіскен ірі жол тораптарының бірі. Ертіс өзені арқылы Семей мен Омбы, Өскемен және басқа қалалар арасындағы жүк және жолаушылар тасымалы жүзеге асырылады. Павлодар- Алматы және Павлодар- Бішкек жедел поезы 2002 жылдан бастап жүре бастады. Павлодар республикадағы мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау мен кадрлар даярлаудың маңызды орталықтарының бірі.

Павлодар облысы экологиясы ең ауыр аймақтардың бірі болып саналады. Осыдан болар, еліміз бойынша онкологиялық сырқатқа шалдығудан бірінші орында тұр. Және осындай қатерлі дерттен көз жұматындардың да саны басқа өңірлерге қарағанда бұл жақта басым. Себебі, аймақта жер асты кенін қазып, оны өңдейтін, электр қуатын өндіретін ондаған ірі кәсіпорындар жұмыс істейді. Бұлардың көбі атышулы Еуразиялық топтың (ENRC) иелігінде. Кәсіпорындардың жұмысы экологиялық талапқа сай келмейтіні жөнінде талай мәрте дабыл қағылды. Бірақ, одан әзірше ешқандай нәтиже болмай тұр. Осының салдарынан Ертіс өңіріндегі тұрғандыр денсаулығы мен табиғатқа төніп тұрған қатердің қаншалықты қауіпті екені бізге мәлім. Ауа ластау мәселелері біздің қоғамда өте үлкен мәселе болып шығады. Көптеген өнеркәсіптер ауаға өз қалдықтарын шығарады. Олар атмосфераның құрамына еніп негізгі бөлік ретінде сақталады. XXI ғасырда жағдай өзгерді қоршаған орта параметрінің мәндерінің қайтымсыз өзгерістері дәлелденді, ол жиірек экологиялық күйзелістерге және локальді деңгейдегі (фотохимиялық смог, қышқылды жауын – шашындар, судың биогендермен ластануы және глобальді масштабта

парниктік эффектілерінің түзілуі, стратосферадағы озон қабатының бұзылуына) катастрофаларға әкеп соғады.

Павлодардың кең- байтақ, әрі табиғаты сұлу Баянауыл ауданы туралы айтпай кетуге болмайды. Баянауыл – Павлодар облысының оңтүстік-шығысында орналасқан Баянауыл ауданының орталығы. Баянауыл тауларының ортасында Сабындыкөл жағасында орын тепкен. Баянауыл ауылының өзі - өте көрікті жер, халқы 4472 адамды құрайды. Тарихы 1826 жылы казак станицасының құрылысынан бастау алады, оның алғашқы атаманы болып болашақ этнограф, географ, саяхатшы Г. Потаниннің әкесі Н. Потанин болған. Ол кезде халық саны 800 адамды ғана құраған екен. Ал 1833 жылы ғана Баянауыл округ болып құрылды. Баянауыл елдімекені – курортты аймақ, ол 1985 жылы Ұлттық табиғи саябақ статусына ие болды. Саябақ табиғаты өте ерекше жаралған табиғатымен әйгілі: Баянауыл таулары батыстан шығысқа қарай 40-50 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке қарай 20-25 шақырым. Ең биік нүктесі – Ақбет тауы, ол 1026 м биіктікте. Таулы-орманды оазис 450 шаршы шақырымды алып жатыр, оның негізгі ерекшелігі – жартастар (Кемпіртас, көгершін, Булка (Найзатас), аттың басы, тас жастықтар және т.б.), Сабындыкөл (ауданы 7,4 шаршы шақырым) және Жасыбай (ауданы 4 шаршы шақырым) көлдері, үңгірлер (Әулиетас 22 м) және Драверта үңгірі (тастағы жазулар), Құмыра (сарқырамасы бар 3 м), тас шатқалдары және т.б. көрікті жерлердің болуы. Жасыбай, Сабындыкөл және Торайғыр көлдері жыл сайын мыңдаған туристерді қарсы алады, бұл үшін көл жағалауларында демалыс үйлері мен пансионаттар көптеп орналасқан.

Жалпы, Баянауыл жері- көненін көзі, асылдардың мекені. Бұл жерде аты үш жүзге мәлім Жаяу Мұса, С.Торайғыров, Қ.Сәтбаев, Ш.Айманов, Ж.Аймауытов, Ә.Марғұлан дүниеге келген. Баянауыл мекені- Сарыарқаның жерұйығы. Баян жері өзінің қайталанбас тамылжыған табиғатымен кім-кімді де тамсандырады. Баянауыл қазынасы - көркем, мөлдір, ғажап Жасыбай көлін бір көрген адам өмір бойы ұмыта алмайды. Оның атымен және пайда болуына байланысты аңыздар көп. Солардың бірінің айтуынша, XVIII ғасырда Олжабай мен Жасыбай батырлар басқарған қазақ сарбаздары Баянауыл ормандарында жоңғар қолын талқандайды. Асулардың бірінде осы күнге дейін жау садақшысының қолынан андаусызда мерт болған Жасыбайдың мәйіті жатыр. Көл мен асу соның есімімен аталады. Келесі аңыз былай сыр шертеді: үш ағайынды Олжабай, Кенжебай мен Жасыбай кімнің күшті екенін

сынап көрмек болыпты. Қазір Жасыбай зираты тұрған ескі асудан тас лақтырады. Бірінші кезекті Олжабай алады. Кенжебай лақтырған тас Олжабайды тасының үстіне түсіп, жерге батырады, астынан су шығып, шұңқырды толтыра бастайды. Жасыбай тасы да осыларға қосылып, судың атқылап шығуын жылдамдатады, бірақ тастың үстіңгі жағы судың бетінде қалады, кейін беткейіне ағаштар мен шөптер өсіп шығады. Туристер бұл жерді Махаббат аралы деп атайды, ал көл Жасыбай батырдың есімімен аталады.

Павлодар- солтүстік Қазақстанның мәдениет пен өнерімен танылған орталығы. Павлодарлықтар өз халқының тарихы мен мәдени ескерткіштерін қасиеттеп қорғайды. Мұражайлар, көрмелер, мәдениет жетістіктерінің тұсаукесерлері мұнда өте танымал және келушілерге бай. Қаланың тарихы бай және оның ертеден келе жатқан мәдени дәстүрлері бар. Павлодар Ертіс өңірі- атақты ғылым, мәдениет және өнер қызметкерлерінің Отаны болып табылады. Мұнда Қаныш Сәтбаев, Григорий Потанин, Әлкей Марғұлан, Шапық Шөкин, Жұмат Шанин, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Дихан Әбілев, Қалижан Бекхожин, Жарылғапберді, Жаяу Мұса, Иса Байзақов, Сәбит Дөнентаев, Павел Васильев және т.б тек облысты ғана емес, сонымен қатар Республикаға танымал қайраткерлер туған. Павлодар өңірінен шыққан қазақтың ерекше ірі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп атамyzды атап өткім келеді.

Тірлік пен денсаулықта – баста бағым,
Онан соңғы дәулетім – тіл мен жағым.
Құдай берген он екі мүшелерім ,
Өз өнерім өзіме–алтын тағым.
Алты алашқа жайылып кеткен атым,
Жүрген жерім - ду базар, қылып хатым.
Ұстаз пірдің һұмматы болып жәрдем,
[Бір] ұшсам, кете берем, бар қанатым.
Баянауыл: Қызылтау- өскен жерім ,
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім .
Қалам, сия, қағазды қолыма алсам,
Келер қоршап бойыма ғайып пірім .
Айдабол мен Күліктен- шыққан затым,
Мәшһүр деген– бір лақап, Жүсіп- атым.
Орта бойлы, қой көзді, пітір(піти) мұртты,
Аққұба, бидай өнді қиapatым.
Жылым- қой, тоғыз беске келіп жасым,
Жарастықты, көрнекті сақал, шашым,

Жел қайықтай жел сөзге есуші едім ,
Тұрған күнде: “домалап өрге тасым!”
Әкем Көпей- жетпіс үш жасында өткен,
Дін жолына жас күнде бізді үйреткен.
Өзі жастай тарикат жолын іздеп,
Әбілқасым ишанға қызмет еткен.
Бабамыздың аты екен- Шермұхаммед,
Құдайға - құл, нәуиге(нәбиге) болған үмбет.
Балаларын оқуға сүйрейді екен,
Екі қолдап жетелеп, қылып һұммет.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) - көрнекті ақын, публицист, этнограф, ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алар орны ерекше. Жас кезінде Шығыс әлемінің білімімен сусындаған, кейіннен орыс тілін меңгеруі арқылы Батыс өркениетінің де ғылыми жаңалықтарымен танысқан ол тарих, этнология (шежіре нұсқалары), фольклористика (жинастырған ауыз әдебиет үлгілері), әдебиет (ақындығы), тіл тарихы, этнография (қазақ халқының салт - дәстүрі туралы шығармалары), философия, медицина (емшілік, дәрілік өсімдіктер туралы), космология ғылым салаларына арналған еңбектерді жазып қалдырды. Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы Баянауылдағы Қызылтаудың Найзатас деген жерінде ережеп айы, жұма күні, бесін кезеңде Көпей шаңырағында дүниеге келді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев әкесі Көпейдің 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, Баянауылдың Қызылтау деген жерде, қыс түнінде, қыстауда, 1858 жылында, қазақша жыл аты «қой», арабша ай аты «ережеп» деген айда, жұма күні, түс бесін уақытында дүниеге келді. Туғанда азан шақырып қойылған есімі - Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса - дастандарды айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған М. Шорманұлы Адам Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен», - деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді.

1858 жылы қыста Көпей Сермұхаммедұлы керуеншілікте жинаған табысына мал алып, Қызылжардан көшіп келіп, Қызылтауға қоныс тебеді. 1861ж. Адам Жүсіп 3 жасқа толғанда, әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шығады. Сонда Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», - деп , ұлы Адам Жүсіпті оқуға беріп, ол Баянауыл медресесінде Қамар (Хамариддин) хазыреттен білім алып, оқуын жалғастырып, 1872-1874 ж. Бұһарадағы «Көкілташ» медресесінде

ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгереді. Еліне оралған соң екі жылдай (1833-1835жж.) өз ауылында балаларды оқытып табыс табады. Тұрмысы түзелген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1887, 1885, 1907 ж. үш мәрте Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарқанд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады.

Орта Азия қалаларына шеккен сапарларының тағы бір құнды нәтижесі - сол өңірлердегі тарихи әңгіме, аңыз, шежіре сөздерінің жазылып алынуы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі дерек жинастыру қызметін ерте кезден бастаған. Ә.Х. Марғұлан хаты бойынша, «Ер Олжабай батыр» жырын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 7 жасар бала кезінде 1865 ж. Сақау ақыннан айтыуан жазып алған. Бұған ұстазы Қамар хазіреттен қисса - дастандары қағаз бетіне көшіріп түсіруі де әсер еткен. 1887 ж. Бұхар сапарының барар жолында Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи, Ташкенттегі Зеңгі Ата кесенелерін көріп, қайтар жолында Шу мен Сырдария, Ұлытау, Кішітауды, Есіл мен Нұраны асықпай аралап сапар шегеді.

Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы патша манифесінің арқасында үш бірдей кітабын («Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамаша-мыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі?») 1907 жылы жарық бетке шығарып үлгерді. Ғалым бұл мезгілде саяси-қоғамдық өмірмен байланысын үзіп, ақындықпен қош айтысып, «Қазақ түбі» үлгілерін (шамамен XX ғ. 20 жылдары) құрастырып жинақтай бастайды. Саяси күрестің шиеленіскен жағдайда, 1921 ж. ортаншы баласы Әмен Ташкентте қаза болып, МәшһүрЖүсіп Көпейұлы көтерілісші қазақ жастарының тобына кездесіп, солардың ескертуінен соң, Ташкентке бармай орта жолда қайтып оралуға мәжбүр болады. 1931 жылы Мәшһүр Жүсіптің қайтыс болғаны туралы хабар ел арасына жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <http://visitkazakhstan.kz/kk/guide/information/12/0/>

2 https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B0%D1%8F%D0%BD%D0%B0%D1%83%D1%8B%D0%BB_%D0%B0%D1%83%D0%B4%D0%B0%D0%BD%D1%8B

3 «Мәшһүрдің өзін таныстыруы» өлеңі

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МӘДЕНИЕТІНЕН: ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

ОНДАБАЕВА А. Е., НҰРСАҒАТОВА А. М.

«№47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, ШҚО, Семей қ.

Кез келген халықтың өмір сүріп жатқан тұрғылықты жерінің геологиялық құрылымына сай оның өнері мен мәдениеті де дами түсті. Қазақ халқының ұлттық киімі мен қолөнерінің қалыптасуына елдің экономикалық сауда-саттық, климаттық және әлеуметтік жағдайлары мен діни сенімдері әсер етті. Онда халықтың әсемдік талғамы, өмір алты, өткендегі әлеуметтік хал-ахуалы айқын сезіледі. Түр-түсі, пішімі жағынан қазақтың киім-кешегі әлеуметтік топтардың бәріне бірдей ортақ. Пішімі қарапайым болғанымен, сан алуан әшекейлерімен, дала жағдайына ыңғайлылығымен, сондай-ақ, әр киімнің өзіне тән медициналық маңызының болуымен ерекшеленеді. Осы аталып өткен ерекшеліктердің ішіндегі ең қызықтысы және жетік қарастырылмаған ұлттық киімдеріміздің медициналық маңызын зерттеуді мақсат етіп отырмын [1,13-6].

Қазақтың ұлттық киімдері - Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі ел қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасы. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол - біздің ұлттық мәдениетіміз.

Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан керуен жолдары біздің дәуірімізге дейінгі III-II мың жылдықта басталғаны белгілі. Керуен Қазақстан жерін басып өтіп, Отырар, Тараз, Испиджаб, Яссы, Сауран, Жент, Каялық, Баласағұн және тағы басқа сол кездегі қалалар арқылы өткен. Сондықтан да қазақ халқының киім үлгілерінің қалыптасуына осы Ұлы жібек жолының да әсері болды.

Қазақтың ұлттық киімдері халқымыздың ақыл-ойы мен биік эстетикалық талғамының жемісі. Басқа ұлттық киімдерді былай қойғанда, қазақ халқы ежелден шапанды, камзолды, такия мен бөрікті айрықша киелі киім санап, қадір тұтқан. Әсілінде, халқымыз ерте заманнан бері ұлттық киімдерді кімнің болса, соның иығына жауып, қалай болса, солай сыйға тартуды қаламаған. Керісінше, ел басқарған хандар мен сұлтандар қазақы қалыптың, ұлтымыздың айрықша белгісіндей болған шапанды әсте иықтарынан тастамаған. [1,102-6].

Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер арасындағы рулардың аттарымен аталады. Мысалы: адай бөрік, арғын тымақ т.б. Кейде географиялық ортаға байланысты да ерекше мәнер үлгіге бөлінеді. Мысалы: қоңырат үлгісі, Жетісу үлгісі т.б. Мұндай бөліп атау киімдердің кеңдігі, ықшамдылығы, бойға қонымдылығы және әшекейлеу мәнерлерінің ерекшеліктеріне қарай да ажыратылады [2,46-6].

Қазақтың ұлттық бас киімдеріне тоқтала кетсем:

Сәукеле – ұзатылу тойында киетін қалыңдықтың бас киімі. Оны ұзатылған қыздар жіне оның жанынаертіп жүрген нөкерлері киген. Сәукелені жас келіншек той-думандарға, мереке-жиындарға да киіп баратын болған, ал кей жерлерде келіншек тұңғыш баласын босанғанша киіп жүруге болады деп есептеген. Ә. Марғұлан өз еңбектерінде: «Сәукелені жас келін бір жылдай киіп, онан кейін 4-5 жылдарда тек сән-салтанаттарды, үлкен жиындарда киген», – деп жазған.

Сәукеле көбіне күрең немесе шымқай қызықл барқытпен тысталған жұқа киізден арт жағы биіктеу етіп пішілетін де төбесі күміс зермен кестеленген шашақты табақшамен жабылып, алтын жалатқан күміс шытырлармен, лағын – жақұт қондырылған тәжімен екі жағына бірдей төгілетін маржан, інжу, перуза моншақтарын тізілген жақтамалармен безендірілетін.

Сәукелеге міндетті түрде жұқа ақ желек ілетін болған. Осы беташар айтылғанда қалыңдықтың жүзін, бүкіл денесін жауып төгіліп тұратындықтан, қыздық дене пішімін өте нәзік, сымбатты етіп көрсеткен.

Сәукеленің негізгі бөліктері – төбе, құлақбау, бет-моншақ, жақтама, оны алтынмен, күміспен әсемдеген. Сәукеленің биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады.

Бөрік – қазақтың ертеден келе жатқан бас киім. Оны бағалы аң терісінен және жас төлдің елтірісінен тігеді. Бөріктің жаздық және қыстық түрлері болады. Терінің түріне қарай ол: құндыз бөрік, сусар бөрік, елтірі бөрік т.б. деп аталады. Бөрікті ерлер де, қыздар да киеді. Оның төбесіне үкі, жіібек шашақ тағып, зер жіппен, жібек жіппен кестелеп, меруерт, маржан тізбелер, алтын, күміс түймелер қадайды.

Бөрік қыстық бөрік (жүн немесе мақта салып тігіледі), жаздық бөрік болып екіге бөлінеді. Аңның терісімен немесе қымбат матамен тысталады. Аңның терісіне қарап оларды құндыз бөрік, көмшәт бөрік, түлкі бөрік деп атайды. Қыздар киетін бөріктің төбесі төрт

сайлы болып келеді және үкі тағылады, асыл тастармен көмкеріліп, күміс теңгелерден салпыншақ тағылады. Қазақта әшекейлі, үкілі бөрікті сал-серілер де киген.

Кимешек – бұл әйелдердің бас киімінің төменгі бөлігі, жоғарғы бөлігі шалма деп аталады. Қазақ әйелдер бұл бас киімінің екі бөлігін де ақ матадан тіккен. Кимешекті кестелермен, маржандармен, түрлі бағалы тастармен безендірді. Тіпті күнделікті киетін кимешекті де әшекейлеп тікті. Тек жесір әйелдер кимешекті әшекейсіз киген [1,27-6].

Бешпент түзу силуетті, қондырма жеңді немесе жейде жеңді болады. Олар ілгекті және түймелі жасырын түймелермен немесе қапсырмамен түймеленеді. Аса сәнді камзолдар мен бешпенттер тығыз кестемен, біз кестемен, баулармен кестеленген және олардың кестелері моншақпен, шыны моншақпен, жылтырақ түймемен, ызбамен, оқамен қосымша әшекейленеді [2,55-6].

Ұлттық киімдердің ең көп тараған түрі – шапан. Ол түзу силуетті, орташа көлемді, жейделік қондырма жеңді немесе тесікті ойынды жеңді. Шапандар қаусырмалы, белбеусіз болады. Шапан ұзындығы тізеден тобыққа дейін өзгеріп тұрады.

Шапан – қазақ үшін өте сыйлы киім. Оны қалың матадан қазақтың ою-өрнегін салып, астарлап сырып тігеді. Шапандар өртүрлі тігіледі: сырмалы шапан, қаптал шапан, қыз-келіншектерге арналған қималы шапан. Шапанды ерлер де, әйелдер де, балалар да киеді. Қазақ халқында сыйлы қонаққа шапан жабу дәстүрі әлі жалғасып келеді.

Ұлттық аяқ киімдер:

Мәсі – әрі жеңіл, әрі жұмсақ аяқ киім. Ол әсіресе тазалық үшін аса қолайлы. оны былғарыдан, шегіреннен, құрамнан тігеді. Мәсінің сыртынан кебіс не ластық киіледі. Көбінесе мәсінің қойыпты астарланып, көмкеріледі. Ал ұлтаны жалаң қабат болады. Ол тарамыспен ішкі жағынан жөрмеп немесе жара шаншыл өбістіре тігу арқылы ұлтарылады.

Кебіс – мәсінің сыртынан киюге арналған, былғарыдан тігілген қонышсыз аяқ киім. Тігілуіне, жайпақтығына қарай көксауыр кебіс, шоңқайма кебіс, шекшек кебіс деп атаған. Жайпақ кебісті ер адамдар киген. Көксауыр, шоңқайма, шекшегібар кебістерді қыз-келіншектер киетін болған. Бұрын кебісті галош орнына киген. Басын жұмсақ қара былғарыдан, табанын қатты ұлтанның жасаған, биік өкше етіп тіккен. Оны оюлармен әшекейлеп, шажамайымен өкше сірісін, тұмсығын сыздықтап күміс, зер жіппен әдіптеген.

Кебістің қарт кісілерге арналған шолақ қонышты жайтабан, кең ауыз деп аталатын түрлері де бар. Ер адамдарға арналған кебісті көннен немесе қалың былғарыдан түзу табан етіп тігеді, өкшесі биік болмайды. Әдетте, еркек етіктері мен кебістерінің өкшесіне темірден нәл қағады. Әйелдерге арналған кебістер түрлі түсті жұқа былғарыдан тігіліп, биік өкше қағылады, әрі түрлі жібек жіптермен кестеленіп көркемделеді. Мұндай әсем кебісті ұзатылатын қыздарға арнап жасататын болған. Кебісті, әдетте, ерлер де, әйелдер де мәсімен киеді.

Көк етік – бұл қалыңдықтың етігі. Қалыңдықтың етігі де басқа киімдермен қатар арнайы тігіледі. Етіктің өкшесі биік, табаны ағаш шегемен шегеленіп тігілген. Қонышы өңделген теріден түрлі өрнектер салынып, көкшіл бояуға боялып, әсемделеді.

Былғары етік қара, сары, қызыл түсті бояулармен боялады. Қыз-келіншектер қызыл түсті былғарыдан ою-өрнектеп тіктірген етік киген. Оны «сапиян етік» деп атайды. Ал мырза сал-сері жігіттер қара түсті былғарыдан, оюлатып етік киюді әдет еткен, оны «саптама етік» деп атаған.

Мықшима етік – өкшенің түбі жуан, жер басар жағы жіңішке, тұмсығы жоғары қарай қайқы келген биік өкшелі саптама етіктің түрі. Оны да байпақпен, шұлғаумен киеді. Мықшиманы бұрын жас жігіттерге, ойын сауықшыл серілерге арнап тігетін. Оның қонышын өкшелігін көксауырлап тұмсығына қатырғы салады.

Жоғарыда айтылып кеткен саптама етіктің тағы бір түрі – шоңқайма етік. Оның өкшесі биігірек, өкше сірісі аласа, тұмсығы үшкір, қонышы тізеден асады. Кеңдігі саптаманың кеңдігіндей. Қонышы екі жақ жағынан жармаланып тігілген. Сондықтан оны кейде, «жарма қоныш» деп те атайды. Көмкерме байпақпен, шұлғаумен киеді. Шоңқайманы сәнге кию үшін, жай саптамадан көрі әдемілеп, өкшелігін, оймасын кестемен өрнектеп тігеді.

Халқымыздың ұлттық киімі – мәдени мұрамыз. Ұлттық киіміміз әлем халқының алдында ұлтымыздың ерекшелігін танытады, өнерімізді паш етеді. Ұлттық киімімізді өнер туындысы деп қарасақ та болады. Ол атадан балаға мирас болып келе жатқан байлығымыз. Ендеше ұлтымыздың бет-бейнесі болып саналатын ұлттық киімімізді қастерлеу, дамыту бүгінгі ұрпақтың еншісінде. Әсіресе, әр киімнің өзіне тән денсаулыққа пайдалы ерекшелігі болса, неге оны барлығына білмеске?

Сонымен, жоғарыда аталған ұлттық киімдердің адам денсаулығына медициналық маңызын көрсетсек:

Биік бас киімдер: жоғарыда аталған сәукеле, бөрік туралы айтар болсақ, мысалы, қазіргі таңда ондай биік бас киімдерді тек қана жұмыс орнында аспаздар, дәрігерлер киеді. Оның мәні – бастың төбесі мен бас киімнің арасында вентиляция жүреді, яғни аспаздардың асханада ыстықтамауы мен дәрігерлердің суық мәйітханада тоңбауы ескерілген. Басқа сөзбен айтқанда, ауа температурасының өзгергенімен биік бас киім киген адамда тұрақты, бірқалыпты температура сақталады. Сондай-ақ, бұл тұрақты температура қан қысымы, яғни гипертония немесе гипотония ауыруларына шалдығудан сақтайды.

Ал, кимешектің медициналық маңызына тоқталар алдында, оған сипаттама берер болсақ, ол ақ матадан тігіліп, жиегі астарланады. Мұндағы кимешектің медициналық мәнді бөлігі иекті айнала, маңдайды жауып тұратын шықшыт. Сонымен, адамның дене мүшелері арасындағы ең осалы – мойын. Ауруларға шалдығу осы мойыннан басталады. Ортаның салқын ауасын сезетін ең көп рецепторлар осында орналасқан. Мойынға суықтың тиюі ангина, тамақ аурулары, остеохондроз сияқты ауруларға әкеліп соғады. Сол себепті оны барынша суықтан қорғауға тырысу керек. Қазіргі таңда, дәрігерлер мойынды салқыннан сақтау үшін мойынорағыштар, шәлілер тағуға кеңес береді. Ал, қазақ даласында бұл аурулардың тіпті аты да белгілі болмаған.

Белден, тізеден төмен камзол, бешпент, шапандар барқыттан тігіліп, астар мен екі араға жұқалап жүн, мақта салынып, сырылады, сондықтан да суық, я болмаса ыстық ауаны өзіне қабылдамайды, сондықтан бүйрек үнемі жылыда болады. Яғни, суықтан болуы мүмкін бүйрек аурулары да қазақ ұлтына қауіп төндірмеген.

Ал енді аяқ киімдерге тоқталар болсақ, жоғарыда аталғандардың барлығы (мәсіден басқасы) биік өкшелі аяқ киімдер, яғни сол кездегі ер адамдар да, әйел адамдар да міндетті түрде 3-5 сантиметрлік өкшесі бар аяқ киімдер киген. Оның медициналық мәнін дәрігерлер қазір ғана айтып, өкшенің биіктігі 3-5 сантиметрден төмен де болмауы, аспауы да керек деп ұсынып отыр. Омыртқа аурулары, күре тамырдың ұлғаюы, майтабан ауруы (плоскостопие) сияқты ауруларды болдырмау, осы биік өкшелі аяқ киімдерге байланысты. Яғни, бұл да қазақтармен таңғаларлықтай ескерілген.

Біздің халқымыздың, тіпті әшекей-бұйымдарында да өзіндік медициналық пайдасы бар. Олар, көбінесе, күмістен соғылғаны мәлім. Енді, күмістің адама ағзасына пайдасын айтар болсақ, көптеген зерттеулер барысында, күмістің антибактериалды қасиеті

анықталды. Күмісті бір қалыпты пайдалану иммунитетті қолдау, эритроциттер мен гемоглабиннің деңгейін көтереді. Сондай-ақ, күмістен құйылған зергерлік бұйымдардың өмірлік тонусты қолдайтын, шаршағанды басатын, сабырлылықты арттыратын қасиеті бар [3,26-б.]

Әшекей-бұйымдарды айтқанда, шашбауға тоқталмай кетуге болмайды. Себебі, оның күмістен соғылып, жоғарыда айттық пайдасынан басқа, тағы бір атап өтуге тұрарлық пайдасы бар. Ол: шашбаудың басты артқа тұратын салмағы бар, сондай-ақ қазақтарда шашбауды сылдыратқан қызды «тәрбиесіз» деген, сол үшін қазақтың қыздары кер маралдай керіліп арқаларын тік ұстаған. Ол да қыздарымыздың омыртқа ауруларына (сколиоз) шалдығудан сақтаған.

Ойымды қорытындылай келе, халқымның ұлттық киімдері сырт бейнесімен де, климаттық жағдайларға да, әр киімнің өзіне тән денсаулық үшін атқарар қызметінің бар екендігі мақтан етуге тұрарлық жағдай, сондықтан оны жалғыз Қазақстанға емес, бүкіл әлемге паш етіп, текті, рухты, шебер халқымның рухты ұрпағы екендігімді дәлелдегім келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жолдасбекова С.А. Костюм тарихы. Триумф «Т», 2007. Б. 166-182.
- 2 Қазақ халқының ұлттық киімдері. Алматы кітап, 2007. Б. 54.
- 3 <http://silverartos.ru/information/5.html>
- 4 Н.Ә. Назарбаев Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы: 2012
- 5 Захарова И. В., Ходжаева Р. Д. Казахская национальная одежда. (XIX-начало XX века), Алма – Ата: Наука, 1964 с.
- 6 Шойбеков Р.Н. Бас киімдер және олардың әшекейлері // АТ 1991. 18 сәуір. 8 бет.
- 7 Н. Ә. Назарбаевтың “Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына” атты лекциясынан. // Егемен Қазақстан. Алматы, 2006.

ҚҰТТЫБАЙ БИ

ОРЫНБАСАР А. А.
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бірлік ауылы
МҰРАТБАЙ Т. Ч.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

*Қазақтар кең далада жел жетпес жүйрік
мініп дағдыланған, бірақ қажет болса,
Қыздардың 165 түрлі есімдері бар. Ең көп кездесетіндер: Аружан, Айдана, Камила, Аяулым. Жалғыз ғана есімдері бар қыздар саны: 108. Өлкемізде сирек кездесетін есімдер: Сабрина, Анаэль, Минура, Рания, Лағыл, Лунара, Бірғаным, Ясира, Сұлуке, Ұлпан, Аяш, Лия.

2.2 Мектепте сирек кездесетін есімдер, олардың мағынасы.

5-сынып оқушысы Қарақаттан өз есімінің мағынасын сұрағанда:

«Қарақат деген ат –жидек деген мағынаны білдіреді. Ал ауыспалы мағынада Қарақат – тәтті, әдемі қыз. Қарақат жидек

сияқты ыстыққа шыдамды. Сондықтан да менің есімімді Қаракат қойыпты»

9-сынып оқушысы Минурадан «Сенің есімін қандай мағына білдіреді?»

Минура: «Негізінен Минура араб тілінен аударғанда «жарқын» деген мағынаны білдіреді. Ал, менің есімімді ағам қойған. Менің үш ағам бар: Еламан, Мейірман және Нурлан. Сол ағаларымның әр атының бір буыннан алғанда, менің атым шықты. Минура деген есімді қойғанда, қыздың жақсы болуын және жақсы ана болуын көздеп, ырымдап қойған»

Аруанадан сұрағанымызда: «Менің атымның мағыналары көп. Менің атымды әкем қойған екен. Маған өз атым ұнайды. Атымды халық есімі деп айтуға болады, себебі ол сирек кездеседі. Негізінен сіздер сұрақ қойғанда ғана неге менің осылай аталады?, бұрыннан неге іздестірмедім? Сұрамадым деп көп ойға шомылдым, сіздерге рахмет!»

Ырысты деген есім қандай мағынада қойылды?

«Сәлем менің атым Ырысты! Маған есім таңдаған кезде әртүрлі аттарды ұсынған еді. Соның ешқайсысы ата-анама ұнамады. Бір мезетте әпкем Сәуле «Ырысты» деген есімді таңдады. Ырысты деген есім еліміз бай болсын, молшылық болсын деген тілектермен таңдалған еді. Өз есімімді мақал-мәтелдерден жиі естіп жүремін және ол маған ұнайды»

Лияның жауабы: «Менің есімім – Лия. Менің есімімді сүйікті, ардақты Балғабай атам қойған. Атамның айтуынша, Лия деп қойған себебі, атамда екі ұлдың ортасында, Әлия деген қызы бар, яғни менің әпкем. Әлиядай сымбатты, ақылды болсын деп еліктеп қойған екен. Сонымен қатар Ресей әртісі, қоғам қайраткері – Лия Ахетжаковаға тартып, елінің абыройын шығаратын ел еркесі болып өссін деген. Маған Лия есімі қатты ұнайды. Ер жетіп өскенде, атыма –затым сай болып, елімнің елеулі, халқымның қалаулы азаматшасы болып, елімнің көркеюіне бар күшімді саламын. Адамға қойылған есім – оның өмір жолына мәңгі серік болады»

Лағыл өте ерекше есім, мағынасы қандай екен?

«Өмірге келген жас бөбек, сәбиге жарасымды ат қою, есім беру – ертеден келе жатқан дәстүр. Осы салтты сақтай отырып төтем маған «Лағыл» есімін берді. Өсе келе, мені өзімнің есімімнің қандай мағына беретіні туралы қызығушылық таныттым. Сөйтіп, ең жақын адамым – анамнан есімнің мағынасын сұрадым. Анам маған: «Сенің есімің өте ерекше, көп кездеспейді. Сол себепті көпшілік таңғалып жатады»-деді. Және «Лағыл» асыл, қымбат тастардың бірі екенін,

қызыл түсті екенін, көп әндерде, өлең шумақтарында кездесетінін айтты. Мен өз есімімнің ерекше болғанына қуанамын»

Шакира, бұл есім сізге шет елге еліктеп қойылған есім бе?

«Иә, мен туылған жылы Шакира өте жарқын жұлдыз болып, жаңа танылып жатқан болатын. Соған байланысты қойған. Бірақта, әжем кейін «Жоқ, ол есімнің өз мағынасы бар» деп, маған былай жауап берді: «Шакира атының арғы-тегі парсы елдерінен бастау алады, қазіргі кезде көбінесе араб елдерінде қолданылады. Шакира –Шакир атының аударылған нұсқасы болып табылады. Араб –парсы тілдерінен аударғанда «ризашылық, шүкіршілік» деген мағынаны білдіреді. Шакира есімін «Құран Кәрім» кітабының беттерінде кездестіруге болады. Осы аттың кішкентай иегерлері жастайынан дарынды болып өседі, көбінесе өнерге деген құштарлығы байқалады. Мінез құлығында айтқанынан қайтпау, дегеніне жету, екпінділік қабілеттері сипат алады» Мен бұл жауапты естіп өте қуандым. Себебі, адамның есімі оның өмірі мен тағдырында үлкен рөл атқарады. Сондықтан, жаңа туған сәбиге ат таңдау рәсіміне үлкен жауапкершілікпен қарау керек»

АИДА – ғалымдар бұл есімді француз мысыртанушысы Огюст Мариеттің ойлап тапқанын айтады. Ғалым италиялық атақты сазгер Джузеппе Вердиге «Аида» операсын жазуға ықпал еткен болатын Бүгінде бұл есім әлемнің барлық халқында бар. Аида - араб тілінен аударғанда пайда, сыйлық беру деген мағынаны береді. Қазіргі уақытта қазақ қыздарына көп қойылатын есімнің бірі.

«Абдуллаһ – Алланың құлы. Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) әкесінің есімі Абдуллаһ болған. Алланың құлы болсын деген ниетпен есімімді Абдуллаһ қойған екен»

Ихсан – мейірімді, жақсы, мейірбандық танытушы, көмектесуші.

Хусейн – сымбатты, жақсы. Хасан мен Хусейн – Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сүйікті немерелері. Алла Елшісі олар туралы: «Хасан мен

Ерасыл – қазақтың «ер» (жаужүрек батыр, қаһарман) және «асыл» (қасиетті, аяулы) сөздерінің бірігуінен құралған есім. Қазақ шыр етіп дүние есігін ашқан ұл балаға «асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы болсын» деген ниетпен осы ныспыны ырымдап қойған. Сирек кездесетін есімдер санатында. Ел жадында Қаракерей Қабанбай батырдың шын есімі ЕРАСЫЛ екені жатталып қалған.

Тұрлыхан: «Менің атымды әжем қойған. Яғни арғы атамның аты Тұрлы болған екен. Ол кісі би, шешен болған. Сондықтан атама ұқсасын деп есімімді Тұрлыхан қойған.

Азимхан : «Менің атымды төтем қойған. Азимхан арабшадан аударғанда «Ұлы хан» деген мағынаны білдіреді. Төтем түс көріпті. Түсінде оған бір адам келіп айтыпты: «Мен білемін ертең сіздерде ұл туады, сендер оның атын Азимхан» деп қойыңдар» депті.

Амина: «Амина деген есіммен мектебімізде 9 қыз бар. Маған өз есімім ұнайды. Негізгі мағынасы Әмина — сенімді, адал Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) анасының есімі болғандықтан, әжем менің есімімді осылай қойған екен»

Сабира: «Менің есімім мектебімізде жалғыз екен. Өте қуаныштымын. Сабира деген есім негізінен шыдамды, сабырлы деген мағынаны білдіреді. Дегенмен, есімімді атам қойған, менің атамның әжесінің есімі Сабира болған. Ол кісі сөзге шешен, пысық адам. Сол әжеме тартсын деп, атам ырымдап қойған екен»

Өз сыныптастарымыздан сауалнама (54 оқушы қатысты) алғанда, жауаптары осындай болды:

1.Өз есімің ұнай ма?

Ұнайды – 54

Ұнамайды - 0

Яғни сауалнама алған барлық оқушыларға өз есімдері ұнайды екен. Бұл да қуантарлық жай деп ойлаймыз. Өйткені әр адамға өзіне қатысты нәрселердің барлығы қуаныш әкелуі қажет деп ойлаймыз. Сонда ғана алдына қойған мақсатына жету жеңіл болады.

2. Өз есімің жайлы білесің бе?

Білемін – 45

Білмеймін – 9

Бұл сауалнамадан кейін біз достарымға есімдері туралы мәліметтер беріп, әрбір баланың есімінің мінезі мен тағдырына қаншалықты әсер ететіндігін білуіне көмек жасауды ұйғардық.

Қазақ халқы ежелден жаңа туылған нәрестеге ат қоюға қалай болса солай қарамаған. Кез келген ата-ана шыр етіп дүниеге келген өз сәбиіне ең жақсы, көркем есімді қоюға тырысатыны анық. Әрбір ата-ана баласына ат қоярда өзіне жүктелер жауапкершілікті жете сезініп, оған сақтықпен қарап, он ойланып, жүз толғанып, сәбиіне есімді жақсы тілек-ниетпен, үлкен арман-мақсатпен қояды. Өйткені есімдердің адам өмірінде маңызы зор. Әр адам өзіне қойылған есімге лайық өмір сүргісі келетіні анық. Сондықтан қазақ халқы түрлі есімдерді ырыммен, салт-дәстүрге негіздеп қояды. Мектебімізде жақсы мағына беретін есімдер өте көп. Жаңа туған сәбиге есім таңдауға қазақтан дана, қазақтан шебер халық жоқ. Алайда, соңғы жылдары еліктеуден туған есімдер Қазақстанда көбейіп кетті.

Өзіміздің ірі тұлғаларымыз емес, шетелдің танымал жұлдыздарының (Алсу, Шакира, Инзара) есімін қою көбейіп бара жатыр.

Қазақ халқының сыпайылық, сыйластық, әдептілік көрсету мақсатында жанама ат қоюы ұлттық болмысымыздың тілдегі көрінісі мен халықтық таным-талғамын айқындайды. Қазақ есімдері қарым-қатынас құралы ретінде ғана қолданылмай, қазақ халқына тән тума қасиеттерді жинақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал ретінде танылады. Қазақ сонымен бірге баласына ел ішіндегі қол бастаған батырлар мен сөз бастаған шешендердің, ақындар мен билердің, қолбасшылардың (Ерасыл, Әбілмансұр, Абылайхан, Есімхан), қысқасы, беделді, сыйлы кісілердің аттарын қоюға тырысқан. Үлкен арман-тілекпен қойған атымыздың не мағына беретінін білу маңызды нәрсе болып саналатынына көз жеткіздік. Ал сол есіміміздің қатесіз дұрыс жазылуы одан да маңыздырақ. Қазақ тіл білімі дамыған заманда өз аты-жөнімізді сауатсыз жазсақ, білімсіздігімізді көрсетпей ме?! Мысалы Ділде деген есімді, Дильдана деп жазу. Алия әпкесіне ұқсасын деп Лия деп қою. Біреулер үшін еленбейтін ұсақ-түйек болар, біз үшін, жаңарған заманның жас ұрпақтары үшін, бұл ар-ұятымызға тиіп, намысымызды оятады. Осылайша ғылыми жұмыстарға қадам жасап, талаптана берсек, өзге тілдің қосымшасынан де арылып, өз есімімізді дұрыс айтып, сауатты жазуға да қол жеткізерміз. Және оқушыларда болашақта өз ұрпақтарының есімдерін дұрыс қоюы мүмкін деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жанұзақов Т, Есбаева К. Қазақ есімдері (анықтама сөздік). – Алматы: Ғылым, 1988. – 480 б.

2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том./Құраст.: Б. Әбілқасымов, С. Бизақов, Ә. Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011.– Д-Ж. – 752 бет.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

4 Сомжүрек Жұма-Назар. Алланың 99 көркем есіміне 99 көркем жыр. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2012. – 160 б.

5 Қалиев Ғ.Тіл білімі терминдерінің сөздігі.– Алматы:Фирма«Орнак»ЖШС,2012.– 388

6 Антропонимика. Сборник статей. – М., 1970. –174 с.

7 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь». 2006. – 264 б.

8 Букетов Е.А. Об академике Сатпаеве. – Караганда: Полиграфия, 1994. – С. 124.

9 Саткенова Ж. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 23 б.

10 Жанұзақов Т. Кісі аттарының байыпты зерттеушісі // Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 105 б.

ӘЛЕМДІК БРЕНД – «ҚАЗ ҚОНАҚТЫҢ» МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

СУЙНДИК И. Р.

оқушы, №35 ЖОББМ, Павлодар қ.

ЖАРКИНА К. Қ.

бастауыш сынып мұғалімі, №35 ЖОББМ, Павлодар қ.

«Қаз қонақ» палеонтологиялық ескерткішкі сақтау мәселесі қазақстандық палеонтоғ ғалымдар үшін өзекті мәселе болып тұр. Өткен ғасырдың 50 жылдарынан бері бұл мәселені бұқаралық ақпараттық құралдар арқылы ғалымдар жиі көтеріп келеді. Жалпы, Кеңес дәуірінде «Қаз қонақ» аймағы көп зерттелгенімен, ол жерден табылған археологиялық құндылықтарды шетелдік ғалымдар өздерімен вагондап алып кететін болған. Біріншіден, ол уақытта Павлодарда өлкетану мұражайы, екіншіден, ғылыми ұйым болмапты. Осы екеуі жұмыс жасаған жағдайда бөлкім палео қалдықтар күні бүгінге дейін сақталар ма еді деген өкініш бар [1, 104 б.].

«Қаз қонақ» табиғи ескерткішінің палеонтологиялық ескерткіш ретінде сақталуына ерекше өз үлесін қосқан биология ғылымдарының докторы Валерьян Бажанов болды. 1948 жылы өңіріміздің «Қаз қонаққа» қатысты жағдайы өзгерді. Қазақстан палеонтологиялық ғылымының негізін қалаушы Валерьян Бажанов мемлекеттік билікке республикамыздан гиппариондық фаунаының шетелге шығарылмауын өтініп хат жолдады. Сондай-ақ, «Қаз қонақты» мемлекеттік қарауға алуды да қоса өтінді [1, 4 б.].

Нәтижесінде табиғи ескерткіш 1971 жылдан бері заңдық тұрғыдан республикалық деңгейдегі табиғи ескерткіш саналады (Қазақ КСР Министірлер Кеңесінің 1971 жылғы 7 желтоқсан № 672 Қаулысы). Алайда осы уақыт арлығында тәжірбиелік тұрғыдан еш жұмыстар атқарылмаған екен [1, 47 б.].

Бұл көне ескерткіштерді жіті зерттеуді ғылымнан бұрын, табиғаттың өзі талап етеді. Әр көктемде өзен тасып, өзен де оңға

қарай жылжып барады. Бұл Қаз қонақ аңғарына су жақындап келеді дегенді білдіреді. Судан бөлек тұрғындардың тастайтын қоқыстары естеліктің өміріне зиян келтіруде.

Жыл сайын Ертіс жағалауын су тасқыны шайып өтеді. Табиғаттың осы құбылысы қоршалмаған тарихи құндылықтарды да құртып кетеді екен. Ертіс өзенінің шайылып кетуінен бөлек, бұл қазбаларға заңсыз қол салатындар да болады екен. Сүйек қалдықтарын ғаламтор арылы сататындар да бар көрінеді дейді биология ғылымдарының докторы Қанат Ахметов баспасөз бетінде. Демек, халыққа рухани, мәдени, табиғи, палеонтологиялық маңызы зор мекен мемлекет тарапынан қорғау шаралары қолданбаса, құрудың нақ алдында тұр [2, 1 б. 3 б.].

1983 жылы «Қаз қонақтың» орналасқан жерінде Ертіс арқылы өтетін жүргінші көпір салу жоспарланған. Құс өткелінің сақталып қалуына республиканың Ғылым Академиясы мен Пируза Тілеубердина мұрындық болды. П. Тілеубердина бұл жаңалықты ести сала, Алматыдан арнайы Павлодарға келіп, жергілікті билікке шағымданған. Көпір орнына палеонтологиялық саябақ құруды да қоса айтыпты. Көпірді салу жоспары жүзеге аспаса да, табиғи ескерткішті толығымен сақтап қалу да мүмкін болмаған екен [3, 4 б.].

Облысымыздың белгілі сәулетшісі Ертіс Камзин «Құс өткеліне» жанашыр боп жүрген жандардың бірегейі. Ол осы жерде ғылыми-танымдық кешен ашуды да биліктен бірнеше рет сұрады. Тіпті Е.Камзин палеонтологтармен келісілген сәулет жобасын да ұсынды. Ұсыныс бойынша, ғалымдар мен зерттеушілерге жыл сайын қазба жұмыстарын жүргізіп, қалаға келуші туристер мен облыс тұрғындарына саябаққа келіп демалуына болушы еді. Ертіс Камзиннің айтуы бойынша, бір жылдары әлемнің теңдессіз құндылығына айналған аймақты өз пайдасына жарату үшін қытайлықтар мен жапондықтар Керекуге арнайы келсе керек. Бірақ қорғаусыз әрі қоршаусыз, аянышты күйде жатқан жерді көріп, кешірім сұрап, өз ойларынан айныпты [4, pavon.kz].

2001 жылы Құс өткеліне «Егемен Қазақстанның табиғат ескерткіші» мәртебесі берілді. Бүгінде қаламыздағы палеонтологиялық мұра ЮНЕСКО қорғайтын нысандар қатарына ілініп, халықаралық қорғауға алынатыны туралы хабары келді. Мұраны ЮНЕСКО-ның қорғауына алынғаны әрине оның сақталуының мүмкіндігінің арта түсетініне жол болады. Алайда біз осы мүмкіндіктерді пайдаға асыра аламыз ба? [5, egemen.kz]

Бұл туралы pavlodarnews.kz тілшісіне Павлодар облыстық кәсіпкерлік, сауда және туризм басқармасы туризмді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрмағамбетова «Қаз қонақ» ескерткішінің ЮНЕСКО халықаралық ұйымның тізіміне енгізуге бірнеше жыл қажет екендігін хабарлады. Табиғи ескерткішті «Мәдени және табиғи мұра» халықаралық бағдарламасына енгізу – үшін алдымен жергілікті жердің өзінде қорғалу керек екен. Маманның айтуынша, ескерткіш өз тұрғындары тарапынан қорғалмаса, халықаралық қорғалуға ілікпейді. [6, pavlodarnews.kz] Демек, «Қаз қонақтың» ЮНЕСКО-дай ұйымның қолдауына, былайша айтқанда халықаралық деңгейде танылуы мен жарнамалауына өзіміз кедергі келтіріп отырмыз. Сондықтан бізге бұл табиғи құнды нысанды жергілікті билік және тұрғындар тарапынан қорғауға алғышарттар жасауға тиіспіз.

Көптеген батыс қалалары әлемге танылу және туризмді дамыту мақсатында табиғи құндылықтары жоқ қалаларына бренд ойлап тауып, шаһардың өзіндік келбетін жасап жатады. Бұл да үлкен сала. Осы сала мамандары туризмді дамыту үшін жоқтан бар жасап, болмаған тарихи аңыздар да ойлап тауып жатады. Ал бізде табиғаттың өзі сыйға берген – теңдесіз «Қаз қонағымыз» бар. Оны ресми түрде қаланың бренді ретінде қалыптастыру қажет деп есептеймін [7].

Кез келген палеонтолог Қазақстанның Павлодар қаласында «Қаз қонақ» аймағында өте бай мұра жатқанын айтады. Себебі олар бұл ескерткіштің таптырмас әрі қайталанбас құнын жақсы біледі. Көне заманды зерттеушілер аты аңызға айналған осы аймақта қазба жұмыстарын жүргізуді арман етеді. Тіпті, миллиондаған жыл бұрын тіршілік еткен «Қаз қонақтың» мұраларына Жапония мен АҚШ ғалымдары қызығушылық танытып келеді. Мұндай қорғандар Грекияда, Үндістанда, Қытайда, Моңғолияда кездеседі. Бірақ осы аталған елдерде табылған ескерткіштердің сирек түрлері мен сақталуына қарай бірі де «Қаз қонақпен» салыстыруға да келмейді екен [8, 45-46 б-р].

Сондай-ақ, болашақта да көне дәуір естелігін туристік объект ретінде де қолдануға жол ашсақ, шетелдік туристер үшін Павлодар өңірі Қазақстандағы ең танымал және қызықты мекенге айналмақ. Тіпті осы бір көне ескерткіштің өзі қаланың, облыстың бейнесін өзгерте алады. «Қаз қонаққа» қазақстандық бренд ретінде қарау керек, өйткені бұл миллиондаған жылдық тарихы бар ескерткіштің қайталанбас бірегей мұрасы екенін түсінетін кез келді.

«Қаз қонақ» – әлемдегі теңдесі жоқ палеонтологиялық ескерткіш. Мұндай көне мұралардың жер жаһанда бірнеше ғана объектілері бар екені жоба барысында да айттық. Ал Қазақстанда Павлодардан басқа еш аумақта тіпті жоқ. Бұл ескерткіш қаламыздағы, облысымыздағы шетелдік туристерді және ғалымдарды қызықтыратын, еліміздің туристік кластерін дамытуға зор үлес қосатын бірден-бір орын. Және бұл ескерткіш Павлодар облысында болғандығы біз үшін өте тиімді. «Қаз қонақ» әлемдік деңгейдегі ескерткіш. Өңіріміздегі ешбір ескерткіштер мұндай дүниежүзілік деңгейді қамтый алмайды. Сондықтан да ЮНЕСКО бұл палеонтологиялық ескерткішке қызығушылық танытып, оны дүниежүзілік мұралар дәрежесіне көтеріп, қорғауға алғысы келгені бекер емес. Мұраны ЮНЕСКО-ның қорғауына алғаны әрине оның сақталуының мүмкіндігі арта түседі деген сөз. Сондай-ақ, болашақта да көне дәуір естелігін туристік объект ретінде де қолдануға жол ашылады. Демек, біз бұл міндеттерді жүзеге асырсақ, шетелдік туристер үшін Павлодар өңірі Қазақстандағы ең танымал және қызықты мекенге айналмақ. Тіпті осы бір көне ескерткіштің өзі қаланың, облыстың бейнесін өзгерте алады. «Қаз қонаққа» қазақстандық бренд ретінде қарау керек, өйткені бұл миллиондаған жылдық тарихы бар ескерткіштің қатиланбас бірегей мұра екенін түсінетін кез келді.

Мен Павлодар өлкесінің бай тарихымен мақтанамын. Осы уақыт бойына өзімнің зерттеп білгенімді достарыммен міндетті түрде бөлісетін боламын. Болашақта ұлтымыздың мақтанышы, еліміздің құндылығы, табиғаттың сыйы – «Қаз қонақ» жайлы біз білмейтін көп сырлар ашылып, оған лайықты мәртебе мен баға беріледі деген үміттемін. Маңыздысы, біз табиғаттың және тағдырдың бізге берген мүмкіншіліктерін пайдалана білсек жақсы болар еді. Алақаннан сырғып кеткен алтын секілді біз қолда бар дүниелерді қолдана алмай жүргеніміз туған қаламды сүйетін тұрғын ретінде мені қынжылтады. Мәдени, ғылыми, жалпы әлемдік дәрежедегі құнды естеліктер әзірге қолымыздан сусылдап кетіп барады. Егер бұл көне ескерткішке қаржы салса, ертең ол көптеген ұрпақтың пайдасына жарайды. Өйткені мұндай объект басқа еш жерде жоқ екенін түсінген жөн.

Тұрғылықты халық өздерінің мұрынының түбінде тұрған мұраның құнын білмейтіні қалыпты жағдай. Себебі ол оныңкі, күнделікті көріп жүрген әдеттегі жар ретінде көреді. Оның мағынасына да үніле бермейді. Ал мақсат етіп, алыстан іздеп келген жандар үшін «Қаз қонақтың» бағасы қымбат. Қасында

отырған адам оның құнын түсінбейтіні шын. Павлодарлықтар дәл осы жағдайда. Ал ғалымдардың қолы байлаулы. Оған себеп біреу – оларда қаражаттық мүмкіндіктің жоқтығы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Палеонтологиялық табиғат ескерткіштері – табиғи мұра: зерделеу, зерттеу перспективалары және оларды сақтау проблемалары» халықаралық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Павлодар, 2008

2 Санатұлы Е., «Қазақстан Африкасы керекуліктерге керек болмай тұр», «Алаш айнасы» 2009 жыл 21 сәуір.

3 С. «Гусиный перелет» хватит ли сил для старта» Казахстанская правда, 2013 жыл, 18 қаңтар.

4 Куприн В., «Кому нужен Кере Ку», pavon.kz сайты, 2010 жыл, 30 қыркүйек.

5 Быкай Ф., «Табиғат – туған ұямыз!» – дейді павлодарлық «Болашақ бүгіннен басталады» акциясына қатысушы жастар», Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 12 сәуір.

6 Ақмарал Есімханова, «Қаз қонақ» ескерткіші ЮНЕСКО-ның «Мәдени және табиғи мұра» бағдарламасына енгізілмек», 2015 жыл, 1 сәуір. pavlodarnews.kz

8 Орлов Ю.А. «В мире древних животных: Очерки по палеонтологии позвоночных» – 3-е изд. – Москва, Наука, 1989 жыл.

БАЯНАУЫЛ ӨҢІРІНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

СУЛЕЙМЕНОВ А.

8 сынып оқушысы, Тақыр жалпы негізгі білім беру мектебі

Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым-қатынасын және әдет-ғұрыпын танып білуде де бұлардың атқарар рөлі аса зор. Өйткені ол атаулардың бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте қайнасып, ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың шынар ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі.

Әсіресе кең-байтақ, ұлан-ғайыр жеріміздегі миллиондаған жер-су атауларында халық тарихының ізі, халықтың дүниеге көзқарасы, тіршілік қарекеті, әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жобаның көрік бейнесі айқын зерделенген. «Қайда барсаң, Атамекен, көкейінде жатады екен», - деп ақындар жырлағандай, әр адамның атамекен-алтын бесігі жаһандағы барша асылдан қымбат. Өйткені туған Жер-Ана тұнған қазына, ең байлық таңғажайып тарих. Осы орайда халқымыздың абзал ұлы Ш.Уалиханов: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, т.б. есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады», деген болса, М.Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманды сол ортаның сыр – сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», - деп орынды да нақты суреттегені кімнің де болса есінде/1/.

Қандай да болмасын аймақтың топонимиялық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен мол ақпарат беретін географиялық атаулар тобы маңызды сипатқа ие болады. Қазақтың география атаулары жергілікті жердің жер бедері (төмен, бейтарап, көтеріңкі бөлігі) ландшафт ерекшеліктері: өсімдік және жануарлар дүниесі, жайылым түрлері т.б. география нысандарын нақты бейнелеп айқындайды /2/.

Қоршаған ортаны танып дүниенің топонимиялық, бейнесін суреттеуде бірнеше ұстанымдар яғни қағидалар арқылы жүзеге асырылады. Кеңістікті танып игергенде, сол тану, игеру нәтижесін тілде, яғни топонимияда белгілегенде Л.И. Дмитриеваның пайымдауынша үш қағида «жұмыс істейді»: ол- қағидаларды топонимиялық тұлға санасындағы ментальді модель деп те атауға болады – бағыт бағдарлық (маршруттың) модель, шеңберлік (радиалдік) модель, тұрмыс-тіршіліктің кеңістік моделі /3/. Көшпелілерге мал жаю малмен бірге көшіп-қону шаруашылық тұрмыс тіршілігін де кеңістікті игеру, тану, нысандарын атау осы бағыт-бағдарлық (маршруттық) бағдар арқылы іске асырылды. Бағыт-бағдарлық модель негізінде кеңістікті танып, игеріп, нысаналарын атап отырған (этнос) дүниенің төрт тұсын және өзінің соған қатысты географиялық нысандарын бағдарлауды қажет етеді. Осыған орай қоршаған ортаны бағдарлау (Қарауыл шоқы, Найзақара, Қарадің, Діңтөбе) барысында бірқатар географиялық терминдер (аппелятив) мен қатар атаулар қалыптасқанын аңғаруға болады. Е.Керімбаев «Географиялық аппелятивті топонимдерде

географиялық ортаның жан-жақты белгілері, қоғамның рухани, шаруашылық өмірі бейнеленеді» - деп жазды /4/. Сондықтан табиғат жағдайларын бейнелейтін географиялық атауларды топтастырудың топонимиялық, тарихи-географиялық зерттеулер үшін маңызы зор деп білеміз.

Ғ.Қонқашбаевтың пайымдауынша көшпелілердің күн көрісіне жергілікті жердің табиғи жағдайы, жер бедері элементтері: гидрография және климат ерекшеліктері, өсімдік жамылғысының құрамы және жабайы аңдар септігін тигізетін /5/. Топонимдерге аумақтағы қоныстанудың тарихи кезеңдері, адамдардың шаруашылық іс-қимылдары, байырғы көші-қондар мен ұлтаралық қарым-қатынастар, этностардың ареалдары, әлеуметтік-экономикалық факторлар көрініс тапқан деуге болады. Топонимдер қазба байлықтар, тау жыныстарының текстуралық ерекшеліктері жөнінде ақпарат береді. Академик Қ.И.Сәтбаевтің пікірінше, «Мыңшұңқыр», байырғы кен қазба орындарын анықтайды. «Қаратас» халық ұғымында темірі бар, «Көктас» сөзі бұл жерде мыс бар деп топшылауға болады. «Жыланды» атауын сол жерде түсті металдар бар, өңір болу керек деп топшылап, топонимиялық әдісті қолдана білген /2/.

Сарыарқа жері сөз болса, көз алдымызға мидай жазық дала, төбелі шоқылы, аласа таулармен ерекшеленген шежірелі Ұлытау, Қарқаралы, табиғаты өлендерде жырлаған Көкшетау, Баянаула елестейді. Павлодар облысының оңтүстік-батыс бөлігі аласа таулы, ұсақ шоқылы төбелермен ажыратылатын Баянаула, Қызылтау таулары Қазақстанның ең ірі орографиялық нысаны Сарыарқаға сұғына еніп жатыр. Баянаула тау жоталары: Ақбеттау (Баян, Найзатас таулары), Жаксыаула (Жасыбай, Өгелең, Шибет, Малай, Нияз, Киікші, Мырзашоқы, Қызылшын, Қалпақтас т.б.), Жаманаула (Текекүйген, Қазқонған, Шокпартас, Айыртас, Сарытау, Бүркітті т.б.) жоталары тізбектерінен тұрады. Баянаула тау жоталарышығыстан-батысқа 40 км-ге, Жаманаула солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай 11 км, меридиан бағыты бойынша Баянаула (Жаксыаула) 20 км, Жаманаула 6 км-ге созылып жатыр /6/. Жаманаула мен Жаксыаула арасында, осы тау жоталарын бөліп жатқан тау аралық шекара (2км) бар. Бұрын бұл манда Кеңөлен, Үйтккен, Болпаш-Актерек, Бердінің Сырты, Бердінің Қараағашы деген географиялық атаулар болған.

Баянұланың жер бедер ерекшеліктері оның геологиялық құрылысы мен даму тарихы, жер бедерін түзуші факторларға

тікелей байланысты болады. Жеке-жеке төбелер, оқшау жатқан шоқылар, аласа тау жоталары сыртқы үдерістер әрекетінен бұзылып, жер бедерінің басқа да пішіндерімен өзара үйлесім тапқан деуге болады. Оның айғағы Кемпіртас, Найзатас, Үңгіртас, Далба т.б. болып табылады.

Ш.Уалиханов көшпелі қырғыздар (қазақ) туралы: Баянауыл (бұрмаланған атау, нақты тарихи атауы Баянаула, монғолша Баян-Ола) –берекелі, көрікті, бай тау мағынасында қарастырылады. /7/. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазады: «Өлеңті өзенінің аяғында Қараоба, Сарыоба деген екі төбе Қарабай және Сарыбай деген екі байддың қоныс қылған мекені екен. Сол Сарыбайдың жалғыз қызы Баянсұлудың туған жері- Баянаула тауы. Бұл таудың аты –«Баянаула» қойылған себебі, Баян ауылы деп аталып кеткеннен» - дейді /8/. Баянаула (Жаксыаула) Жаманаулаға қарағанда жайылымықұнарлы, суы мол және көрікті табиғатымен ерекшеленеді. Баянұланың оңтүстік –батыс бөлігіндегі оқшау жатқан биіктіктер 500-600 м болатын төбелі шоқылар Жаманаула тауларына жатады./9/. Баянаула –Баянның, Жаманаула –Жаманның (батырлар) ауласы болғанын дәлелдейтін деректерді де кездестіруге болады. /10/. Баянаула тау жоталары солтүстік, шығыс, оңтүстік батысқа қарай (Жаманаула) біршама төмендей береді. Жер бедері ерекшеліктерін бейнелейтін метафоралар: Қалпақтас, Бүйректас, Серектас, Найзатас, Сандықтас, Ақбет, Керегетас т.б., тарихи оқиғалардан мол ақпарат беретін Жасыбай көлі, асуы Жаңалтөс, Көшет, Алпыс, Избөшке (Избушка), Уақ, Тұрсынбай асулары, Олжабай, Қарауыл төбесі, Жаксыаулада, Екіаула, Әйменбет, Қасқабай, Кішікей асулары Жаманаулажағында орналасқан.

Баянаула тауында Жасыбай асуы аталған. Бұл жерде қазақтың батыры Жасыбай қалмақпен соғысып сол асудың үстінде оққа ұшыпөлген. Жасыбай асуының алдында Олжабайдың баласы Жалаңтөс қыстап Олжабайдың өзі Избөшке деген асудың маңында қыстағаны жөнінде деректер жиі кездеседі.


Ерте заманнан –ақ көшпелі қазақ халқы қоныстанған Сарыарқа жерінде Сарышоқы, Сарытау, Сарыадыр т.б. топонимдерді жиі кездестіруге болады /9/. Баянаулада жүргізген патша үкіметінің отарлау саясаты және Кеңес үкіметі тұсында көптеген жергілікті микро нысандар (бұлақ, көз, құдық, асу, қоныс, жайлау, қыстау т.б.) өзінің бұрынғы атауынан айырылып қалды. Оған себеп осы аумақта бірнеше мәрте жер шекараларын (жер дауы) бөлу, кескіндеу шаралары жасалады. Бұл елді мекен, жер-су аттарының да өзгеруіне әкеліп соқтырады /9/. Халықтың (жергілікті) топонимдер Патшалы

Ресей тұсында казактан тартып алынып, орыстың қоныс аударған (переселендер) мұжықтарына беріліп, солардың атауын алды. Мысалы, Алексеевка (Құндыкөл), Александровка (Қандықарасу) елді мекендерін атауға болады. Осы маңда Өскенің отары (яғни атаман Иосиф Зоновтың мал жаятын жері) деген қоныс атауы бар. Сөйтіп арам пиғылды сол кезеңге сай, топонимдер топтамасы географиялық картада өз орынын тапты. Кеңес үкіметі дәуірінде Жасыбай, Сабындыкөл маңында туризмді дамыту үшін пионер лагерлері пайда болды. Сол уақытта көптеген жергілікті микро нысандарды туристер бұрмалап басқа атаулар берген. Мысалы, Түйетас тауы (черепаша), «Құсайын Найзатасы» (Горка булка), Шорман Сызы (Рыбный ключ), Қарақуыс үңгірі (Ущелье ведьмы), Огонек, Чайка Факел т.б. географиялық атаулар қалыптасты. Топонимдер ұдайы толыға және жаңара отырып, өткен қоғамның да қазіргі қоғамның да жан-жақты сұраныстарына қызмет етті және етуде және олар тарихтың жалғастырғыш құралы бола отырып, болашақ ұрпақтарға да қызмет етпек. Қазіргі уақытта масштабы 1:100000 болатын топокарта негізінде Баянауыл ауданында 960 топонимдер: оның ішінде (120 көл, 46 өзен, 85 ойконим, 340 қоныс, 220 тау нысандары, 89 ескі орындар, 28 некроним т.б.) анықталды (Кесте 1, сурет 1). Халықтың рухани байлығы мен даналығының орасан қоймасы бола келіп, топонимдер мәдениетпен халықтың ауызша шығармашылығының ескерткіштері ретінде, әрі қарай жинауды (жергілікті өлкетанушыларымен бірлесіп), сақтауды, қалпына келтіру және қорғауды қажет етеді.

Кесте 1 – Баянауыл топонимдер жүйесінің сандық және сапалық көрсеткіштері

№	Топоним түрлері	Саны	Пайызы
1	2	3	4
1	Оронимдер	677	70,5%
	комонимдер	429	44,7%
	тау аттары	220	22,9%
	некронимдер	28	2,95%
2	Гидронимдер	197	20,5%
	лимнонимдер	121	12,6%
	потомонимдер	46	4,7%
	микродридонимдер	30	3,1%
3	Ойконимдер	85	9,1%
	Барлығы :	959	100%

Кесте 1-Баянауыл топонимдер жүйесінің сандық және сапалық көрсеткіштері



Сурет 1 – Баянауыл ауданының топонимдер жүйесінің салыстырмалы сипаттамасы

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Телғожа Ж. Тарихи жер – су аттарының түп төркіні. Алматы: «сөздік-словарь» ЖШС, 2010. -356 б.
- 2 Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі. Павлодар «ЭКО» ҒӨФ, 2007.-307 б.
- 3 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.-280 б.
- 4 Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: Автореферат док. дис.- Алма-Ата, 1992. – 61с.
- 5 Конкашпаев Г.К. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана // Изв. АН Каз. ССР, Вып. I (II), 1959.-с.85-98.
- 6 Топографическая карта. Каз ССР. Павлодарская область. М: 1:100000, ГУКГ, МГОН, СССР 1962-1991.-126 с.
- 7 Валиханов Ч.Ч. «О кочевьях киргиз» // Собрание сочинений, Алма-Ата, 1961. –С.720-721.
- 8 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ,- 2006.-452 Б.
- 9 Баянаула (тарихи-зерттеулер), «Фолиант» Астана, 2001. – 238б.
- 10 Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы (монографиялық зерттеулер). Алпысбес М.А., Аршабек Т.Т., Қасен Е.Б., Кейкі Е.- Астана: «Парасат әлемі» баспасы, 2005. – 480б.

ҚАЗАЛЫ УЕЗІНІҢ ТАРИХЫ

ҮРГЕНІШБАЙ Ж. С.

10-сынып оқушысы, №102 орта мектебі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бірлік ауылы

XIX ғ. II жартысындағы Қазақстан тарихи өзінің территориялық, экономикалық және саяси жағдайының күрделілігімен ерекшеленді.

Патша өкіметі мемлекеттік саясаттың бір бөлігі ретінде отарлау саясатын жоспарлы жүргізді.

Қазалы Сырдарияның оңтүстік жағалауында Ресей және Хиуа мен Бұхара арасындағы үлкен керуен жолында орналасқан. 1847 жылы Орынбор әскери губернаторы генерал-лейтенант В.А.Обручев Орынбор ведомствосының Қырғыз азаматтарына және Орта Азияда орыс ықпалын тарату үшін Сырдарияның төменгі сағасында бекініс салдыруды жоспарлады. 1851 жылы Орынбор әскери губернаторы В.А.Обручевті ауыстырған, кавалерия генералы В.А.Перовский Орынбор өлкесін басқаруға кіріскен бойда-ақ Орта Азияға қарай екпінді қимылдың өте қажет екендігі туралы ойды өрістете түсті. Содан соң, Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский 1852 жылы 29 қаңтарда әскери министрліктің атына рапорт жазып, Қазалы өзеншесінің Сырдарияға құяр тұсына форт орнатуға рұқсат сұрайды. Рапорт мазмұнымен танысқан император II Александр жаңа форттың негізін қалауға рұқсат етіп, Қазалы форты құрылысының жауапкершілігін В.А.Перовскийдің өзіне жүктейді. 1953 жылдың күзінде құрылыс жұмыстары жүргізіле бастайды. Алғашқыда бекіністегі гарнизонда жаяу әскер ротасы және 50 казак, 300 жұмысшы башқұрт болады. 1855 жылы бекініс гарнизоны жаңа қоныс аударушылармен толықтырылады. Сыр бойына Орынборлық казак-орыстардың 30-ға жуық үйі көшіріліп әкелінеді.

Патша өкіметі Қазалы аймағына еніп, өз бекіністерін орнатып болған соң өз тәртібін енгізді. Түтін салығы әр үйден күміс ақшамен жылына бір сом елу тиын жиналуға тиіс болды. Түтін салығынан тек қызмет санатындағы - ауылнайлар, сұлтандар, билер мен байлар босатылды.

XIX ғасырдың 60-жылдардың аяғында Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталды. Орыстардың мүддесін қорғау үшін патша үкіметі Қазақстанның ұлан -байтақ аймағында өзінің билігін нығайтуды қажет деп санады.

Сол үшін 1867 жылы 2 шілдеде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөнінде уақытша Ереже» жариялады. Бұл облыстар жаңадан құрылған Түрістан генерал-губернаторлығының құрамына кірді. Сырдария облысының орталығы Ташкент қаласы болды. Облыстың жер көлемі 8595 шаршы шақырым болды, халық саны 818479 адам болды. Оның құрамына 5 уезд және Әмудария бөлімі енді. [4.1]

Түркістан генерал-губернаторлығы құрылған бері 1 форттың атауы өзгеріп, Сырдария облысының уездік Қазалы қаласы болып осы генерал –губернаторлықтың құрамына кірді. Осы кезден бастап Қазалы уезі орыс Түркістанның басқа қалалары сияқты басқарылып келді. Уезге Арал, Қазалы, Қармақшы аймағы бағындырылды. Уезд бастықтарының штаттары: Уезд бастығы – 1, хат жүргізуші – 2

әскери бөлімдері бойынша обер офицері – 1 аудармашы – 2, дәрігер – 1 босандырушы әйел (акушерка) – 7, судья – 1

Қазалы уезінің жер көлемі 87020 шаршы шақырым болды, онда 1929 жылы 1 қаңтарда 17950 адам, негізінен қазақтар қоныстанды. [4.2] Олар мал шаруашылығымен ғана емес, суармалы егіншілікпен де айналысты. Астық, бақша және техникалық дақылдар егістіктері 22000 десятина жерді қамтыды. Балық аулау кең өріс алды. 1867 жылдың желтоқсан айынан – 1869 жылдың 12 наурызына дейін Қазалы уезінің бастығы капитан Леонид Николаевич Соболев болды.



Сырдария облысы, Қазалы уезінің өз гербі болған. Алтын түстес жердегі қара қалқанда жүк артқан түйе, жоғарғы жағында алтын жалатқан ашамай құрал бар. Қалқан ашамайдан бастап тәжбен көмкерілген және Александр лентасымен жалғасатын алтын түстес екі жүзім шоғымен қоршалған.

Уезд халқы – Әлімұлы тайпасы мен оның Шекті, Қаракесек, Төртқара, Шөмекей және Қарасақал руларынан құралды. Шектілердің қыстақтары Арал теңізінің жағалауына, ал қалғандары Сырдария жағалауларына орналасты. Қазалы қазақтары жазда көшіп Ырғыз уезінің жерлеріне, Егізқара тауларына, Буратал, Ащыбұлақ, Жарбұлақ және қандай өзендеріне дейін барды. [3.1]

Қазалы уезінде мынадай болыстар болған: Аққыр, Жамансары, Заңғар, Қарабастуған, Қармақшы, Қуандария, Қарғаншы, Көшербай, Ақтоғай, Ақтөбе, Ақшатау, Қамысты, Қаракөл, Қостам, Мақпал, Райым, Сарытоған, Шыбынды.

Түркістан генерал – губернаторлығында түтін салығы 2 сом 75 тиын мөлшерінде белгіленген.

1867-68 ж.ж. реформалар жүргізілгеннен кейін бұл аймақтың экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне капиталистік қатынастар еніп, даму жолына түсті. Мәдениет пен ағарту ісі де дамыды. Қала халқының саны жыл сайын көбейді.

1868 жылдан бастап Қазалы жеріне белгілі татар көпесі Құсайыновтар фирмасы төңірегіне жиналған татарлар көбейді. 1875-1880 жылдар аралығында 1000 Орал казактары келсе, 1910 жылы олардың саны 1800-ге жеткен. 1910 жылдың басында Қазалыға 25 отбасы бұқара еврейлері қоныстанған.

1910 жылы Қазалыда 12247 адам, оның 6419 еркек, 5828 әйел болды.

1907 жылғы есеп бойыншы қаланың жер көлемі 16222 десятина болды.

Қала Сырдария өзеніне жақын орналасқандықтан бау-бақша егуге қолайлы еді. Қаланың шет жағында өзеннің етегінде «Ояз» бағы аталған патша ұлықтарының демалатын арнайы көгалды орны болып, күні кешеге дейін XX ғасырдың 90-жылдарының ортасына дейін сақталған.

Уездегі сауда және өнеркәсіп

Өлкенің Ресейге қосылуы бұл аймақта сауданың дамуына кең көлемде әсерін тигізді. Алғашқы сауда тек орыс көпестерінің шағын керуендерімен Қазалы, Арал, Қамыстыбас ауылдарына шығып, тауарларын малға, мал өнімдеріне айырбастаудан басталған. Айырбас саудада балама ретінде әдетте ісек қой жүрген оның бағасы 2 сом күміс болып бағаланған. Бірте-бірте сауданың өркендеуі Қазалы жерінде маусымдық жәрмеңкелердің ашылуына себепші болды. Алғашқы орыс саудагерлері Орынборлық ағайынды Оглозовтар, ағайынды Деевтер, ағайынды Путаловтар болған. Олар ақша табу мақсатында саудамен қатар діни насихат жұмыстарын да жүргізген, діни кітаптар таратқан. Қазалы форты Орта Азиямен сауда жасауға да өте ыңғайлы орын саналды. Бұқаралықтар мен Хиуалықтар бақша өнімдерін сатқан



Қазалы уезінде сауданың дамуына зор үлес қосқан татар саудагері Ғанибай Құсайынов болды. Оның салдырған керуен сарайы әлі күнге дейін бар. Суретте 1880 жылы түсірілген саудагер Ғанибайдың керуен сарайы.

Өнеркәсіп өндірісін дамытуда орыс саудагері Н.Иванов елеулі үлес қосты. Ол 1880 жылы жылына 9000 шелек сыра қайнататын зауыт салды. Сонымен қатар қала өнеркәсібінде 3 шағын кірпіш зауыты, 2 су диірмені, 12 жел диірмені, 2 монша халыққа қызмет көрсеткен. Аралдан және Сырдария өзенінен балық аулаумен негізінен қоныс аударушы Орал казактары айналысқан.

Уездегі халық ағарту ісі және кітапхана

XIX ғасырдың орта шенінде Қазалы уезі әкімшілік басқару ғана емес дінді насихаттау және халыққа білім беру ордасына айналды. Қазалы жеріндегі алғашқы мектеп 1860 жылы 21 қаңтарда Орынбор епископы Антоний Радонежскийдің бастамасымен ашылған болатын. Онда алғашқы кезде 33 шәкірт оқыған. Қазалыда бірінші қырғыз-қазақ мектебі 1863 жылдың аяғында ашылды. Оның алғашқы ұстазы Орынбор орыс-түзем мектебінің түлегі Елмұхамед Байжанов болды. 1864 жылдың қазан айында бұл мектепте қазақ балаларын оқытуды қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогы Ы.Алтынсарымен бірге Орынбор шекаралық комиссия мектебін бітірген қазақ жігіті Мүмін Байдосов жалғастырды. Мектептерді мұғалімдермен қамтамасыз ету үшін Ташкентте және жергілікті жерлерде қысқа мерзімді мұғалімдер даярлайтын курстар ашылған. 1867 жылғы «Ережеге» сәйкес, қазақ балаларына арналған орыс мектептерінің санын көбейтуге ерекше назар аударылған. Уездегі халық ағарту ісінің жұмыстары біршама жақсарғанымен кейбір мектептер төмен дәрежеде қалп қойып отырған. Бұған себеп мемлекеттің халық ағарту саласына жұмсаған қаржысы аз болған. Сонымен қатар патшаның әкімшілік орындары, ірі байлар, қожалар мен молдалар білім беретін мектептердің ашылуына күштар болмаған, оған барынша кедергі жасаған.



1894 жылы ашылған орыс-түзем училищесі (осы күнгі Қазалы қаласындағы №16 аралас орта мектебі) құрылып, күйдірілген кірпіштен уездің барлық тұрғындарынан салық жинау арқылы салынған.[1.1]

Орыс-түзем училищесін 1912 жылы бітірген 60 баланың ұлттық құрамы мынадай: Орыс -8% , қазақ-60%, татар -20%, бұқар еврейі - 10%.[1.2]

Іргесі қаланғанына I ғасырдан асқан, осы күнге дейін 10-нан астам ұлттың балалары оқитын мектеп – үлкен достықтың ұясындай. 1915-1918 жылдар аралығында осы мектепте Қазақстан және Орта Азия комсомол жастарының тұңғыш ұйымдастырушысы, КИМ-нің Шығыс жастары бөлімінің меңгерушісі даңқты жерлесіміз Ғани Мұратбаев оқыған.

Орынбор-Ташкент теміржол құрылысының салынуына байланысты 1903 жылы №14 балалар бақшасы орналасқан үйде бастауыш мектебі ашылған. Бұл Қазалы станциясында орыс тілді ұлт өкілдерінің балаларын оқытатын мектеп болды. 1900 жылы шіркеу қарамағындағы 1 кластық ер балалар училищесі ашылды. Осылайша, Қазалыда XX ғасырдың басына дейін бірнеше ұлт өкілдерінің балалары оқитын 8 мектеп ашылған. Қазалы аудандық халыққа білім беру бөлімі - республикадағы жалпы білім берудің ең байырғы оқу ордасының бірі.

1900 жылы 2 желтоқсанда Қазалы қаласында Сыр бойындағы ең алғашқы кітапхана өз оқырмандарына есік ашты. Кітапхананың ашылуына Қазақстан мен Орта Азия табиғаты мен тарихын зерттеп жүрген орыс зиялы қауымының рөлі зор болды. Алғашқы жылы кітапханада 437 кітап қоры, 113 тұрақты оқырманы болған. Арал теңізін зерттеуге келген А.С.Берг кітапханаға арнайы келіп бірнеше кітаптарды беріп кеткен. Орта Азияға сапар шеккен атақты саяхатшы П.П.Семенов Тянь-Шаньский Қазалыға келіп кітапхана жұмысын жақсарту туралы кітапханашыларға кеңес беріп өзінің жеке кітапханасынан 200-дей кітап сыйға тартқан. Бұл кітаптар Қазалы қалалық кітапханасының жанынан ұйымдастырылған кітап музейінде «Алтын қор» болып сақтаулы тұр. Алғашқы кітапхананы ұйымдастырушылардың бірі кітапханашы Надежда Николаевна Шалаева болды. Ол 1900-1917 жылдар аралығында қызмет еткен.

Уездегі денсаулық сақтау, пошта-телеграф байланысы, қазынашылық және мешіттердің салынуы

XIX ғасырдың аяқ шеніне дейін Қазалы уезінде халыққа медициналық қызмет көрсететін арнаулы арнаулы білімді мамандар болған жоқ. Ауыр сырқауды ел ішіндегі тәуіптер мен балгерлер емдеді. 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып, Қазалы қаласы осы губернаторлықтың құрамындағы уезд орталығының болуына байланысты халыққа әлеуметтік қызмет көрсету шаралары қолға алына бастады. 1867 жылы «Ережеде» әрбір уездік қалада медпункт ашылуын белгіледі, уездік дәрігер және босандырушы әйел (акушерка) қызметтері енгізілді. Қазалы уезінде 1893 жылы жеке меншік 2 дәріхана ашылды. Ташкент қаласындағы мемлекеттік архивтен алынған дерекке қарасак:

№1810
201
Сырдария облысының
13 апрельде алынған
әскери губернаторы
облыстық басқарма
паруашылық бөлімі
№2 стол 8 апр. 1874 ж.
№3109 Ташкент.
Сіздің мәртебеніз
бұйрық етті.
Бұл рапорт бойынша
әскери медициналық
инспектор мырзаны
сұрау керек

Түркістан генерал-губернаторының
міндетін орындаушы мырзаға

Рапорт
Түркістан генерал-губернаторы мырза Қазалы

Қаласында жоғарыда 1 класты госпиталь,
200 жеруетке (10 әйелдерге) бекітілген, сондықтан
жергілікті қалалық емханаға ашулы уезд бастығы
қажетті деп санаймы. [4.3]

Орынбор-Ташкент темір жолының салынуына байланысты 1904-05 ж.ж. Қазалыда 3 қызметкері бар шағын қабылдау бөлмесі (амбулатория) жұмыс істеді. Ал, 1908 жылы Қазалы қаласында әскери лазарет ашылып, кейін 7 орындық тұрақты қабылдау бөлмесіне айналды. Сол жылдары қазалы уезінде 3 дәрігер, 3 фельдшер, 2 акушерка, 2 жеке меншік дәріхана болды. 1909 жылы Қазалы станциясында темір жолшылар үшін 30 орындық аурухана салынды. [4.4]

Қазалы уезінде 1868 жылға дейін байланыс құралдарының даму дәрежесі өте төмен болды. 1870 ж. наурызда Қазалыда уездік пошта бөлімшесі ашылды. Бұл Қазалы уезін Ресей орталығымен байланыстыруға мүмкіндік берді. Ал, кейін электрлік байланыста Морзе аппараттарымен жабдықталған 42 телеграф станциясы және 6 қалада (Верный, Ақмешіт, Қазалы, Орал, Семей, Петропавл) жалпы қуаты 700 нөмерлік телефон станциялары болды. [4.5]

Уезд қазынашылығы. 1862 ж. бастап 1870 жылға дейін Қазалы қаласында табыстар мен шығындардың уездік кассасы болды. Бұл 1870 жылдың қаңтар айынан бастап кіріс-шығыс кассасы болып қайта құрылды. 1879 жылдан бастап кіріс-шығыс кассасы уездік қазынашылық кассасы деген атқа өзгертілді. 1889 жылдан бастап қазынашылық жанынан жинақ кассасы ашылды.

Жеке сауда-өнеркәсіп банкісі 1907 жылдың мамыр айынан 1910 жылға дейін жұмыс істеді. Қазалыда қазынашылықтан басқа 1889 ж. бастап қаржы ведомствосының 2 алым-салық инспекторы және акцизді чиновник болды. [3.2]



Алғашқы мұсылман мешітін 1872 ж. Бұхар діншіл Әлімбаев салды. Ғанибай Ғалиұлы Хұсайыновтың көпшілік құдайға құлшылық ететін мешіті 1894 ж. ашылды. 1907 ж. Серімұхамед Дәрменқұлов деген қазақ азаматы құны 15000 сомдық мешіттің құрлысын бастайды.

XX ғасырдың басына дейін Қазалыда барлығы 5 мешіт болды.

XIX ғасыр Нұралы мешіті

Патша өкіметінің отаршылдық саясаты Орынбор-Ташкент темір жолының салынуына себепкер болды.

1869 ж. Түркістанның бірінші генерал-губернаторы Кауфман генерал-майор Безносовке Орта Азия бағытына баратын жолдың жобасын жасау үшін тапсырма береді. 1877 ж. құрамында қатынас жолдары инженерлері Ляпунов пен Сокольский, тау-кен инженері Яковлев және Қазан университетінің профессоры, ботаник-ғалым Сорокин бастаған ғылыми экспедиция зерттеуді аяқтайды.

Соғыс министрі Куропаткиннің қатысуымен өткізілген талқылау қорытындысында Орынбор-Ташкент темір жолының нақты жобасы жасалды. Жоба бойынша тиімдісі: Орынбор – Ақтөбе – Мұғалжар асуы – Арал теңізі – Қазалы – Перовск – Түркістан – Ташкент бағыты болып есептелді. Салынатын бүкіл жол бойы өкімшілік тұрғыдан екіге бөлінді. Солтүстігі – Орынбордан Қазалыға дейін және оңтүстігі – Ташкенттен Қазалыға дейін. Кейін бұл шекара Қазалыдан Көбек станциясына көшірілді.

Жол құрлысы Орынбор жағында 1901 ж. 10 мамырда басталды. Ташкент жағында 1901 ж. 9 қарашада басталды. 1905 ж. 25 маусымда темір жол құрлысының солтүстік бөлігі, 1906 ж. 1 сәуірде оңтүстік бөлігі толық аяқталып, пайдалануға берілді. Жол құрылысы үшін барлығы 120 млн. сом шығын жұмсалды. Орынбор қаласы жолды басқару орталығы болып белгіленді.



Темір жолдың салынуына байланысты 1905 ж. Қазалыда паровоз депосы пайдалануға берілді. Алғашқы айларда депода 90 жұмысшы, 7 инженер-техник қызметкері болды. Виктор Евгеньевич Казанский депоның бірінші бастығы болып тағайындалып, 1922 ж. дейін басқарды. Паровоз депосының іске

қосылуы орыстардың көптеп келе бастау Қазалыда сәулетті ғимараттар мен сәнді үйлердің салынуына мүмкіндік туғызды. Осы күнгі вокзал, мәдениет үйі (бұрынғы шіркеу), емхана, М. Счастнев көшесінің бойындағы қазына үйлері, су айдайтын мұнара сол жылдардың ескерткіші.

Орыстардың Қазалыға келуі Еуропа мәдениеті мен Ресейдің революциялық рухтағы саясатын ала келді. Орыс жұмысшыларының

ықпалымен Қазалыда 1905 жылдан бастап, социал-демократиялық топ, маркстік революциялық Алғашқы депо ұйымдар құрылып, саяси жұмыстар, ереуілдер ұйымдастырды.

Бірінші орыс революциясы жеңіліс тапқан соң, бұл ұйымдар тарап кетті. 1917 жылғы Петроградтағы Ақпан революциясын қазалылықтар барынша қуаттады. Қазалыда 1917 жылы 27 наурызда ақпан революциясының жеңісіне арналған 5 мың адам қатысқан митинг ұйымдастырылды. Митингіде К. Тоғысов сөйлеп жиналғандарға патша өкіметінің құлағанын жариялады. Осыдан соң Қазалыда жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері құрылған. Саяси жұмыстардың нәтижесінде 1917 жылы қарашаның орта кезінде өкімет билігі Қазалы Кеңесінің қолына өтті. Осылайша Қазалыда Кеңес өкіметі орнаған.

170 жылға жуық тарихы бар Қазалы Қазақ елінің қалыптасуында елеулі орны бар өлке. Қазалы топырағынан талай – талай билер, батырлар, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, өнер тарландары түлеп шыққан өңір. Өзімнің туған өлкемді зор қуанышпен мақтан етемін. Қазалы өңірінің тарихының зерттелуіне өз үлесімді де қосқым келеді. «Тамыры терең, тарихы кенен-Қазалым» сөзі бекер айтылмаған болар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сыр өңірі тарихы (көне заманнан бүгінгіге дейін) А., «Атамұра», 1998 жыл
- 2 Асфандияров С.Д., Прошлое Казахстана в источниках и материалах А., 1998 жыл
- 3 Мұсабаев Н. Ортаймаған қазаны – қасиетті Қазалы А., 1997 жыл Архивтік деректер:
- 4 Өзбекстан Орталық мемлекеттік архиві
- 5 Қазалыдағы Ғ. Мұратбаевтің тарихи-мемориалдық музейінің архиві Мерзімдік басылымдар
- 6 «Сыр бойы» 4 ақпан 1999 жыл, 18 маусым 1999 жыл

